

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
№ 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ**

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2021
«Ы.Алтынсарин және қазақ ағартушылығы» атты
халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары**

**Нұр-Сұлтан
2022 жыл**

УДК 001
ББК 72
А94

Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми
кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Д. Қамзабекұлы
Редакция алқасы: А. Бейсенбай
Қ. Маликов
Б. Әбдуәлиұлы

Жауапты шығарушы: Б.Әбдуәлиұлы

Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2021. «Ы.Алтынсарин және қазақ ағартушылығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.

– Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 301 бет.

ISBN 978-601-337-646-2

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» конференциясы 2021 жылы «Ы.Алтынсарин және қазақ ағартушылығы» тақырыбына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-646-2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті қауым, жыл сайын өтетін «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» конференциясының кезекті отырысына қош келдіңіздер! Өткен ғасыр басындағы қазақ зиялыларының мақсат-мұраттары негізінде дүниеге келген осы конференция арқылы біз үнемі «Алаш идеясына» оралып отырамыз. «Алаш» сөзі түркі халықтары бөліне қоймаған, көне замандарда қалыптасқан ұғым деген болжам айтылады. «Бауырластар, қандастар, туыстар» деген мағынаны білдіреді. Алаш – қазақ халқының бір атауы. Алаш алаш болғалы бері «Ұраным – Алаш, керегем – ағаш» деп бір тудың астына жиналумен келеміз. Алаш ұғымы өткен ғасырдың басында жаңаша жаңғырды. *Алаш жұрты, Алаш идеясы, Алаш қозғалысы, Алаш көсемдері* т.б. идеялар түсінігімізге енді. Тарихи-мәдени, саяси спатқа ие болып, барша қазақ баласын ұлттық руханият аясына біріктірді. Бүгінгі қоғамда Алаш идеясын – ұлттық идеяның негізі ретінде тануға ұмтылушылық басым екені шындық.

Қазіргі кезде «ұлттық идея» туралы да бастамалар көтеріліп жүргені рас, алайда ұлттық идеяның ұшқындары түрлі пікірлердің арасында шашырап жүр. Ұлттық идея қайдан бастау алады, қалай кемелденеді, келешек ұрпаққа қалай жол тартады деген сұрақтардың жауабы да әлі өзінің шешімін тапқан жоқ. Бастау көздер – көне түркі дәуірлеріндегі тас бітіктерге барып тіреледі:

Түрк-сір жұрты үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым,
Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым...

«Түрік-сір жұрт» – туған ел (біртұтас халық), туған жер, еркін рух. Негізгі идея дегеніміз осы үшеуінен құралса керек және ұлттың әрбір азаматы басын бәйгеге тіге отырып оны қорғауы шарт...

Бабалар дәстүрі билік құрған дәуірлерден бері талай уақыт өтті, талай тарихи өзгерістер мен саяси сүзгілерді басымыздан кешірдік. Тағдырымызға жазылған көптеген кірме элементтер ұлттық санамызда орнығып, нормаған айналды. Киген киім, ішкен ас, тұрмыс пен дәстүр секілді ұлы мәдениеттің бүгінге тамтығы ғана жеткенін несін жасырамыз. Дәтке қуат етеріміз – өзегі талса да үзілмей қалған құндылықтарымыз. «Темірқазық» боларлық қасиет-қуаты сақталғанын мақтан етеміз. «Темірқазық» ұғымын екі мағынада қолданып отырмыз: бірі – елдік ұстанымдарымыздың байлам табар дінгегі, екіншісі – болашаққа бастар адастырмас бағдарымыз. Араға ғасырлар салып, алыстап кетсек те әрбір саналы азаматтың түйсігінің терең түкпірінде өткен дәуірлерге деген сұраныс пен ол тараптан шақырулардың болып тұратыны анық. Құмарландырып, өзіне шақырып тұратын, бабадан ұрпаққа қан арқылы берілген сол кие болса керек. Сондықтан тасқа қашалған дерек негізгі нысана болуы тиіс.

Ұлттық идеяның негізгі тұғырын анықтап алсақ, енді оны идеологияландырудың, яғни бүгінгі қоғамға сыналап ендірудің жолдарын табуымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда идея дегеніміз – бастау көз, ал

идеология – сол негізгі құндылықтарды әр заманның ыңғайына сәйкестендіре отырып жас ұрпақтың санасына сіңіру болып шықпақ. «Алаш» ұғымына арнайы тоқталып отыруымыздың себебі де сол – ол ұлттық идеямыздың атауы болуы тиіс. Ілгеріде «түркі халықтары бөліне қоймаған, көне замандарда қалыптасқан ұғым», «*Бауырластар, қандастар, туыстар* деген мағына береді» дейтін сөзге арнайы мән беруіміздің себебі де сол. Бұл атау біріншіден, түркі халықтарының бірлігіне, ортақ тарихына куә, сондықтан ұйыстырушылық мүмкіндігі зор. Екіншіден, өткен ғасыр басында «Алаш идеясы» аясында қазақ зиялылары ұшан-теңіз жұмыстар атқарды. Оның ішінде жердің тұтастығы мен елдің бірлігі, алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарына қосылу бағытында жасалған ізденістер секілді аса ірі жұмыстар бар еді. Осы тарих әр қырынан зерттеліп, зерделенуі тиіс. Бұл біздің ұлттық тарихымыздың бір тарауы болып табылады.

Осы конференцияда бірнеше елден түркі халықтарының өкілдері қатысып отыр екен, қолдауларыңыз үшін алғыс білдіремін және сіздердің де осы идеяға назар аударуларыңызды сұраймын. «Алаш идеясы» бізді ортақ бастау көздерімізбен жалғастырушы, ынтымақ-бірлікте ортақ мақсатқа жетелуші әрі дербес ұлт ретінде дамуымызға да дем беруші рухани құрал. Жаһандану заманындағы дамушы елдердің әрқайсысының руханият бағытындағы проблемалары жеңіл емес, алайда жеке проблемаларды да ортақасып шешудің жолдары бар, біз сол жағын ойымыздан шығармауымыз жөн. Мысалы: тілдерді дамыту мәселесінде түркілік негіздерді басшылыққа ала отырып, жаңа сөздерді жасаудың ортақ жүйесін қалыптастыру, осы жүйенің ішінде ұлттық тілдің мәселесін шешу. Бірімізде жоқты екіншімізден алып, өзара алмассақ, шыққан тегімізден алшақтамай, керісінше тарихи тамырымызбен жалғасып отырар едік. Жекелеген ғалымдар тарапынан көтеріліп жатқан бұндай бастамалар қазіргі түркі лингвистикасының күн тәртібіне арнайы қойылуы тиіс.

Осы конференция аясында алғашқы жылдары біршама жұмыстар жүргізіліп, Ахметтану дәрістері оқылған. Соңғы жылдары сол игі бастаманың бәсеңдеп бара жатқаны байқалады. Олай болуының өзіндік себептері де бар шығар, алайда қазіргі өмір талабы мен жастарымыздың жеке өмірлік көзқарастарының тоғысар тұстарын тауып, сұраныстарға сай қайта жаңғыртуымыз керек. Қалың елді ойландырып отырған еліміздің экономикалық мәселелері, жеке адамдардың тұрмысына қатысты көптеген сұрақтар жауабын күтіп тұрғанын несін жасырамыз. Бұл сұрақтар жастарымызды да айналып өтіп жатқан жоқ. Ондай жағдайда ұлттық руханият мәселесі де шетте қалып қоймай, бірге қаралуы тиіс. Алаш идеясының негіздеріне сүйенсек, экономика мен руханияттың өзара бірлігіне барып табан тірейміз. Ұлттық рухы ояу азаматтардан елін, жерін сүйетін патриоттар шығады, бұл экономикамызға ұлттық сипат беретін бірден-бір жол. Сондықтан, бүгінгі конференцияға тереңірек мән беріп, қолданбалық сипатын арттыруға жұмыс жасағанымыз жөн. Жаңғыру, өткенімізді тұғыр ете отырып, жаңа заманға бейімделу дегеніміз де осы негізден басталуы тиіс. Бірлесе отырып, түрлі пікірлерді саралау барысында тың идеялардың дүниеге келетіні анық. Конференциямыздың мақсаты да осы.

Конференция жұмысы 2006 жылдан басталып, үзіліссіз жалғасып келеді. Әр жылдағы өткізілуіне әр елден түркі халықтарының өкілдері-әріптестеріміз, еліміздің түрлі аймақтарынан гуманитарлық салалар бойынша алаштанушы ғалымдар, тіл жанашырлары қатысып, қолдау білдіріп келеді. Сіздердің қолдауларыңыздың біз үшін қашан да бағасы жоғары, сондықтан сіздерге үлкен алғыс білдіремін. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Дихан Қамзабекұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛТАНЫМ

«ТІЛ!» ДЕП ОЯНҒАНДА

*Қамзабекұлы Д.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры,
ҚР ҰҒА академигі.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қ.*

Таяуда тілге қатысты өткен онлайн жиында бір жас азамат аға буынға екі сұрақ қойды. «1) «Үш тілділік» дегеннің бастауы – «қос тілділік» қайдан шықты? 2) Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы елге не берді?..».

Біздіңше, «қос тілділік», «үш тілділік», «көп тілділік» - ғылыми терминнен гөрі саяси термин. Ғылымда «билингвизм» деген ұғым бар. Ол – дербес екі тілде қатар ойлап, жаза білетін шығармашыл адамдардың психологиясын, тілдік-элеуметтік ерекшелігін зерттейтін ғылым саласы. Мұның табиғи жағдайда пайда болатын, амалсыздықтан игерілетін, түп тілді жойып барып меңгерілетін т.б. түрі жетіп артылады. Ең соңында мидай араласқан мультилингвизмге апаратын тарам-тарам жолы да бар. Әлі есімде, 80-жылдардың басында филология факультетінің студенттері «Жазушы-академик Мұхтар Әуезов қазақ және орыс тілдерін бірдей деңгейде, тең дәрежеде меңгерген бе?» деп, қызылкенірдек болып айтысатынбыз. Кейінгі жылдары заңғар жазушы Әбіш Кекілбайұлын «билингв-жазушы» деп бағалаған диссертацияны да көзіміз шалып қалды. «Бәрін бір Алла біледі» дегендей, бұл мәселе әлі талай рет ғылыми-мәдени дискуссияның тақырыбы болары сөзсіз.

Тіл – өте нәзік, сан салалы құбылыс. Ол тек қана қарым-қатынас яки коммуникация құралы емес. Сонымен бірге тілді меңгерудің сатылары әркелкі. Мектеп көрмей-ақ қос тілде сөйлейтіндер бар (мысалы, кеңес тұсында ауылдық жерде тұрған кейбір өзге ұлт өкілдері). Мектеп түгіл жоғары оқу орнында қазақ тілін оқып, екі ауыз сөздің басын қоса алмайтындар бар. Сондай-ақ қазақ арасында өссе де орыс мектебіне барып, қос тілде сайрап сөйлегенімен, қазақша әдеби кітап оқуға қабілеті жетпейтін, дұрыс жаза білмейтіндер бар. Бұлардың бәрі де – ғылым нысанасы.

Қазақстандағы «қос тілділік» - қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейіне жету кезеңіндегі бір амал еді. Сондықтан оны сынаудан бұрын республикамыздың 80-жылдардағы ахуалына назар аударған абзал.

КСРО-ның «қайта құру», «жариялылық» ұраны жай науқан болып қалмай, «ежелден еркіндік аңсаған» көңілге де, ниетке де, іске де серпін берді. «Елдік тегеурін» деген – дариядан да үлкен теңіз немесе мұхиттың тасқынындай екен. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін «бұларды бір жасытып алайық» деген Кремль мен Қазақстан компартиясының пиғылын қоғамның дамуы басқа арнаға бұрып жіберді. Осы орайда республика

компартиясы Орталық комитеті мен Министрлер кеңесінің 1987 жылы 3 наурыздағы «Республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» және «Республикада орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» қаулылары қос тілге қызмет еткенімен, шындап келгенде, аңқасы кепкен ана тіліне ресми нәр бере бастады. Кейінгі Отан тарихында тұңғыш рет «партия және кеңес органдарында, министрліктер мен ведомстволарда, қоғамдық ұйымдар мен түрлі мекемелерде еріктілік принципін қатаң сақтау негізінде қазақ тілін үйренгісі келетіндер үшін курстар мен үйірмелер ұйымдастыруға жете көңіл бөлу» мәселесі көтеріліп, биік мінберлерден қазақ тілін дамыту ісіндегі кемшіліктер мен олардың себептері, олқылықтардың орнын толтыру жолдары айтылды.

Республикада алғаш рет «Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңының» жобасы қоғамдық талқылауға ұсынылды. 1989 жылы 20 қыркүйекте СОКП Орталық комитеті арнайы пленум шақырып, «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» мәселесін күн тәртібіне шығарды. Мұнда «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» атты платформа қабылданды. КСРО басшылығы осы құжатта амалсыз ұлт тілдеріне көңіл аударуға мәжбүр болды. «Қайта құру» қарқынымен Мәскеу бекіткен құжатта: «Одақтас немесе автономиялы республикаға аты берілген ұлттың тілін мемлекеттік тіл деп тану – республикалардың өздері шешетін мәселе. Мемлекеттік тіл статусы тілді кемсітуге бастамауға тиіс, ол мұның қоғамдық және мәдени функцияларын кеңейтуді, бұл үшін қажетті материалдық-техникалық, кадр, педагогикалық немесе басқа да мәселелерді шешуді, басқа ұлт өкілдерінің жергілікті тілді оқып-үйренуін көтермелеп, оған көмектесуді көздейді» деп, тайға таңба басылғандай жазылды.

Әйгілі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейінгі 2-3 жылда еліміздің намысты қоғам қайраткерлері, белсенді ақын-жазушылары, білім, ғылым, мәдениет саласының қызметкерлері елеулі жұмыстар атқарды. Солардың қатарындағы қаламгер-этнограф марқұм Ақселеу Сейдімбек әзіл-шыны аралас былай дейтін: «Осы бір қиын кезеңде күнделігіме жазу түспей, аз-кем шимайымының өзі табылмай, өкініп жүруші ем. Бекер үйткен екенмін, «үш әріптегі» жігіттерге рахмет, не істегеніміздің бәрін хаттап қойыпты...».

«Жаңа заман тарихына» енетін тағы бір деректі өз көзімізбен көрдік. Алаштың Ташкент кезеңінде, сонау 1918 жылы негізі қаланған ұлтымыздың ең байырғы жоғары оқу орны – Абай атындағы ҚазПИ-де аға оқытушы болып қызмет істейтін Дос Көшім мен Жасарал Қуанышәлі 1988 жылы қазан-қарашада 50-60 студенттің басын қосып, екі-үш мәрте жиын өткізді. Мақсат – басқа да университет-институттардағы тілге жанашыр студенттерді тарта отырып, 1 миллионнан астам халқы бар Алматы қаласының мекемелеріндегі, көше-даңғылдарындағы атауларды, жарнамаларды, хабарландыруларды, іс қағаздарын тексеру. Бүгінгі тілмен айтқанда, мониторинг, бақылау-бағамдау жүргізу. Сол кезде-ақ қоғам қайраткері деңгейіндегі Досекен мен Жәкең: «Бұл – болашағымызды және елдігімізді анықтайтын «Ана тілі» қозғалысы» деген еді. Бірнеше ай аудан-аудан, көше-көше, мекеме-мекеме кезіп, сын-ескертпемізді бума-бума қағазға жазып, тиісті

орындарға тапсырғанымыз есімде. Басында талай ресми орын: «Бізді тексеретін, бізге ақыл айтатын сендер кімсіңдер?» деп өре түрегелгенде, ұстаздарымыз Алматы қалалық атқару комитетінің шешімін шығарып берді

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТИ

АЛМА-АТИНСКИЙ ГОРОДСКОЙ СОВЕТ
НАРОДНЫХ ДЕПУТАТОВ

АТҚАРУ КОМИТЕТИ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

480091, Алматы қаласы, Коммунистік проспекті,
74а, тел. 62-41-04

480091, г. Алма-Ата, пр. Коммунистический, 74а,
тел. 62-41-04

№ _____
На № _____ от 26. XII - 89 г.

Руководителю трудового
коллектива
Секретарю партийной
организации

Уважаемые товарищи!

На заседании постоянной комиссии по вопросам национальных и межнациональных отношений городского Совета в январе 1989 года будет рассматриваться вопрос "О соблюдении принципов национально-русского двуязычия в оформлении городских улиц, площадей, скверов, зданий, предприятий, организаций и учреждений". В связи с этим в районе организована проверка, которую проводят депутаты городского, районного Советов, активисты комиссии — студенты КазПИ им. Абая, КазГУ им. Кирова, ЛенПИ, АПИИЯ.

Просим оказывать им всемерную помощь, а также учесть их замечания для дальнейшей реализации.

Постоянная комиссия по вопросам национальных и межнациональных отношений городского Совета (тел. 61-85-78)
Сектор по вопросам национальных отношений Горисполкома (тел. 62-56-41)

(Суретте: сол шешімінің көшірмесі).

Өздері де табанын таусылып жастардың жанында жүрді. «Ана тілі» қозғалысына белсене атсалысқан сол кезде студент, кейін түрлі жауапты қызмет атқарған Ертай Балахмет (кейін Қостанай облысының имамы болды), Қайрат Мамаділ (Алматы, Астана университеттерінде кафедра меңгерушісі, декан қызметін атқарды), Екпін Нүсіпбек (Алматы облысының Кербұлақ ауданында орта мектепті басқарды) сынды азаматтар тағдырдың жазуымен бақиға көшіп кетсе де, артында жақсы із қалдырды...

Абай атындағы ҚазПИ ұстаздары мен студенттері мұрындық болған іс туралы БАҚ көп насихаттамады. Бірақ оның хабары Алматығы келіп-кетіп жатқан білім, мәдениет саласының адамдары арқылы республикаға кеңінен тарап жатты. Жиналған, жүйеленген материалдар биік орындардың, тіпті тұғырдан тая қоймаған компартияның олжасына айналды. Облыстарда да қазақ тіліне деген сұраным буырқанып, республика орталығынан нақты шешімді талап етті. Нәтижесінде Қазақстан Жоғарғы кеңесінің (бүгінгіше Парламент) сессиясы 1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ ССР-інің Тіл туралы» заңын қабылдады. Оның 1-бабында: «Қазақ тілі Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі болып табылады» деп жазылды.

«Қос тіл» деген саяси термин астарында «қазақ тілін орыс тілі деңгейіне жеткізу немесе ана тіліміздің құзыретін арттыру» мағынасы тұрғанын басшыдан қосшыға дейінгі адамның бәрі де аңғарды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 1922 жылы: «Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң, жем болатыны шәксіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде Декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» деп жазған еді.

1989 жылы бұл пайым қандай көкейкесті болса, қазір де сондай көкейкесті. «Қос тіл» де, «үш тіл» де – замана жаңғырығы, түсінісу баспалдағы. Біз үшін мемлекеттік тілдің орны да, мүддесі де, мұраты да ұлтымыздың аты мен затынан туындайды. «Тіл – ұлттың жаны» дегенді Шығыстың да, Батыстың да ғұламалары әлімсақтан айтқан.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 1989 жылы 22 қазанда құрылды (*Ө.Айтбайұлының «Kazinform» агенттігіне берген сұхбатындағы дерек, 22.09.2009*). Әу бастағы мәртебесі республикалық болатын. 1992 жылы 26 қарашадағы 2-құрылтайда оған «халықаралық мәртебе» берілді.

«Қазақ тілі» қоғамы Тәуелсіздікті орнату мен қалыптастыруда аса зор рөл атқарды. Тағы да есте ұстар дерек: облыстар мен жергілікті жерлерде осы ұйымның аты мен заты «Қазақстан Тәуелсіздігінің синонимі» ретінде ұғынылды. Ол «тіл!» деп оятып, ұлтты ойлантты. Сананы селт еткізді.

Мұның бірнеше себебі бар: *біріншіден*, атқарушы билікке бұрынғы коммунистік партия қатарынан өте салған мемлекеттік біраз қызметкердің лексиконында Қазақ елінің тарихын, мәдениетін түсіндіріп бере алатындай сөз, ұғым өте жұтаң болып шықты; *екіншіден*, қоғамдық келісімге жауапты кейбір тұлғалардың Тәуелсіздікті «уақытша» деп түсініп, радикалдық немесе сепаратистік күштерге иек артқаны байқалды; *үшіншіден*, бірнеше аймақта, жергілікті жерлерде қазақ тілі мұғалімдерінен бастап қазақша жазу машинкасы мамандарының тапшылығы белгілі болды; *төртіншіден*, тарих, география, этнография т.б. салаларға сауатты ономастика мен топонимика мамандарының, БАҚ қызметкерлерінің қажеттілігі артты.

Мемлекеттік тіл қоғамы осы кешенді жұмыстарды шама-шарқынша жүргізе алды. «Қазақ тілі» ұйымы республикамен ғана шектеліп қалмай, шекара сыртындағы ағайынға (диаспораға) көмек қолын созды. Бұл бастама Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына жол ашты.

Әбдуәли Қайдар, Рахманқұл Бердібай, Шона Смаханұлы, Тұрсынбек Кәкішұлы, Өмірзақ Айтбайұлы, Сапабек Әсіпұлы т.б. тұлғалар бүкіл қоғамды мемлекетшілдік идея төңірегіне топтастыра алды.

Мысалы, академик Ә.Т.Қайдардың әр мақаласы, әрбір сұхбаты жалғыз ғалымның еңбегінен гөрі ұлт зиялыларының тұжырымындай, Қазақ елінің және қауымының жаңа сөзіндей ұғынылатын.

Бұл елдік істе билік тарапынан тіл мәселесі көтерілетін алғашқы жылдары – мәдениет министрі, кейін – орталық комитет хатшысы болған Өзбекәлі Жәнібековтің «мұсылман мен кәуірдің арасын өтіп бұзып» жол ашқан қызметі ерекше.

1990 жылы 22 наурызда «Қазақ тілі» қоғамының үні – «Ана тілі» газеті жарық көрді (бас редакторы Ж.Бейсенбайұлы). Бұл басылым бір кезде Алаш ұранды талай газет-журналға негіз болған «Қазақ» газеті секілді, өңірлерде ұлттық «үнжариялардың» (сол кездің неологизмі) өмір жүзіне шығуын тездетті. Мысалы, Ақмоладағы «Қараөткел» (бас редакторы А.Смайыл), Керекудегі «Дауа» газетінің (бас редакторы Ж.Марданов) және басқа да демографиялық ахуалы күрделі облыстардағы тіл туын көтерген басылымдардың жергілікті зиялыларға, жастарға тигізген әсері айрықша болды.

1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз Тәуелсіздігін жариялаған кезеңде де «Қазақ тілі» қоғамы аянбай еңбек етті. Қоғам төрағасы Әбдуәли Қайдар мен төраға орынбасары Өмірзақ Айтбайұлы вице-президент, үкімет төрағасы деңгейінде мәселе қойып, орайлы қаулы қабылдануға ықпал ете алды. 1993 жылы үкімет құрылымы (министрлік) ішінен тұңғыш рет Тіл комитеті құрылды. Оның төрағалығына белгілі қаламгер, тележурналист, қоғам қайраткері Сұлтан Оразалы тағайындалды. Қазақ тілі мәртебесін көтеру үшін Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткерлерден мемлекеттік тілден емтихан алуға қол жеткізілді. Осы деңгейдегі тұңғыш Лингвистикалық комиссияның төрағасы да Ә.Т.Қайдар болды.

Ойлана қарасақ, «Қазақ тілі» қоғамының негізінде тұрған үш арнаны байқаймыз. Олар: 1) Ұлттың азаттық мұраты; 2) Алаш зиялыларының ғылыми-ағартушылық аманаты; 3) Тіл мен діл бірлігі, ел мен жер тұтастығы үшін күрес.

Қалай дегенде Тәуелсіздік қарсаңындағы және азаттық жылдарындағы тіл қозғалысының Қазақ елінің жаңғыруында, жаңа мемлекетіміздің қалыптасып-дамуында айрықша рөлі болды.

Біз Қазақстан Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына 1990 жылдың 1 тамызында қызметке қабылдандық. Жаңылыспасам, қаламгер-зерттеуші Құлбек Ергөбек, марқұм архивтанушы Бейсенбай Байғалиев үшеуміздің жұмысқа алынғанымыз жөнінде бұйрық бір күнде шықты. Директорымыз - ҚазПИ-де ұзақ жыл кафедра меңгерушісі, проректор болған ұстазымыз, сыншы-ғалым Серік Қирабаев еді. Ол кісі біздің алдымызда «қан жаңарсын» деп, институтқа танымал қаламгерлерден Қойшығара Салғараұлы, Тұрсын Жұртбай, Тұрсынжан Шапай т.б. тартқан екен.

Ғылымның жөні бөлек қой, небір марғасқалар қызмет ететін Әдебиет институтында «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымы жұмыс істеді. Төрағасы – М.О.Әуезов музейі жанындағы Халық университетін ұзақ жыл

басқарған аса танымал ғылым докторы (кейін академик), романтанушы, фольклорист Рахманқұл Бердібай. Бір күні Рахаң шақырып алды да: «Сен «Қазақ тілі» қоғамының хатшысы боласың!» деп, тағайындады да жіберді.

Жаңа ғылыми қызметкерлердің бәрін Рахаң «Қазақ тілі» қоғамына қабылдап, бояуы кеппеген мүшелік билет тапсырды. Бір аптаның ішінде академик М.Қаратаевтан бастап барлық ғылым докторы мен кандидаты да осындай құжат алды. Мүшелік жарна жинап, тиісті орындарға тапсырып жүрдік.

Р.Бердібай айына, тоқсанына бір рет жиналыс өткізіп, тіл қоғамы жұмысын ілгерілететін жөн-жобалар көрсететін. Ғалымдарымыздың ана тілін дамыту мен қорғау, шалалықтарды әшкерелеу, кеңес беру жөніндегі газеттер-журналдарға мақала жариялауы, теле-радио арналарына шығып сөз сөйлеуі міндеттелетін. Сондай-ақ институт мамандары түрлі кәсіпорындарға, мекемелерге барып тегін дәріс оқып жүрді. Аса күрделі заң және қаржы саласына тіл мәселесін енгізуге де мұрындық болды.

Рахаңның Академиядағы тіл майданы басқа институттарға (жаратылыстану мен нақты ғылымдар бағытындағы) ауысып, жаңа ұлттық ғылыми терминология жасау бойынша пікірталастар, басқосулар өтіп тұрды. Кейбір өткір тақырыптар Халық университеті алаңына да шығарылды.

«Қазақ тілі» қоғамы бастауыш ұйымының бүкіл елге мәшһүр төрағасы мәселені созбалақтамай бірден шешілуін немесе тиісті орындарға жетуін қадағалайтын. Рахаңның тезистерін немесе қаулыларын сол күні әп-сәтте «Ана тілі» мен «Алматы ақшамы» газеттеріне жеткізу – біздің абыройлы міндетіміз еді. Сөйтіп жүріп тіл апталығына қосымша жұмысқа да кіріп алдық...

Біз жалғыз ғана бастауыш ұйымның бір үзік мысалы арқылы «Қазақ тілі» қоғамының жұмысынан мағлұмат беруге тырыстық. Сондықтан мұны мұзтаудың (айсберг) теңіз бетіндегі бөлігі ғана деп ұғыңыздар. Облыстық, аудандық «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелерінің, шетел диаспора орталықтарындағы филиалдарының тарихи қызметін де, батыл қадамдарын да ұмытпаған жөн.

Рас, мемлекет тарапынан кейін ашылған Тіл комитеті (соңыра құрылымдық түрлі мәртебе иеленді) аталған қоғамның елеулі функциясын өзіне алды. Солай болуы керек те еді. Бірақ атқарушы биліктің қолы жетпей жататын шетін тұстар бәрібір «Қазақ тілі» қоғамының мойнында қалып қойды. Көрші Ресейде мұндай жұмыстарды мемлекеттен қомақты қаржы, грант алатын Орыс география қоғамы мен «Орыс әлемі» қоры атқарады. Олардың жағырафия тануы мен танымы сан салалы. Ішінде әскери-партиоттық қозғалыстан бастап тіл, дін қозғалысына дейін бар...

Дей тұрғанмен, бізге өз туысымыз Түркияның тәжірибесі ұнайды. Кезінде Мұстафа Кемал Ататүрік Тіл құрымы мен Тарих құрымын үкімет жанынан ашып, елдегі бір банкке мәңгі-бақи қаржыландырып тұруды міндеттеп кеткен. Мемлекеттің дәстүрге беріктігі қандай жақсы, 80-90 жылдан бері сол низам әлі өзгермеген.

«Қазақ тілі» қоғамы бүгінгі «қоғамдық бірлестік» деген мәртебесіне қарамай елеулі елдік жоба болып қала береді. Оны сапаландыру, мазмұнын байыту, миссиясын кеңейту жергілікті ұлт саны 71 пайызға жеткен қоғамның өзіне - сіз бен бізге байланысты. Бәріміз жақсылықтан үміттенеміз.

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ЭЛЕКТРОННОЙ ДЕЛОВОЙ КОММУНИКАЦИИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ

*Асилова Г.А.,
доктор педагогических наук,
Ташкентский государственный
университет узбекского языка и литературы,
Узбекистан, г.Ташкент*

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы применения электронных ресурсов в обучении языку. Составление деловых писем является одним из методов развития навыков деловой коммуникации. Перечислены умения, способствующие развитию профессиональных компетенций у будущих специалистов.

Annotation

The article discusses the use of electronic resources in language teaching. Writing business letters is presented as a method of developing business communication skills. The skills contributing to the development of professional competencies of future specialists are listed.

Современный рынок труда основывается на жесткой конкуренции. Это во многом определяет выбор профессии, на который сильное влияние оказывает экономический спрос. Сегодняшний работодатель ценит не столько квалификационный уровень претендента, сколько способность применения им набранного опыта в процессе саморазвития для приобретения новых компетенций. Социальная потребность в высоком профессионализме специалиста отражается в системе требований к профессиональным компетенциям, что предполагает систематическое самосовершенствование в профессиональном плане, эффективное использование внутренних ресурсов, умение быстро адаптироваться в переменчивых социально-культурных условиях.

Новые реалии и требования определили задачу формирования на изучаемом языке компетенций, необходимых в будущей деятельности обучающегося. Одной из форм коммуникативной компетенции является деловая коммуникация.

Деловая коммуникация охватывает такие сферы, как маркетинг, управление брендом, отношения с клиентами, поведение потребителей, реклама, связи с общественностью, корпоративное общение, взаимодействие с сообществом, управление репутацией, межличностное общение, вовлечение сотрудников и управление событиями.

Деловая коммуникация включена в учебные программы бакалавриата и магистратуры многих вузов мира. Среди ее форм по-прежнему лидирует электронная почта, которая по причине своей практичности сменила устаревшую деловую переписку. Сегодня ни одна компания не может

позволить себе использовать в своей работе медленные способы коммуникаций, поэтому оперативная электронная почта прочно вошла в офисную жизнь.

Благодаря своей универсальности, электронная почта дает возможность вести диалоги, проводить мини-конференции, информировать о проблемах, передавать документы и многое другое. Большинство судов в настоящее время допускают использование электронной почты в качестве доказательства и юридического подтверждения договоров и транзакций.

В Узбекистане специалисту, работающему в сфере государственных услуг и бизнеса, необходимы навыки работы с электронным документооборотом, обмена информацией в системе “единое окно”, составления статистических отчетов, грамотного и обстоятельного разъяснения законодательных норм. Это требует владения стилем делового общения, специальной терминологией, а также техническими навыками. Этим объясняется актуальность максимального приближения содержания и методов обучения к практическим нуждам обучаемых. Первым шагом является создание и внедрение в процесс обучения электронных ресурсов, направленных на практическое применение теоретических знаний в профессиональном общении будущих специалистов. Следующий шаг – это проведение практических занятий в онлайн-режиме.

Среди методов формирования и развития навыков электронного делового общения можно выделить тренинги по деловому письму. Они способствуют развитию таких компетенций, как обработка деловой информации; обмен официальными сведениями; составление электронных деловых писем; ведение переговоров; предотвращение или устранение конфликтных ситуаций. На тренингах по составлению электронных деловых писем перед обучающимися рекомендуется поставить следующие задачи:

- составить деловое письмо для e-mail рассылки;
- грамотно написать письмо-отказ;
- грамотно написать письмо-извинение;
- написать письмо деловому партнеру об изменениях условий сотрудничества;
- написать письмо, соблюдая конфиденциальность;
- написать письмо-предупреждение деловому партнеру;
- написать письмо, способствующее скорейшему принятию решения клиентом;
- написать письмо с вложением (резюме, коммерческое предложение, смета, график, сканированные копии документов и т.д.).

В процессе составления деловых электронных писем обучающимся разъясняются принципы их составления, правила этикета при их составлении, рекомендуемая структура писем, а также предоставляются речевые клише и обороты. По мере необходимости можно предоставить образцы электронных деловых писем.

Работа с такими письмами способствует развитию умений эффективного ведения деловой переписки по электронной почте с клиентами или партнерами,

что значительно влияет формированию в письмах позитивного имиджа компании. Полученные готовые шаблоны будут полезны в дальнейшем развитии навыков и умений развязывать проблемные ситуации, отстаивать свою деловую позицию, оперативно решать вопросы с помощью электронной переписки.

При использовании вышеуказанных методов работы с электронными ресурсами можно достичь также развития следующих умений, связанных с профессиональной компетентностью:

- нахождение текстов документов по определенным критериям и признакам;
- выделение необходимой информации из текста;
- умение разделять основную информацию от второстепенной;
- определение временных и причинно-следственных отношений в событиях;
- умение прогнозировать развитие событий, действий, фактов и их результаты;
- обобщение излагаемых событий и фактов;
- оценка важности, новизны, актуальности, достоверности информации;
- умение выразить собственное отношение к проблеме и интерпретировать события.

Список литературы

1. Базванова Т.Н. Обучение иностранных студентов и специалистов филологического профиля деловому письму с использованием дистанционных технологий: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Москва, 2005. – 24 с.
2. Персикова Т.Н. Межкультурная коммуникация и корпоративная культура / Учебное пособие. – Москва: Логос, 2002. – 224с.
3. Развитие навыков составления и оформления профессиональной документации в подготовке специалистов // Проблемы педагогики. 2016. №12 (23). С. 24–27. URL: <https://problemspedagogy.ru/images/PDF/2016/23/Problemy-pedagogiki-12-23.docx1.pdf#page=25>

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРНИТОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА

*Әбдуәлиұлы Б.,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті профессор,
филология ғылымдарының докторы.
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы.*

Өткен ғасырдың басында қазақ тілі мен тіл білімінің ерекше қарқынмен дамуына байланысты тіл сапасы жаңа бір биікке көтерілген еді. Бұған Алаш оқығандары ерекше үлес қосқан болатын. Олардың алдыңғы шебінде ұлт ұстазы атанған А.Байтұрсынұлы тұрды. Тіл білімінің теориялық негізімен қатар, өзінің ғылыми еңбектері арқылы, қолданбалық тұрғыдан, ғылым тілінің

де дамуына аса үлкен үлес қосып, алғашқы ғылыми негізін қалады. Құсқа қатысты ойлары сол бағыттағы ізденістерінің бір парасы. Құстар туралы мақалаларында олардың түрлерін тізіп берумен ғана шектелмейді, орнитологиялық классификациясын жасайды, қазақтың құстанымдық ілімімен сабақтастыра отырып, қасиеттерін сипаттап береді. Сипаттау барысында қолданған сөздері, сөз тіркестері, сөйлемдері және олар арқылы беріліп жатқан ақпараттар ұлттық табиғатымен әрі заманына сай өзінің жаңаша үлгілерімен ерекшеленеді. А.Байтұрсынұлының құстар туралы баянындағы тілді қолдану шеберлігі арнайы талдауларды талап етеді, өйткені қазақ тұрмысында құстың өзіндік орны болғанмен, А.Байтұрсынұлына дейін олардың ғылыми тілде классификациясы мен сипаттамасын жасаған ғалымдар болған жоқ.

Айтылар ойдың айқындығы үшін тіл біліміндегі құсқа қатысты терминдерге қысқаша тоқтала кетейік. Орнитология – құс және тану (ғылым) сөздерінің бірігуінен жасалған термин, яғни құс туралы ғылым деген мағына береді. Қазақ лингвистикасында, соның ішінде ономастиканың зооним тармағында орнитоним деген термин қолданылады – құс атаулары деген мағынадағы сөз. Бұл терминнің құрылымы да ілгерідегідей, тек *онимді* – жалқы есім деп түсінеміз. Сондықтан, «орнитологиялық лексика» деп құстануға қатысты сөздердің барлығы, «орнитоним» деп жеке құстарға қойылатын жалқы атаулар алынуы тиіс. Мысалы, сұңқар, лашын, қарлығаш; қанат, қауырсын, жұмыртқа т.б. – *орнитологиялық лексиканың*, ал Қарашолақ, Дауылқара, Көкжендет, Найзағай деген қыран құс атаулары – *орнитонимдердің* құрамына топтасуы тиіс еді. Алайда қазіргі тіл білімінде бұл (орнитоним) терминінің аясында жеке құстардың жалқы аттары емес, түрлі топтарының атаулары қарастырлырып жүр. Ғылыми зерттеулерде «орнитонимдер» тобының категория-лексикалық өзегінде құс атауларындағы басқа семалар (дифференциалдық) арқылы айқындалатын «құс» семасының жатқаны және бұл топтағы сөздер көбіне жалпы мағынасындағы «денесін қауырсын мен мамық жапқан, екі аяғы мен тұмсығы бар омыртқалы жануар» деген түсінікке ие зат есім түрінде көрінетіні айтылады [1, 3 б.]. Сонымен қатар Орнитонимдерді кей ғалымдар «құс» концептісі арқылы көрінетін тұтас әлемнің тілдік бейнесінің фрагменті ғана деп санайды [2]. Орнитонимдер – түрлі құстарды атау қызметін атқаратын сөздердің лексика-семантикалық тобы. Бұл жағдайда «құс» сема болып табылады [3]. Аталған зерттеулердің ешқайсысында орнитонимнің түпкі мағынасына тән жалқылау ұғымы кездеспейді, керісінше жалпы құс атаулыға ортақ, жалпылауыш термин ретінде қарастырады. Осыдан келіп терминнің шығу тегі мен кейіннен жүктелген мағына арасындағы қатынастар мәселесі туындайды.

Лингвистикалық зерттеулерге қатысты алғанда «құс» мағынасын білдіретін гректің *ornitos* сөзінен тарайтын мына үш терминге назар аударамыз *орнитоним* (құс атаулары), *орнитология* (құс туралы ғылым), *орнитофаги* (құсқа салуға үйретілген жыртқыш құстар: лашын, қаршыға т.б.) [4]. Осы терминдер құрамындағы сөздердің мағынасын басшылыққа алатын болсақ, болашақта алдыңғы екі терминнің білдіретін ұғымдары бір-бірінен ажырап, айқындала беруі мүмкін. Қазіргі адамдар арасындағы қызығушылық – жеке

адамдар үйлерінде торда ұстайтын, цирк және басқа да өнер ошақтарында қолға үйретілген т.б. құстардың адаммен арасындағы жеке қатынастар жалқы қолданылатын атаулардың көбеюіне ықпал етіп отыр. Нәтижесінде бұл терминдердің мағынасы мен қызметіне байланысты мәселе күн тәртібіне шығатыны анық. Қазірдің өзінде интернет беттерінде ұсынылып жүрген «ұрғашы құстарға қойылатын атаулар», «еркек құстарға қойылатын атаулар» деген тақырыппен беріліп жүрген тізімдер «орнитоним» терминінің айқындалып келе жатқан нысаны мен дереккөздерін білдірсе керек. Осы ойды жинақтай келгенде, *жеке құстарға берілетін жалқы атаулар, туыстас құстар тобына берілетін ортақ атаулар және жалпы құстанымға қатысты (орнитологиялық) лексика* секілді үш түрлі ұғым туындайды. А.Байтұрсынұлының құстарға қатысты еңбегінің тіліне, осылардың ішінде, екінші, үшінші топқа қатысты талдаулар жасалады.

Қазақ тіл білімінде орнитологиялық лексика жете зерттелмеген тың тақырып. Бұл жөнінде жекелеген этнолингвистикалық сипатта жазылған мақалаларды ғана кездестіреміз [5; 6], алайда қазіргі құс өсіру эконономикада өзіндік орын иеленетін шаруашылық болғандықтан, оның тілі де қазіргі заманға сай дамып отыруы тиіс. Бұл орайда құсқа қатысты лексиканың ғылыми бағытта қалыптасу тарихына үңілер болсақ, қазақтың саятшылық өміріне ат басын тірер едік. Ол әрі қарай қазақ фольклорымен жалғасып жататыны белгілі.

Кәсіби лексика немесе оған қатысты салалық терминология мәселесі сөз болғанда тілдің бойында жүріп жататын терминдену құбылысына назар аудармай тұра алмаймыз. Ол семантикамен тығыз байланысты – сөз қолданыс барысында айтылу орайына қарай көркем және терминдік мәнге ие болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының өлеңіндегі мына сөздерге назар аударып көрелік: «Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым». Осындағы *қыр, көл, көгал, құр* (құрғақ, құрлық БӘ) сөздерінің қолданысын, поэзиялық мәтін болғандықтан, ауыс мағынасындағы көркем мәнді лексика қатарына жатқызсақ та, жердің қыртысы мен бедерінің атаулары ретінде халықтық географиялық терминдер екені анық. Сөз мағынасындағы осы ерекшеліктер және термин қалыптастыру мақсатындағы ізденістер А.Байтұрсынұлы шығармаларында әр қырынан көрінеді. Солардың қатарында зоологиялық терминдер тұр. Өткен ғасырдың басында қазақ жеріндегі құстар мен олардың атауларына ой жіберіп, бұл тақырыпты білім мазмұнына енгізіп, әдістемелік негізін жасаған болатын. Оның танымдық еңбектеріндегі осы тақырып өзіне назар аударады. «Құс» туралы ғылыми танымдық мақалаларында құс шаруашылығына, пайдасына, құстардың түсі мен түрлеріне, дауысына және басқа да қасиеттеріне байланысты қолданылған есім сөздер мен етістіктер қазақ ғылыми тіліндегі алғашқы орнитологиялық лексиканың негізін құрайды.

Ғалымның құс туралы танымдық мақалаларында *албатрұс, ақ иық, аққу, ақ құр, аққұтан, арлан, әуілдек, байғыз, балықшы, бөктергі, бұлбұл, бүркіт, бізтұмсық, бірқазан, дуадақ, жапалақ, жылқышы, ителгі, кегір, көгершін, көкқұтан, күйкентай, күрке тауықтауық, күшіген, қаз, қара қаз, қарақұс, қараша қаз, қарабас шағала, қарабауыр, қара құр, қасқалдақ, қаршыға, қоңыр*

үйрек, құладың, құр, қызғыш, қызыл қаз, қырғауыл, қырғи, лашын, оқпақ, өгіз шағала, пайетен, пыригет, сандугаш, сары ала қаз, сұңқар, сұңгуірлер, сұңгуір-шағалалар, тарғақ, тауқұдірет, тауық, торы ала қаз, тоты, тұйғын, тұрымтай, тырна, үйрек, үкі, шүрегей, шіңкілдек т.б. құс атаулары қолданылады. Құстың түрлеріне берілген атаулардың ішінде көне түркі дәуірлерінен жеткендермен қатар, *албатрұс, пайетен, пыригет* секілді кірме атаулар да кездеседі. Құстардың түрлері және оларға тән ерекшеліктер адаммен құстың қатынасына, яғни асыранды құстар мен жабайы құстарға қарай топтастырылады. А.Байтұрсынұлының құстарды түрлеріне қарай жүйелеуінде құсқа қатысты сөздер әр қырынан қолданыстарға түседі. Құсқа қатысты лексиканы *орнитологиялық және орнитологиялық мағына жүктеген сөздер* деп екіге бөлуге болады. Екіншісі контексте жаңаша мағынаға ие болған сөздер. Мысалы, «Алдыңғы аяғының орнында қанат, тұмсығының ұшында тері орнына мүйіз (*Құс*)», – деген сөйлемдегі «қанат» құстану ғылымына тән термин болса, «мүйіз» орнитологиялық мағына үстеген сөз, өйткені ол құсқа емес, төрт аяқты, жұп тұяқты жануарларға қатысты дене мүшесінің атауы. Ал А.Байтұрсынұлы оны физиологиялық табиғатының сәйкестігін негізге ала отырып құсқа қолданады.

Құстар туралы жазбаларындағы ғылыми-танымдық ойлар қолданыстағы лексиканың терминдік мәнін артыруға ықпал етеді. Термин және терминологиялық жүйе ол білдіретін ұғым-түсініктердің классификациялануынан да көрінеді. Құстарды түрлері мен туыстық жақындықтарына қарай топтастыру арқылы оқырманға жүйелі, түсінікті етіп жеткізуі осы классификацияның көрінісі. Ғалымның ғылыми ойлау мүмкіндігі қолданып отырған сөздердің терминдену сипатын айқындай түседі. «Құстар» деген ұғымға берілген ғылыми сипаттама, яғни жалпы құстарға ортақ ерекшеліктер туралы жүйелі баяндау тілі ғылыми сипатта өрбиді. Мысалы, «Құстар толып жатқан тапқа бөлінеді. Ол таптар толып жатқан тұқымға бөлінеді. Құстардың тұқым түрі он мыңнан астам. Құс біткен ең әуелі желінетін, желінбейтін болып айырылады. Желінетін құстардың адам етін, жұмыртқасын жейді, жүнін, түбітін, қанатын пайдаланады. Құс біткен 20 тапқа бөлінеді. Оның ішінде қазақ білетіндері: қу, құтан, құр, бірқазан, кегір, дуадақ, тоқылдақ, тоты, балықшы, қара құс, қарға, көгершін, көкек, торғай (*Құс*)». Жалпы құстардың саны, түрлері, табы мен тұқымы туралы баяндауда ой нақты, дәл беріледі, көріктеуіш құралдар қолданысынан гөрі ғылыми стильге тән жүйелеу мен сипаттау басым. Екінші бір айта кететін мәселе айтылмақ ойдың астарында дәстүрлі, ұлттық ақпараттар да қамтылып, қатар жүреді: «желінетін, желінбейтін» ұғымдары қазақ халқының ұлттық тағамтануынан хабар береді. Қазақ не болса, соны жей бермей, тамаққа талғаммен, тазалықпен қараған. Халық мәдениетіндегі бұндай дәстүрлердің нәзік тұстарының өзі білім беру әдістемесінде назардан тыс қалмай, орайын тауып енгізіліп отырады. Мұсылмандық шарттарына да сәйкестігі ескерілген, яғни желінетіннің орнына кей сөйлемдерде «адал құстар», желінбейтінінің орнына «арам құстар» тіркестері жұмсалады: *Бұл адал құстардың бір толық белгісі және Аңшылық*

құстар арам құстардың табына жатады. Осылайша тілдің ғылымилығы ондағы сөздердің де терминденуіне ықпал етіп отырады.

Енді А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі құсқа қатысты жүйелеулерінің сипаттамасын жасап көрелік. А.Байтұрсынұлы құстарды түрлеріне қарай былайша топтастырады: «үй құстары», «аңшы құстар», «сауық құстар», «сушыл құстар», «кешпешіл құстар», «орман құстары». Өз ішіндегі ерекшеліктеріне қарай *«үй құстары: асыранды құстар және онымен ағайындас құстар; аңшы құстар: аңшылық құстары және олармен рулас құстар; сауық құстар ішінде тотыны: сауық тоты және тауық тоты, бұлбұлды: күншығыстық және күнбатыстық; сушыл құстар: біреуі – қаз, екіншісі – шағала табы; орман құстары – тоқылдақтың 8 түрлі тұқымы бар; Көкек екі түрлі болады: біреуі – жәй көкек, екіншісі – атшы көкек. Қарға табындағы құстар: құзғын, қара қарға, ала қарға, таған, сауысқан»* деп топтастырады. Құстарды топтарға бөлу барысында мекеніне, қоректенуіне, әдемілігіне, қимыл-қозғалысына, тұрпатына қатысты біршама ұғым-түсініктер айқындалып, олардың әрқайсысы жеке атаулармен аталып отырады.

А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде сөздердің терминдену үдерісінің барысы көрініс беретін мына бір тіркестерге тоқтала кетуге болады: *үй құстары* мен *асыранды құстар* дейтін сөздер бір ұғымның екі түрлі атауы ретінде көрінеді, яғни «үй құстары» деген сөзбен бірге оның синонимі ретінде «асыранды құстар» деген атауды да қатар қолданады. Жалпы түсінік басым, ұғымдар әлі дараланбаған ол кезде солай жұмсалуды заңды да, алайда мына сөйлемде осы екі сөздің мағыналарын бір-бірінен айыратын ақпарат байқалады: «Қырғауылды да асырайтындар бар, бірақ жұртқа жайылмаған, кей жерде ғана істелетін кәсіп», – дегенде қырғауыл қолға үйретілгенмен, үй құсы емес екенін аңғартады, ал бұл мысалдан сол кезде туып келе жатқан жаңа ұғымдардың ара жігі көрініс береді. Қазіргі орнитология саласының тілі үшін бұндай жіктелістердің маңызы зор екені анық, сондықтан бұл екеуінің арасындағы айырмашылықты былайша ажыратып, шамамен түсінігін беруге болады: *Үй құстары* – ұзақ уақыттар бойы қолда ұсталып, ұшу, өз бетімен өмір сүру, көбею, жыл мезгіліне байланысты мекенін өзгерту т.б. секілді кейбір қабілеттерінен айрылған, далалық жабайы туыстарынан алшақтап, қолда ғана өмір сүретін құстар, ал *асыранды құстар* – бүркіт, сұңқар, лашын, қаршыға, ителгі т.б. секілді аңшы құстар және қырғауыл, бөдене, тоты құс, бұлбұл т.б. құстардың қолға үйретілгендері. Енді осыдан келіп, адамға қатыстылығы бойынша құстар табының үшінші түрі – *жабайы құстар* деген ұғым айқындалып шығады. Бұлайша анықтама бере отырып, әрқайсысының ерекшеліктерін көрсете аламыз, демек А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің тілі өзінің ақпараттық мүмкіндігі арқылы салалық терминденудің бастау көздері болып отырғанын тағы да дәлелдей түседі.

Ғалым құстар табына атау беруде қазақ тіліндегі атау берудің дәстүрлі заңдылықтарына сүйенеді. Атаудың дыбыстық тұлғасы мен мағынасы арасында орайлы байланыс болғанда ғана тілде нормаға айнала алады. Байланысты табу тіл ғылымының білгірі болумен қатар, шығармашылық шеберлікті де қажет етеді. Құстар табына берілген атаулардың мағынасы мен мағына арқылы

берілетін ақпараттарға сүйене отырып, лингвистикалық талдаулар жасар болсақ, сол шығармашылық шеберліктің іздеріне куә боламыз. Мысалы, *аңшы құстар* атауы құстардың ет қоректілерге жатуына байланысты берілген. Бұл ұғымның мазмұны арқылы қорегінің ет екені және оның жыртқыштығы, тырнағы мен тұмсығының үшкірлігі туралы ақпарат беріледі. *Сауық құстар* – мың құбылтып сайрайтын әдемі дауысы бар, түрлі түспен сәуле түсіріп құлпыратын көркіне байланысты асыралады. Сауық сөзінің мағынасы арқылы бұл құстардың циркте немесе басқа да көңіл көтеретін сауықтарда өнері немесе көркемдігінің тамашаланатыны туралы ақпарат беріп тұр. Сипаттамасында ғалым синоним ретінде «әуестік құстары» атауын қатар қолданады. Бұл оның асыралу себебін түсінідіріп тұр, яғни еті, жүні, жұмыртқасы т.б. пайдасы үшін емес, мәдени болмысы үшін, адамдарға рахат сыйлау үшін қолға ұстайды. Сол секілді *сушыл құстардың* өмірі сумен тығыз байланысты, *кешпешіл құстар* қорегін су кешіп жүріп табады, ал *орман құстары* олардың мекені туралы ақпараттар береді. Құс туралы еңбектерінің тілі аясында осыларға қоса жинақтауыш сипатқа ие «жыл құсы», «сирақты құстар», «бақташы құстар», «түн құсы» секілді атаулар кездеседі. Мағыналарында белгілі бір топқа жататын құстардың барлығына ортақ қасиеттер жинақталған және атаулардың айқындығы мен дәлдігі жаңа туып келе жатқан заманға сай сөзжасамның жаңаша үлгілерін көрсете алады.

Құстарды топтастырудың келесі түрі *туыстық жақындықтарына* қарай жүзеге асырылған. «Қаз бен үйрек ағайынды, ...шіл, безгелдек, бөдене тауық пен күркетауық ағайындары. Аңшылық құстарымен рулас құстар: ақ иық, арлан, күшіген, қаракұс, бөктергі, құладың, күйкентай, үкі, жапалақ, байғыз», – деп тегі мен әр алуан қасиеттері жағынан өзара жақын құстарды көрсетеді. Топтастырумен қатар даралық қасиеттеріне де назар аударады. Мысалы, тоты деп бір атаумен аталатын, бірақ тегі бөлек құстарды бір-бірінен ажыратып көрсетеді: «Тұрпатында да, тұлғасында да, ісінде де көп басқалық бар». Бұл орайда А.Байтұрсынұлы «ағайын, ру, басқалық, тап» сөздеріне орнитологиялық мағына үстеп, терминденуіне жол ашады.

Құстардың дене мүшелеріне, ұрпағына және мекен-тұрағына қатысты сөз қолданыстар. Құстардың дене мүшелеріне қатысты сөздер «қауырсын жүн, жүн, түбіт, аяқ, саусақ, дене, құйрық, тұмсық, қанат, бауыр, көз, ауыз» т.б. секілденіп келеді. Ұрпағына қатысты сөздер: балапан, жұмыртқа. Тұрағы мен кеңістігіне қатысты қолданыстар: «Жерде көп жүре алмайды, өмірінің көбін ағаш басында өткізеді», «өмірінің көбін суда өткізеді», «жусанды, тақыршақтау жерге ұялайды», «судың аралына ұялайды», «я құрға, я су үстіне ұялайды», «жұмыртқасын жерге салады», «інге салады», «көлшік, шалшық суларды сағалап, өмірінің көбін кешпеде өткізетін құстар», «көлдің, өзеннің жағалауында жүреді», «қар суынан болған көлдің шалшығын сүйеді» т.б. секілденіп келеді.

Құстардың қимыл-әрекетіне қатысты қолданыстар

Қалқу, ұшу, зырғу, жосу, жүру, жүгіру, тамағын теріп жеу, жұмыртқа басу (жұмыртқасын біраз басқан соң), жұмыртқадан шығу, балапан шығару, ұшу (денесі ұшуға қайым біткен), аяқтану (тез аяқтанады), қанаттану, ата-анасы асырау (ұшқанша ата-анасы асырайды), жаз келу, жайлау¹, жылы жаққа кету (жаз келіп, жайлап, қысқа қарсы жылы жаққа кетеді), жұмыртқа салу, үйір болу, қолдан (жем) жеуге үйрену, дауысқа келетін болу, «аттан» салғандай, азан-қазан, у-шу болу, қанаты түлеп ұша алмау т.б. Құстың сайрауына, үніне қатысты біршама сөздер мен сөз тіркестері қолданылады: сайрап салған әніне әдемілік, толықтық, келістілік тән екені айта отырып, бұлбұл үнін сөзбен суреттеуде «әдемілік, толықтық, келістілік» сөздеріне бұрынғы қолданыстарында болмаған жаңаша мағына беріледі. Сайрауы бойынша құстың түрлері де ажыратылып көрсетіледі: күншығыстық бұлбұлдың *дауысы ашық, күшті, сыңғыры көп, мерекесі молырақ*, бірақ қайрымы қысқарак, буын-буынына тынуы азырақ; күнбатыстық бұлбұл *жайлап, сыбырмен сайрайды, буын буынына көбірек тоқтайды, дауысы майда, нәзік, мұңды* келеді. Бұл сөйлемдерде де бұлбұл үнін сипаттайтын сөздердің мағынасында жасырын жатқан тың мүмкіндіктері ашыла түседі. Бұлбұл құстың түрі мен үніне қатысты орнитологиялық зерттеулерде осы сөздер А.Байтұрсынұлы жүктеген мағынасында ғылыми айналымға түсер болса, терминдену үдерісі жеделдей түсер еді. Сөз тынысының ашылуы дегеніміз осы болса керек.

Құстарға қатысты кейбір тіркестердің жаңа ұғымжасамдық қабілеті. Құстардың табиғатын сипаттауға құрылған сөйлемдер ішіндегі өзара байланысқа түсіп тұрған сөздердің тіркесі өздерінің сипаттауыштық әрі атуыштық қабілетімен ерекшеленеді. Әрқайсысының атаужасамға бейім тұрғаны байқалады. Мысалы, «дала жайылымымен күн көретін құс», «суды сүйетін құс», «жер талғайтын құстар», «жұмыртқасын жерге салатын құс», «жұмыртқасын інге салатын құс», «тағы күйдегі құс», «асыранды құс», «қолға үйретілген құс» т.б. Бұл тіркестердің құрамындағы сөздер бір сөйлемнің ішінде ғана емес, бірнеше сөйлемнің ішінде шашырап орналасу мүмкін, алайда олар алыстан тұрып-ақ байланысады. Сөйлемдердің мақсаты мен ондағы ортақ идеялар осындай тіркестердің құрылуына ықпал етіп отырады. Мысалы, «Тауықтың еті жақсы, жұмыртқа салуы көп, жүні де жаман емес, бағуы жеңіл, өзі өсімтал», – деген сөйлем ішінен «еті жақсы құс», «көп жұмыртқа салатын құс», «өсімтал құс», «жүні жарамды құс»; «Осы айтылған құстардың ішінде асырау талғамайтыны тауық. Күрке тауық кеңшілік сүйетін құс, оған кең жайылым керек, қамашау орында өспейді», – деген сөйлем ішінен «асырау талғамайтын құс», «кеңшілік сүйетін құс», «кең жайылым керек қылатын құс», «қамашау орында өспейтін құс» секілді ұғымдарды бөліп алуға болады. Ал ұғымдар айқын көрініп тұрғанда тіркес құрамындағы сөздердің барлығы сөйлем ішінде болуы шарт емес. А.Байтұрсынұлының еңбегіндегі сөздердің тіркес құрау мүмкіндігі мен

¹ Жайлау – мекендеу, жаз бойы болу мағынасындағы етістік.

ұғымдардың берілуі осылайша өзіндік сапасымен ерекшеленеді. Бұл көрсеткіштер орнитологиялық лексиканың қалыптасып келе жатқан жаңаша үлгілері болатын.

Құстың адамға қатысын сипаттайтын қолданыстар

Құстың адамға қатысы оны қолға үйретіп, шаруашылыққа пайдалану және аңшы құстармен саят құруға байланысты қолданыстарда көрінеді. Мысалы, «асырауға пайдалы құстар», «желінетін», «желінбейтін», «бағуы жеңіл құстар», «адал құстар», «арам құстар», «етінің жақсылығы, терісі, жүні үшін ғана аулау» т.б. сөздер мен тіркестер адамның құс етін азық қылу және тұрмыс қажеттіліктеріне пайдаланатыны туралы ақпараттар береді. Аңшы құстарды қолға үйретіп, саятшылық құрған қазақ халқының тілінде бұл өнер түріне қатысты да лексикалық бірліктер қалыптасқан. Ғалымның еңбектерінде салалық лексиканың бұл түрі де қолданыс табады. Саятшылық құстарына қатысты лексика: баулу (құс баулу), қолға үйір ету, құс үйрету, қолға қондыру, жемге шақыру, аяқбауын ұзын тағу, қолға қону, тұғырына қондыру, жемге шақыру, қолға үйрету, тауық асырау, құс асырау, аңға салу, құсқа салу т.б.

Мұндағы жиі қолданылатын сөздерге Р.С.Мухитдинов *дәрет, намаз, ораза, зекет, садақа, қажылық, иман, ислам, парыз, сүннет, жайнамаз, мешіт, азан, ауызашар, мұсылман, кәпір, құрбандық, жаннат, тозақ, қабір, сауап, азап, неке, талақ* сөздерін жатқызады. Ал екінші қатарға «кезінде қадим және төте жазудан кирилл графикасына түсірген уақытта пайда болған екі немесе одан да көп жазылу варианттары, яғни нұсқалары бар сөздер «*магрифатулла*», «*нәби*», «*расул*» секілді сөздер» жатқызылған. Әрі осы тіл бірліктері қатарын ғалым «жазылуы бір қалыпқа түспеген» ретінде тани отырып, «лексикалық архаизмдер» деп атайды. Бұл қатардағы бір сөздер көнерген архаизмдерге айналып, көмескіленіп, қолданыстан шығып қалса, енді біреулері синонимдік қатарда қолданылып жүр. Үшінші қатарға жатқызылған сөздер «тәуелсіздіктен кейін енген кірме сөздерде кездесетін сөздердің жазылу варианттары» деп танылған. Мысалы, «*таухид*», «*сахих*», «*дағиф*», «*мудуғ*», «*такфир*», «*бидғат*», «*хижаб*» [1, 7-б.].

Бұл тілдік бірліктер қазіргі XXI ғасыр қоғам мүшелерінің тілдік коммуникациясында жиі қолданысқа ие сөздер актив, әрі жалпыға түсінікті бола отырып, тек функционалды грамматика аясында ғана емес, көркем әдебиет жанрында да қолданылып, жалпыға түсінікті құбылыс, әрекет, т.б. атауларын құрайтыны айдан анық. Кейбір сөздер бір ғана нұсқада қолданылып, *намаз, дәрет, дәрет алу, азан, неке, талақ, мұсылман, кәпір, сауап, қайырым, иман, қажылық, ислам, парыз, сүннет, жайнамаз, мешіт, медресе, қағба, тозақ, жұмақ, садақа, ораза, зекет, ауызашар, азап т.б.*, кейбірі бірқалыпқа түспей, инварианттарымен қатар қолданылуда: *мұсылман – мұмин – мүмін – мүслим, кәпір – кафир, тозақ – жәннат – бейіш, садақа – садаха, сүннет – сунна, қағба – кааб – кааба, ауызашар – ифтар, зекет – зикят - зәкат*. Шын мәнінде, тіл білімінде осы тіл бірліктерінің бір қалыпқа түсіп, тілдік қолданысы дұрысталуы үшін ресми орындарда, жалпы БАҚ-та біріздендіру үшін «Ислам терминдерінің толыққанды түсіндірме сөздігін» құрастыру аса қажет шара санаймыз. Себебі бұл тіл бірліктерінің жазылуы мен айтылуы нормаға түсуіне әрі қазақ тілінің тазалығының сақталуына ықпал етпек.

«Мұсылман» түсінігі қазақ даласына Ислам дінінің таралуымен келгені анық. Араб тіліндегі нұсқасы «мүслим» деп айтылып, «мойынсұнушы», «көнуші» мағынасын береді. Ал «мүмин» – иман келтіруші деген ұғымды білдіреді [2]. Жалпы түсінігі – Ислам дініне сенетін, парыздарын орындайтын, жүрегінде иманы бар, мұсылманның әдеп жүрісін сақтаушы адам түсінігінде. Енді біздің қоғамымыздағы діни әралуандықтың арқасында бұл бір термин бірнеше нұсқада қатар қолданылуына тоқталсақ...

Интернет көздеріндегі ақпаратқа сай «Құран Кәрімде муслим сөзі бірнеше рет кездеседі. Сонымен қатар мүмин жайлы айтылатын аяттар және «му'минун» атты арнайы сүре бар. «Мүминдер» деген мағына беретін «му'минун» сүресінде мүминдердің намаздарын терең тебіреніспен беріле оқып, тыйым салынған нәрселерден бойларын аулақ ұстайтыны, зекет беріп, аманатқа адалдық танытатыны және сөздеріне берік екендіктері айтылады. («Му'минун», 1 - 9-аяттар) «Инсан» сүресінде мүминдердің Алла ризалығын басты нысана етіп алатыны сөз болады («Инсан», 8 - 9-аяттар). Сондай-ақ, «Рағыз» сүресінде мүмин «Алла Тағаланың әмірлеріне толық мойынсұнып, есеп беретін ұлы күнді ойлаушы, сөзіне берік, ант пен аманатқа адалдық танытушы және Алла ризалығы үшін сабыр сақтап, намазын уақытында оқушы» ретінде Хазіреті Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) хадистерінде» сипатталады (википедия). Р.Мухитдиновтың еңбегіне бұл үш нұсқаның екеуі енген. Мұсылманға Алладан басқа табынатын тәңір жоқ және Мұхаммед (с.а.у.) Алланың елшісі екендігіне куәлік беріп, Аллаһ тағалаға және оның елшісіне шын жүрегімен сенген адам. Яғни Ислам дінін ұстанушы адам [1, 81-б.].

Ал «Мүмін» (*«мүмин» деген инвариантымен берілген – Х.М.*) – иман келтірген. Термин ретінде иманның алты шартына сеніп, Аллаһтың және Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың бұйрық-тыйымдарын сақтап, үлкен күнәлардан аулақ бола жүріп, игі амал істейтін адамға қолданылады [1, 81-б.]. Одан өзге Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының» РММ Ғылыми-сараптамалық кеңесі ұсынған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті мақұлдаған филол.ғ.к. А.Әбдірәсілқызының редакциясымен жарық көрген «Исламдық терминдер сөздігінде» [3] «мұсылман» мен «мүмин» сөзінің еш нұсқасы берілмеген. Біздіңше, бұл лексикалық бірліктер дау туындатпайды деген есеппен сөздікке енгізілмеген. «Діни терминдер мен ұғымдардың анықтамалығында» бұл екі термин мүлдем еңбеген, оларды құрастырушылар жалпыға түсінікті ұғымдар деп санаған болуы керек.

Игілігінде, мұсылман деген расымен – Алладан басқа тәңір жоқ деп, Мұхаммед ғ.с. Алланың елшісі екеніне куәлік берушілер түсінігін береді. Ол парсы тілінен еніп, «муслим»-ға «он» (парсы тілінің көптік мән үстеуші қосымшасы – лар, лер т.б.) нәтижесінде туындаған. Ал «мүмін» әлгі сенімге қоса, иман келтіріп, Ислам дінінің алты шартын толық орындайтын, Мұхаммед ғ.с. Алланың елшісі екеніне куәлік беруші ғана емес, пайғамбардың бұйрық-тыйымдарын толық орындайтын адамға қатысты айтылады. Демек, *мұсылман* деген жалпы жүрегінде сенімі бар адамға қатысты айтылса, *мүмин* тек жүрегіне

иман нұры ұялаған ғана емес, Исламның барлық ережесімен өмір сүретін адам деген адам.

Біздіңше, ғалымдар арасында бұл сөз бірліктерінің нұсқаларына қатысты дау туындамайды. Алайда қоғамда олар түрлі қолданыста жүр. Сондықтан, Қазақстандағы «мұсылман» және «мүмин» сөз бірліктерін Ислам дініне қатысты терминдер деп санап, ендігі жерде нақтылап, сөздікке енгізіп, Діни басқарма айтылуы мен жазылуына байланысты «пәтуа» шығаруы керек. Себебі, қаншалықты қазақ қоғамына әлгі екі термин сіңісіп кеткенімен, «мұсылман» жыраулар мен ХІХ ғасыр шығармаларынан келе жатқан түсінік. «Мүмин» анау айтқандай сіңісіп кеткен сөз емес, өткен ғасырдың 90-жылдары енген сөз бірлігі. Ал оның өзге айтылуы ерекше фонологиялық нұсқалары ХХІ ғасырда тілдік қолданысқа енгізілуде. Егер де осы сөз бірліктеріне қатысты бір түпкілікті тұжырым жасалса, БАҚ құралдарында да, интернет желілерінде де сөз сапы түзелер еді деп ойлаймыз. Себебі жалпыхалықтық қолданыста жалпы жүрегінде сенімі бар адамдар «мүмин» деп те, «мүслим» деп те, «мұсылман» деп те айтылып жүр. Ал бірақ шындығында бұл қате.

Қазақ тіліндегі діни лексика аясында Тәңірлік және Ислам діндеріндегі діни ұғым-түсініктердің атаулары қатар аталып, діни нанымды сипаттай отырып, берілетін түсініктердің қатарында «Алла» түсінігі де бар. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде бұл түсініктің көптеген нұсқалары мен инварианттары қолданылуда: «Аллах», «Аллаһ», «Құдай», «Жаратушы ие», «Алла Тағала», «Жаббар», «Тәңір», «Хақ Тағала». Бұл тіл бірліктері қазақтың танымында орнығып, бір мазмұнды беретін «атаулы» бір форманың мәнін береді. Барлығының түсінігі – сыйынатын үлкен алып күш ИЕСІ. Исламда Алланың 99 көркем есімі, атауы бар дейді. «Әл» (*кейде әс, әр, ән – күшейткіш мәнде оқылатын артикль – М.Х.*) артикль арқылы қосылып берілетін бұл есімдердің барлығы-дерлік сыни сипатта, номиналдық қалыпта емес, заттық міндегі «кім?» сұрағына жауап бере алмайтын есімдер. Мысалы, *әр-Рахман – аса қамқор; әр-Рахим – ерекше мейірімді, рақымды; әр-Қуддусу – қасиетті, өте пәк; әс-Салам – есендік беруші; әл-Мүмин – қорғаушы, сенуші; әл-Азиз – аса зор, ұлық, қуатты; әл-Халық – жаратушы; әл-Бари – жоқтан бар жасаушы; әл-Қаһар – өте үстем, қаһарлы; әл-Раззақ – ризық беруші; Әл-Алим – бәрін білуші, терең білім иесі; әл-Хакәм – Хакім, қазы, төреші; әл-Ғафур – кешіруші, күнйні кешуші; әл-Кәрим – құрметті, билік етуші; әл-Хақим – даналық иесі; әл-Хақ – шындық иесі; әл-Уәли – басқарушы, Уәлі; әл-Тауәб – тәубені қабылдаушы; әл – Жамиг – жинаушы; әл-Бақи – мәңгі, бақилық; әс-Сабур – сабыр иесі, т.б. с.с.*

Осы тұста Транскрипция мен трансформациялану туралы бірер сөз айта кетсек. Л.З.Рүстемов 1991 жылы орыс тілінде жарық көрген еңбегінде кейбір есімдерді басқаша транскрипциялаған. Ал muslim.kz сайтындағы қазіргі ақпарат оған сәйкес емес. Мысалы:

| | | |
|-------------------------|--|----------------------|
| Л. Рүстемовте (1991 ж.) | muslim.kz (2012 жылы сайт ашылған, материал 2021 жылы алынған) | Араб тілінде берілуі |
|-------------------------|--|----------------------|

| | | |
|-------------|-------------|--------------|
| әл-барийу | әл-Бари | الْبَارِيءُ |
| әл-мусавиру | әл-Мусаууир | الْمُصَوِّرُ |
| әл-уәллабу | әл-Уаһһаб | الْوَهَّابُ |
| әл-ризааку | әл-Раззақ | الرَّزَّاقُ |
| әл-кабизу | әл-Қабид | الْقَابِضُ |
| әл-хафизу | әл-Хафид | الْخَافِضُ |
| әл-муэззу | әл-Муиз | الْمُعِزُّ |
| әл-мәзәллу | әл-Музил | الْمُذِلُّ |
| әл-һукуму | әл-Хакәм | الْحَكْمُ |
| әл-һәкиму | әл-Хаким | الْحَكِيمُ |
| әл-уәлийу | әл-Уасиғ | الْوَاسِعُ |
| әл-мутийу | әл-Муғни | الْمُغْنِي |

Кестеде көрініп тұрғандай атауларда қатты өзгешеліктер бар. Бұл ғылыми көпшілікке таралып, жарияланған материалдар. Ал жалпы жарияланбай, кім қалай оқыса, солай атала салатын нұсқалары да жоқ емес. Бұл өзгерістер араб тіліндегі графикалық түрде салынған таңбалардың және сол таңбаларға қойылатын «хәрәкәттардың» оқылуына байланысты.

Жалпы көрініп тұрғандай бұл есім-сөздердің барлығы «қандай?» сұраққа жауап береді, демек Алланың қасиеттеріне қатысты берілген сипаттағы, «шартты» түрдегі есімдер, атаулар десек те болады. Алайда Алланың есімдері болып қабылданғандықтан, бұл сыни сипаттағы түсініктер заттық мәнге ие болып, сыртқы қалыбы сыни ретте сақталғанымен, ішкі семасы да, берер мәні де лингвистикалық тұрғыда өзгерген. Жоғарыда аталған түсініктердің бәрінің түпкі тегі «Алла» түсінігімен байланысты. Сондықтан жалпы танымда бар, тілдік қолданыста жүрген Құдай», «Жаратушы ие», «Алла Тағала», «Жаббар», «Тәңір», «Хақ Тағала» атауларының «Алла» сөзімен жарыса қолданылғанын қалыпты деп қабылдауымыз керек. Оған қоса, атаудың өз ерекшеліктеріне тоқталсақ, «Алла» – араб тіліндегі «иллих» الله сөзіне «аль» ال артиклінің қосылуымен жасалған. Арамей тілінде «алаха» деп оқылып, айтылады. Жалпы Ислам дініндегі мұсылмандардың танымына орай – бүкіл дүниені, бар нәрсені жаратушы Алла, сондықтан «қиямет күні Алла ғана өлгендерді тірілтіп, адамдарды іс-әрекетіне қарай жұмақ не тозаққа жібереді [4, 14-б.].

Өзге, христиан, будда, иудей діни бағыттарға қарағанда Исламның ерекшелігі сол – Алла тумаған, тұмақ емес, жалғыз Құдай, оның досы, туысы жоқ. Ислам дініндегі ережеге сүйенсек, мұсылман баласы Алладан жәрдем сұрап, тек соған бас июі керек, әрі оның шексіз мейіріміне еш шәк келтірмеуіне міндетті. Оған қоса жоғарыда келтірілген «Алланың 99 көркем есімінің» бәрі Ислам дінін ұстанушы адамдар имандай сенеді. Ал 2018 жылғы діни сөздер тарихы туралы еңбекте «Алла» «Аллаһ» нұсқалары қатар берілген. Түсініктемесінде «Алла» – «Құдай. 18 мың ғаламды, қиямет-қайымды жаратушы құдай, асқан құдірет иесі. ...бұл – абсолюттік мағынаға ие сөз» деп көрсетілген [1, 24-б.].

Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде, радио-теледидарда да, кейбір діни сауатты ғалым-зерттеушілер өз еңбектерінде де «Алла» сөзінің соңына «h» не «x» әрпін жазып та, дыбысын қосып та қолданып жүр. Араб тіліндегі жазылуында Алла сөзі – «h» әрпімен бірге жазылғанымен الله – الله , қазақ тіліне ол әріпсіз сіңісіп кеткен. Олай деп айтуымызға мынандай негіздер бар. Араб тілінің орфоэпиялық нормаларына сай кейбір дыбыстар таңбаланса да – оқылмайды, әрі керісінше, кейбір дыбыстардың таңбасы болмаса да – оқылады. Ол «хәрәкәт, тәждид, сукун» сияқты дауысты дыбыс, күшейтпелі дыбыс, кідірісті (*дауыссыз дыбысқа тоқтап қалу – М.Х.*) ерекшеліктерімен оқылатындары бар. Тағы бір айтар мәселе, қазіргі қазақ тілінің таңбалану графикасында «x» не «h» сияқты жалпы фоны бір түрлі, тек бірі жұмсақ, бірі қатты айтылатын дыбыстардың әріптік таңбалануы бар. Ал классикалық араб тілінде «хо, ха, хәм» – ح خ ه

сияқты үш түрлі таңбалану мен үш түрлі дыбысталу әрі соған байланысты үш түрлі оқылуы бар. Солардың қатарындағы ه («хәм» – мүмкіндігінше «ә» жұмсақ) дыбысы әлсін оқылады. Демек қазақ тілді қоғамда ол әлсін дыбыс естілер-естілмес айтылғандықтан, екіншіден, мүмкін акустикалық, артикуляциялық бірнеше ғасырға созылған ерекшеліктерге байланысты түсіп қалған деп санаймыз. Мұндай орфоэпиялық, фонологиялық өзгерістерге түскен қазақ тілінде жалғыз «Алла» сөзі емес. Одан өзге де мысалдар бар.

Т.Оспан қазіргі кезде әлеуметтік желілерде де, ауызекі сөйлеу стилінде де жиірек қолданылып жүрген «Алла» деген сөз бірлігіне байланысты өз ойын білдіре келіп, ойын араб тіліндегі акустикалық мысалдармен дыбыстық ерекшеліктермен талдап беріп, «... «АЛЛА» сөзін қолданғанда «АЛЛАХ» деп қолданбаңыздар. Бұл қазақ тіліне жасалған қиянат. Сосын Аллах деп қолдану Алла сөзінің араб тіліндегі түпнұсқасына сай келмейді» деп жазыпты [5].

Ал ф.ғ.к. Ж.Исаева «Алла мен Алаһтың жарысып қолданылып жүргенін» айта келі, оның тіл тәртібіне, әрі кімге, қай жерде айтылуында «коммуникативтік қағидатқа сай орынды қолдану керектігін» айтады [6]. Оған қоса «Аллахым» деп меншіктік иесі ретінде қосымша қосып қолданып жүргендері де бар. Бұған дейінгі ешбір қазақ фольорында, жырлары мен дастандарында, көркем әдебиетте бұл сөздің тәуелденуі аса қолданылмайтын. Оған қарағанда «Иә, Раббым, қолдай көр», «Алла жар болсын», «Құдай жарылқасын», «Құдай қолдасын», «Алладан медет сұрау», «Жаратушы иеге жалбарыну», «Құдайдың құлымын» деп санау, т.б. түсініктер анағұрлым жиі кездеседі [7]. Бұл түсініктер таза қазақ ұғымдар ретінде қабылдануда. Негізінде қазақ лингвомәдениетінде «Алла» сөзі «Құдай» мен «Жаратушы» сөздерімен қатар, бір деңгейде қолданылған, ал «Алла» сөзі қалған екеуінен жиірек не кем қолданылуы байқалмайды. Алайда бүгінгі қоғамда керісінше, «Құдай» мен «Жаратушы» («Хақ Тағала», «Тәңір» – Х.М.) сөздері көмескіленіп, орнын «Аллах/Аллаһ» сөзі басуда. Егер де «Аллах/Аллаһ» сөзі сіңісіп, «Құдай» мен «Жаратушы» сөздерін тілдік қолданыстан ығыстырар болса, демек ол санадан да өшеді, архаизм болып қалады. «Хақ Тағала» «Тәңір» сөздері де солай құрдымға кетуі ықтимал. Ал ол болса өз алдына «Құдайын

таныту», «Құдайын ұмыту», «қонағын құдайдай күту», «Құдайдан медет сұрау», «Құдайдың құлы болуы», «әркімнің өз Құдайы бар», «Тәңір жарылқасын», «Тәңірі тілеуінді берсін», «хақ сөз», «Жаббар ием қолдасын», «Жаратушы жар болсын», «Жаратқан ием жар болсын» т.б. деген тұрақты тіркестер мен мәтел, қанатты сөздер де мәнін жоғалтып, қолданыстан шығуы қаупін тудырмақ. Бұл болса, өз алдына, таным аясын тарылтып, тілдік бірліктердің азаюына әкелері сөзсіз. Сондықтан қазақи таным өшпесе, «Құдай» сөзі «Алла» бірлігімен қатар қолданыста бола бермек.

Енді А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы құрастырған 15 томдық сөздікте бұл сөзбен тіркескен бірнеше ондаған түсініктер бар. Біз оларды былай топтастыруға болады деп санаймыз:

1. Бата-тілек мәніндегі тіркестер;
2. Басу айту, көңіл айту мәніндегі тіркестер;
3. Өз шешімін айту мәндес тіркестер;
4. Әрекеттің не құбылыстың атауы мәніндегі тіркестер;
5. Әрекет ету, сұрау мәніндегі тіркестер.

| | |
|---|---|
| . | Алла бағын ашсын, Алланың нұры жаусын, Алла жар болсын, Алла берсін, Алла разы болсын, Алла қабыл етсін, Алла қуат берсін |
| . | Алла бетін әрі қылсын, Алла ақырын берсін, Аллаңа сыйын, Алла бетінен жарылқасын |
| . | Аллаға аманат ету, Алла біледі, Аллаға шүкір айту, Алла деп, Алласы аузында, Алла сақтады, Аузында Алласы бар |
| . | Алланың жазғаны, Алланыі әмірі, Алланың қалауы, Раббым Алла, Алланың сүйген құлы, Атта Тағаланың дидары |
| . | Аллаға жалбарынады, Аллаға сыйынады, Алладан медет сұрайды, Алласын аузынан тастамайды. |

Өткен ғасырдың 90-жылдары белең алып, түрлі дыбыстық нұсқаулықтарда қолданылып келген «Алла тағала/Тағала», «Алла», «Аллаһ» сөздеріне байланысты 2005 жылы ҚР Мұфтияты «Алла Тағала», «Хақ Тағала», «Құдай Тағала» тіркестерінің біресе кіші, біресе бас әріптер арқылы жазылып жүргенін айта келе ҚМДБ (Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы) жанындағы Ғұламалар Кеңесі мына шешімді жариялаған: Енді «Алла» сөзін «h» әрпінсіз және «Тағала» сөзін тек бас әріппен қолданылатын болады [8]. Демек, келесі тұста «Алла Тағала» түсінігін дұрыс қолданған жөн. Мұсылмандар діни бірлестігі солай шешсе, демек, көзі ашық, сауаты бар, әсіресе, тілші, журналистер қауымы мен ел алдында жүрген азаматтар осы пәтуаға мойынұсынуы шарт. Тәртіп, ереже, заңға бағынбаған қоғамда хаос орнайтыны айқын. Пәтуа шықса да, түрлі тілдік қолданыста жүрген сөз ел санасына сіңуін тоқтатпай отыр. Ал ол жалғасын тауып, өркендей берсе, ұлттық таным түсініктерінің орнын басатын күн де алыс емес.

Сонымен, ойымызды жинақтасақ, қазіргі қазақ тіліне енген, әлі де еніп жатқан, түрлі өзгерістерге түсе отырып, фонологиялық инвариант тізбегін құрап жүрген Исламға қатысты діни сөз бірліктері бар. Оларды бірізге түсіру үшін діни лексикаға қатысты толық түсіндірмелі сөздікті қолға алып, шығару қажеттілігі бар

деп санаймыз. Әрі діни терминдердің қатарындағы Алланың 99 атауына байланысты түсініктер қазақи акустикалық ережелерге сай оқылуы керек, себебі тілдің өзіндік ерекшеліктері қаншалықты кірме сөз болса да сақталып отырса, тіл байлығын сақтауға мүмкіндік мол болады. Үшіншіден, Алла сөзін инварианттарымен қатар емес, пәтуаға сай түрін қолдануымыз қажет. Сонда ғана діни лексиканың тіл жүйесіндегі орны анықталмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Р.С.Мухитдинов, Қазақ тіліндегі ислам діни сөздерінің қолданылу тарихы: Монография. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 260 б., «Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 7-томы.

2. «Муслим», «мумин» сөздерінің анықтамасы// <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D1%83%D1%81%D0%BB%D0%B8%D0%BC> ;

3. Исламдық терминдер сөздігі / Құраст.: М.Исахан, М.Муслимов, С.Көкенай, Б.Сыддықов. Жалпы редакциясын басқарған А.Әбдрісәлқызы. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б. <https://stom.tilimen.org/azastan-respublikasi-medeniet-jene-sport-ministriligi-din-ister-v3.html>

4. Сөз туралы сөз// Слово о слове : заметки об араб.-иран. заимствованиях в каз. яз. / Л. З. Рүстемов. - Алма-Ата: Рауан, 1991.

5. Оспан Т. АЛЛА МА, АЛЛАХ ПА? // <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/bes-paryz/iman/alla-ma-allah-pa-8007/>

6. Исаева Ж. Дұрысы қайсысы: Аллаһ па, Алла ма?// Ана тілі газеті, 5 қыркүйек, 2013 жыл.

7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: ҚазАқпарат, 2007. - 356 б.

8. ҚМДБ шешімі: «Алла» және «Тағала» сөзі туралы// <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/bes-paryz/iman/alla-jane-tagala-sozi-turaly-6164/>

СЛІЛ КІРІКТІРІЛГЕН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Анешова Ф.Е.,
«№13 орта мектебі» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Қазақстан, Ақтөбе қаласы*

Аннотация

Для повышения социального характера языка в школах применяются новые методики. Автор статьи освещает проблемы интегрированной программы, включающей в себя концепцию 4К, перевод на язык, оказание поддержки учащимся, определение языковых и предметных целей.

Annotation

New methods are used in schools to enhance the social character of the language. The author of the article highlights the problems of an integrated program that includes the concept of 4K, translation into language, support for students, definition of language and subject goals.

Жаһандану жағдайында мемлекеттік тілді және шет тілін меңгеру арқылы дүниежүзілік экономика кеңістігін, білім, ақпарат көздерін игеру мүмкіндігі артатыны анық. Елімізде үштілділікті енгізу аясында тілдік дағдыларды дамыту, қарым-қатынас арқылы оқушыны ортаға бейімдеу бойынша оң ізденістер байқалуда.

Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді. еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Әлеуметтік-мәдени шынайылықтың бейнесі, ұлттық және әмбебап мәдениеттің құбылысы ретінде тілді үйрену әлемнің өзге бейнесін қалыптастырады, сондай-ақ біздің қоғамымызда және басқа да қоғамда үйлесімді қарым-қатынас жасауға, мәдениеттің тарихи, саяси және діни айырмашылықтарына байланысты туындаған түсініспеушіліктер мен қақтығыстардан сақтандыруға және олардың алдын алуға мүмкіндік туады. Осылайша, тіл халықаралық және мәдениетаралық өзара түсіністіктің тиімді негізі болып келеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламаларына негізделген оқу-тәрбие үрдісі Назарбаев зияткерлік мектептерінде тәжірибеден өткізіліп, оң жетістіктер әкелген бағдарламаларға негізделеді. Соның бірі - CLIL кіріктірілген оқыту бағдарламасы.

CLIL кіріктірілген оқыту бағдарламасы — оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Осы орайда Зияткерлік мектептері білім берудің жаңа бағдарламасын басшылыққа алып отыр.

Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Аталмыш білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

Кіріктірілген бағдарлама төмендегі құндылықтарға негізделеді:

- құрмет;
- әріптестік;
- азаматтық жауапкершілік қалыптастыру;
- ашықтық;
- өмір бойы білім алу.

Белгіленген құндылықтар аясындағы Зияткерлік мектептердің мақсаты – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL), т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі.

Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының әр түрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;
 - сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
 - жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
 - оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоядан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
 - білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
 - сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
 - оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;
 - сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
 - оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
 - олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.
- Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:
- Оқушыларға алған білімдерін оқудағы және өмірдегі мәселелерді шешуде пайдалануды үйретуге бағдарлау;
 - Тілдерді деңгейлік үйретуді ұйымдастыру;
 - Пәндерді кіріктіру;
 - Жана пәндерді енгізу;

- Тереңдетіп және стандартты оқуға арналған пәндерді жоғары мектепте таңдау құқығы;
- Жоғары оқу орындарына түсуге мақсатты түрде дайындалу;
- Сын тұрғысынан ойлау;
- Білімдерді шығармашылықпен пайдалана білу;
- ерттеушілік дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Кіріктірілген бағдарлама негізінде шетел тілін үйрену және оқу орта және жоғары буында тілдің негізгі және аралық деңгейлерін қамтиды және оқушылардың сөйлеу қабілетін әр түрлі және лингвистикалық байланыс нысандарда жүзеге асыруға дайындығын алдын ала қарастырады.

Олай болса, кіріктірілген білім бағдарламасы, ондағы оқушыларды критериялды бағалау - заман талабына сай шәкірт білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін бақылау жүйесі.

Қорыта келе, көптілділікті жеке тұлға қылаптастырудың негізі ретінде қарастырып, зияткер тұлға қалыптастыруды заманауи халықаралық деңгейде білім беру кеңістігіне шығатын дара жолдың зерттеу нысаны есебінде санау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Астана.2010.
2. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: М., 2006.
3. <http://wordle.net>
4. <http://puzzlemaker.com>

ЛАТЫН ӘЛПБИИНЕ КӨШУДІҢ АНА ТІЛІМІЗДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ

*Есжанова Э.К.,
«№13 орта мектебі» КММ
шетел тілі пәні мұғалімі,
Қазақстан, Ақтөбе қаласы*

Аннотация

Развитие нашего государственного языка - наша главная цель, и с этой точки зрения мы считаем, что перевод нашей письменности на латинские буквы внесет значительный вклад в развитие и расширение использования государственного языка.

Annotation

The development of our state language is our main goal, and from this point of view, we believe that the translation of our written language into Latin letters will make a significant contribution to the development and expansion of the use of the state language.

Ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлы XX ғасыр басында «асыл тіл, түзу емле қазақта» десе, бүгін біз XXI ғасыр басында, тәуелсіз қазаққа ұлттың басты рухани қазынасы ана тіліміздің, асыл тіліміздің тынысын ашатын ұлттық жазу, түзу емле қажет дегіміз келеді. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты.

Қазіргі Қазақстанның дамып, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласы терең мазмұнға ие тағы бір құнды еңбек екені сөзсіз. Кемел келешекке бағдар болған ауқымды құжатта ұлттық идеологияның, рухани жаңғырудың маңызды тетіктері қарастырылған. Мемлекетіміздің одан әрі дамып, көркейіп, гүлденуі үшін қолға алынған маңызды бастамалардың бірі – латын әліпбиіне көшу. Қашанда кеменгерлігімен ерекшелене білген Елбасы: “2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз”, – деп мәлімдеді. Бұл – заман талабына сай айтылған орынды ой. “Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ” деген дана сөзді бүгінгі таңда “Латынсыз білім жоқ, білімсіз түгім жоқ” деген мақалмен ауыстыруға болады. Себебі, бар ақпарат, ғылыми жаңалықтар ағылшын тілінде, латын қарпімен жарық көруде.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байланыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады.

Латын әліпбиін қолдану арқылы болашағымыз жарқын болады деген сенімдеміз. Әрине, төте жазу немесе кириллицамен жазылған мол мұрамыз бар екені рас, олар жаңа қаріпке көшірілетіні анық. Латын әліпбиі – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге зор ықпал етеді. Сонымен бірге шетелде жүрген жастарымыздың осы жазу арқылы өз тілін басқа да ұлт өкілдеріне түсіндіру жағдайлары қиын болмасы анық. Басқа мемлекеттерде тұратын қандас бауырларымыз да латын әліпбиіне көшсек, еліне бір табан жақындай түспек. Осы орайда өзіме етене таныс жағдайға тоқталып кеткім келеді. Бүгінде мемлекеттік бағдарлама бойынша Қытай, Өзбекстан және Моңғолия елдерінен жастар білім қуып, атамекеніне оралып жатыр. Бұл қуантарлық жағдай. Бірақ

олар қазақ тілінде сөйлегенімен, кириллицаға шорқақ. Алғашқы бір жылын жазу үйренумен өткізеді. Бұл уақыт жағынан ұтылуымызға алып келеді. Латын әліпбиіне көшкен жағдайда дүниеге кең қанатын жайған ағылшын тілін меңгеру де оңайға соғады. “Үштілділік” саясатына сәйкес ағылшын тілін білу – заман талабы.

Латын әліпбиіне көшу ХХІ ғасырдың жалынды жастары үшін ешқандай қиындық тудырмайды деп сенімді айтуға болады. Мағжан сенген жастар бұл үрдісті оңай қабылдай алады. «Жастар-еліміздің болашағы» деп Елбасымыз айтқандай біздің қазіргі жастар қай салада болмасын өздерін белсенді көрсете біледі. Сол себепті жастар Елбасының ұсынысын қолдайды және оның жүзеге асырылуына бар күштерін жұмсайды. Өйткені латын әліпбиіне көшу Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру жолындағы тағы да бір айқын қадамдарының бірі болмақ. Әлемнің өркениетті елдер қатарынан қалмау үшін латын әліпбиінің атқаратын міндеті көп.

Ұлттық жаңғыру бағытында атқарылатын шаралардың бірі ретінде Елбасының қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі туралы айтқан ойлары жұртшылықтың, әсіресе, тіл мамандарының ерекше қолдауына ие болып отыр. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын қарпіне көшіру мәселесі туралы еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап ғылыми ортада сөз қозғала бастаған еді.

Қазақ жазуының тарихына көз жіберсек, А.Байтұрсынұлы ұсынған алғашқы қазақ әліпбиі тілдегі фонема санынан әріп саны екі есе аз фонематикалық жазу болды. Бұл біздің тіліміздегі сингармонизм заңымен байланысты еді. Үндесім заңдылығына А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпби неізделген болатын.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деп, нақты тапсырма берген болатын. Латын әліпбиі туралы алғаш сөз қозғалғаннан бері ғылыми ортада латын әліпбиінің мүмкіндіктері мен оны қазақ әліпбиіне көшіру мәселесі жөнінде түрлі дәрежедегі талқылаулар болып, көптеген ғылыми зерттеу мақалалар да, түрлі авторлардың құрастырған әліпбилері де жарияланды.

«Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты - бұл қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазіргі орфографиямызды жетілдіру, сөзіміздің қазақ тілінің табиғи үндесіміне сай жазылуын қамтамасыз ету болып табылады. Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толыға түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс табады. Егер осы сөздер өз ана тілінде, немесе ана тілдің заңдылығына бейімделіп қолданылмаса, онда кез-келген тілдің сөздік қоры жұтаң тартып, ол тілдің табиғи заңдылықтары бұзыла бастайды.

Осы жұмыстар арқылы тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Латын әліпбиіне көшуге қатысты мәселеге біздің ұжымымыз да өз

үлесін қосуда. Республикалық латынша диктант жазуға белсенділік пен қызығушылықтарын танытты.

Мемлекеттік тілімізді дамыту басты мақсатымыз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр.

Мұндай игі шаралар нәтижесінде тілдің өзіндік заңдылықтары ескеріліп, жетілдіріледі деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992.–192 б.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. –Алматы: сөздік, 2005.
3. Байтұрсынов А. Тіл танылымы. –Алматы: ана тілі, 1992.
4. Егемен Қазақстан. 12 сәуір. 2017 ж.
5. Күдеринова Қ. «Қазақ жазуының теориялық негіздері». –Алматы, 2010,
6. Әбілқасымов Б., Мәжітаев Ш. ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі. –Астана: Елорда. -2000, 189 б.
7. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы. Ф.ғ.д.д.р. алу жаз. дисс. Алматы, 2008. -318.

ЛАТЫН ӘЛПБИІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ

*Жумагулова Ш. А.,
№83 мектеп-гимназиясы,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы*

Аннотация

В современном мире латиница ассоциируется с новыми технологиями и прогрессом. Переход на латинский алфавит важен. Он поможет не отстать от времени и успешно интегрироваться в мировое пространство, сохраняя при этом свое лицо. Цивилизованный мир давно пользуется латинской графикой. Латиница используется в более 100 странах мира. Турция с 1929 года, Азербайджан с 1992 года, Узбекистан и Туркменистан с 1993 года перешли на латиницу. Можно будет писать на казахском языке на любом гаджете, находясь в любой точке мира. Тенденции и масштабы глобализации и формирования нового информационного общества диктуют условия перехода на латиницу. Перейдя на новую графику мы создаем возможность возвращения Казахстана в социокультурную среду тюркоязычных народов, что сближает наши народы и укрепляет взаимопонимание между странами.

Главная цель перехода казахского языка на латиницу - интенсификация процесса национального строительства в Казахстане. Латинизация казахского языка - это первый шаг в процессе построения нового модернизированного Казахстана.

Annotation

As you know, the improvement of the Kazakh language is changing in accordance with the requirements of the time. If we turn to history, the Kazakh people, like other Turkic peoples, used the Arabic script for 4-5 centuries. Since the second half of the XIX century, intellectuals, including enlighteners such as Ybyrai Altynsarin, have put on the agenda the adoption of a new alphabet or improvement of this alphabet, which can fully transmit its sound system for the formation of the Kazakh National written literary language.

President of the Republic of Kazakhstan-Elbasy Nursultan Abishevich Nazarbayev signed a decree on the transition of the Kazakh alphabet from Cyrillic to Latin. It was one of the most important decisions in our country. Rýhanı jańgyrý is the revival of our own literature, culture, and the awakening of national consciousness. The transition to the Latin alphabet, which has become the language of all advanced technologies, is a great spiritual phenomenon for our country, for our art and culture. In his article "looking to the future: modernization of public consciousness", the head of state identified this issue as one of the main tasks in the coming years. If we want the Kazakh language to rise to the international level, the introduction of the Latin alphabet is of great importance.

«Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық»

Ахмет Байтұрсынов

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Жазу – ортақ мәдениеттер жалғасы, яғни руханияттың ажырамас бөлігі. Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келеді. «Латын әрпіне көшу–қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік»-деген Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзін бәрімізде санамызбен түсініп, оның шынында да, қазіргі қоғамға тигізер ықпалы туралы ойлануымыз қажет. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақтың тіл білімі мамандары мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы бірталай пікірталастар туындай бастады. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз керек. Сонымен бірге, жаңа әліпби бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор. «Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру қажет пе, қажет емес пе?»-деген мәселенің мәні шешілер сәті туды. Адам қателесуі мүмкін, қоғам да қателесуі мүмкін, тіпті заман да

қателесуі мүмкін. Ал уақыт, қателеспейді. Уақыттан өткен данышпан болмайды. Уақыт өз сөзін айтып үлгерді. Латын жазуы уақыттың сан ғасырлық сынынан өтіп болды.

Латын әліпбиін пайдалану мемлекеттіліктің іс жүзінде барлық бағыттарын қозғайтын маңызды қажеттілігі болып табылады.

Бұл мақалада осы процестің негізгі мәселелері қарастырылады. Латын қарпіне өту – басқа тілді, басқа ғылымды не мамандықты меңгеру емес. Қазақ тілі – қазақ тілі болып қала береді. Тек соны таңбалау тәртібі өзгереді. Ғалымдар латын әліпбиіне өтуде экстралингвистикалық және лингвистикалық шарттар үйлесімін қарастыруда. Талқылаулар мен жобалар, бас қосулар мен жиындар да аз болған жоқ. Талғау мен таңдау кезінен өттік десек те болады. Еліміз үшін ең тиімді жобалар таңдалынған шақта мұғалімдерге артылар жауапкершіліктің жоғары екендігін де түсінеміз. Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүние қалпындағы ұрпақтан - ұрпаққа мирас болар байлығымыз. Сондықтан қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру әлемдік талаптарға сай болуы керек. Адамның күллі іс-әрекеті жазумен байланысты. Жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасайды, яғни, хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, интернет, компьютер, планшет, ноутбук, мобилді телефон, смартфондар, тағы басқалар арқылы хабарласулар-бәрі де жазу арқылы жүзеге аспақ. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны белгілі. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, сандаған терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер, тағы басқалары латын әліпбиімен байланысты. Бүгінгі жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Қазіргі қазақ орфографиясындағы кейбір қиындықтарға қарап, «біздің жазуымыз осыншама сын көтермегені ме?» деп те ойлауға болмайды. Осы жазуымыз аға ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтерді, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді.

Қазақ жазуының қалыптасуы күрделі және көп қырлы процесс болып саналады. Тарихи және саяси оқиғалар тілдік ортаға және олардың жазбаша ойлар жолдарын қалыптастыруына үлкен әсер етті. Ғасырлар бойы графиканы өзгертудің бір маңызды себебі қазақ дыбыстық ауқымының кейбір элементтерінің айтуы ерекшелігі болғандықтан белгілі бір алфавитті таңдауды қиындатты. Қазақ тілінің жетілуі заман талабына сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім.

Қазақ жазуы – қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әр түрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне

түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылып отыр. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген географиялық орындарын көрсетеді. VIII-IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі – араб жазуын ала келді. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. Яғни, осы тұсқа дейін жазылған еңбектер араб жазуы негізінде хатқа түсті. Оны Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалар қолданды. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы осындай кезеңдерді қамтыды. Сөйтіп, 1940 жылдан бастап қазіргі қолданыстағы кирилицаға негізделген әліпби қолданылуда.

Әліпби – адамды сауаттандырудың, сөйлеу тілін дамытудың алғашқы құралы екендігі баршамызға мәлім. Әрбір мемлекет өз елінің ерекшелігіне сай жазудың ең қолайлы әрі тиімді тілдік әліппесін таңдайтыны анық. Сондай әліппенің бірі – латын әліпбиі. Латын әліпбиі біздің заманымыздың бірінші ғасырында қалыптасып, орта ғасырда Еуропаға, Африкаға, Америкаға және Азияға тараған.

Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыңқы және қысқа айтылуына байланысты, мысалы: *Liber*-тәуелсіз, *Liber* – кітап сөздердің мағыналары өзгереді. Түркияның ғалымы Әбдіуақап Қара өзінің «Латын әліпби қазақ тілін еркіндікке шығарады» атты мақаласында Түркия халқы латынға 1928 жылы өткенімен онда бар-жоғы 29 әріп бар. Олардан бірқатар дауыстылар ескерілмегенін бүгінгі ғалымдар айтып отыр. Негізі түркі тілдерін 34 таңбамен белгілеуге болады. Бүгін түрік латын әліпбиінде 5 әріп кем болып отырғанын айтады. Тіл ғалымдары, солардың ішінде ең ұтымды алфавиттің Қазақстан қолданған кирилл әліпбиі екенін айтуда. Мәселен, түрік ғалымы Хатиже Ширин Ұсер қазақ-кирилл әліпбиі өзге түркі-кирилл алфавитіне қарағанда, таңбаның графикалық және фонетикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты болуы және бір дыбысқа бірден көп таңба берудің болмауына байланысты мұқият дайындалғанын айтады. Бұл тұрғыда қазақ-кирилл әліпбиін дайындаған тіл ғалымы С.А. Аманжоловтың рөлінің зор екендігін атап өтеді. Бүгінгі күнге дейін тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі-филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды–деп

айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу-ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Латын жазуы уақыттың сан ғасырлық сындарынан өтті.

Қазіргі кезде мемлекетіміз латын әліпбиіне көшуге қызу дайындық үстінде.

Араб, латын немесе славян графиктерін пайдалана жүріп және пайдалану үшін қазақ халқының ғалымдары, әйгілі тұлғалары мен қайраткерлерінің арасынағы талай уақыт бойы келіспеушілік пен пікірталас сүйемелдеуіне пайда болды. Уақыт талаптарына байланысты, сондай-ақ ағылшын тілінде бірқатар пәндерді оқыту, жас ұрпақ үшін көп тілді ортаны дамытуға байланысты латын алфавитін таңдау туралы жалпы шешім қабылданды.

Латын әрпіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы жөнінде: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», – деген болатын. Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Себебі латын қарпі – ғылым мен техниканың, интернет пен IT-технологиялардың тілі. Латын әліпбиі рухани болмысымызды байытып, қоғамдық ой-санамызды жаңғыртады. Әліпби қазақстандықтар үшін ғана емес, сонымен қатар төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызға да ортақ әліпби болмақ. Латын әліпбиі – түркі әлемімен ықпалдасудың төте жолы. Өз ерекшеліктерімізді сақтай отырып әліпбиді өзгерту тіліміздің халықаралық аренаға шығуына және ғылыми-техникалық прогрестің заманауи жетістіктеріне жол ашады, әлемдік мәдени тұтастықты нығайтып, коммуникациялық үдерістерге одан әрі интеграциялануға мүмкіндік туғызады. Ақпарат алу мүмкіндіктері кеңейіп, шет тілдерден енген сөздер ұлттық ерекшеліктерімізге қарай икемделетінін, көп ұлтты халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеп, бүкіл түркі әлемін біріктіруге күш салатынын да атап айту керек.

Менің пікірімше, тұтастай алғанда, латын әліпбиіне көшуіміз – дұрыс таңдау. Жастар жағы латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез меңгеріп алуда. Мектепте ағылшын тілі оқытылатындықтан, олар латын әліпбиін тез қабылдайтыны сөзсіз. Ынтасы бар адамға бұл әріпті үйренудің еш қиындығы

жоқ, соның ішінде жоғары білімді немесе шет тілін білетін адамдарға. Жаңа латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы, әлемдік жаңа технологияларға бейімделген, қазақ тілінің, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан басқа да сан ұлттың тілдік жағдайларын қамтиды. Қазіргі кезде көп адамдар әлеуметтік желілерде отырады. Сонда отырып–ақ, өзара латынша жазуды үйрене берсе де болады. Латын әліпбиіне көшуі – ол, өз әліпбиімізге оралу, нақтырақ айтқанда түрік әлеміне, тіліне оралу деп түсінемін.

Әдебиеттер тізімі

1. «Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздік» // https://massaget.kz/mangilik_el/48132/masseget.kz // 21.02.2016 жыл
2. «Латын әліпбиіне көшу қаншалықты маңызды?» Лингвистердің пікірлері «Егемен Қазақстан» газеті, 10 тамыз 2016 жыл. // <https://www.oinet.kz/news/onir/i6267>
3. Ғарифолла Есім. «Латынға өткенде қазақша әуезді жоғалтып алмау керек» // «Қазақ әдебиеті» газеті // <https://kaz.caravan.kz/news/latyng...gharifolla-esim-197387/>
4. «Латын әліпбиінің жаңа үлгісі таныстырылды» // «Егемен Қазақстан» порталы, 11.09.2017 жыл. // <https://egemen.kz/article/158164-latyn-alipbiininh-ulgisi-tanystyryldy>
5. «Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы» // Орталық Қазақстан. – 18 сентябрь 2017. // <http://ortalyq.kz/2017/09/18/>
6. «Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы қанша?» // «Семей айнасы», 13.05.2017 жыл // <https://aikyn.kz/2017/05/13/13222.html>.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДЕДЕГІ ТІЛ МАМАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

*Куштаев А.Т.,
«№13 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан, Ақтөбе қаласы*

Аннотация

В статье рассматривается вклад лингвистов в переход к латинскому алфавиту. Автор статьи поднимает вопросы письма на основе латинской графики.

Annotation

The article examines the contribution of linguists to the transition to the Latin alphabet. The author of the article raises questions of writing based on Latin script.

Қоғамымызда латын графикасына көшу бағытында келелі кеңестер мен тұжырымды ұсыныстар айтылғалы бірнеше жыл болды. Қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу

елдік, мемлекеттік деңгейдегі өзектілігі жоғары мәселеге айналды. Қазақ жазуының тарихында жаңа бір белес тұр.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле бастады. Кез-келген әліпбидің міндеті графикалық (әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазуға оңтайлы болуы), лингвистикалық (тілді дәл жеткізуі), техникалық (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) талаптарға сай болуы керек. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған кемшін тұстары да жөнделері сөзсіз.

Латын әліпбиінің жаңа нұсқасы – ғалымдар мен зерттеушілердің бірнеше жылдық ізденісінің жарқын нәтижесі.

Латын әліпбиі – Ұлы дала елін әлемдік өркениетпен ұштастыратын алтын көпір. Латын әліпбиіне қайта оралу заман талабынан туындап отырған қажеттілік болып отыр.

Тілші ғалымдарымыз мен тарихшыларымыз, еліне жанашыр зерттеушілеріміз қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге себеп болатын төмендегідей бірнеше факторларды айқындап берді:

- мәдени-әлеуметтік фактор тіліміздің жазу тәжірибесінде бұрын-соңды кеткен кемшіліктерді жаңа әліпбиде қайталамауды көздейді, өйткені осы фактор тілді қолданушылардың жазу-сызу мәдениетін көтеруге, адамзат тарихындағы ерекше феномен, құндылық ретіндегі ұлттық тілдің құндылығы мен бейнесін сақтап қалуға зор ықпалын тигізеді.

- лингвистикалық фактор әлемдік лингвистиканың әліпби теориясында негізделген «әріп саны дыбыс санынан алшақ кетпейтін әліпби идеалды нұсқа» деген талапқа мүлде сәйкес келмейтін, басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген алфавитке өзгеріс енгізу арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілеп, оның өзіндік табиғатын бейнелеуді, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыратын жазуымызды жасақтауды мақсат етеді;

- экономикалық фактор әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыруға бағытталады, алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелес бола алу үшін дүниежүзі бойынша кеңінен қолданылып, сапаның бір көрсеткішіне айналған графикаға көшу арқылы көштен қалмауды міндет етеді;

- саяси фактор егемен мемлекеттің рәмізінің бірі болып саналатын ұлттық жазу әліпбиін қалыптастыруды мақсат етеді;

- психологиялық фактор кез келген мәселеде бауырлас аға елдің құзырына жүгінуден бұзылған өзіндік сөйлеу, дыбыстау, жазу дәстүрін қалыптастыру үшін осы үрдіспен тығыз байланысып қалған «кирил жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген қағидадан арылу;

- тарихи фактор түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану, ХХ ғасырдың басындағы латын графикасына негізделген жазу дәстүріне қайта оралу;

- педагогикалық фактор мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндердің жазу мен оқу сауаттылығын арттыру жұмыстарын жеңілдету;

- ақпараттық фактор қазіргі заманғы жаңа компьютерлік технологиялар талаптары үдесіне сай келетін әліпбиге көшу.

Ендігі кезекте, сол ғалымдарымыздың жан-жақты еңбегі сараланып, түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілетінін түрлі ақпарат көздерінен оқып-біліп танысып жатырмыз. Мектеп мұғалімі ретінде «Латын әліпбиі – заман талабы» деген Елбасы сөзін басшылыққа ала отырып, әлем кеңістігіне еркін саяхаттау мүмкіндігіміздің артатындығына көзіміз жетеді. Әліпби ауыстыру, бұл – ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады.

Тіл мамандары жаңа әліпбидің қыр-сырын алдымен өзіміз терең меңгеріп, алдымыздағы шәкіртке, ұжымыздағы басқа да әріптестерімізге, ата-аналарға жылдам игеруіне өз қолдауымызды ұсынамыз деп ойлаймыз. Бұл да оңай жұмыс емес, біраз уақыт алады. Бұны дайындық кезеңі деп ұққанымыз дұрыс болар. Осынау орасан жұмысты жүргізетін, үйлестіретін, әдістемелік басқаруды қолына алатын белсенділер қатарынан ұстаздар қауымы да өз орнын алары сөзсіз. Алдағы уақытта өзім қызмет ететін білім ордасындағы мұғалімдерге, оқушыларға түсінік жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Елбасымыздың бастаған игі ісін жалғастырып, болып жатырған оң өзгерістерге қорқынышпен қарап отырған халықтың санасына кішкентай да болса үміт сыйлап, заман көшіне ілесіп жүруге аз да болса септігімді тигізсем деймін.

Өйткені, әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері қолданатын латын әліпбиін, өркениеттің жазуы, өмірдің талабы болып отырған латын әріптерінің артықшылығын ескеруде ұстаздар қауымы көшбасшы бола алады. Қорыта айтқанда, кез-келген әліпбидің міндеті графикалық (әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазуға оңтайлы болуы), лингвистикалық (тілді дәл жеткізуі), техникалық (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) талаптарға сай болуы керек. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Латын әліпбиін қабылдау бізге ұлттық құндылықтарды, рухани байлығымызды, рухани мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді сақтап ары қарай дамытуға себепші болады. Біз өз тарапымыздан латын әліпбиінің артықшылықтарын халыққа кеңінен таныстыра отырып, бүгінде ішкі саясатымыздағы басты жетістігіміз азаматтық қағидаларға негізделген қазақстандық бірегейлікті нығайтудың және дамытудың жолдарын көрсете аламыз. Ұлттық мұрат негізінде қоғамды ұйыстырып, әлеуметтік бірлікті нығайту кез келген көп ұлттық мемлекеттің қоғамдық өмірінің күрделі жақтарының бірі болып табылады.

Менің пікірімше, ынтасы бар адамға латын әліпбиді үйренудің еш қиындығы жоқ, соның ішінде жоғары білімді немесе шет тілін білетін адамдарға. Алысқа бармай-ақ қоялық, қазір көп адамдар әлеуметтік желілерде отырады. Сонда отырып-ақ, өзара латынша жазуды үйрене берсе де болады. Латын әліпбиіне көшу – ол өз әліпбиімізге оралу. Ең бастысы - жасалып жатырған өзгерістерге қолдау көрсетіп, оң көзқарас қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л, 1951.-451

с.

2. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992.–192 б.

3. «Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы»
<https://articlekz.com/kk/article/23175>

4. «Жаңа емле» оқу – әдістемелік құрал

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЖАЗУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мусина Г.С.,
Нұр-Сұлтан қаласындағы №83
мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қазақстан.*

Аннотация

Алфавит и письменность имеют большое значение в человеческой культуре как духовное богатство, которое передается из поколения в поколение. Мы понимаем, что перевод казахского алфавита и письменности на латинскую графику-это модернизация казахского языка, приведение государственного языка в соответствие с мировыми стандартами.

В настоящее время в стране реализуются важные меры по переводу алфавита казахского языка на латинскую графику. Первые шаги, начатые с объяснения преимуществ латинского алфавита, в настоящее время рассматриваются в связи с такими проблемами, как принятие нового алфавита на латинской основе, подготовка орфографии.

Латинские буквы - это письмо, отвечающее мировым требованиям, латинский алфавит-это письменность цивилизации, которую мы считаем одной из главных потребностей самой жизни. Поэтому, если мы примем новый алфавит и исправим свое письмо, то у нашего языка будет светлое будущее.

Annotation

The alphabet and writing are of great importance in human culture as a spiritual wealth that is passed down from generation to generation. We understand that the translation of the Kazakh alphabet and writing into Latin graphics is the modernization of the Kazakh language, bringing the state language into line with international standards.

Currently, important measures are being implemented in the country to translate the alphabet of the Kazakh language into Latin graphics. The first steps started with explaining the advantages of the Latin alphabet are currently being considered in connection with such problems as the adoption of a new alphabet based on Latin, the preparation of spelling.

Latin letters are a letter that meets world requirements, the Latin alphabet is the writing of civilization, which we consider to be one of the main needs of life itself.

Therefore, if we adopt a new alphabet and correct our writing, then our language will have a bright future.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байлданыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Сондай-ақ Елбасының мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы сарабал саясаты, оның шетелге барған сапарында БҰҰ мәжілісінде қазақ тілінде сөйлеуі қазір мемлекеттік қызметтегі адамдарға ерекше ықпал етті деп айта аламыз. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Қазіргі Қазақстанның дамып, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты.

Адамзат мәдениетінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын рухани байлығымыз ретінде әліпби мен жазудың маңызы зор. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру-бұл қазақ тілін жаңғырту, мемлекеттік тілді әлемдік стандартқа сай келтіру деп түсінеміз. Сондықтан мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», - деп латын әліпбиіне көшуге кірісуді міндет етіп қойып, «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп, латынға көшудің маңыздылығына көңіл аударған болатын[1.2]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді баяндамасы халықтың ықыласына ие болып, бірден қолдау тапты. Бұл мақала мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игілікті іс, тарихи маңызды құжат деп білеміз. Қазір латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Әліпби мен жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, профессор Ерден Қажыбек: «Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақтылап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде басы артық кірме сөздерден арыламыз. Латын

әліпбиіне көшуді сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлау, оның қолданыс аясын одан ары кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге жасалған мүмкіндік деп түсіну керек», - деген еді [2].

Қазіргі таңда елімізде қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшіру бағытында маңызды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Латын әліпбиінің артықшылықтарын түсіндіруден басталған алғашқы қадамдар қазіргі кезде латын негізді жаңа әліпбиді қабылдау, жазу емлесін дайындау сияқты толып жатқан мәселелермен байланысты қарастырылып жатыр. Латын негізді жаңа әліпбидің оқу-білім саласынан бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласына енуі үшін кезең-кезеңмен атқарылатын шаралар да жоспарланып жатыр. Сондықтан қазір қазақ тілінің әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру бағытындағы атқарып жатқан барлық іс-шараларға еліміз болып назар аударып отырсақ, соның ішінде тіл мамандары ерекше белсенділік танытып келеді. Әліпби жасауға қойылған талап - классикалық латын әліпбиіндегі 26 әріптен ауытқымау. Бұл дұрыс талап, себебі тілдің дыбысталу, сөйлеу жағына ғана қарап қоймай, оның жазу жағынан да оңтайлы болуын қамтамасыз ету керек. Әліпби жасаудың қиыншылықтары да осында жатыр. Латын негізді қазақ әліпбиін жасау бағытында оның бірнеше нұсқасы халыққа таныстырылды. Халық бір дыбысты екі әріппен(диграф) таңбаланған, немесе дәйекші (апостроф)арқылы берілген, әріпүсті ноқатпен берілген әріптері бар әліпби нұсқаларымен танысты. Осы әліпбиді бүкіл халық болып талқылап, өз пікірлерін айтуына жағдай жасалынды. Жаңа әліпбидің жаңа нұсқаларын қайта-қайта халыққа таныстырып, оны жұртшылықтың талқылауына ұсынып, жаңа әліпбиді халықтың өзі таңдауына жағдай жасап, маңыз беруі Елбасымыздың парасатты шешімі деп білеміз. Бұл туралы Президенттің өзі: «Әлемдегі ешқандай ел дәл біз тәрізді жаңа әліпбиді талқыламаған. Бізге әр адамның пікірі маңызды. Жастардың бұл процеске қолдау көрсеткені қуантарлық жағдай», -деп жастарға да ерекше ризалығын білдірген еді[3].

Әліпби нұсқаларына айтылған пікірлерді ескеріп, оны жетілдіре түсуге барынша назар аударылып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізіліп, жаңа нұсқасы тағы да жарияланды[4]. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі-апостроф орнына ноқат алынуы. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Бұл әліпбиіміздің жетістігі деп білеміз. Әліпбиде бұрынғысынша 32 әріп алынған. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты, 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема (и, в, ф, h, x, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Нh-[x], [h] және I-[и], [й], сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс әріпүсті ноқат арқылы (ә, ө, ү, ғ, ң, у) және екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch- [Ч] , Sh[Ш]). Бұл жолы алдыңғы бекітілген әліпбиден екі дыбыстың әріптері өзгертіліп, диграфпен таңбаланған(Ch/ch- [Ч] және Sh/sh-[Ш]). «Ш» дыбысы жазуда көп қолданылатындықтан бұл жағдай жазуымызды қиындата түсуі мүмкін деп ойлаймыз. Сонымен бірге барлығы да

латын графикасын қолданатын болса да, еуропа елдерінің, мысалға, ағылшын, неміс, француздың, әліпбилерінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Оларда бір дыбыс әр әліпбиде әр түрлі әріптермен таңбаланғанын да байқауға болады. Біздің әліпбидің де осындай өзіндік ерекшелігі болуы тиіс. Сондықтан қазақ тілінде белсенді қолданылатын «Ш» фонемасын латынның «С» әрпімен қолдансақ болар еді. Мұны ағылшындар бір жерде -«к», бір жерде «ц» деп айтқанымен, қазақ тілділер «Ш» деп айтуға үйреніп кетер еді. Кезінде профессор Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде «Ш» дыбысын таңбалау үшін латынның «С» әрпін қолданған еді. Ал «у» фонемасын латынның «W» әрпімен таңбалаған дұрыс болар еді. Жалпы алғанда, әліпби талапқа сай, көңілге қонымды жасалған. Әліпбидің бұрынғы нұсқасында І і -[и], [й] апострофпен берілсе, енді бұл жолы ешқандай белгісіз таңбаланған екен. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «і» және «и,й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай жазуда қиындық келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, ең алғашқы талқылауларда сынға алынған диграф тағы да екі дыбысты таңбалау үшін қайта алынып тұр. Енді «і» және «и,й» әріптерін таңбалау жағын әлі де қарай түскен жөн болар еді. Әліпби жасау бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде тағы бір айтпағымыз, әр нұсқада өзіндік ерекшелігімен қатар, жетістіктері болғанын да ескеру керек. Көп жұмыс жасалған, әр талқылаудан соң жетілдіріле түскен нұсқалары жарияланып келеді. Сондықтан латын негізді қазақ әліпбиінің әр қадамына сәттілік тілеп, жетілдіре түсуге ұсыныстарымызды білдіріп, қолдап келеміз. Жаңа әліпбиіміз-ана тіліміздің жаңа сапада жаңғыруына жол салады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің 2017 жылдың 11 қыркүйегінде Парламент депутаттарының талқылауына ұсынылған «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы» деп аталған алғашқы жобасында диграфпен (екі әріппен) таңбаланған әріптер болды [5]. Бұл әліпбиде 25 әріп және 8 дыбысты таңбалайтын 8 диграф(қосарланған таңба) ұсынылған болатын. Диграф деген сөзді «бір дыбысты қос әріппен таңбалау» деп түсінген жөн. Әліпбиде «*бір әріп – бір дыбыс*» ұстанымымен әр дыбысқа бір-бір әріп алынса да, бас-басына латынша жеке әріп жетіспегендіктен, қазақ тілінің «Ә, Ө, Ү, Ң, Ғ, Ч, Ш, Ж» дыбыстары қосарланған әріптермен (диграф-екі әріппен) таңбаланған еді. Сонымен қатар «і» және «и» екі түрлі дыбысымыз латынның бір ғана «Іі» әрпімен, «х» және «h» дыбыстары латынның бір ғана «Hh» әрпімен, яғни «*бір әріп – екі дыбыс*» ұстанымымен таңбаланды. Сондықтан әліпбидің «*бір әріп – бір дыбыс*» ұстанымы халықтың көңілінен шықса да, «*бір әріп – екі дыбыс*» ұстанымымен алынған «Іі», «Hh» әріптері, «бір дыбыс-екі таңба, диграф *жүйесі*» ұстанымымен алынған 8 диграф халықтың, соның ішінде тіл мамандары тарапынан толық қолдау таба алмады. Әліпбиде диграфпен берілген 8 әріп жазуда бұрынғыдан әріп саны көп болып тұрғандықтан «*бір әріп – бір дыбыс*» ұстанымымен жазып келген адамға оны бірден қабылдау қиын болды. Бұл әліпбидің бір жетістігі компьютер пернетақтасына орналастыруға келетіндігі мен классикалық латын әліпбиіне сай жасалғандығы болып табылады. Ал қазақ тіліндегі кейбір дыбыстардың, әсіресе, төл дыбыстарымыздың, қосарланған әріптермен (диграфпен) берілуі «бір әріп - бір дыбыс» деген ұстанымға келмей, көпшілік көңіліне қонбады.

Қазақ тілі әліпбиінің «Латын графикасындағы қазақ әліпбиінің біркелкі стандарты жобасы» деп аталған екінші нұсқасы 2017 жылдың 9 қазанында халық талқылауына ұсынылды[6]. Қазақ тіліндегі барлық дыбысқа латын әліпбиіндегі 26 таңба жетіспегендіктен бұл жолы апостроф(дәйекші) қолданылды. Халық талқылауына ұсынылған бұл екінші әліпби жобасында 32 әріп болды. Оның ішінде латынның «Н» әрпі біздегі [x], [h] дыбыстарын, апострофпен(дәйекші) берілген латын «Г'» әрпі [и], [й] дыбыстарын, яғни бір әріппен екі дыбысты таңбалап, «бір әріп – екі дыбыс» ұстанымына сай алынған еді. Бұған қоса, тағы да 7 дыбыс, Ә,Ң, Ө,Ш, Ч,Ү, У, апострофпен берілді. Әліпбидегі 32 әріптің осылай алынуына байланысты олар 34 дыбысты таңбалап, бұрынғы 42 әріптің ішінен 8 әріп (ё, ц, щ, ь, ь, э, ю, я) қысқартылды.

Қазақ тілі әліпбиін латынға көшіру бағытындағы талқылау жұмыстары ғылыми қауым, жалпы жұртшылықтың белсене қолдауымен жүргізілді. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығымен «Қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиі» бекітілді [6].

Бұрынғы әліпбиімізде қазақ тілінің қазіргі артикуляциялық базасында жоқ дыбыстардың көп болуы тіліміздің өзіндік фонологиялық заңдылықтарын бұзып келген еді. Мысалы, жаңа әліпбиіміздегі бір таңбаға матап қойылған Нh - [x] мен [h] дыбыстары өзіміздің төл «Қ» дыбысымен қапталдаса жарысып, қазақ жазуында «Қ» арқылы айтылатын кейбір сөздер орыстың «Х» және арабтың «Һ» дыбыстарымен жазылып келді. Мысалы, қабар-хабар, қош келдің-хош келдің, қат жазу-хат жазу(қазақ тіліндегі сөздерде); Хадиша-Қадиша; Хакім-Кәкім, әкім, Хамит-Қамит-Әмит; Хорлан-Қорлан (араб тілінен келіп, қазақша игерілген сөздер); «Һ» - қаһарман- қаһарман, мәшһр- мәшкүр, шаһар - шақар, жиһаз- жиқаз; (аһ, оһ, аһыла-үһіле- одағай сөздер); Енді шама келгенше, әліпбидегі апостроф арқылы берілетін әріптер аз болса деген ұсыныс айтамыз. Себебі апостроф қазіргі таңдағы жазуға деген сұраныстың артып отырған кезеңнің талабын толық қанағаттандырмайтыны мамандарға белгілі жай.

Сонымен халық талқылауынан өткен әліпбилерде латын әріптерін барынша қазақ тілі дыбыстарына сәйкес таңбалауға, қазақ тілінің үндесім талаптарына бейімдеуге, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударылып келеді деуге болады. Әліпбидің жаңа нұсқасын талқылау барысында оның жетілдіре түсер тұсы ретінде, мүмкін болғанша, әріпүсті ноқат санын қысқарта түсу керек, қазақтың төл дыбыстарын, шама келгенше, жеке ноқатсыз әріптермен таңбалауға назар аударған жөн деген ой білдірген едік. Себебі жазуымыздың өткен тарихында дәйекші және әріпүсті ноқат ұтымды жол болса да , қазіргі жаһандану заманында, көптілділік бәсекесінде, адамның тез жазуға сұранысы өскен қазіргі кезеңде әр дыбыстың жеке таңбасы қосымша белгісіз алынғаны дұрыс болар еді. Сондықтан әріпүсті ноқатпен берілетін әріптерді әлі де қарап, жетілдіре түсуге уақыт та, мүмкіндік те бар екенін айтпақпыз.

Қорыта айтқанда, латын әріптері - әлемдік талаптарға сай жазу, латын әліпбиі- өркениеттің жазуы, оны өмірдің өзі талап етіп отырған басты

қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Сондықтан жаңа әліпбиімізді қабылдап, жазуымызды түзесек, тіліміздің де болашағы жарқын болады деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1-2 б.

2. Жаңғырудың жаңа белесі// Айқын газеті-Aikyn.kz. 08.08.2017ж.

3. ҚР Президентінің арнайы сайты. Латын әліпбиіне көшу. – Астана, 9 қазан, 2017 ж.

4. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы. №637 Жарлығы. 19.01.2018 ж. Астана, Ақорда.

5. Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы. - Астана, Парламент. 11.09. 2017 ж..

6. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» №569 Жарлығы. 26.10.2017 ж. Астана, Ақорда.

БИНАРЛЫ ҰҒЫМДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

*Мұхтарова Ф. С.,
Нұр-Сұлтан қаласындағы 83 мектеп-
гимназиясының мұғалімі, Л.Н.Гумилев
атындағы ЕҰУ-дың докторанты.
Қазақстан.*

Аннотация

В картине мира есть концепты «мужчина» и «женщина». По словам ученого Ж. И. Исаевой, «в передаче картины мира важно рассматривать триединство человек–язык–общество» через категорию пола, поскольку сексуальная особенность личности тесно связана со средой, в которой она живет. Из этого большого тройственного отношения возникает отношение «женщина–мужчина», которое имеет языковую характеристику. К родственным, бинарным отношениям концепта «мужчина–женщина» можно отнести бинарные отношения: «племянник-внук, сестра- зять, брат-сноха, дочь-муж, муж-жена».

В нашей исследовательской статье мы рассматриваем фразеологию бинарных понятий, относящуюся к взаимоотношениям женщин и мужчин, их месту в семье и обществе.

Annotation

In the picture of the world there are the concepts of "man" and "woman". According to the scientist Zh. I. Isaeva, "in conveying the picture of the world, it is

important to consider the trinity of man-language-society" through the category of gender, since the sexual peculiarity of a person is closely related to the environment in which she lives. From this great threefold relation arises the relation "woman-man", which has a linguistic characteristic. The related, binary relations of the concept "man-woman" can include binary relations: "nephew-grandson, sister-son-in-law, brother-daughter-in-law, daughter-husband, husband-wife."

In our research article, we consider the phraseology of binary concepts related to the relationship between women and men, their place in the family and society.

Фразеологизмдердің ішікі мағынасын, мазмұнын, тілдік ерекшеліктерін, мағыналық топтарын, синоним, антоним, вариантылығын қарастырумен қатар, оларды бинарлық деңгейде қарау маңызды.

Табиғатта, қоршаған ортада, аспан әлемінде, кеңістік пен уақыт бірлігінде, түр-түс пен абстрактілі ұғымдарда бинарлы, яғни жұп символдар бар. Мысалы: ақ-қара, жақсы-жаман, күн-түн, аспан-жер. Сол секілді элеуметтік қатынасты білдіретін «аналық-аталық» жұр символдар бар. Түркі дәуірінің туындысы-Тәңір және Ұмай- Тәңір қосағы [1, 112-б].

Бұл туралы Е.Жұбанов пен А. Ибатов «Тәңір» мифтік тұлға, аңыз бойынша таң, іңір екі періштеге байланыстырады.Мифтік наным бойынша бұл екі періште адамдардың тұрмыс-тіршілігін қадағалап отырған. Алайда таң, іңір аралығындағы мезгіл қастерлі саналған. Сондықтан қазақта «ерте тұрған әйелдің бірісі артық, ерте тұрған әйелдің бірісі артық» деген сөз бекер айтылмаған.

Екінші бір нұсқада Тәңір та (тау, төбе, тамшы), «жоғары» дегенді білдірсе, ің (еңіс,еңбек,еңіреу) «төмен». Ал этимологиялық сөздікте «іңір» сөзіне мынандай анықтама берілген : «Тува тілінде – «имир» тұлғасы қазіргі тілімізде «мұнар, тұман, қараңғылық» дегенге саяды, жалпы қараңғылық мағынасында. Ал қазір уақыт ұғымымен байланысты [2, 302-б].

Ұмай сөзінің этимологиясы жайлы «Мұсылмандар таза Ұмай ана бейнесін қалдырмаған.Бірақ Ұмайға анаға қатысты салт-дәстүрлер бар.Әйелдер толғақ қысқанда отқа май құйып: «От ана! Май ана! Жарылқа» деген [3, 419-б].

Тәңір – көктегі ер бейнесі, ал Ұмай – жердегі ана болады, яғни қазақ мифологиясында алғашқы ерлі-зайыпты құдайлар (Тәңір-Ұмай) түрінде кездеседі [4, 90-б]. Мысалы: Адам ата, Адам ата- Хауа ана. Діни ұғым бойынша, Адам ата– дүниедегі бірінші ер, ал Хауа ана – бірінші әйел [5, 11-б]. Мысалы: Адам атамызға да соны жасап берді (Ғ.М. 205-б.)

Гендерлік сатыда бинарлы ұғымдарға талдау жасағанда ер мен әйелдің рөлі ескеріледі. Қазақ дүниетанымында қызды төрге шығару, «қыз-жат-жұрттық», «қыз-қонақ» деп қарап, ал ұл баланы «тізгін тартар», «қара шаңырақ иесі», «ата мен әкенің жалғасы» деп қарау қалыптасқан. Қазақ дүниетанымында әйел мен еркекті бинарлы ұғым деп қарау дұрыс. Себебі қоғамда жаман әйел образы, жаман еркек образы, ақылды әйел, ақылды еркек, сұлу әйел, келісті еркек деп қарастырамыз. Ақын-жазушылар шығармашылығында бұл бинарлы ұғымдарды параллел алып қарастыру жиі кездеседі. Шал ақын:

Көшкенде **жақсы қатын** атқа желер,

Жаман қатын байының сөзін бөлер.

Жаман қатын белгісін тағы айтайын,

Ауыл үйін тіккенде көші келер [6, 126-б],– деп жақсы–жаман қатын бейнесін қатар алады. Ал Сүйінбай Аронұлы:

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,

Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай

Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,

Көреді бәрін де өз баласындай [7, 319-б].

Қазақ және түрік тілдеріндегі лексемалар әр алуан. Гендерлік бөліністі анық көрсететін қазақ тілінде мынандай тілдік бірліктер қолданылады: қыз, әйел, әже, бойжеткен, келін, ана, еркек, ата, аға, бала, ұл, жігіт, бозбала болса, түрік тілінде kız, kadın, büyükanne, kız, gelin, anne, adam, baba, erkek kardeş, çocuk, oğlan. Ал әлеуметтік бөлініс бойынша бек, бай, бике, бибі, қазы, қожа, құл, мырза, сұлу, хан, ханым, ханша, мырза, құл, күң десе, ал түрік тілінде bisiklet, bibi, kazy, khoja, kul, efendim, sulu, khan, khanym, khansha, efendim, kul.

Адамға қатысты фразеологизмдер жайлы І. Смағұлова: «Көркем әдебиетте қолданылатын экспрессивті-эмоционалды сөздер адамның сезімімен байланысты туындайды. Фразеологизмдерді мағыналық топтарға бөлгенде, адамға, іс-әрекетке, оның сыртқы келбеті мен мінезіне, жағымды, жағымсыз қасиеттеріне байланысты тұрақты тіркестердің көп екендігін атап, он үш түрлі семантикалық тобын атап көрсетті [8, 55-58].

Әр халық тілінің тілдік қорында ғасырлар бойы жинақталған, сараланып жүйеге келген фразеологизмдер қоры қалыптасады. Бұл сол халықтың әлемдегі бейнелерді қабылдау ерекшелігін, өзі өмір сүріп жатқан тұрмысын, салтын, табиғатпен, аспан әлемімен, жалпы қоршаған ортамен байланысын ұлттық болмыс пен адам санасын ұштастыра суреттейді. Сондықтан фразеологизмдер бастапқыда адамға тікелей немесе жамана қатысына байланысты үлкен семантикалық топ құрайды, яғни барлық фразеологизмдердің жасалуына негіз болатын – адам. Сол үлкен семантикалық топ кейін көптеген топшаларға бөлінеді. Бинарлы ұғым ретінде алынған «әйел-еркек» лексемаларына қатысты фразеологизмдерді қарастырсақ.

Әйел–ана: аузы-мұрнынан шығып отыр, аяғы ауыр, бала көтерді, бала тапты, қалжа жеді, құрсақ көтерді, бойға бітті, бойы ауырлады, бойына бір шала сүйек бітті, босағама артық байла, етегі қанамаған, етек кірі келіп жүр, пұшпағы қанамаған, аман-есен қол-қол аяғыңды бауырына алдың ба?, аяқ – қолын бауырына алды, жылы құшақ, жерік болды, қатыны күмәнді, қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма?, құрсақ шашу, ұл тап, тікенегі сыртына шықты, төсегімен көтерді, толғағы жетті.

Әйел–үйдің берекесі: нәзік жан, үй кісісі, ұзын етек, сарыкідір әйел (сары қатын), от басы, ошақ қасы.

Әйел –адал жар: ақ жаулық, ғашық жар, қыздай алған жұбайы, ақ жол емі.

Әйел–үлгі: ана көрген, ер жанды, мініскер әйел.

Жаман әйел: есік көрген, күйеуден шыққан, төмен етекті, күндестің күні күндес, марту басқыр, күндес қатын.

Әйелдің салақтығы: майлы қолтық, салпы етек, салпы етек.

Әйелдің ұрысқақтығы: көк айыл, ауыздыға сөз, аттыға жол бермейді.

Жесір әйел: жесір дауы, жер дауы, жесір қалды, беті шие болды, шашын жайды, тұл әйел, қаралы қатын.

Әйелдің сұлулығы: қарақат көзді, кісі жұтып қойғандай, қас сұлу, ару шешей, төс аршынды сұлу.

Туыстық атаулар: кіндік шеше, қайын бике, қайын сіңлі, қайын ене.

Түрік тілінде әйел адамға қатысты фразеологизмдер: at anası, çarşamba karısı, dağ anası, dev anası, kadın kadıncık, hayat arkadaşı, hamam anası, hanım hanımcık, gözde olmak, fındık kurdu, ev kadını, eteği belinde, eteğini göstermez, ere varmak, ekmek düşmanı, eksik etek, düttürü leyla, mahalle karısı, sokak süpürgesi, üstüne varmak.

Ер адам: ата жолын қуды, ат байлар, ат ұстар, еркек кіндікті, ақ сұңқар, алтын басты еркек, бөрік киген, бауырынан сиген, белінен айырылды, әйел жанды.

Батыр–батырлық: жалаң төс, жүнді балақ батыр, жүрек жұтқан, нағыз ер жүрек, найза ұстады, өрен ер, мыңға жалғыз болмайтын, көз жоқ батыр, еркек туды.

Жас жігіт, жігіт сыны, азамат болды: ақыл тоқтатқан, ат жалын тартып мінді, жасы толған, зіңгіттей жігіт, сомадай жігіт, омыртқасы түзу жігіт, қылшыдаған жігіт, бағлан жігіт, еркек, аруақты жігіт, боз бала, жастық шақ, ересек тартты, ер жетті.

Күйеу бала, күйеу жігіт: күйеу жігіт, күшік күйеу, бесік кертті күйеу.

Ел ағасы–жігіт ағасы–аға: есіл ерім-ай, өт жігіт, мұртына ұстара тиді, бір кісідей бар екен, есіл сабаз.

Отбасының иесі, асыраушысы: от ағасы, алыстан тоят тіледі.

Үйленбеген, үйленген жігіт: сұр бойдақ, үйі сынық, төсек жады, төсек жаңғыртты, тақымы жарымаған, аяғына тұсау түсті.

Ер жігіттің есеюі: ой тақтатты, қара табан болды, ақыл енді, есі кірді, ата сақал аузына біткен, бір жасап, екі жасап өсті.

Бала: бел бала, артындағы құйрығы, сүт кенже, балақ жүні жеткен жоқ.

Ата: қайын ата, арғы атасы, түп атасы, аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше.

Туыстық атаулар: өкей ата, өкіл бала, өкіл күйеу, бел атасы, бас құда, бел немере.

Түрік тілінде ер адамға қатысты фразеологизмдер: aslan yürekli, baba adam, baba değil, tırabzan babası, babasının oğlu, çoluk çocuk, çöplük horozu, helalliğe almak* bir kadını, hayat arkadaşı, el bebek gül bebek, talihim olsaydı anamdan kız doğardım, üstüne evlenmek, üstüne gül koklamama, koç yiğit.

Аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше. Бұл жердегі бәйбіше деп отырғанымыз көп әйел алған алдамның алғашқы әйелін бейбіше деп атаған. Құрамы жағынан бәйбіше біріккен сөз. Бей сөзі якут тілінде «бии» тұлғасында «үлкен» деген мағынаны білдіреді. Ал «біше» татар тілінде «біцә», ноғайша «пише» болып келіп «әйел» мағынасында қолданылады. Яғни, бәйбіше «үлкен

әйел» мағынасында жұмсалып тұр. Тілімізде басқа бәйшешек гүлі бар, оның да семантикасы «үлкен гүл» деп қаралады [2, 48-49-б].

Босағама артық байла. Қазақтарда шамандық белгілердің қалдықтарын алғаш Ш.Уәлиханов атап көрсетті: « Қазақтарда әртүрлі аурулар кездеседі, алайда әйелдерде көп кездеседі. Әсіресе ырым, жоралғылармен байланысты жатыр аурулары. Бұл аурудың салдарынан әйел ұзақ уақыт бойы бала көтере алмайды, оларды зияндасты, яғни қара ниетті деп атайды. Әйел адамдар бала көтере алмаған жағдай құмырсқаның илеуіне дәрет сындырған [9, 100-б].

Осындай көне наным - сенімнен туындаған біршама фразеологизмдер бар. Мысалы: Босағама артық байла. Ескі ырым бойынша екі қабат әйел аруағын сыйлайтын үлкен үйлердің уығына шүберек байлап, ырым ретінде зат, мал әкелетін болған [4, 124-б]. Қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма?. Толғатқан әйелге ырым ретінде айтылады [5, 324-б]. Ақ жол емі. Қазақтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеде тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәрте аттататын әдет болған. Егер ол әйел күнәсіз болса, денедегі оқ кері шығады деген ұғым болған [5, 24-б].

Қас батыр. «Қас» сөзі қас батыр, қас сұлу сөздеімен тіркесіп келеіп, фразеологизм ретінде тілімізде қаралады. Қамбар батыр жырында «Қас(а) батыр майданда» деген жолдардағы қас (а) қазіргі таңда үстемелі мағына тудыратын «өте, нағыз» семантикалық мәнде қолданылып жүр. Алайда көне түркі тілінде бұл сөз қашығ деген сөзден шыққан, яғни «алыстан көзге түсетін мықты, күшті» деп аударылады, мұндағы ығ дыбыстары түсіп, ш-с ауысуы тілде кездесетін табиға құбылыс. Сондықтан қас батыр, қас сұлу, қас надан, қас жауыз тіркестеріндегі қас сөзі көзге түсетін мағынасында қолданылып тұр [10, 117-118].

Қорыта келгенде, қазіргі таңда қарқынды зерттелініп келе жатқан антропоәзектік бағыт бойынша негізгі зерттеу нысаны ретінде адам алынып, оның тілі, қоршаған орта, мәдениет, қоғам, табиғат, салт - дәстүр факторларымен байланысы қаралады. Осы бағыт негізінде бинарлық қатынастағы «Әйел-еркек» концептісі қаралады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ақбердиева Б. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе. Оқу құралы. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005. – 136 б.
- 2 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994 – 304 б.
- 3 Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, Ғылым, 1999
- 4 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984
- 5 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.
- 6 Бес ғасыр жырлайды: 1 томдық. Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.
- 7 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984
- 8 Исаева Ж.И. Гендерлік лингвистиканың паремиологиялық дүние бейнесіндегі микрофреймдік қатынастар // Абай ат. ҚазҰПУ-ның Хабаршысы, «Филология», сериясы, №1 (55), 2016 ж. – 36-40 б.

9 Ш.Уәлиханов. Тәңірі: Таңдамалы.–Халықаралық Абай клубы, 2013.–392 бет.

10 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді, 2-басылуы.–Алматы, «Санат», 1994–274 б.

ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУ – ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ, УАҚЫТ ТАЛАБЫ

*Мырзабекова А. М.,
№49 жалпы орта білім беретін орта
мектебі қазақ тілі мен әдебиетінің
мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан, Орал қаласы*

Аннотация

В статье затронуты вопросы перехода на латинский алфавит, его преимущества, вопросы письменности тюркских народов. Поднятые вопросы обоснованы мыслями автора. В нем прописано, что тюркский мир использует латынь, имеет значение для укрепления экономических, культурных, духовных связи.

Annotation

The article raised the issues of translation to the Latin alphabet, its advantages and justified by the authors thoughts. The importance of strengthening economic, cultural and spiritual ties is noted in the fact that the Turkic world uses Latin.

«Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық, бәсекеге сай болуы үшін, ең бірінші білім мен ғылым өркендеуі қажет». Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры - ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдыретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан үшін ХХІ ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы. Еліміздің жаһандануы ең бірінші тұрғындардың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеру болып табылады.

Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Атауы жаңаша болғанымен, негізі, түбі өткен тарих қойнауында екенін білеміз. Еліміздің дамуындағы негізгі назар аударатын жайт – оның өткені, бүгіні және ертеңі. Ғылыми-техникалық төңкерілістің кезекті жетістігі телетаратылым мен интернеттің қарқынды дамуының нәтижесінде жаһандық ақпараттың өз кезегінде жаңа технологиялар жасалынды. Қазақ жұрты қазіргі жаһандық бастамаларда рөлі жоғары елдердің қатарында десек болады. Еліміздің жаһандануы барысында тілімізді сақтап қала аламыз ба? – деген сауалдың да туары хақ. Мәдениеті мен тілі бір-бірін толықтырып отыратын қоғам мемлекет бірегейлігінің көрсеткіші. Бұл тұста қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы мәселесін, яғни жаңа буынның қазақ тілімен қатар, орыс және ағылшын

тілдерін белсенді меңгерулері қажеттілігі көрінеді. Сонымен қатар ел болып шешуге тиісті қағидат саналатын мәселелердің бірі - латын қаріпі, бұл бастамаға жаһандық елдердің сарапшылары оң көзбен қарап отыр. Бұдан жаһандық бастамалардағы қазақ жұртының рөлі қандай екендігін тағы бір мәрте байқауға болады.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі - ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Менің ойымша, латын қаріпін бірден емес, бірте-бірте енгізу қажет деген пікір дұрыс. Себебі, о бастан бұл- халыққа күтпеген жәйт болды, сондықтан үйренісе алмауы мүмкін. Тарихқа көз жүгіртсек, Алаш тарихында қазақ жеріне отырықшылық саясаты жүргенде халық тарапынан қарсылық болды, себебі халық дайын болмады. Мұны Алаштың көреген және сауатты зиялылары біртіндеп жүзеге асырған болатын. Сондықтан, халық арасына түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, елімізде баршаға түсінікті, сауатты емле ережесі бар латын әліпбиін енгізуге үлес қосуымыз қажет. Елімізде бұл өзгеріс бойынша түрлі конференциялар, отырыстар мен жиналыстар көптеп өткізілуде, сонымен қатар, ойларымен, пікірлерімен бөлісіп, ұсыныс білдірушілер де көп. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты. Қазіргі таңда Елбасымыз латын әліпбиін бекітті, дегенмен, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстырылса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Бұл жаңа әліпбиіне көшуіміздің алғашқы қадамдары деп есептеймін.

Түркі тілдес халықтардың тарихына көз жүгіртсек, латын әліпбиіне ауысу шектеулі уақытта жүзеге асқан. Түркияда латын әліпбиіне өту кезеңі бар-жоғы бір жылға ғана созылды. 1928 жылдың 1 қарашасында М.К.Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» Заң шығарды. Бұл заң бойынша 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің латын әліпбиіне өтіп, араб графикасын қолдануына рұқсат берілмеді. 1929 жылдың 1 маусымына дейін ғана қатар қолданылып келген араб графикасына іс-қағаздар жүргізуге мүлдем тиым салынды. Сөйтіп, Түркияның латын әліпбиіне көшуі тек бір

жылға ғана созылды. Бұл аралықта биліктің мығым саясаты мен бағыты шешуші рөл атқарғаны білінеді. Сонымен қатар, Әзірбайжан Республикасының Президенті 1991 жылдың 25 желтоқсанда «Латын графикасы негізіндегі әзірбайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» заңға қол қояды. Бұл заң бойынша Әзірбайжанда 1940 жылға дейін қолданылған 32 әріптен тұратын латын графикасындағы әліпби азын-аулақ өзгерістермен қалпына келтірілу ұйғарылды. Бұл шаралар Кеңес үкіметі құлағаннан кейінгі кеңістіктегі түркі мемлекеттерінің егемендік алуымен байланысты ұлттық сананың көтерілуімен, өз рәміздерін, ұлттық нақышын белгілеу процесінің жемісі болды. Оның үстіне Әзірбайжан елі шекаралас жатқан бауырлас Түркия мемлекетімен тығыз мәдени қарым-қатынасы да осы үдерістің Әзірбайжанда бірінші болып басталуына себепші болды. Бұл үлкен отаншылдық серпіліс, ұлттық сананың асқақтаған кезеңі болды дейді зиялы қауым.

1993 жылы 2 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» заң қабылдады. Өзбекстан Республикасы мәжілісінің 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылдаған «Мемлекеттік тіл туралы Өзбекстан Республикасының заңын жүзеге асыру тәртібіне қатысты» жарлығы бойынша Өзбекстан республикасының латын жазуына көшуінің соңғы кезеңі болып 2005 жылдың 1 қыркүйегі белгіленді. Бұл мәселе төңірегінде ғалымдардың пайымдарын қарастыра келе, латын әліпбиіне көшудің тиімділігін былайша жинақтауға болады.

Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. *Екіншіден*, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. *Үшіншіден*, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. *Төртіншіден*, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Мемлекет басшысы қоғамды жаңғыртуда Батыс елдерінің үлгісіне көзсіз еліктемей, халықтың рухани кодын сақтап, дамыта отырып ұлттық санамызды жаңғыруға шақырады. Елбасымыз: «Бірақ ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атауы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышартына айналдыра білу қажет» - деген ойды алға тартады. «Ел болам десең бесіңді түзе» деп халқымыз айтқандай, жас ұрпақты тәрбиелеп, жастарды дұрыс жолға сала білсек, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алсақ, алынбайтын қамал болмас!!!

ТІЛДЕГІ ПАРОНИМИЯЛЫҚ АТТРАКЦИЯ, ПАРОНОМАЗИЯ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

*Саркенқызы А.,
ҚР Ұлттық ұланының Әскери
институты.
Қазақстан, Петропавл қаласы*

Аннотация

В статье рассмотрены место, функции, признаки, сущность паронимов в языковой системе. Также показано, что ученые-исследователи дифференцируют специфические лингвостилистические особенности, характерные для паронимической аттракции.

Ключевые слова: звуковой повтор, парономасия, паронوماзия, паронимическая аттракция, лингвистика, контекст, исследование, произведение, деятельность, ученые-исследователи.

Annotation

The article discusses the place, functions, features, essence of paronyms in the language system. It is also shown that research scientists differentiate specific linguo-stylistic peculiarities which are characteristic for paronymic attraction.

Key words: sound repetition, paronomasia, paronomazia, paronymic attraction, linguistics, context, research, work, activity, research scientists.

Сөздің мағынасы мен оның дыбыстары арасындағы байланысты анықтау кез келген тілдің өзекті мәселесі болып қала береді. Дыбыстық қайталамалар, дыбысқа еліктеу, дыбыстық символизм, дыбыстық метафора, парономасия сияқты құбылыстар табиғатын танудың маңызы ерекше. Бұл ұғымдардың мәтін құрылымындағы қызметін тану стилистикасының бірнеше міндеттерін шешуге септігін тигізеді: дыбыстардың мәтін құрылымындағы көркемдік қызметін анықтайды; дыбыстардың қайталанып келу қасиетін, соның нәтижесінде стильдік қызметін таниды; - дыбыстық қайталамалардың жанрлық сипаты белгіленеді; - дыбыстық қайталамалардың түрі ажыратылады; - дыбыстық қайталамалардың мәтін құрылымындағы қызметінің иерархиялық сатысы белгіленеді.

Кез келген көркем шығарманың біртұтас мәтін ретінде қалыптасуына, оның көркемдік деңгейінің белгілі бір талаптарға сай келуіне дыбыстардың да ат салысатыны туралы тұжырым бүгінгі лингвостилистикада толық тұрақтаса да, ғалымдардың дыбыстың көркем шығармадағы рөлі төңірегіндегі тұжырымдары кейде біржақты, кесімді болып келетін кезі де бар. Осы тұрғыдан бұл сұрақ төңірегіндегі ғалымдардың көзқарастарын екіге ажыратуға болады: 1) поэзияның негізгі мақсаты өлеңдегі дыбыстардың үйлесімді қолданылуынан туындайды; 2) поэтикалық шығармалардың көркемдік деңгейі оның құрамындағы дыбыстарға байланысты болмайды. Дыбыстық қайталаманың осы түрі көп уақыт бойы әр түрлі терминдермен белгіленіп келді.

Олардық қатарында паронимия, паронимиялық аттракция, малопротизм, гиперурбанизм, гетерофемия терминдері бар болатын. Белгілі бір лингвистикалық құбылыстың толық танылуы оның терминденуімен де тығыз байланысты. Сондықтан ғалымдар осы стилистикалық фигураны дұрыс тану және олардың көркем мәтіндегі қызметін нақты белгілеу үшін ортақ терминнің қажет екендігін айтты.

Зерттеуші-ғалымдар паронимиялық аттракцияға тән өзіндік лингвостилистикалық ерекшеліктерді белгілеу мақсатында мына мәселелерді анықтап алған дұрыс деп есептейді: 1) Кез келген дыбыстардың бірдей дәрежеде қайталанып келуі паронимиялық аттракция бола ала ма? Паронимиялық аттракцияны құрайтын сөздердің құрамындағы дауыссыз дыбыстардың саны мен түрі бірдей болып келуі шарт. Оларда кездесетін дауыстылардың бірдей дәрежеде келуі міндетті емес. Паронимиялық аттракция болуы үшін зерттеушілер сөздерде кем дегенде екі дауыссыз дыбыс бірдей позицияда қолдануы керек деп есептейді. Кезінде «дыбыстық қайталама» терминін лингвистикаға енгізген ғалымдар дыбыстардың қайталануы ұғымын тек дауыссыз дыбыстар жүйесімен ғана байланыстырады. Дыбыстық қайталамалар паронимиялық аттракцияның табиғатына толық сәйкес келеді. 2) Паронимиялық аттракцияға кіретін сөздердің құрамындағы дауыссыз дыбыстардың орналасу позициясы бірдей болуы шарт. Бұл ерекшелік, әсіресе, паронимиялық аттракция параллель құрылымдар қатарында келгенде анық байқалады. 3) Паронимиялық аттракция корреляттары өзара синтаксистік қарым-қатынаста келеді. Ол қарым-қатынас субъект – қимыл, белгі – зат, белгі – қимыл, қимыл – объект түрінде болады. Сонымен қатар, корреляттар бірыңғай мүше ретінде де келе алады. 4) Паронимиялық аттракция корреляттары поэтикалық мәтінде бір-бірінен алшақ орналасады. Олардың арасында міндетті түрде басқа сөз келуі шарт. Осындай белгілерден басқа оларға тән ең басты ерекшелік – паронимиялық аттракция корреляттарының семантикалық жағынан жақын болмаса да, стилистикалық тұрғыдан бір-біріне жақындасуы [1, 2, 3, 4, 5]. Осы тұжырымдардың негізінде паронимиялық аттракцияны дыбыстардың (негізінен дауыссыздардың) позициялық қайталануы деп түсінген дұрыс. Дыбыстар белгілі бір орында өлшеммен қайталады. Екінші сөзбен айтқанда, паронимиялық аттракция – параллелизмнің фонетикалық дейгейдегі көрінісі.

Паронимиялық аттракция түркі тілдерінде, соның ішінде, қазақ тілінде де қолданылатын әдістің бірі болып есептеледі. Абай өлеңдеріндегі паронимиялық аттракция құбылысы профессор Р.Сыздықтың еңбегінде қамтылады. Ғалым осы айшықтың қазақ тілінде бар екендігін айта отырып, оған алғашқы болып анықтама берді: «сарғайды жүзіміз, сарылды көзіміз» дегендегі көрсетілген сөздердің мағыналарының да логикалық уәжі (мотивировкасы) оларды семантикалық компоненттер қатарына шығарады. Бұндай сәттерді ақын «поэтикалық этимологияға сүйенген, я болмаса, дыбыстық ұқсастықты мағыналық жақындыққа ұластырған деп қарау керек. Бұл амалды ғылымда паронимиялық аттракция деп атайды» [6,84]. Паронимиялық аттракция тек Абай өлеңдерінде ғана кездеспейді, оның қолданысын Абайдан кейінгі ақындар

поэзиясынан да кездестіруге болады. Ә.Тәжібаевтың мына өлең жолдарынан анық көреміз. Сақтай гөр, Тәңірім, Достардың сайтандарынан, Сақтай гөр, Тәңірім, Көршінің сайқалдарынан. Сақтай гөр, Тәңірім, Қасқырдан бетер қанқұмар, Жендеттей жебір, Көршінің сойқандарынан. Осы шумақта қайталамалардың бірнеше түрі кездеседі. Бұл микромәтінде анафора да, аллитерация да бар. Автор ұйқасты паронимиялық аттракция болып тұрған сайтан, сайқал, сойқан сөздерінен құраған. Бұл сөздер дәл осы шумақта бір-біріне семантикалық тұрғыдан жақын, мағыналас сөзге айналып кеткен. Бұл – паронимиялық аттракцияның негізгі белгісі. Паронимиялық аттракция, бір жағынан, поэтикалық этимологияға жақын болып келсе, екінші жағынан аллитерацияға ұқсас болады. Паронимиялық аттракцияның алғаш қолданылған жері – поэтикалық шығармалар болса да, олар қазіргі кезде көркем проза тілінде де өнімді қолданылып отыр. О баста ассонанс та, аллитерация да поэтикалық шығармалар тілінде қолданылатын тәсіл деп есептеліп келсе, бұл фигуралар да қазіргі қазақ қара сөзінде жиі кездесетін, өнімді қолданыс болып табылатын көркемдеу тәсіліне айналып отыр. Мысалы, Ақырет таразысы осы алаңның жел өтіне, ел шетіне иірулі. Бұл сөйлемде өтіне, шетіне сөздері паронимдік қатар құрып тұр. Мұнай! Тірілердің тірегі, тіршіліктің жүрегі – мұнай. Автор осы сөйлемде түбірлес сөзді де, түбірлес емес сөзді де бір тізбекте қолданып, паронимиялық аттракция әдісімен – тірілер – тірек – тіршілік сөздерін дыбыстық жағынан қайталап қолданып тұр [7,13]. Сонымен, ұқсас дыбыстардың белгілі бір позицияда өлшеммен қайталануы нәтижесінде сөздердің семантизациялануына (мағына жақындығы) себепші болатын паронимиялық аттракция тәсілі дыбыстық қайталамалардың бір түрі болып есептеледі. Оларда да қайталама категориясына тән негізгі белгі – дыбыстардың қайталану қасиеті жетекші рөл атқарады. Паронимиялық аттракцияның жасалуына негіз болатын паронимдер екені белгілі. Ал сөз атауының стилистикалық қызметі лексикалық стилистиканың ауқымында қарастырылса да, жоғарыдағы негізгі белгісіне сәйкес біз паронимиялық аттракцияны дыбыстық қайталамалар құрамында қарастырдық.

Р.Г.Кадимов паронимиялық аттракцияға әр түбірден тараған, әр түрлі сөз табына жататын, сөйлемнің әр түрлі мүшесінің қызметін атқаратын және лексикалық та, әр түрлі топтардан да сөздерді контексте поэтикалық мағынасына орай жақындастыруды жатқызады: пустыня стынет, заносчивый нос, Дым из-за дом догонит нас длинными дланями (Маяковский) [8,5]. Демек, бұл анықтамалардан паронимиялық аттракция дегеніміздің мағыналары әр басқа, әр түбірлі, кейде түбірлес те болып келетін сөздерді мағына жағынан емес, дыбыстық ұқсастығы негізінде контексте теңестіру, жақындастыру, поэтикалық семантизациялау болып табылатыны байқалады.

Р.Сыздықова Абайдың өлеңдерінде кездескен «Керенау, кердең, бір керім..., Саяламай сай таппай..., Сарғайды жүзіміз, сарылды көзіміз» деген жолдардағы белгіленген үндес сөздерді контекстік не логикалық түбірлестер деп, оларды мағыналарының логикалық уәжі семантикалық компоненттер қатарына шығарып тұрғандығын дәлелдеп, бұндай көркем тәсілдің тіл білімінде паронимиялық аттракция деп аталатындығын айтады.

Ал екінші автор: «Поэтикалық мәтіндегі ұқсас дыбыстардың стильдік жағынан семантизациялануы бірте-бірте жеке әдіс ретінде дараланып, паронимиялық аттракция атауына ие болып, фоностилистикада стилистикалық фигура ретінде тұрақтай бастады. Оны кейде парономазия деп те атайды» [6,9]. Үндес сөздерді мәтін ішінде қатар қолдану, басқаша айтқанда, жақындастыру арқылы стилистикалық айшық жасауды кейбір ғалымдар паронимиялық аттракция десе, екінші бір ғалымдар парономазия не парономасия деп те атайды. Ал кейбір ғалымдар парономазия деп паронимдердің контексте белгілі бір стильдік мақсатта қолданылуын айтады. Бұндай белгілердің, яғни мағыналары мүлдем алшақ сөздердің бір тұлғада келіп, бірыңғай мүше ретінде не әр тұлғада келіп, белгілі бір синтаксистік қатынаста, әр түрлі стильдік мақсатта қатар жұмсалуды да, яғни контекстік семантизациялануы, паронимиялық аттракция құбылысына да тән екендігіне көзіміз жетті. Сондықтан да оларды екі түрлі атамай, бір ғана паронимиялық аттракция деген терминмен атағанды жөн көреді зерттеушілер. Сонымен қатар, ғылыми тұжырымдарға сай паронимдерді тілдік жүйеге жататын лексикалық топ деп санай отырып, паронимиялық аттракцияны жеке қолданушының талғамына құрылатын стилистикалық айшық деп танылады.

Ақындарымыздың ұлттық поэзиясындағы қолданған паронимиялық аттракциялары, негізінен, белгілі бір синтаксистік қатынасқа құрылған үндес сөздер болып келетіні байқалды. Ондай сөздердің жұмсалуды көркем бейне сомдаумен тығыз байланысты болғандықтан, айшықтау, құбылту, ажарлау тәсілдеріне нақты стильдік мақсатта қолданылатынын айқындадық. Мысалы, О, қыздар-қаздар алдымнан / Дүрлігіп ұшып баратқан... [9,186]. Болашағың – болашақ алашағың. Өрсің-ау менің өз елім! / Өз елім – менің өзегім [24,237 б] деген өлең жолдарында белгіленгендер – метафоралық паронимиялық аттракциялар. Қарастырған поэзиялық шығармаларда көбіне -дай, -дей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер де аз ұшыраспайды: Оппа қарға опадай, / Өзі сақ-сақ күледі, / Сылдырмақтай сылдырлап [10,269]. Ақындарымыздың табиғаттағы құбылыстарды, өзгерістерді суреттеуде бейнелі етіп әрі оқырманға әсерлі, айқын көрсету үшін қатар қойып салыстыруда қарама-қарсы қою, шендестіру, жақындату сияқты көріктеуіш амалдарды жиі қолданылатыны айқындалды: босанған Ана. Көктемде дала бусанып, / Біріне-бірі болар ма ұқсас мұншалық [10,273]. Бұнда ақын параллелизм тәсілі арқылы өмірдегі адам мен табиғатқа тән екі түрлі құбылысты салыстыра отырып, олардың айтылудаға ұқсастығымен бірге жалпы сыртқы бейне ұқсастығын көз алдымызға шебер елестетіп отыр.

Белгілі сықақшы О.Әубәкіровтің осындай үндес кірме сөздерді ұтымды ойната білген тұстары көп: –Бұларың не? – Ауылдарыңда телефон болады. Бұл жақсы жаңалық екен, тек – Аяқсыз қалып, фельетон болып жүрмесе? [11,14]. Мәселен, бұл сөйлемде сұрақ қоюшы ауылдарындағы тұрғызылып жатқан баған, олардың басына тартылып жатқан сымды көре, оған іштей сүйсіне тұра, құрылысшыларға осындай маңызды жұмысты тым ұзаққа созып не аяқсыз тастап газет сынына ұшырап жүрмеңдер деген әзіл-қалжыңын газет сөзімен емес, телефонға ұқсас және нағыз сын-сықақ жанрының термині фельетон

сөзімен аңғартып тұр. Бұндай мысалдар прозада да ұшырасады. Мұндай шақта оның кісілігі ісініп, аспан астында ешкімді парық көрмейді [11,17]. Сөйтіп, бұл айтылғандардан паронимиялық аттракция (парономазия) дегеніміздің мағыналары алшақ, дыбысталуы ұқсас болып келетін әр түбірлі де, түбірлес сөздерді де контексте, әсіресе өлең жолдарында, әсерлілік туғызатын стильдік қызметімен ерекшеленетін құбылыс екені айқын байқалады. Паронимдердің де сөзқолданыс жүйесінде коммуникативті де, эмотивті де қолданылатыны, соңғысының басты себебі бұндай жұптардың өзара дыбыстық ұқсастыққа, әуезділікке және көбіне ұйқасқа құрылатындығында екені, бір жағынан, паронимдердің тұлғалық осындай табиғатының бұларды бірінің орнына бірін жаңсақ жұмсауға себепкер де болатынан нақты мысалдармен дәлелденді. Қазақ тіліндегі паронимдер семантикалық байланысының сипатына орай мағыналық және тақырыптық топтарға жіктелді. Ең көбірек ұшырасқаны айтылуы ұқсас, бірақ мағыналары алшақ болып келген, ешуақытта және ешқандай жағдайда бірін-бірі алмастыра алмайтын сөздер, яғни толық, абсолют паронимдер, ал екінші топтағылар – мағыналарында кішкене болса да жақындық бар, көбіне этимологиялық жағынан туыс болып келетін, синонимдік сөздіктерде тіркеліп жүрген, толық емес деп аталатын үндес сөздер екендігі анықталды.

Паронимдер паронимия аталатын күрделі категорияның бір бірлігі ретінде басқа лексика-семантикалық топтардан бөлек, лексикалық жүйе болып табылады. Тілдің ішкі даму заңдылықтарының бірі – әр ұғымды жеке-жеке атау болса, бұл заңдылық паронимдерге тікелей қатысты екені нақты айшықталды. Паронимия құбылысына жататын паронимиялық аттракция (парономазия) – паронимдерден бөлек, ұқсас айтылатын әр түбірлі сөздерді поэтикалық семантизациялау (мағыналық жағынан жақындастыру) негізінде жасалатын, әр түрлі стильдік мақсатта жұмсалатын стилистикалық айшық екені зерделенді.

Қорыта келгенде, қазақ әдеби тілінде, оның доминант стилі – көркем әдебиет стиліндегі негізгі тәсілдердің қатарында дыбыстық қайталамалар да саналады. Олар өз ішінен түрге бөлініп, көркем мәтінде жанрлық сипатына қарамастан, түрлі қызмет атқарып, қайталамалардың үлкен тобын құрайды. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесінде дыбыстық қайталамалардың да алатын өзіндік орны бар деуімізге әбден болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Вишнякова О.В. Паронимы в русском языке. – М.: Высшая школа, 1974. – 192 с.
2. Евграфова А.А. Паронимы в современном русском языке: Автореф... дисс. канд. фил. наук. М., 1975. – 19 с.
3. Прокопьева О.А. Паронимы как языковая единица в системе и функционировании современного русского языка: Автореф... дисс. канд. фил. наук. – Алматы, 1999. – 25 с.
4. Кузнецова И.Н. Паронимы в современном французском языке: Автореф... дисс. канд. фил. наук. – М., 1977. – 27 с.

5. Федотова Л.Н. Паронимы в современном английском языке: Автореф... дисс. канд. фил. наук. – М., 1989. – 17 с.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1980. – 272 б.
7. Бәкей О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003. – 204 б.
8. Кадимов Р.Г. Паронимическая аттракция в русской советской поэзии: Автореф... дисс. канд. фил. наук. – М., 1985. – 22 с. 115
9. Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім. – Алматы: Жазушы, 2001. – 223 б.
10. Мақатаев М. Өмір-өзен. Өлеңдер мен толғаулар. Алматы: Жазушы, 1979. -359 б.
11. Әубәкіров О. Өзіміз білеміз. – Алматы, 1984. – 344 б.

«БАБЫРНАМА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫ

*Таңсықбай Ә.Қ.,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті докторанты.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қ.*

Аннотация

«Бабурнаме» является ценным трудом для ученых-языковедов. Несомненно, он является наиболее ценным источником по метрологической лексике 15-16 веков, то есть по наименованиям измерений. В этой статье речь пойдет о некоторых измерениях длины и расстояния, приведенные в «Бабурнаме».

Ключевые слова: Бабур, Бабурнаме, названия размеров, длина.

Annotation.

«Baburnama» is a valuable work for linguists. Undoubtedly, it is the most valuable source in the metrological vocabulary of the 15th-16th centuries. This article discusses some of the dimensions of length and distance given in the Baburnama.

Keywords: Babur, Baburnama, names of measurements, length.

Захириддин Мұхаммед Бабырдың шығармашылығындағы орны бөлек туынды – «Бабырнама» тарихи еңбегі. «Бабырнаманың» тілі жайында А.М.Щербак: «Бабырнаманың тілі бай: ең алуан түрлі лексика қолданылады, тілдің тарихы тұрғысынан алып қарағанда, көптеген қызықты грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылыстар кездеседі. Мәтінде араб және парсы сөздері кеңінен қолданылғанына қарамастан, Бабырнаманың тілі өте қарапайым» [1, 44], – дейді. Кітап, негізінен, өмірбаяндық сипатқа ие және XV ғасырдың аяғы-XVI ғасырдың басындағы Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан халықтарының тарихын бейнелейді. Осы кезеңдегі Орта Азиядағы, Ауғанстандағы және Үндістандағы феодалдық қатынастарды зерттеуге

арналған әдеби және тарихи ескерткіш ретінде «Бабырнама» еңбегіндегі мәліметтердің бірегейлігі дәрежесінде теңдесі жоқ.

Бүгінгі таңда өлшем атаулары қолданылған бұрынғы жазбаша дереккөздерді зерттеу тіл тарихы саласындағы күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Оларды жинау және теориялық талдау – қазіргі тіл білімі ғылымның маңызды міндеті. Уақыт кезеңіне сүйене отырып, сөздің нақты мағынасын зерттеу қажет. Бұл тәсіл көрнекті әдеби шығармалардың тілін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Өлшем атаулары ұзақ уақыт бойы қолданылған. Тіпті ежелгі уақытта, өлшем бірліктері әлі қалыптаспаған кезде, адамдар өздерінің қажеттіліктеріне сүйене отырып, өлшем бірліктері ретінде адам денесінің кейбір бөліктерінің атауларын қолданды. Сондай-ақ тас, ағаш, темір тағы басқа заттарды да бұл іске жаратқан. Қолданылатын өлшем бірліктері олардың дәуірі мен аймағы үшін белгілі бір мағынаға ие болғаны анық. Мұны барлық әдеби шығармалардың тілінде қолданылатын өлшем атауларының мысалынан да көруге болады.

«Бабырнамада» 15-16 ғасырлардағы Орталық Азияның *газ, йигаиш, қари, қарыш, құрық (курух), мил, қадам, шері, жебенің ұшу қашықтығы, найзаның ұзындығы* және т.б. сол кезде күнделікті өмірде қолданыс тапқан ұзындық пен қашықтық өлшемдерінің атаулары кездеседі. Бабырнамада кездесетін көптеген ұзындық бірліктері түркі тектес және олар ерекше назар аударуға лайық.

«Бабырнамада» елді мекендер арасындағы қашықтықты өлшеу үшін *йагаиш (йигаиш)* лексемасы пайдаланылады. Мысалы: «...Тағы быр қаласы – Ош. Ол Әндіжанның оңтүстік шығысында (Шығысқа таяу), төрт *йигаиштай* жерде.» [2, 21]. Бұл қазақ тіліндегі «ағаш» деген сөз, дегенмен бұл тұста ол өлшем бірлігі рөлін атқарып жатыр. Түркі тілдеріндегі сәйкестігі: *агач* – түрк., құм., қар.-балқ., тат.; *ач* – түр., ғағ.; *агаж* – аз.; *агаиш* – қаз., ноғ., ққал., алт.; *ыйаиш* (<**ыгач*) – тув.; *йагач* – ұйғ.; *жыгач* – қыр.; *йыгаш* ~ *йигаиш* – сюг.; *йывас`* – чув. [3, 45]. Л.В.Дмитриеваның пікірінше, бастапқы *-й* кейінгі ашық дауыстының тарылуына әкеледі: *-а- > -ы- > -и- :ж. -уйг. йыгаш ~ йигаиш*, ал басқа жағдайларда *-й* ондай тарылуға әкелмейді: *уйг. йагач* [4, 136].

Сондай-ақ түрлі елді мекендерде қашықтық өлшеу үшін *фарсаң, фарсах, санг, тош, мил* сияқты атаулар қолданылды. XV-XVI ғғ. қазіргі Орта Азия территориясы Тимуридтер мен Шейбанидтер мемлекетінің құрамына жатты, сондықтан бұл жайт өлшем атауларына да әсер етті. Демек сол кездегі көптеген бірліктер мен өлшемдердің түркі тектес болуы заңды. *Фарсаң (фарсах), санг, тош, йагаиш, мил* сияқты қашықтық өлшемдерінің пайда болуына қатысты метрология тарихында мынадай пікір бар. Бұрында шығыс билеушілері жорықтарда өздерімен бірге әрдайым қосшыларды ертіп жүрген. Олар белгілі бір аралықта, мысалы, әр 12000 қадам сайын, белгі үшін тас (*тош*), металл қазық (*мил*), ағаш баған (*йагоиш, йагаиш*) және т.б. қоятын болды. Қазіргі өлшем бірліктерімен салыстырғанда *йагаиш* немесе *фарсах* шамамен 8,5 км құрайды. Бірақ кейбір дереккөздерде 9000 қадамға, яғни 6 км-ге тең келетін *фарсах* туралы айтылады [5]. Атап айтқанда, «Худуд-ул-олам» [6] дереккөзінде «*огоиш*» (яғни йағаш) атауы бар, ол 6 км-ге тең келеді.

Қары газдың синонимі ретінде де, ұзындықтың одан үлкен өлшемін белгілеу үшін де қолданылды. Бабыр қарыны 4 іліктен 6 тұтамға тең деп қарастырады [7, 121]. М.А.Салье, Д.Г.Вороновский және Б.Қожабекұлының «Бабырнаманың түсініктемесінде»: «Қари – жетпіс см-ге жуық ұзындық өлшемі» [2, 436], – деп берілген. М.Қашқаридің сөздігінде бұл сөздің мағынасы: «Шынтақтан қолдың басына дейінгі аралық» [8, 304]. Яғни нақты бір дене мүшенің атауы емес, дене мүше арқылы өлшенетін мөлшерлік шаманың (ұзындық) атауы ретінде көрсетеді. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қары – қолдың шынтақ қосындысынан иыққа дейінгі бөлігі» [9, 112], – деп беріледі. М.Қашқари сөздігінде *қары* сөзі кездесетін жердің бәрінде де өлшем бірлік ұғымдарымен байланысты түсіндірілген. Соған қарағанда, бұл атаудың орта ғасыр түркі тілінде де кеңінен қолданылған өлшем бірлік екені белгілі. Бұған ғалымның мына сөзі де дәлел: «*Қары* – бөз өлшейтін өлшем, кез. Бұл алдыңғы сөзден алынған ұғым. Бұл ұғым араб тіліне де үйлеседі. Қол өлшемімен, қолдың қарымен мата өлшейтін өлшем екі тілде бір сөзбен айтылады» [8, 304]. Ғалымның түсіндіруіне сүйенсек, бастапқыда *қары* сөзі дене мүше ұзындығына тең қашықтық ұғымының атауы болды, сосын нақты мәнге ие өлшем бірлік атауына айналған. «Қары»-ның бұл мәнін өз еңбегінде А.Өзйеткин де атап көрсетеді [10, 147]. *Қары* сөзінің «Бабырнамада» кездесуі оның бір түркі тілдес халықтар ғана емес, араб-парсы тілді халықтар арасында да кеңінен қолданыс тапқан өлшем бірлік болғаны және тамыры тереңде жатқан сөз екенін көрсетеді. Бұл өлшем атауының шығу тегіне келер болсақ, «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» қары сөзінің шығу төркіні нақты белгісіз екені айтылады: «По-видимому, слово было заимствовано, во первых как мера, во вторых, как анатомический (или разделочный) термин (судя по его употреблению в совр. языках исключительно для называния костей). Отметим соотношение начальных согласных в исконно монг. *qar* «рука» и заимствованном из тюрк. *qari*» [11, 283]. А.В.Дыбо **kar* тұлғасының бірнеше мәнін көрсетеді. Мысалы, қаз. *қар* «предплечье», қарақалп. *қар* «часть руки от локтя до кисти» т.б. **Kar-i* деген оның қатып қалған тәуелденген тұлғасы (окаменевшая форма принадлежности) болуы мүмкін деп есептейді [12, 160-161]. Сонымен қатар ғалым қарының бүгінгі күндегі өлшемдік мағынасының шығу тегін чуваш тіліндегі 2 метрге жуық өлшемдік мағынаны білдіретін «хура» атауымен және оңтүстік шығыс ұйғыр тіліндегі 1 метрге жуық ұзындық өлшем «кері» атауымен байланыстыра қарауды жөн санайды. Өлшем бірліктері болмаған кезде қолдың ұзындықтың өлшемі ретінде кеңінен қолданылуы ғажап емес. Түркі тілдерінде қары сөзі қолды, ұзындық өлшемінің бірлігін, күшті, бағытты, кеңістікті және т.б. білдіреді. Тіпті, бұл сөздің негізінде жатқан **қар* тұлғасын көнетүркі тілінің көнегрек тілімен байланысының айғағы ретінде көрсететін ғалымдар бар. Мәселен, Б.А.Хапаев пен З.М.Хапаеваның көрсетуі бойынша, *qar* «верхняя часть руки» (тув. *қары* «локтевая кость», як. *хары* «предплечье» > эвенк. *kari* «локтевая кость, лучевая кость»; кб. *къарыш* «карыш, мера длины, равная расстоянию между большим пальцем и мизинцем»; шағат. *qaru* «рука») көнегрек. *καρπός* «рука, кисть; плод, прибыль, выгода» (<*καρπώω* «производить, приносить плоды») байланысты; санскр. *karāh*

«рука», кор. *karak* «палец», моңғ. *gar* «рука», венг. *kar* «рука, локоть (мера)» [13, 143]. Демек *қары* сөзіне негіз болған *қар негізінің түбі тереңде жатыр. Сондай-ақ, бұл негіз *қарыш* (*қарыс*) өлшем бірлігіне де негіз болуы мүмкін.

Қарыш – ұзындық өлшемі (кейде «ваджаб» деп аталады), бас бармақ пен шынашақ арасындағы аралық өлшемге, яғни 20-25 см-ге тең. Бабыр оны ұзындық өлшеуде қолданды: «Киюрдың түрі ерекше: оның гүлінің ұзындығы бір жарым-екі қарыш» [14, 212]. Қарыш өлшемі күнделікті өмірде, құрылыста Орта Азияның таулы аймақтарында да, жазықта да (ваджаб) қолданылды [15, 22]. Күнделікті өмірде бұл өлшем әртүрлі комбинацияларда, әртүрлі атаулармен әр жерде қолданылды: сұқ саусақ пен шынашақ арасындағы, ортаңғы және шынашақ арасындағы, шылдыр шүмек пен кішкентай саусақтар арасындағы, бас бармақ пен сұқ саусақ арасындағы өлшемдерді осылай атап жүрген. Қазақ тіліндегі нұсқасы – қарыс. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қарыс сөзіне: «Қарыс – бас бармақ пен ортаңғы саусақтың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі», – деп анықтама берілген [9, 119]. Демек бас бармақ пен ортаңғы саусақтан басқа саусақтардың да арасы жалпылама *қарыс* деп аталып жүрген кездері болған. Жоғарыдағы *қары* сөзі сияқты **қарыш** та өлшем бірлік қызметінде қалыптасқан сөз. Р.Араттың пікірінше, *қарыш* <*қары*+*ш* [16, 584]. Дж. Клоусонда сұрақ белгісімен *қары* сөзінің шығу тегі <**қар* – деп беріліп, «қарыш» деген сөзбен салыстырылады [17, 644-645]. Ғалым «қары» және «қарыш» сөздерінің ертеде қару (қару-жарак) мәнісінде пайдаланылып, кейін өлшем бірлігі қатарында қолданылғанын және дыбыстық өзгеруімен барлық түркі диалектілерінде қолданыла бастағандығын түсіндірген. «Қарыш» сөзінің негізінде **қар* зат есімі жатыр, «қарыш – бұл бас бармақ менен кішкентай бармақтың ұштарының арасындағы аралық» дегенді білдіреді [17, Сонда]. Б.О.Орузбаева, В.Д.Колесникова тағы басқа зерттеушілер «қарыс» сөзін екінші айналымдағы пайда болған сөз дейді. Айталық: «Имя *қарыш* «мера длины между растянутыми большим и средним пальцами» образовано от существительного *қары* «часть руки от локтя до плеч» при помощи непродуктивного аффикса *-ш* ~ *-с* [18, 93]. К.Д.Дыйканов *қарыш* (*қарыш*) сөзі екі морфемадан құралды деп есептейді: «*қар* «рука» и *-ш* (*-ш*) «внутренняя часть» со значением длины внутренней части руки (кисти)» [19, 105]. «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» қарыш сөзі **қары* «хватать, брать» етістігіне *-ы(ш)* аффиксі жалғануы арқылы жасалған деген ой айтылады [11, 325].

«Бабырнамда» қашықтықты анықтау **курух** сөзі де қолданылады. Қашықтықты өлшеуге арналған бұл сөз шамамен 2 км-ге тең [20, 180]. Ал кейбір сөздіктерде [21] ол 4 мың қадамға тең ұзындық бірлігі ретінде берілген. «Гиёс ул-лугот» авторы былай деп жазды: «Үнділерде бұл көз деп аталды. Бұл 4 мың газдың қашықтығын білдірді. Кейбір сөздіктерде бұл 3 мың газ және әр газ 2 зира (тирсак), ал әр зар 8 гира екендігі көрсетілген. Кейбір трактаттарда, сондай-ақ гректер мен үнділіктерде курухты анықтауда айырмашылықтар бар. Біз негізгі тұжырымдарды жаздық» [22, 167]. Дәл осындай ой «Лұғатнамада» да айтылған: «Курух – фарсахтың 1/3 бөлігі, ал бұл 3 мың газ. Курухты арабтар куроъ деп атады. Кейбір лексикографтар курухты 4 мың газдан астам салмақ

өлшемі ретінде түсіндіреді» [23, 16133]. Бұл ой Бирунидің «Үндістан» шығармасында да кездеседі [24, 135]. «Бабырнамада» бұл сөз өте жиі кездеседі. Мысалы: «Келесі күні таңертең біз лагерьден шығып, бір *курухтан* өтіп, жылқылар үшін Джунның жағасында тоқтадық» [25, 299].

Қорытындылай келе, «Бабырнама» – бұл Захириддин Мұхаммед Бабырдың ерекше бір еңбегі. Ол өлшем атауларына бай. *Қары, қарыш, курух* т.б. өлшем бірліктері осыған айқын дәлел. Дегенмен бұл еңбек ілгеріде әлі егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Әсіресе бұл еңбектің сан түрлі тілдердің элементтерінен тұратын бай лексикасын зерттеу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – Москва; Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1962. – 276 с.
2. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
3. Белоглазов П.Е. Реконструкция первичных корней в хакасском языке: Монография. – Абакан: Хакасское книжное издательство, 2014. – 80 с.
4. Дмитриева, Л. В. Из этимологии названий растений в тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языках / Л. В. Дмитриева // Исследования в области этимологии алтайских языков. – Л., 1979. – С. 135–191.
5. Ибрагимов И. Некоторые заметки о хивинских туркменах и киргизах (Из записной книжки) // Военный сборник. – СПб., 1874. – Т. 98, № 9. – С. 135.
6. Худуд-ул-олам. Текст подгот. Н. Косимов. – Душанбе: Дониш, 1983. – 132 с.
7. Холов М.Ш. Книга «Бабур-наме» как метрологический источник // Наука та наукознавство, 2008, №1, 119-131 б.
8. Қашқари М. Түркі тілдер сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. III – 597 б.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 6 Т. – 623 б.
10. Özyetgin A.M. Orta Zaman Türk Dili ve Kültürü Üzerine İncelemeler. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2005. – pp.272.
11. Этимологический словарь тюркских языков. Обще тюркские и межтюркские лексические основы на буквы "К" ("Г") и "Қ" ("К" ~"К"). Выпуск первый / Российская академия наук. Институт языкознания / Отв. ред. д.ф.н. Г.Ф.Благова. – М: «Языки русской культуры», 1997. – 368 с.
12. Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. Соматические термины (плечевой пояс). – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 389 с.
13. Хапаев Б.А., Хапаева З.М. Общие лексические основы древнетюркского, древнегреческого и латинского языков. - Карачаевск, 2013. – 244 с.
14. Бабур. Бабур-наме (Записки Бабура) / Сост. С.Азимиджанова, пер. М.Салье. – Ташкент, 1982. – Кн. 2. – 256 с.

15. Рахимов М.Р. Земледелие таджиков бассейна реки Хингоу в дореволюционный период // Труды АН Тадж. ССР. – 1957. – Т. 43. – 221 с.
16. Arat R. Gazi Zahirüddin Muhammed Babur Vekayi Babaur'un Hâtıratı cilt I-II. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1987. – 554 p.
17. Sir Gerard Clauson: An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. – Oxford: Clarendon Press, 1972. – 989 pp.
18. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке / АН Киргизской ССР, Институт языка и литературы. – Фрунзе : Илим, 1964. – 312 с.
19. Дыйканов К.Д. К этимологии некоторых киргизских слов // Тюркология – 88: Тезисы докладов и сообщений Всесоюзной тюркологической конференции. Фрунзе, 1988. – С. 105.
20. Бабур З.М. Бабурнаме / пер. М.Салье. – Ташкент: АН УзССР, 1958. – 380 с.
21. Назарова Х.З. Бобур асарлари учун қисқача луғат [=Краткий словарь для произведений З.М.Бабура]. – Ташкент: Фан, 1972. – 3 с.
22. Мухаммад Гиёсиддин. Гиёс ул-луғот. – Душанбе: Адиб-Тадж., 1988. – 416 с.
23. Деххода А-А. Логатнаме. [в 14 т.]. – Тегеран: Данешгах-е Техран [=Издательство Тегеранского университета], 1334 год хиджры. – 21149 с.
24. Бируни. Хиндистон [=Индия]. – Ташкент: Фан. – Т.2. – 1965. – 135 с.
25. Бабур З.М. Бобурнома = Бабурнаме. – Ташкент: Юлдузча, 1989. – 367 с.

ГАЗЕТА МАТНЛАРИДА ЯШИРИН МАЗМУН КАТЕГОРИЯЛАРИНИНГ УМУМИЙ ТАВСИФИ

(Газет мәтіндеріндегі жасырын мазмұн категорияларының жалпы сипаттамасы)

*Сабирова М.К.,
докторант Институт узбекского языка,
литературы и фольклора Академии наук
Республики Узбекистан.
Ташкент қ.*

Аннотация

С начала XX века в мировой лингвистике возникло направление прагмалингвистики как результат семиотического подхода к языку. Как отдельный раздел лингвистики, прагмалингвистика ставит перед исследователями ряд проблем. Одно из них – это анализ событий, связанных со скрытым контентом. С этой целью в статье исследованы явления, связанные с прагматическими особенностями газетного текста, в частности, выражение эксплицитного и имплицитного содержания информации. Также были объяснены термины имплицитность, импликация, неявное выражение, импликация, относящиеся к скрытому содержанию. Изучено отношение

лингвистов к событиям, связанным со скрытым контентом. Следует отметить, что создатель газетного текста, исходя из своих личных предпочтений, иногда выбирает вид невербального содержания в вербальном выражении при реализации своего коммуникативного намерения. В статье мы также выделили и доказали на примерах явления подтекста и пресуппозиции категории, формирующие скрытое содержание выражения. В нашем исследовании мы считали необходимым называть события скрытого контента по имени скрытых маркеров.

Ключевые слова: имплицатура, импликация, импликационал, имплицитное выражение, подтекст, пресуппозиция, пропозициональное содержание.

Annotation

Since the beginning of the twentieth century, the direction of pragmalinguistics has emerged in world linguistics as a result of a semiotic approach to language. As a separate branch of linguistics, pragmalinguistics poses a number of problems for researchers. One of them is the analysis of events related to hidden content. For this purpose, the article investigates the phenomena associated with the pragmatic features of the newspaper text, in particular, the expression of the explicit and implicit content of information. Also, the terms implicitness, implication, implicit expression, implication related to the hidden content were explained. The attitude of linguists to events related to hidden content has been studied. It should be noted that the creator of a newspaper text, based on his personal preferences, sometimes chooses the type of non-verbal content in verbal expression when realizing his communicative intention. In the article, we have also identified and proved by examples the phenomena of subtext and presupposition of the category that form the hidden content of expression. In our research, we considered it necessary to name hidden content events after hidden markers.

Keywords: implicature, implication, implicational, implicit expression, subtext, presupposition, propositional content.

Ўзбек тилшунослиги тараққиётининг бугунги даврида матбуот матнининг прагматик хусусиятларини ўрганиш медиалингвистика соҳаси ривожига муҳим аҳамият касб этади. Газета матни ахборот узатиш, тарғибот ва ташвиқот қилиш, тарбиялаш, реклама қилиш, таъсир ўтказиш вазифаларини бажаради. Ахборот баёни журналистнинг касбий этикаси, маҳорати, шахсий позицияси, нутқий вазият ва ижтимоий муҳит сабаб ошқора ёки яширин шаклда берилиши мумкин. Шу сабаб матн яратувчиси ўзининг хусусий хоҳишига таяниб, ўз коммуникатив ниятини амалга оширишда баъзан вербал ифодада ношаклий мазмун кўринишини танлайди.

Ахборотнинг ошқора шакли ифоданинг ҳар қандай кўринишида мавжуд, у кўпинча нутқ предмети хусусидаги оддий пропозицияни ташкил қилади ва бу ошқора мазмун деб юритилади. (18, 75-93) Сўзловчи фикр ифодалашнинг эксплицит, яъни очик усулидан фойдаланса, унинг гаплари кўпроқ нутқ қаратилган шахсга маълумот етказиш, уни хабардор қилиш билан чегараланади. (4, 59-63) Матбуотнинг ҳам асосий функцияси оммага ахборот

етказиш ва таъсир ўтказиш ҳисоблангани боис, ахборот жанридаги матнларни ошкора ифода шаклига мисол қилиш мумкин. Босма нашрларнинг яширин мазмун ифодаси эса таъсир ўтказиш функциясини бажаради. Матбуот материалларида матн яратувчи ўз қарашларини, фикрини яширин ифодалаш орқали мақолага эътиборни жалб қилиш, таҳлилий ва танқидий руҳни шакллантириш, газетхон фикрини ўзгартириш, муайян мақсадга йўналтириш ва бошқаришни мақсад қилади. Газета матнларининг манипуляцион функцияси яширин таъсир орқали коммуникатив мақсад муваффақиятли амалга оширилади. Шу сабаб матбуот матнларида ахборотни яширин ифодалаш стратегияси оммага таъсир қилишда самарали усуллардан бири ҳисобланади.

Газета матнларида ахборот баёни яширин (имплицит) шаклда ифодаланиши муаллифнинг коммуникатив мақсади, нияти билан боғлиқ. «Ахборотнинг яширин шакли ошкора баён таркибига жойлаштирилади. Бу яширин мазмун деб юритилади.» [18, 75-93] Тилшунос олим Г.П.Грайс мазмуннинг яширин компонентлари ҳисобланган импликация, имплицит ифода, импликатура, импикат атамаларини умумий тушунча сифатида таърифлайди. У илк бор импликатура тушунчасини прагматингвистикага оид ҳодиса сифатида тадқиқ қилди ва матнда ҳосил бўладиган яширин маънони импликатура ҳодисаси дея талқин қилди. Файласуф П.Грайснинг прагматика назариясига кўра, нутқий акт орқали узатилган ахборот икки қисмга ажралади: нима дейилди? («what is said»), нимани назарда тутилди? («what is meant»), айнан бу оппозицияда импликатура жойлашади. (2, 217-237) Импликатура – сўзловчи (матн муаллифи – таъкид М.С.) назарда тутган тингловчи (ўқувчи, газетхон – таъкид М.С.) англаши, илғаб олиши лозим бўлган имплицит ахборотдир. (11) Кўплаб тадқиқотларда яширин (имплицит) ахборот тушунчаси билан бирга импликатура, импликация, импликационал, импикат, имплицитлик атамалари ҳам юритиб келинмоқда ва бу тушунчаларнинг қўлланиши борасида аниқлик киритиш зарурати пайдо бўлмоқда.

Тилшунос И.Арнольднинг таъкидлашича, «импликация, бу – микроконтекстда, мулоқот вазиятида вужудга келадиган ва тил бирлиги орқали билвосита ифодаланган қўшимча маънодир. Импликатура эса, ушбу жараённинг номидир». (1,83-91) Импликация турли илмий тадқиқотларда изоҳланмаган маълумот, ифода этилмаган ахборот сифатида таснифланади ва импликацияда сўзловчининг назарда тутган фикри матн остига олинади. (9, 75-84) Тилшунос олим А.Бондарко импликационал терминини лексик сатҳнинг яширин маъно қирраларини ўрганишини ва тил бирликларининг назарда тутилган маъноси англанишини айтади. (9, 75-84) Олим Д.В.Хворостин яширин (имплицит) мазмунни шакллантирувчи компонентларни гуруҳлайди, олимнинг фикрича: импликационал – лексик сатҳда ўрганилса, импликация – гап ёки матн доирасида таҳлил қилинади, импликатура эса дискурс ҳодисаси асосида юзага келишини таъкидлайди. (17, 203-205) Ўзбек тилида матннинг прагматик хусусиятлари бўйича кузатиш олиб борган М.Ҳакимов импликация термини ўрнида «бир умумий тушунчани ифода этувчи *умумяширин* атамаси»ни қўллайди. Умумяширин атамасининг луғавий маъноси матнда вербал ифодалаб

бўлмайдиган ёки вербал баён маромига етмаган ҳолатда сўзловчи ишора қилган ва тингловчи англаб олиши лозим бўлган ношаклий мазмун кўринишидир. (18, 86) Маълум бўладики, умумяширин (импликация) ва имплицатура ҳодисалари микро ва макроматнда намоён бўлишига кўра фарқланади.

Украин олими Н.К.Кравченко ҳам импликация ва имплицатура ҳодисаларини фарқлайди: «имплицатура бутун матн таҳлилига асосланган, импликация – матндаги фақат 1та пропозициянинг яширин маъноси таҳлил қилинади. Импликацияда лингвистик белгилар, матнда коннотатив маъно элементларини ифодаловчи воситалардан фойдаланилса, имплицатурада махсус лингвистик воситалар қўлланмайди, у шартли равишда матнга, контекстга индексланмайди ва матндан мазмунни илғаб олишга асосланади». (6) Ҳ.Грайс имплицатурани конвенционал ва конвенционал бўлмаган турларга ажратади. (2, 73-90) Имплицатуранинг конвенционал бўлмаган (коммуникатив имплицатура) тури матний хулосалар(контекстуальные выводы)га асослангани боис, прагмалингвистикнинг марказий масалаларидан бири ҳисобланган тагмаънони ҳосил қилади. Ҳ.Грайс тақлиф қилган мулоқот тамойилларидан чекиниш ва тагмаънони излаш бевосита матн имплицатурасини ўрганишга ундайди.

Яширин (имплицит) ахборот нутқий фаолият натижасидир. Шу сабаб яширин ахборот билвосита нутқий актлар билан бир нуқтада кесишади. Чунки сўроқ акти орқали илтимоснинг, эътироз ёки норозиликнинг англанишиёқ ифода таркибида яширин мазмун борлигига ишора қилади. (5, 13) М.Ҳақимов фикрича, «ҳар қандай ифодадаги маълум воқеликка асосланган ахборот кўриниши ўша ифодадаги нутқий актлар бошқарувида ўз сатҳини ўзгартиради. Нутқий актлар ахборотнинг ҳар қандай кўринишида мавжуд бўлиб, у сўзловчининг хусусий муносабати моҳиятини ташкил этади. <...> Яширин (имплицитив) мазмунга алоқадор атамаларнинг вазифаси маълум ахборот кўринишини яшириб ифодалашдан иборат бўлса, ифода семантик тузилишида намоён бўлувчи тасдиқ, тақик, инкор, сўроқ ва маслаҳат каби нутқий актлар яширин мазмун сатҳини ўзгартириб туради ёки янги мазмун хусусида дарак беради». (18, 108) Тилшунос олим И.Сусов ҳам билвосита нутқий актлар натижасида нутқий имплицатуралар вужудга келишини таъкидлаган. (13, 119) Демак, нутқий имплицатура сўзловчи интенциясини билвосита ифодалашга асосланади.

Шуни алоҳида таъкидлаш керакки, ўзбек тилшунослигида яширин мазмун кўринишлариларига бағишланган махсус тадқиқот ишлари йўқ. Бироқ айрим тадқиқотлар ва монографик ишларда мазкур масала ҳақида умумий ишлар бериб ўтилган. Жумладан, Н.Қазақованинг «Ғафур Ғулом насрий асарларининг прагмалингвистик тадқиқи» номли диссертациясида матн мазмунини шакллантирувчи категориялар, яъни *пропозиция, референция, пресуппозиция, имплицатура, тагмаъно* ҳақида ўз мулоҳазаларини баён этган: «Пропозиция ва референция нутқий бирликнинг борлиқ билан тўғридан-тўғри алоқадор, денотатив қисмини ташкил этса, пресуппозиция, имплицатура, тагмаъно кабилар бевосита ифодаланмаган, аммо умумий билиш фондига асосланган ҳолда англаниши лозим бўлган ахборотни қамраб олади ва тилшуносликда бундай ифодаланиш умумий тарзда *импликация, имплицатура,*

яширин маъно терминлари билан юритилади». (19, 9)] Профессор Ш.Сафаров имплицатурани умуман яширин маъно эмас, мақсадли, нутқий яширин маъно сифатида тушуниб, бу ҳодиса пресуппозицияга яқин турса-да, ўзаро фарқ қилишини айтиб ўтади. Имплицатура доимий бўлмаган, матнда тез ўзгариб турадиган, ҳатто йўқолиши мумкин бўлган маъно, мазмун элементидир. Пресуппозиция эса, аксинча, матнда йўқолмайдиган, доимийлик хусусиятига эга бўлган мазмуний ҳодисадир. Бу икки ҳодисанинг яна бир фарқи шундаки, пресуппозиция кўпинча лисоний шакл билан боғлиқдир, имплицатура бутунлай маъно доирасига киради ва лисоний шаклнинг ўзгариши унга қарийб таъсир ўтказмайди, деб икки ҳодисанинг фарқли томонларига изоҳ беради.(12, 132)

Тилшунос олим М.Ҳақимов ифоданинг яширин мазмуни хилма-хил эканлигини, унинг таркиби пресуппозиция, ёйиқ мазмун, йиғиқ мазмун, тагмаъно ва унинг турлича кўринишлари – лўқма, пичинг, киноя, кесатиклардан иборат эканлигини таъкидлайди. (18, 97) Шунингдек, яширин мазмун категорияларига ифоданинг билвосита шакллари, яширин маъно кўринишларини юзага чиқарувчи махсус матнлар, яъни мақоллар, маталлар, топишмоқлар, фразеологизмлар, ибораларни ҳам мисол қилиш мумкин. Кузатишларимиз давомида ифоданинг яширин мазмуний сатҳини ўрганишда турли атамаларнинг қўлланишини кузатдик ва биз ўз тадқиқотимизда уларни умумлаштирган ҳолда «*яширин маркерлар*» деб аташни лозим топдик.

Яширин мазмун билан боғлиқ ҳодисаларни фарқлаш прагмалингвистиканинг долзарб масалаларидан бири ҳисобланади. Биз юқорида ифоданинг яширин мазмунини шакллантирувчи категорияларни яширин маркерлар сифатида таснифлаган эдик. Улардан бири тагмаънодир. Фикрни яширин ҳолда, коса тагида нимкоса шаклида етказиш ошқора ифодадан кўра «мўлжал»га аниқ етиб боради ва шунинг учун ҳам бу прагматикадаги асосий масалалардан бири саналади. (19, 103) Тагмаъно – маънонинг контекст ва нутқий вазият орқали реаллашуви натижасида юзага келган ифоданинг яширин маъноси ҳисобланади.(16, 830) Тагмаъно масаласи лингвистик нуқтаи назардан И.Т.Сильман, И.В.Арнольд, К.А.Долинин, Л.Г.Раджабова, Е.И.Лелис каби тадқиқотчилар томонидан ўрганилган. (14; 1; 3; 10; 7)

Тадқиқотларда имплицитлик тушунчаси тагмаъно/подтекст тушунчаси билан мустаҳкам алоқада эканлиги таъкидланган. Тагмаъно (подтекст) дейилганда, фикр матн орқали ифодаланмай, вазият орқали ифодаланадиган ахборот мазмуни ҳам тушунилади, кўп ҳолларда тагмаъно (подтекст) тил меъёрларидан чекиниш, сўзни одатдан ташқари вазиятларда қўллаш, сўз шаклининг у ифодалаётган маънога мос келмаслиги, муаллифнинг ёки асар персонажининг – гапирувчи шахснинг прагматик мақсадига боғлиқ ҳолда ҳосил қилинади. У бундай яширин маъноли сўзларни қўллар экан, тингловчига (газетхонга – таъкид М.С.) муайян даражада прагматик таъсир кўрсатишни ҳам мақсад қилиб қўяди. (8, 77-82) Тагмаъно ёки ифоданинг имплицит мазмуни – бу лисоний ва грамматик бирликлар орқали бевосита ифодаланмаган, бироқ тингловчи ва нутқ иштирокчилари англаб олиши мумкин бўлган яширин маънодир. (3, 40) Демак, таърифлардан тагмаъно яширин (имплицит) ахборот сифатида англашилади. Россия олимлари тагмаъно имплицит баёнга қараганда

кенгроқ мазмунга эга эканлигини таъкидлайдилар. (15) Т.С.Оганезова ҳам тағмаъно ва яширин (имплицит) ахборотни фарқлаб, «тағмаъно имплицит ахборот асосида шаклланишини, бироқ улар икки тенг ҳодисалар эмаслигини, тағмаъно имплицит мазмунга қараганда кенг тушунча эканлигини» таъкидлаган. (9, 75-84) Бизнингча, тағмаънони яширин ҳукм, хулоса сифатида қарамоқ лозим. М.Ҳақимов ҳам тағмаънони «пропозиция орқали ишора қилинувчи ҳукм ичидаги ҳукмдир» деб таърифлайди. (18, 118)

Матбуот матнлари орқали муаллиф томонидан баён қилинган ахборотнинг қайси кўриниши тағмаъно ифода шаклида берилиши муаллиф позицияси билан боғлиқ. Газета матнларида тағмаънодан кўзланган асосий мақсад фикрни мўлжалга аниқ етказиш, газетхоннинг руҳиятига таъсир кўрсатиш, уни фикрининг ўткирлигини оширишдан иборат бўлади. Тағмаъно нутқий вазият, сўзловчи ва тингловчи мавқеи, муносабатларига боғлиқ тарзда юзага келади ва тағмаънонинг юзага келишида ҳам умумий билиш фондининг аҳамияти бор. Чунки яширин ифодаланган фикрни эшитган ҳар қандай инсон уни тушунишда ўзининг фон билимларига асосланади. (19, 105) Шунингдек, тилшунос М.Ҳақимов таъкидлаганидек, «нутқ объектига хос гина, киноя, пичинг, кесатиқ мазмуни бошланишининг ўзи матнда тағмаъно мавжудлигига ишора деб қаралишидан дарак беради». (18, 104) Газетада ҳам киноявий тағмаъно ифодаланган матнларни кўп учратиш мумкин. Масалан, *Маълумки, давлатимиз раҳбарининг 5та муҳим ташаббусидан тўрттинчиси – ёшлар маънавиятини юксалтириш, улар ўртасида китобхонликни кенг тарғиб қилиш бўйича тизимли ишларни ташкил этишига йўналтирилган эди. Айтинг-чи, «ҳурматли» «акалар», апрель ойидан китобга жорий этиладиган ҚҚС сизларнинг бу сиёсатга садоқатингизми? Ўша ҚҚСнинг оғирлиги охир-оқибат китобхоннинг «чўнтагига» келиб тушади. Биласизми, асли китобхон қавмининг чўнтаги Сизлар ўйлаганчалик бақувват эмас...* («Ишонч» газетаси, 2020 йил 9 январь) Келтирилган мисолда «ҳурматли» «акалар»нинг қабул қилган «янгилиги» китобхонларга қимматга тушганлиги мазмунидаги киноявий тағмаъно орқали матнда прагматик мазмуннинг мавжудлиги асосий аҳамиятга эга.

Газета матнларида тағмаъно шаклининг берилиши ижтимоий муҳим ҳисобланган муаммоларга салбий муносабатни ёки фикрни танқид қилиш асносида муаммолар ечимини излашга қаратилади. Масалан «Маърифат» газетасининг 2019 йил 19 июндаги сонида «Мактабларга пулик қабул бу ҳақида жамоатчилик нима дейяпти» сарлавҳали мақолада муаллиф фикри пичинг, кесатиқ шаклида ифодаланган: *Масалан, 6 яшар бола мактабга тайёр эмас, дейилди. Ота-онаси 10 минимал ойлик тўласа, тайёр бўлиб қолдимми? Ёки бола уйда рус тилида мулоқот қилолмаса, у фанларни рус тилида ўрганишига тайёр эмас, дейилди. Ота-онаси 10минимал тўласа, тайёр бўлиб қоладимми? Охирги пайтларда мумкин бўлмаган нарса пулини тўласанг, “мумкин”га айланыпти. Тестдан ўтолмасанг, ОТМда ўқиш мумкин эмас, лекин супер контрактни тўлашига пулинг етса – мумкин. Машина ойнасини қорайтириш мумкин эмас, бу хавфсизликка таҳдид, лекин ҳар йили 16 миллион*

сўм пул тўлашга пулинг етса-мумкин. Қонун ҳамма учун баробар эмас, пулдор ва пулсизлар учун ҳар хил бўлиб бормоқда.

Матбуот матнларида муаллиф фикри киноя, пичинг, кесатик мазмунидан ташқари шаклан маслаҳат, огоҳлантириш мазмунига эга бўлган контексларда муаллиф нутқий таъсирни кучайтириш мақсадида фикрни тугалланмаган шаклда беради. Масалан: *Донишманд адибларимиздан бири «Бўрону довулдан ҳам, селу тошқиндан ҳам хавфли иллат, бу – беғам-бепарволикдир», деб бежиз айтмаган. Чунки лоқайдлик ва бепарволик барча даврда ҳам турли кўнгилсизликларнинг асосий сабаби ҳисобланган. Сирасини айтганда, бир қарашда бундан ҳеч кимга зарар етмаётгандай. Бироқ... («Халқ сўзи» газетаси, 2020 йил 18 июнь) Пандемия даврида огоҳликка ундаш мақсадида ёзилган матнда касалликка қарши ҳушёрлик ва масъулият билан курашиши лозимлиги мазмунидаги тағмаъно мавжуд.*

Савол актлари орқали ҳам тағмаъно ифодаланади: *Шу йил феврал ойида онам «Отаннинг пенсиясини қўшиб олдим, камроқ чиқибди», деб қолди. Кейин билсак, отамга жами 355 минг сўм пенсия пули чиққан экан. Ўқитувчининг пенсияси шунча бўлса-я?! Отамнинг нафақаси энг кам иш ҳақининг икки баробарига ҳам етмаяпти. Буни изоҳлаб берадиган одам топилмади. Масала кафтдек аён. Ё қонунчилигимиз тўғри эмас, ё ижрочилар! Тўғри, отам охириги йиллари ишламаган, лекин шунча йиллик меҳнати-чи?! Юзлаб шогирдлар етиштирган математик, шунча йиллик стажга эга мутухассис 355 минг сўм пенсия олиши тўғрими? («Маърифат» газетаси 2019 йил 5 июнь))*

Газета саҳифаларидаги ҳикматли гаплар, иқтибослар орқали ҳам тағмаънога ишора қилинади: *Инсонларни китоб каби анланг. Муқовасига қараб алданманг, ичини ўқиб чиққачгина моҳиятини биларсиз... (Ж.Румий) («Маърифат» газетаси 2019 йил 13 ноябрь) Бу матнда метафорик тағмаъно кўриниши мавжуд бўлиб, “Инсонларнинг инсонийлик хислатлари уларнинг ички олами билан боғлиқ” мазмунидан иборат.*

(«Маърифат» газетасида чоп этилувчи киноявий иқтибослар ҳам тағмаънони ҳосил қилади. Масалан: 1. *Иш ҳақидаги эълонларни ўқиб қилган хулосам: биздаги иш берувчиларга арзимас ойликка ишлайдиган ёш сеҳрган Мерлин керак.* 2. *Бизда 2 миллионга яқин одам тўйиб овқатланмайди. 2 мингга яқин одам эса еб тўймайди.* 3. *Агар Ўзбекистонда бирор нарсанинг нархи тушганини эслай олмасангиз, вирус ваҳимаси вақтидаги бананлар савдосини хотирла.* («Маърифат» газетаси 2020 йил 22 январь)

Айтиш мумкинки, газета матнларида фикрнинг таъсир этиш даражасини кучайтириш мақсадида ифоданинг тағмаъно усулидан фойдаланилади. Яширин маркерлар сифатида таснифланган тағмаъно ва пресуппозиция ҳодисаларини фарқлаш бугунги кунда прагматингвистиканинг назарий моҳияти учун катта амалий аҳамият касб этади. Тағмаъно ва пресуппозиция ҳодисаларини қиёслаб ўрганган М.Ҳақимов «пресуппозицияда жумладаги пропозицияни зидлаш асосида мантиқий мазмун англашилиши» ҳақида фикр юритган. (18, 105-121)

Бу ўринда айтиш мумкинки, тағмаънода ҳам пресуппозицияда кузатилгани каби муайян нутқий вазият, нутқий мулоқотда иштирок этувчиларнинг нутқ объекти бўйича умумий билимлари муҳим ўрин тутди.

Мулоқот иштирокчиларининг нутқ объекти ҳақидаги умумий билимлари пресуппозиция ва тағмаънонинг уларга тушунарли бўлишига имкон беради.

Газета матнларида пресуппозициянинг ифодаланишида ўзига хос жиҳатлар кузатилади. Газета матнларида кўпинча бир вақтнинг ўзида бирдан ортиқ пресуппозиция ифодаланиши мумкин. Бироқ бундай вазиятда матнда ифодаланган пресуппозиция ва тағмаънони фарқлаш мақсадга мувофиқ. Қуйидаги газета матнига эътибор қаратамиз:

Агар томошабин спектаклга кириш бепул бўлгани учунгина театрда оқиб келган бўлса, у ўзини қизиқтирмаган томошага вақт сарфлаб ўтирмай, ярмидаёқ бу даргоҳни тарк этган бўларди. («Ўзбекистон адабиёти ва санъати» газетаси 2019 йил 29 март)

Мазкур матнда «*У(томошабин) ўзини қизиқтирмаган томошага вақт сарфлаб ўтирмай, ярмидаёқ бу даргоҳни тарк этган бўларди*» гапидан «*Томошабин театрни тарк этмади*» пресуппозицияси англашилади. Пресуппозиция [Агар... -ган бўлса, ... бўларди] синтактик қолипни орқали юзага чиққан.

Шу билан бирга, ушбу матндан «*Театр пуллик бўлган вақтда томошабин кам келган*» ахбороти ҳам яширин тарзда англашиладики, уни тағмаъно деб баҳолаш лозим.

Яна бир мисол: *Демак, юртимиз театрлари жамоалари бугун репертуар масаласида жиддий бош қотиришлари ва мухлисларни зериктирмаслик йўллари излашлари зарурга ўхшайди. Қолаверса, театрларнинг чипталари нархини ҳам яна бир бор ўйлаб кўриш керак.* («Ўзбекистон адабиёти ва санъати» газетаси 2019 йил 29 март)

Ушбу матнда «*Демак, юртимиз театрлари жамоалари бугун репертуар масаласида жиддий бош қотиришлари ва мухлисларни зериктирмаслик йўллари излашлари зарурга ўхшайди*» гапидан «*Аввал юртимиз театрлари жамоалари репертуар масаласида жиддий бош қотиришмаган ва мухлисларни зериктирмаслик йўллари излашмаган*» пресуппозициясига ишора қилинган. Мазкур пресуппозиция бугун равишининг семантик зиддига ишора қилиши натижасида шаклланган. Гап тасдиқ шаклда бўлгани боис пресуппозиция инкор характерда шаклланган.

«*Театрларнинг чипталари нархини ҳам яна бир бор ўйлаб кўриш керак*» гапидан *чипта нархлари қиммат, арзонлаштириш лозим* мазмуни тағмаъно сифатида англонади. Бундай тадқиқотларда сўзловчи назарда тутган пресуппозицияга ҳам, тағмаънога ҳам кўпинча бир нуқтада ишора қилинади, шунинг учун уларнинг ўзига хос хусусиятлари асосида ажратиб олиш ўта эҳтиёткорликни талаб қилади.

Хулоса сифатида айтиш мумкинки, газета матнларида фикрнинг таъсир этиш даражасини кучайтириш мақсадида ифоданинг яширин усулидан кенг фойдаланилади. Яширин маркерлар сифатида таснифланган тағмаъно ва пресуппозиция ҳодисаларини фарқлаш бугунги кунда прагматлингвистиканинг назарий моҳияти учун катта амалий аҳамият касб этади.

Фойдаланилган адабиётлар рўйхати

1. Арнольд И.В. Импликация как прием построения текста и предмет филологического изучения // Вопросы языкознания. 1983. – №4. – С. 83–91.
2. Грайс П. Логика и речевое общение / Новое в зарубежной лингвистике. Москва: Прогресс, 1985. – Вып.16. Лингвистическая прагматика. – С. 217-237.
3. Долинин К. А. ИмPLICITное содержание высказывания // Вопросы языкознания. – 1983. – № 6. – С. 37-47.
4. Ибрагимова Ф. Синтактик бирликлар воситасида бадий мақсадни яширин ифодалаш ҳақида // Ўзбек тилшунослигининг долзарб масалалари. – Т., 2019.– Б.59-63.
5. ИмPLICITность в языке и речи / Отв. ред. Е.Г.Борисова, С.Мартемьянов. — М.,1999. – С.13.
6. Кравченко Н.К. Пресуппозиция, импликация, импликатура, экспликатура: к проблеме разграничения терминов. // Мова і культура. – 2012. – Вып. 15. –С. 225-231. http://nbuv.gov.ua/UJRN/Mik_2012_15_1_43
7. Лелис Е.И. Теория подтекста: учеб.метод. пособие. – Ижевск, 2011. – 60 с.
8. Мирбобоева Д. Импликация тушунчасининг когнитив-прагматик аспектда талқин қилиниши // Ўзбекистонда хорижий тиллар. Т., 2016. –№3(11). – Б.77-82.
9. Оганезова Т.С. Проблема отграничения имPLICITности от смежных понятий и явлений // Гуманитарные исследования. М., 2011. – № 2 (38). – С. 75- 84.
10. Раджабова Л. Г. Взаимодействие экспPLICITности и имPLICITности в смысловой структуре художественно-публицистического произведения (на материале статей М. Исаковского) : Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Махачкала, 2006. – 28 с.
11. Скулимовская Д.А. Импликатура, пресуппозиция и логическое следствие как когнитивные механизмы интерпретации речевого акта предупреждения. <https://cyberleninka.ru/article/n/implikatura-presuppozitsiya-i-logicheskoe-sledstvie-kak-kognitivnye-mehanizmy-interpretatsii-rechevogo-akta-preduprezhdeniya>
12. Сафаров Ш. Прагмалингвистика. – Тошкент, 2008. – Б. 132.
13. Сусов И.П. Лингвистическая прагматика (Учебное пособие). — М.: Восток-Запад, 2006. — 200 с.
14. Сильман Т. И. Подтекст – это глубина текста // Вопросы литературы. – 1969. –№1. – С. 89-102.
15. Сермягина С.С. ИмPLICITное и подтекст: Общее и специфическое. http://sun.tsu.ru/mminfo/000063105/300%28I%29/image/300_1_027-030.pdf.
16. Хализев В.К. Подтекст // Краткая литературная энциклопедия. М., 1968. – С.830.

17. Хворостин, Д.В. Неассертивные компоненты смысла высказывания как средство корректировки языковой картины мира // Слово, высказывание, текст в когнитивном, прагматическом и культурологическом аспектах. – Челябинск, 2003. – С. 203-205.

18. Ҳақимов М. Ўзбек прагмалингвистикаси асослари. Тошкент: Академнашр, 2013. –Б.75-93.

19. Қазақова Н. Гафур Ғулом насрий асарларининг прагмалингвистик тадқиқи. Филол.фан бүйича фалсафа д-ри...дисс. – Наманган, 2019.–Б.93.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «БІЛІМ» КОНЦЕПТІСІ

*Аманбек А.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
магистранты, ғылыми жетекші:
ф.ғ.д., профессор Г.О.Сыздықова.
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы*

Аннотация

В статье исследуется концепт «знание» в казахской паремиологии и его концептуальное поле в сопоставлении с другими альтернативными названиями в языке. Определены несколько тематических групп пословиц и поговорок, составляющих поле данного концепта. При изучении и анализе концепта «знание» широко использовались толковый словарь казахского языка, сборники пословиц и поговорок, этнографические материалы. Пословицы, включающей образовательный процесс, классифицировались и анализировались по логической структуре.

Annotation

The article examines the concept of "knowledge" in Kazakh paremiology and its conceptual field in comparison with other alternative names in the language. Several thematic groups of proverbs and sayings that make up the field of this concept have been identified. When studying and analyzing the concept of "knowledge", explanatory dictionaries of the Kazakh language, collections of proverbs and sayings, ethnographic materials were widely used. Proverbs involving the educational process were classified and analyzed according to a logical structure.

Қазақ паремиологиялық танымындағы адам болмысы, адам мен оқу-ғылым арасындағы күрделі қарым-қатынас реттеуші тілдік тетік қызметінде жұмсалып қана қоймайды. Сонымен қатар ұлттық мәдениеттің болмысына қатысты құнды мәлімет беретін концептілік аяның қалыптасу негізі де болады. Ғалым А.Исламның пікірінше: «Дүниенің тілдік суреті дегеніміз – бір тілде көрініс тапқан жалпы ұлт өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе


негізінде жиналған білім жүйесі. Дүниенің тілдік суреті феномені тіл мен ойлаудың өзара қатынасын танымдық (когнитивтік) ғылым шеңберінде қарастыру қажеттігін туындатады» [1, 13]. Ғалам бейнесінің фрагменттері белгілі бір концептілік аяның ауқымына енген әрбір паремияда көрініс табады. Соның бірі – мақал-мәтелдердегі «білім» концептісі.

Белгілі ғалым Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» [2, 142].

Тіліміздегі «білім» ұғымымен байланысты «ақыл», «ілім», «парасат», «сана», «оқу», «ғылым», «ой-өріс» т.б. сөздер білімнің қоғамдағы орнын, халық танымындағы сипатын танытады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «білім» сөзі былай анықталады: «білім – 1. Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік. 2. Ақыл-парасат, ой-өріс» [3, 171].

«Білім» ұғымының концептілік өрісін құрайтын тілдік деректер «Бабалар сөзі» ғылыми басылымының 64- (134), 65- (276) және 66-томынан (300), Ж. Кейкін құрастырған «Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабынан» (113), М. Аққозинның «Қазақ мақал-мәтелдері» (49) еңбегінен жинақталды. «Білім» концептісінің негізі болатын мақал-мәтелдерді мынандай тақырыптық топтарға жіктедік: 1. Білім алуға деген құштарлық; 2. Білім алу қажеттілігі; 3. Білімге ие болу; 4. Білім көлемін бағалау; 5. Ілімді қолдану; 6. Білімді беру. Ал бұл тақырыптық топтар білім үдерісіндегі логикалық құрылымы бойынша былайша жіктелді:



1. Білім алуға деген құштарлық. Адамның білуге, айналаны тануға деген құлшынысын, ізденісін ең алдымен оның ата-анасы оятатыны анық. Айналадағы затты білу үшін қызығушылық пайда болатыны секілді, білім алуда да оның қаншалықты адам өмірінде маңызды екенін ата-анасы баласына түсіндіруге тырысады. «**Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді**» [4, 94] деген мақалда білімнің берер пайдасын айта отырып, жас ұрпақтың білімге құштарлығын оятқан. «**Балаларға өнер-білім берілсін, сұлу мінез әр өнермен өрілсін** [4, 70]; **Бар ізгілік тек білімнен алынар, Білімменен аспанға жол салынар**» деген мақалдар да ізденген адамның қандай жетістікке жететінін айта отырып, оқуға шақырады.

Әр ісіміз бен сөзімізге дәлел болса, алға жылжып, нәтижесі көрініп тұрса әрекет жасауға дайын тұратын адамдар да болады. Сондай бір нәтижені қажет ететін мақалдардың бірі **«Барлық істің басшысы – білім мен ұғым», «Білім – иесінің дәулеті, білімді қайда барса да, Алдына алтын тартылады»** [4, 101] десе, **«Білген адам білімді өмір бойы іздейді»** деген халық мақалында болдым, толдым деп бір орында тоқтап қалмайсың, өмір бойына ізденесің және оны білетіндерден аласың деп жол көрсетеді.

2. Білім алу қажеттілігі. **«Білім білген пілге мінер, Білім білмеген көрге түсер»** деген мақалда білім алудың жақсы жақтарын ғана айтып қоймай, білімсіз адамның қандай күйге түсетінін дәлелдеп отыр. Қазіргі жаһандану дәуірінде **«Білімдінің күні жарық»** екені бірден бір дәлел бола алады. **«Ақыл бізді білімге жетелейді», «Ақыл мен білім арманыңды іске асырады»** [5, 57] деп армандарға қол жеткізуде білімнің қажеттілігін түсіндіреді. Ақша, байлық, дүние сынды материалдық қажеттіліктерден бөлек, біздің рухани толысуымызға да осы білім керектігі мына мақалдардан көрінеді: **«Ақылдыны білім ұстамды қылады», «Бақыт жолы біліммен табылады»** [4, 55]. Бір мақалдың мағынасы басқа бір мақал не өлең жолдары арқылы беріліп, бір-бірін толықтырып отыратын жағдайлар да бар. Мәселен, **«Белгісі болса, жолдан жаңылмас, Білімі болса, сөзден жаңылмас», «Білмеген (надан) көзі болса да – соқыр, Тірі жүрсе де – өлік»** [6, 134] деген мақалдарда берілген ой ұлы Абай атамыздың *«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарай кісіні ал»* деген өлең жолдарында да бар.

3. «Білімге ие болу» тақырыптық тобына **«Айт жеткізіп білімдіге, мұны ұғар, Құлын ат боп, қысырақ та тынығар»** деген мақалды кірістіріп отырмыз. Бұл мақалды екі жақты мағынада талдасақ болады. Біріншіден, басқа адам емес, осындай астарлы сөзді, оралымды ойларды тек білімді адам ғана түсініп, қорытынды шығаратынын алға тартады. Екінші мағынасына келсек, білдім, оқыдым деп бір орында тоқтап қалып, көкірек керіп жүргенде, бізден кейін де жас ұрпақтың өсіп келе жатқанын, бізден де жоғары дәрежеге жетіп, асып түсуі мүмкін екенін естен шығармаған жөн екендігін ескертеді.

4. Білім көлемін бағалау. **«Адам бойындағы ең тамаша нәрсе – білім мен ақыл», «Адам біліммен көтеріледі», «Білік бағасын білікті біледі»** [7, 25] деген мақалдардан ақылды бағалауда тағы бір ескеретін жайт бар екенін ұғындырғандай. Ол – сын-пікір айтуда, баға беруде ең алдымен сол салада тым болмаса хабары, орынды ой айту керектігі.

Жалпы халық даналығындағы «білім» туралы қай мақалды алып қарасақ та, оның тек оң тұстары барын жеткізеді. Адамның білім көлемін өлшеу қиын, бірақ оның төрт негізгі өлшемін қарастыруға болады: *шексіз білім, жеткілікті, жеткіліксіз (аз білім) және оның жоқтығы.* Меңгерген білім көлемінің сипаты оның ақыл-қабілетіне тікелей байланысты: **«Ақыл – шамшырағың түндегі, Білімділік – жарық көзі күндегі».** Елге қызмет ету, басқаруда әр айтар сөздің орынды, өтімді болуы маңызды. Тыңдаушыны иландыра алу қабілеті де оқумен, біліммен келеді. Білімді адам ел арасында әрдайым жоғары бағаланған. Оған мына мақалдар дәлел бола алады: **«Әр сөзіңнің білім болсын сағасы, Білімменен үлкейер ел ағасы», «Бар боп тұрса бұрынғы әдет өрнегі, Білімдіге тиер орын төртегі».**

5. Ілімді қолдану. Оқып-үйренгенімізді тәжірибеде қолдану маңызды рөл атқарады. Алған ақпаратты бекітіп, артық-кеміне талдау жасау да керек. Оқу бір басқа, оқығаныңды іске асырып, нәтижесін көру, біліп-білмейтін тұстарыңды бағамдау бір басқа: **«Артық кетсе, түйсік түзер хал-жайды, Ел бүлінсе, білім түзеп талдайды».** Өмірде қандай жағдай орын алмасын парасатты шешім қабылдаудың соңы өкіндірмейді: **«Ақкөңіл – адам ойының тазасы, Әділ, тура, ақкөңілге не жетсін, Парасат пен білімді де қажетсін».** Абай Құнанбайұлы **«Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда»** десе, халық даналығы **«Ақылды үшін дүние толған тікенек, Бассаң кірер аяғыңа, байқа тек!»** деп тұспалдайды. Білімді адамның даналығы да болуы керектігін қазақ халқы естен шығармаған: **«Білікті адам жұрт тынғанда сөйлейді».**


6. Білімді беру. Әр ортада өз ақылыңды айтып, парасаттылығыңды көрсету керек-ақ, дегенмен халық даналығы **«Ақылды кісі аз сөйлер», «Ақылды кісіден кісілік үйренесін», «Ақылды кісінің белгісі – аз сөйлеп, көп тыңдайды»** деп кейде үндемей қалудың да жөні, пайдасы бар екендігін ұқтырған. Ақылдылық, даналық, парасаттылық деген қасиеттерді бір арнаға топтастырғанымызбен, әрқайсысының көрінер тұсы бар. Өмірлік тәжірибе барысында әр қасиетке сатылай жететінін байқаймыз.

Білгеніңмен бөлісу, ғылым үйрету, ұстаздық деген жолды дана халқымыз қай кезде де жоғары бағалаған. Өзінде барыңмен бөлісу адамға ерекше сезім сыйлайды. Ал білмегенді сұрауға көп адамдар қысылып жатады. Бірақ **«білімді беру»** тақырыптық тобындағы **«Білмеген нәрсеңді сұрап алуды ар көрме, Адам сұрап білмесе, ештеңе үйренбейді», «Білмегенді сұрап үйренген – ғалым, Арланып сұрамаған – өзіне залым»** тәріздес паремиялық бірліктер білмеудің әбестігі жоқтығын, үйренуге, ізденуге болатынын алға тартады.

«Білім» концептісінің паремиялогиялық өрісіндегі бірліктердің күнделікті өмірдегі қолданысын анықтау академиялық дәрежелері әр түрлі адамдар арасында сауалнама жүргізілді. Онлайн сауалнама арқылы төмендегі нәтижелер анықталды:

Жасыңыз нешеде?


59 ответов



59 ответов

Лауазымыңыз:

59 ответов



«Білім» туралы білетін мақал-мәтелдеріңізді жазыңыз» деген сұраққа басым көпшілігі мектеп бағдарламасы мен күнделікті өмірде аузекі сөйлеу тілінде қолданып жүрген мақалдарды келтірді. Олар: *Білім инемен құдық қазғандай; Білім – ырыс қазығы, Оқу – білім азығы; Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы; Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ; Білікті бірді жығады, Білімді мыңды жығады; Білімдінің күні жарық, білімсіздің күні һаріп; Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – жанып тұрған шырақ т.б.*

Сонымен, білімнің өмірлік кезеңдеріне сәйкес келетін мақал-мәтелдердің тақырыптық топтарын қарастыра отырып, олардың барлығы маңызды және мәнді екенін атап өтуге болады.

Қазақ халқының танымында «білім» ұғымы өте айқын сипатталған. Халық даналығы білім алуды, білімді болуды жоғары бағалайды. Әр тақырыптық өзектегі мақалдарды оқи отыра, білімнің нұры жанатынын, білім – ақылдың қазынасы, білім байлықтан артық, білімі бардың күші бар, біліммен мақтанған өзінің надандығын ғана жариялайды деген түсінік қалыптасады. Талданған мақал-мәтелдердің мағыналық-мазмұндық өрісі тіл иесінің аялық білімімен, тілдік тұлғаның практикалық тәжірибесімен, халқымыздың тарихи-мәдени дәстүрімен тығыз байланысып жатқанын байқалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004, – 251 б.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 560 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2010. 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 350 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2010. 65-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 414 б.
6. Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке, 2002. - 448 б.
7. Қазақ мақал-мәтелдері / Құраст. М.Аккозин. – Алматы: Қазақстан, 1996. - 288 б.

«АБЫЛАЙ ХАН» ТАРИХИ ЖЫРЫНДАҒЫ ГИДРОНИМДЕР

*Жұматай Н.Е.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-
дың магистранты.
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы*

Аннотация

В статье рассматриваются гидронимы на языке стихов, посвященных историческому деятелю XVIII века, хану казахской степи Абылай. Дано описание названий вод, их этимологии, встречающихся в исторических песнях, воспетых такими поэтами, как Кокбай, Олжабай, Машхур Жусуп Копеев.

Также дифференцируются смысловые особенности, рассматривается передача на протяжении всей истории.

Annotation

The article discusses hydronyms in the language of poems dedicated to the historical figure of the XVIII century, the khan of the Kazakh steppe Abylai. The description of the names of the waters, their etymology, found in historical songs sung by such poets as Kokbai, Olzhabai, Mashhur Zhusup Kopeev is given. Semantic features are also differentiated, transmission throughout history is considered.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер қазақ лексикасының белгілі бір жүйесін құрайды, сондай-ақ өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Соның ішінде су объектілерінің жалқы есімдерін гидроним деп атайды. Грек тілінен аударғанда (hydor + onioum) «су атауы» деген мағына береді. Су объектілерінің атаулары ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы сақталған, сондықтан гидронимдер өте жоғары тілдік және тарихи құндылыққа ие.

Гидронимия – барлық су айдындарының дұрыс атауларын, осы атаулардың шығу тегі мен мағыналарын және олардың дамуы мен тарих арқылы берілуін зерттейді.

Телғожа Жанұзақ «Қазақ ономастикасы» атты еңбегінде гидронимдерді топонимиканың бір бөлімі ретінде қарастырып, "өзен, су, көл аттары" деп анықтама береді [1, 5].

Зерттеу нысаны болып отырған Абылай ханға арналған тарихи жырларда көптеген гидронимдер кездеседі. XVIII ғасырда тарих сахнасына көтерілген Абылай туралы Көкбай жырлаған «Абылай хан әңгімесі», Салық Жаяу Мусин 1940 жылы жазып алған «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», Олжабай Нұралыұлы жырлаған «Сабалақ – Абылай хан», Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып алған «Сабалақ», «Абылай мен Олжабай» сынды жырлар негізге алынды. Сонымен бірге Ш. Уәлиханов Жетісу өңіріне жасаған экспедициясы кезінде жазып алған «Абылай туралы жыр» да зерттеу жұмысымызда қарастырылды.

Жоғарыда аталған жырлар жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясының 57 томына енген. Онда кездесетін гидронимдерді тілдік тұрғыдан талдап, мән-мағынасына үңілу негізгі мақсатымыз болып табылады.

Тарихи жырларда гидронимдер кейде қайталанып, кейде даралай беріледі. Мысалы, Шу гидронимі «Абылай хан әңгімесі» деп аталатын жырдың мына шумақтарында кездеседі:

Малдарын даладағы айдатып ап,

Үй жығып, қомын қомдап, жүктерін сап.

Көш жөнелтіп жіберіп Кенесары:

– Іздесең мені Шудың бойынан тап... [5, 241]

...Үдеріп күні-түні Шуға келді,

Қап деген уағдасынан кейін қалмай.

Шуға ауылын қондырып атқа мінді,

Қолда найза, беліне қанжар ілді [5, 242].

Мұндағы Шу гидронимі туралы Т.Жанұзақовтың «Жер-су атаулары» деген еңбегінде былай делінеді: «Шу – Қырғыз Республикасының Теріскей

Алатауынан басталып, Жамбыл облысын кесіп өтіп, Шу жазығынан ағып, Мойынқұмға барғанда сіңіп кететін өзен. Қазақ жеріндегі ұзындығы 800 км». Ал А.Әбдірахмановтың зерттеуіне сүйенсек, «Шу» сөзі «су», «өзен» мағынасындағы көне түркі диалектілерінің бірінде жасалған гидроним екендігін білеміз [2,132].

Ал «Абылай туралы жырда» Ақсу мен Көксу гидронимдері бірнеше шумақта қайталанып берілген. Мысалы:

Ақсу мен Көксуда
Сайқалтерек түбінде,
Мұздыбұлақ басында
Су қаққан қозы мен лақ табылды [5, 249].

Мұнда берілген Ақсу – Алматы облысындағы ұзындығы – 305 км болатын өзен. Балқаш көліне құяды. Қазақстанның су, өзен кадастры бойынша бұл өзен алабына 50-ге тарта өзен тән. Ақсу атауы берілген өзен, елдімекен, аудан және қала аттары республикамыздың әр облысында кездеседі.

Зерттеушілердің пікірінше, Ақсу атауы судың ақ түсін білдірмейді, оның ағынын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді. Ал Телғожа Жанұзақ судың негізгі мағынасын оның «ақ ботала боп аққан түсімен» байланыстырады [3, 28].

Көксу гидронимі туралы Т. Жанұзақ оның Алматы облысы Кербұлақ ауданындағы өзен екендігін және атау мағынасы «мөлдір, тұнық өзен» дегенді білдіретінін көрсетеді [2, 317].

Сондай-ақ Талас гидронимі «Абылай туралы жыр» деп берілетін тарихи жырда ұшырасады:

Таластың бойы тар жайлау,
Таласа барып жайлайық.
Кеңестің бойы кең жайлау,
Кеңесе барып жайлайық [5, 253].

Аталған гидроним – Қырғызстан Республикасы жерінен өтіп, Қазақстан Республикасына келетін өзен. Ұзындығы 661 км. Қырғыз тауларынан бас алып, Талас даласы арқылы аққан өзен Мойынқұм құмына сіңіп кетеді. Жазба ескерткіштерде Талас өзені V ғасырдан белгілі. Зерттеуші ғалымдар Талас өзенінің атауы Тараз атауының дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі екенін дәлелдейді. Яғни, сонор (үнді) *л* дыбысы сонор (үнді) *р* дыбысына, қатаң дауыссыз *с* дыбысы ұяң дауыссыз *з* дыбысына алмасқан. Зерттеулерге сүйене отырып, Талас топонимін қазақ халқына тән *тал* және *ас* сөздерінің бірігуінен жасалған көне атау деп санаймыз. Оның бірінші сыңарындағы *тал* «шоқы», «тау», «шың» болса, екінші сыңарындағы *ас* орал-алтай тілдеріндегі «су», «өзен». Демек, Талас «биік таудан ағатын өзен», «тау өзені» мәнінде қойылған атау болар деп ойлаймыз [3, 182].

Сонымен қатар шумақта Келес (Кеңес) өзені де аталады. Келес өзені туралы «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» аталатын энциклопедияда қысқаша беріледі: «Келес – Сырдария алабында, Сарыағаш, Қазығұрт, Шардара аудандары арқылы ағып өтеді. Келес сөзі – көне топоним, өйткені келес даласы

тарихшылардың дәлелдеуінше, б.з.б. 6-2 ғасырларда сақ тайпаларының мекендеген жері».

Келес гидронимі туралы Е.Қойшыбаевтың да зерттеулерінде кездеседі. Келес – көне тайпалар тілінде «үлкен кесіртке». Бұл атауды алтайдың Келескелу гидронимімен салыстырсақ, сөзбе-сөз мағынасы «кесірткелі өзен» деген мәндегі атау екенін көрсетеді. Ал А.Әбдірахмановтың пікірінше, Келес атауы көлестен (көл + ес) келеске өзгеруінен туған болуы мүмкін. Сөз соңындағы *ес* түркі-монғол тілдеріндегі дауыссыз дыбыстан кейін жалғанатын көптік жалғауы болуы керек. [4, 610]

Жоғарыдағы зерттеуге сүйенсек, Келес өзені атауының жырда Кеңес деп берілуі де дыбыстық өзгерістен туғандығы деп ойлаймыз.

«Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны» және «Сабалақ – Абылай хан» аталатын жырларда Сабындыкөл гидронимі ұшырасады:

Олжабай қалмақты айдап екі келді,
Қазақтан шылбыр арқан бәрін жиды.
Басында Сабындыкөл Ермектасқа,
Қалмақты байлап сонда батыр үйді... [5, 259]

....Бұл сөзге бәтуасын берді халық,
Ендігі жыл келмекке сөз байланып.

Баянаула Сабындыкөл басында,
Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып [5, 292].

Мұндағы Сабындыкөл – Ащысай ауылынан батысқа қарай 7 км жерде, Мұғалжар ауданында орналасқан көл. Ұзындығы 2 км. Жерсабын, сабынкөк өсімдіктерінің осы өңірде өсуіне байланысты қалыптасқан атау [4, 118].

«Сабалақ – Абылай хан» жырындағы шумақтан Қазақстандағы ең ірі көл Балқаш гидронимін табуға болады:

Жөнелді бетін түзеп Балқаш жаққа,
Ұлы жүз – үйсін деген бір халыққа.
Бірнеше ай арып-талып елсіз жермен
Жетіпті қалың ауыл көп қазаққа [5, 276].

Бұл – Балқаш-Алакөл ойпатындағы ақпайтын тұйық көл. Бұрынғы замандары Атырау көл, Көктеңіз деп те аталған. Тереңдігі 26 м-ге дейін. Сарыесік жарты аралы оны екіге бөліп тұрады. Батысына Іле өзені құяды да, шығысынан Ақсу, Қаратал, Лепсі өзендері кеп құяды. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы туралы әртүрлі пікір бар. Әуел баста ол *Балықаш* аталып, кейіннен *Балқаш* боп қалыптасқан болуы керек. Өйткені көне түркі тілдерінде *балық* – «су», «өзен» деген сөз болғаны тарихи деректерден мәлім. Сол бал – «балшық, батпақ», «су» мәніндегі түбірден өрбіген сөздер: *бал + быр*, *бал + дыр*, *бал + шық*, *бал + ық*. Олай болса, «Балқаш» – «жағасы балшықты, батпақты, суы көп, мол көл» деген мәнді білдіретін атау деп білеміз [3, 48].

Және аталған жырдағы мына үзіндіден де гидроним кездестірдік:

Бұл адам Бөгенбай деген батыр еді,
Сол кезде елу жастан асып еді.
Ертістен келе жатқан қалмақ қолын
Шабуға қарсы келе жатыр еді [5, 279].

Ертіс – өзен. Атау тарихына зер салсақ, VI-VIII ғғ. тән түркі жазба ескерткіштеріндегі көрсетілуінен бері 15 ғасыр бойы аталып, бізге жетіп отыр. Бұл атау туралы алғаш рет П.П. Семенов: «Иртыш – қырғыз (қазақ) тілінде ир – «жер», ал тыш (тіс) – «қазу»», - деп жазса, Р.Рамстердің айтуынша, Ертіс – «қатал, ашулы, тасқынды» деген мағынада.

Әдетте, түркі тілдес ұлыстар тау етегінен, жазықтағы қайнар, бастау, тұмалардан, яғни жер суынан бас алатын өзендерді әуел бастан-ақ Қарасу атаған. Осыған ден қойсақ, Қара Ертіс аталуындағы қара сөзінің «үлкен, зор» деген мәнге де ие болатынын естен шығармауымыз керек. Өйткені Қара теңіз, Қаратау, Қараөзен, Қарасаз, Қарабұйрат сияқты атаулар да бұған толық айғақ болары сөзсіз [3, 70].

«Абылай хан... Ақ атан» тарихи жырында мынадай жолдарда гидронимдер кездеседі:

Батырға еріп Сабалақ,
Төбесі көкке жетіпті.
Қаратал, Іле жағалап,
Көп өзеннен өтіпті [5, 340].

Қаратал – Алматы облысындағы өзен. Ұзындығы 321 км. Бұл өзен Балқаш көліне құяды. Қаратал атты өзендер республикамыздың басқа да жерлерінде ұшырасады. Қаратал атауының мағынасын Қараағаш атауымен тең деуге болады. Көктал, қаратал – талдың бір түрі, сорты болуы ықтимал. Сонымен қатар, *қара орман* дегенде «қалың, жыныс орман, тоғай» деген ұғымы бар болса, Қаратал атауында да «қалың, ну өскен тал» мағынасы бардай. Өзен жағасында талдың көп, қалың болуы да бұған дәлел [3, 112].

Қоқан ханымен астасып,
Жауламақ боп Ілені.
Тәңір таудың үстінен
Саңылау көздеп жүреді [5, 348].

Іле – өзен. Бұл көне атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әрқилы пікірлер болғаны мәлім. Ғ.Қоңқашбаев бұл қалмақтың иле – «жарқыраған», «жалтыраған» деген сөзінен десе, Ғ.Қойшыбаев «Іле атауын көне түркілердің йел немесе иіл түбірімен байланысты деуімізге болады, семантикалық жағынан желек // еспе сөздерінің ауқымына келеді» деп түйеді.

Іле атауының түбірі іл / ыл сөздері болса керек. Бұл іл / ыл морфемды республикамыздағы басқа да өзен аттарының құрамынан кездестіреміз. Мысалы, Есіл, Еділ, жуан тұлғалары: Ойыл, Қиыл, Тобыл, т.т. Бұған қарағанда, ыл / іл әуел баста жеке мағыналы сөз ретінде «су», «ылғал» мағыналарын білдіріп, кейіннен үлкен өзендер ретінде «дария» мағынасында айтылса керек. Соған қарағанда, Іле «үлкен өзен, дария» деген мағынаға бейім тұрғандай [3, 217].

Жырлардан Абылай хан тұсындағы тарихи оқиғаларды және ел тұтқасындағы тұлғаларды, батыр-билерді білумен қатар, кең байтақ даламыздың өзені мен көлін, тауы мен тасын танып, олардың сырға толы атауларын кездестіреміз. Абылай хан тарихи жырларында әлі де болса мән-мағынасын ашып, көпшілік оқырманға жеткізетін атаулар кездеседі. Томға

енген тарихи жәдігерлерімізде географиялық атаулардың, соның ішінде су атауларының қолданылуы шығармалардың тарихилығын арттыра түседі, семантикалық-стилистикалық белгілерімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана, «1С-Сервис» ЖШС, 2006 ж. – 400 б.
2. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: «Өнер», 2011. – 496 б.
3. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
4. Жеріңнің аты – Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. – 808 б.
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2010. Т. 57: Тарихи жырлар. – 408 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жанжигитов С.Ж.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
докторанты.
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы*

Қазақ терминологиясының басқа салалары сияқты құқықтық бағыттарының да қалыптасып дамуына Қазан революциясынан кейінгі жағдайлар мен қазақ оқығандарының қосқан үлесі зор болды. Оның баста себептері осы уақытта ел өмірінде болған әр түрлі саяси-әлеуметтік оқиғалар және ірі-ірі тарихи өзгерістермен байланысты. Бұл жылдары жаңа типтегі бастауыш, орта, жоғарғы оқу орындары ашылды, территориялық және әкімгершілік орталықтар, ғылыми мекемелер құрылып, мәдени ошақтар жұмыс істей бастады. Әртүрлі құқық қорғау орындары жаңа саясаттың негізінде іс жүргізуге кірісті. Ол үшін жаңа заңдар қабылданды. Осы заңдар енді ғана құрылған үкіметтің экономикалық қоғамдық, мемлекеттік құрылымдары мен жеке қоғам мүшелерінің құқығы қорғалуға тиісті болғандықтан бұрынғы патшалық Ресей заңдарының көпшілігі іске аспай қалды. Жаңа заңдар жинағында жаңа ұғымдарды білдіретін атаулар қажет болды. Бұл жағдай жаңа терминдермен баюына тікелей ықпал етті.

1925-1935 жылдардың арасында Қазақ АССР Оқу Халық комиссариаты жанынан ашылған әдістемелік бюро, онан кейінгі арнаулы түрде құрылған терминология комиссиясы қазақ тілінің терминологиясын жасау ісімен шұғылданып отырды. Қазақ тілінің дамуы мен өркендеуіне, терминдерді қалыптастыруға көп көңіл бөлді. 1936 жылдан бастап күні бүгінге дейін қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасау, оған басшылық етіп отыру ісімен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы мемлекеттік термиология комиссиясы айналысып келді.

Осы кездерде Қазақ терминологиясының заңдылықтары мен негізгі принциптерін жасауда алғашқы тіл мамандары профессор Қ.Жұбанов пен Н.Сауранбаевтың, академик С.Кеңесбаев пен профессор С.Аманжоловтың т.б. еңбектерінің әсері ерекше болды.

Н.Сауранбаев термиология мәселесіне арнап ”Қазақ әдеби тілі және оның термиологиясын жасау туралы” деген мақаласы жарық көрді. Жаңа терминдер жасап, тіл байлығы арттыра беру жөніндегі, оларды бір ізге түсірудегі және қолдану жайындағы ол ұсынған принциптер іске асырылды.

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңдерінде – еліміз егемендік алып, бүкіл халқымызды мәдениетті, білімді ету мәселесі күн тәртібіне қойылған кезде-қазақ тілінің ғылыми терминологиясын бұрынғыдан гөрі түпкілікті ету, әрі халық арасына батыл түрде баянды етіп сіңіру мәселесінің өте зор маңызы алып отыр. Халықтың мәдениеті көтеріліп, санасы өскен сайын тіл қадірі де аса түсетіні белгілі. Ғылым мен мәдениеттің шарықтай өскен заманында басқа терминдер сияқты заң терминдері құрамында да көптеген өзгерістер болды: бұрынғы терминдерін құрамындағы бірқатар атаулар ескіріп, қолданудан шығып қалды, оның есесіне жаңа замандағы жаңа ұғымды білдіретін жаңа атаулар пайда болды (болыс, би, қазы, ұлық т.б.) осы сияқты көне атаулар архаизмге айналып, кеңес, сот, прокурор, қорғаушы, тергеуші т.б. сөздер осы кездегі әлеуметтік меншік пен мемлекетті қорғаушы субъектілердің мазмұнын білдіретін терминдік мәнге ие болды.

Сондай-ақ, прокурор, адвокат, заседатель, банк, бандитизм, абонимент, аванс, автономия, агент, кодекс, коллегия, контрабанда, ордер, факт, пассив, патент, полис, ратификация, реквизиция, репатриация т.б. осындай заңдық ұғымды білдіретін сөздер ана тілімізде баламасы болмағандықтан өзге тілдерден өзгеріссіз алынды.

Бұл күндері қазақ тілінің заң терминдері күрделі сөздермен де толықты. Олардың құрамы әртүрлі болып келеді:

а) шабуыл жасап тонау, сыйға тарту келісімі, жалақы алу құқығы, жас балаларды аздыру, ерікті халық жасақтары, азаматтық хал актілері, тікелей шек қоюшылық т.б.

ә) жолдастық сот, азаматтық құқық, тәртіп сақтау батальоны, тұрмыстық прокаттық қалыпты договоры т.б.

б) авторлық құқық, автономиялы округ, аккредиттелген чектер, адвокаттар коллегиясы, сот коллегиясы, колхоз құқығы, коммерциялық акт т.б.

Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан заң терминдерінің одан бұрынғы кездегі заңдық ұғымдағы атаулармен салыстырғандағы негізгі ерекшеліктері деп мыналарды айтуға болады:

1) Заңдық ұғымды білдіретін сөздер бұл күндері қазақ тілі лексикалық құрамынан салалық терминдердің негізгі бір саласы ретінде жеке дара бөлініп өзінің тиісті орын алды;

2) Осы кездегі құқықтық мекемелерді, оқу орындарының көбейе, ұлғая түсуіне, соған байланысты жаңа ұғымдардың қалыптасуының арқасында

заңдық ұғымдағы сөздер ерекше мән алып, бұл топтағы сөздер мазмұндық жағынан байыды;

3) Құқықтық терминдер тобы басқа тілден ауысып келген кірме сөздермен толықты. Олар көбінесе орыс тілінен не болмаса орыс тілі арқылы басқа еуропа тілдерінен ауысып келген интернационалдық атаулармен байы түсті;

4) Заң терминдерінің құрамы өзіміздің ана тіліміздің төл сөздерінің негізінде, олардың мағыналарының кеңеюі нәтижесінде де дамыды;

5) Заңдық ұғымды білдіру үшін ана тіліміздегі сөздерді пайдаланғанда, оларды басқа тілдерден дәлме-дәл аудару (калька) жолыменде жүзеге асырылды. Заң терминдері ана тіліміздің лексикалық қорынан өзінің тиісті орнын алуына байланысты лоар ғылыми зерттеу объектісіне айналды, құқықтық мәндегі сөздердің түсіндірме және аударма сөздіктері жарық көрді.

Сонымен бірге, заң терминдерін қалыптастыру бағытында осы кезде жүргізілген жұмыстарда бірқатар кемістіктер мен асыра сілтеушілік те болды. Мысалы, бір ұғымды әр кезде әрқалай атаушылық: ғасырымыздың 40 жылдарына дейін ең басты заң қорғау органдарының бірін ”Қазақ ССР заң халық комиссариаты” десек, соңғы кездерге дейін юстиция министрлігі деп жүрдік, ал қазір ”Әділет министрлігі” деп атайтын болдық. Осындағы *заң, юстиция, әділет* сөздерінің мәндестігі шамалы, синонимдік қатар құрай алмайды, сонда осы бір үлкен абыройлы мекемені қалай атаған жөн? Кеңес үкіметі тұсында жаңа қолданысқа енген заңдық ұғымдарға қазақ тілінен балама іздеп көп басымызды ауыртпай-ақ орыс тіліндегі орыс тіліндегі атауды сол күйінде ала салдық және оған “ана тілімізге Ұлы орыс тілінің еткен игі әсері” деп мақтанатын болдық. Терминдердің моносемантикалы болу керек екендігін ескермей, бір ғана заңдық ұғымды бірнеше атаумен атаушылық та осы кездегі сөздік құрамымыздан едәуір орын алды. Мысалы: қылмыскер, айыпкер, істі, жауапты сөздері бір ұғымды білдіріп, қатар қолданылып жүрді. Заң терминін жасайтын грамматикалық формаларды іріктеп алуда да бірізділік болмады. Қылмыскер – қылмысты, айыпкер – айыпты, жауапкер – жауаптыт.б. осы тектес сөздердегі –қар//-кер, -ты//-ті жұрнақтарының да жарыса қолданылуы осыны дәлелдейді.

Ө.Айтбаев өзінің “Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы” деген монографиясында ұлттық тіліміздің терминдік лексикасының кезеңдеріне тоқтап, былай дейді: ”Қазақ терминологиясының жасалуына ең басты екі арна , екі көз себеп болды: оның бірі – ұлттық тіліміздің өз сөз байлығы (ішкі мүмкіншілігі) де, екіншісі – әрқилы тілдік амалдар қолдану нәтижесінде қабылданған кірме сөздер. Бұларды іштей жіктеп, бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады” [1, 200 б.].

Қазақ тіліндегі заң терминдерінің шығу тегін айтқанда да осы екі арнаны негізге алу керектігі байқалады. Ана тіліміздегі заңдықұғымды білдіретін атаулардың дені өзіміздің төл атауларымыздың терминдік мәнде қолданыла келе біртіндеп осы қасиетке ие болды. Әрине, олардың терминдік мән алып, жана лексикалық топ құрауына бірқатар, әр түрлі құқықтық қорғау мекемелерінің пайда болуы, қоғамдық тәртіп, оны бұзушылар мен оған қарсы

күресетін күштердің дүниеге келуі, қоғамға жат қылықтар, олармен күрес, жеке адамның басына, мемлекетке зиянын тигізетін әрекеттер мен оның түрлері сияқты ұғымдардың адам санасына ұялауының нәтижесінде осы ұғымдарды білдіретін атаулардың қажеттігі, осыған мұқтаждық негізінде бірқатар сөздер жаңа мәнде қолданыла бастады да, олардың соңғы мағынасы бұған дейінгі мәндерінен бөлініп, жаңа сөздердің қызметін атқара бастайды. Сөтіп, тілімізде жаңа құқықтық атау пайда болады. Мысалы, *іс* сөзі – көне түркі дәуірінен бері бар атау. О баста бұл әрекет ұғымын білдірген, қазір де осы мағына жалпыхалықтық лексикада жиі қолданылып келеді: *іс бітіру, іске шығу, ұжымшарда жұмыс істейді*. т.б. Соныменбірге кейінгі кезде осы атаудың бір мәні қылмыс жасалғанда оны тексеру барысында жиналаған құжат ұғымын не қылмыс бойынша тексеру жүргізуді бастау мәнін білдіретін болды. Сонымен, оның осы соңғы мағынасының негізінде бір терминдік атау пайда болды:

”Осы үш бұзақының үстінен іс қозғалды. Көп жылдан бері қоғам мүлкін талан-таражға салған бұл топтың үстінен жүргізген тексеру құжаты он томдық іс болды”, - деген сөйлемдердегі *”іс”* сөзі таза заң термині екеніне шек келтіруге болмайды. Мұның терминдік мәні толық айқындалған. Тағы бір мысал, *”анықтау”* сөзі де жалпыхалықтық лексикада бар; *білу, басын ашып алу, естігеніңді басқа бір жолмен тағы да айқындай түсу* мәнінде қазір де қолданыста жиі ұшырайды, түбірі – анық . Оның мағынасы *”ясный”, “точно”* т.б орыс сөздеріне дәл келеді. Осы сөздер де мағыналық жағынан дамып, бір мағыналы заң терминін жасаған. Дознание – анықтау . *”Қылмысты алдын ала тергеуге байланысты әрекеттердің бір түрі”* [2, 55 б.].

Неке сөзінің мағынасындағы өзгерістерден де заңдық атаудың біртіндеп қалыптасқандығын көруге болады. Бұл сөздің бастапқы мағынасы екі жастың (ер мен әйелдің) жеке отбасы болып бірлесуі дегенді білдірген және оның салттық (әдеттік) тәртіп бойынша дін басы молдалар орындаған (*”некесін қию”*, *”некеге отыру”* тіркестері осыны білдіреді). Ал қазір бұл процесс мемлекеттік мекеме орындайтын ерекшк азаматтық акті болып саналады, оған, оның орындалуына заң жүзінде қорғалуына өзгеше мән беріледі. Сондықтан да бұл ұғымның атауы *”азаматтық құқық”* саласындағы негізгі ұғымдардың бірін білдіретін терминге айналған. Бұл атау туралы *”Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде”* (1986 жыл) мынадай анықтама берілген: *”Брак – неке. Еркек пен әйелдің материалдық есепқойлықтан аулақ, өзара сүйіспеншілік, сыйластық сезімдеріне негізделген ерікті ынтымағы. Неке семьяның арқауы, мемлекеттік некелесу мен ажырасуды өз бақылауына алып отырады. Некені қию азаматтық хал актілерін жазатын мемлекеттік органдарында жүргізіледі. Некені қию үшін некеге отыратын адамдардың өзара келісімі және олардың неке жасына толуы керек.”* [3, 15 б.].

Сонымен, ұлттық тіліміздің құрамындағы заң терминдерінің дені төл тіліміздің негізінде, соның лексикалық құрамында бар сөздерінің жаңа мән алып заңдық ұғымдарды білдіру мүмкіншілігіне ие болуының нәтижесінде пайда болған. Осындай сөздердің көпшілігінің бастапқы мағынасы ұмытылмаған, бұрынғы күйінде жалпыхалықтық лексикада әлі күнге дейін қолданылып келеді. Мысалы, *кінә* сөзі ана тіліміздің жалпыхалықтық

лексикасында жиі қолданылады да , әлде бір қолайсыз жайға (оқиғаға) біреудің айыпты екенін білдіреді: *"Менің одан әрі оқи алмауыма тек өзім кінәлімін"* – деген де солай. Ал бұл күнде белгілі бір қылмысты іске жауапты адамды білдіру үшін де, осы сөз қолданылып , қылмыстың жалпы атауы ретінде қолданылатын болды. Осы мағынасы заң термині мәнінде қолданылып қалыптасты. Бұл жөнінде сөздікте былай делінген: *"вина – кінә. 1. Қылмыстық жауаптылыққа тек қана қылмыс істегеняғни қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әректті немесе әрекетсіздікті, қасақана немесе абайсыздықпен жасаған кінәлі адам ғана тартылады. Кінәнің түрлері: қасақаналық, абайсыздық. 2. Азаматтық құқықтың нормаларын реттейтін мідеттемені орындамаған немесе оны мардымсыз орындаған жан әдетте кінәсі болғанда ғана мүліксіз жауапқа тартылады. Кінәнің болмағандығы міндеттемені бұзған жақтың дәлелдеуі керек. Басқа біреуге зиян келтірген жақ, егер зиянын келтірілуіне өзінің кінәлі емес екендігін дәлелдесе, зиянды өтеуден босатылады. Кейбір заңдарда мүліктік жауаптылыққа біреуге кінәсіз (қасақана да емес абайсыздықта да емес) зиян келтірген жақты тарту кезделуі мүмкін"* [4, 24 б.].

Төл тіліміздегі сөздердің мағыналық жағынан дамып, жаңа заңдық терминдердің жасалуы жайында айтқанда, жаңа терминдердің жасалуы жайында айтқанда, жаңа терминдер тек лексикалық процестің нәтижесі деп ұқпау керек. Бұл жолда грамматикалық тәсілдердің де атқаратын қызметін естен шығармау керек. Бұл жайында жұмыстың кейінгі тараулар арнайы айтылады. Сондықтан төл тіліміздің заң терминдердің қалыптасуында шешуі роль атқарғандығын осы айтқандарымызбен тоқтата тұрып, ана тіліміздің негізінде жасалған термин сөздердің құрылысында қысқаша зер салағанда , мыналарды байқаймыз: олар құрылысы жағынан дара және күрделі болып келді. Дара құрылымды терминдерде мысалдар:

а) дау, қаулы, атак, дәреже, қылмыс, тонау, жала, нұсқау, қарау, асырау, қорғау, өсиет, тексеру, құжат, құқық т.б.

ә) қорғаушы, асыраушы, тергеуші, тонаушы, жалақор , қылмыскер, даугер, тексеруші, заңгер, айғақты, күәгер, талапкер, азаматтық, зиянкестік, кінәлілік, айыптылық, иелену, парақорлық, болжам, салттық, тапсырма т.б.

Заң терминдерінің қалыптасу және даму жолдары әлеуметтік өмірдегі болып жатқан әр түрлі экономикалық, мәдениет, тұрмыстық, құқықтық өзгерістермен байланысты екендігі анықталды. Қазақ тіліндегі заң терминдер жүйесінің ғылыми термин ретінде қалыптасуын, зерттелуін кеңес дәуірімен байланыстыра отырып, оның бастауының өзі ерте дәуірлерде болғандығын көруге болады.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілі лексикасында заңдық ұғымды білдіретін сөздер болды, дегенмен, олар ана тіліміздің лексикалық құрамынан белгілі жүйеге негізделген терминдік топ құра алмады, оған әлеуметтік жағдайда жоқ еді. Яғни, құқықтық мекемелер, ғылым мен құқықтық оқу орындары.

Қазақ термиологиясының басқа саласы сияқты заң терминдерінің де ерекше қарқынмен қалыптасып дамуы Қазан төңкерісінен кейін болды деуге

болады. Оған сол кездегі ел өмірінде болған тарихи жағдайлардың әсері зор болды.

Қазақ терминологиясының заңдылықтары мен негізгі принциптерін жасауда тіл мамандарының үлкен маңызы болды.

Тіл бүгінгі деңгейіне жету жолы оның тарихына толығу, толысудың әрбір кезеңіне лайықты із қалдырып, сан түрлі жолдармен дамығандығын көреміз. Демек, қазақ терминологиясының қалыптасу жүйесі және даму тарихы әр түрлі кезеңдерді басынан кешірген деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988;
2. Заң терминологиялық сөздігі. Алматы, 1964.
3. Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі, Алматы, 1986.
4. Байсалов С. Заң терминдерінің орысша – қазақша сөздігі. Алматы, 1960.

КОСМОГОНИЯЛЫҚ МИФТЕРДЕГІ “КӨК” ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ МӘНІ

*Пансат Ж. М.,
М. Әуезова атындағы
ОҚУ докторанты.
Қазақстан Шымкент қ.*

Аннотация

В статье рассматриваются символическое значение и функции цветов. Важно выявить национально-культурные особенности, модель языковой картины мира в национальном сознании через когнитивный и лингвокультурологический анализ слов, раскрывающих концепт цвета. Широкий спектр названий цветов, вероятно, связан с тем, что они употребляются не только в прямом, но и в переносном смысле. Геосимволическое, космогоническое значение цветов, которые разные народы и нации понимают в своих знаниях и называют на своем языке, неодинаково у всех народов. Как и любое слово, которое развивается и дополняет свое значение, названия цветов являются результатом длительного развития каждого языка.

Ключевые слова: язык, культура, цветообозначение, когнитивный.

Abstract

The article deals with the symbolic meaning and functions of colors. It is important to identify national and cultural features, a model of the language picture of the world in the national consciousness through a cognitive and linguocultural analysis of words that reveal the concept of color. A wide range of color names is probably due to the fact that they are used not only literally, but also figuratively. The geo-symbolic, cosmogonic meaning of colors, which different peoples and nations understand in their knowledge and call in their own language, is not the same for all peoples. Like any word

that develops and completes its meaning, the names of colors are the result of the long development of each language.

Keywords: language, culture, color naming, cognitive

Ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке, өзіндік белгілік таңбалық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Қоршаған орта, аспан әлемін тіпті кез-келген материалдық мәдениетке байланысты заттар, киім-кешек, құрал-жабдық, болмаса рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрді түр-түссіз қабылдай алмаймыз. Түр-түс – ұлт мәдениетін танытады. Ол өз тамырын терең жайып, ата-бабамыздың мифтік түсінігімен де астасып жатады.

Түр-түс атаулары лингвистикалық, психологиялық, когнитивтік, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық аспектіде қарастырылуда. Түр-түс атауларын адамның тану әрекетімен, мәдениетімен, сол халықтың өзімен байланыста қарап, түр-түстану саласының негізі қаланды. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасына оның тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет ғұрпы жатады. Мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Мысалы, тарихтан белгілі Көк Түрік, Ақ Орда, Көк Орда ұғымдары қалыптасқан.

Көк пен Тәңір аспан мағынасындағы синоним сөздер. Бұған М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде берілген көктің бірнеше мағынасы дәлел бола алады, соның бірі – аспан. Ал осы сөздікте тәңір номинативінің мағынасы да аспан деп көрсетілген [1, 62]. Ш. Уәлихановтың «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында: «Аспан – бұл шамандықта ең жоғарғы құдірет. Көк тәңірі – көк аспан. Қырғыздарда бірінші сын есім көк сөзі көрінетін заттық нәрсені білдіреді, ал тәңірі зат есімі Алла және Құдай сөздерінің синониміне айналған», – дейді [2, 62].

Түр-түстің білдіретін мағыналары туралы Ә. Марғұлан былай деп жазды: "Көк түс – аспанның символы, аспанға құлшылық етудің символы; қызыл – от, күн; ақ – шындық, қуаныш, бақыт; сары – ақыл; қара – жер; жасыл-көктем, жастық" [3, 87]. Ғалымдардың пікірі бойынша көк сөзі синкретикалық түбір. Академик Ә. Қайдар: «Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой» – дейді [4, 39]. Расымен де, бұның құбылыс ретіндегі мағынасы бірінші пайда болды ма, әлде сындық мағынасы бірінші пайда болды ма деген сұрақ әлі күнге дейін белгісіз. Көк сөзінің көкшіл, көгірек деген түстік мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты.

Түр-түс жүйесінің ортақ белгілерімен қатар өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Қазақтардың түсінігінде көк аспан, Құдайға деген сенімді білдіреді. Көк сөзіне қатысты қазақ халқында көптеген сөздер бар. Бұған көк тәңірідегі алғашқы сыңардың ықпалы бар. Мысалы, көк шықты дегендегі көк заттың түсін емес, жаңа шыққандығын білдіреді. Тәңірідегі көк дүниенің бастауы деп түсінсек, шөп сөзімен тіркескен көктің мағынасын көктем мезгілінің келгендігі, жаңа тірліктің

басы деп ұғамыз. Көк түске қатысты алдымен көне түркілердің тотемі болған Көк бөрі еске түседі. Қазақ мәдениетінде көк түсі – тыныштық пен бірліктің, береке мен тірліктің белгісі. Көк – тәңір сөзінің эквиваленті. Көк түсі арқылы ең бір құдыретті де киелі қасиетін танытады. Сондықтан ол мықтылықты, жеңімпаздықты, рухы жоғарылықты, үстемдікті, паңдықты білдіреді. Көк түсінің мағынасының көптігінің бір себебі – жалпы түркі халықтары ұзаққа дейін көк пен жасылды айырмай келгенінде. Қазақ халқында табиғаттағы көк түсті негізгі түс ретінде қолданады және әр жерде оны қолдану заңды. Көк – символикалық жағынан тыныш шексіз теңізді, ұстамдылықты; ақшыл көк немесе көгілдір үлкен сезімді, нәзіктікті, бейбітшілікті білдіреді. Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің де, күмбездерінің де түсі көбінесе көк түсті. Осындай жағдайларға байланысты көк түстің де рәміздерде қолданылуы ерекше мазмұнға ие. Қазақ халқының менталитетінің ерекшелігіне, яғни тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына, наным сеніміне байланысты түр-түстердің белгілік мәні «көк» сөзінің төңірегіне байланысты да қалыптасқан. Көк сөзі тіркескен сөздерімен сындық мағынада, күрделі аталымдық мағынада, тұрақты тіркестік немесе ауыспалы мағынада байланысады. Қазақ халқының таным-түсінігінде тұрмыс-тіршілігінің көзі төрт түлік мал болғандықтан, көк түсінің орны ерекше. Сол себепті де көк биенің сүті бала біткеннің ауруына ем, дертке дауа, ал көк ешкінің терісі шертпе ауруына шалдыққан бала үшін сауығудың бірден-бір жолы деген түсінік қалыптасқан. Тіпті ұзақ сапарға төзімді деп қазақ қара көк, қара түсті жылқыларды баптаған. Этномәдени мән-мағынаға ие көк түс, біріншіден, қасиет, киеліліктің, екіншіден, еркіндіктің, сенімділіктің символы, үшіншіден, жастықтың, өсіп-өнудің, сол сияқты шексіздік пен биіктіктің бейнесі аспан, тереңдіктің бейнесі – теңіздің символы.

Көне түркі тілдерінде «көк» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкяң» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Яғни, көне түркіде туыстық мағынада қолданылған. Мысалы, М. Қашқаридағы: «Көгің кім?» деген сұраудың мағынасы – «Шыққан тегің қандай?» [1, 94]. Бұл еңбекте «көке» деген туыстық атау да кездеседі. Түсіндірме сөздікте тағы бір мағынасы көрсетілген: «Бір нәрсенің ең зоры, мықтысы, бәрінен асқаны». Бұл тіркес туыстық атауды білдірумен қатар «тірек», «демеуші» деген мағынада да жұмсалады. Мысалы, көкесін көзіне көрсетті – сазайын берді; көкесін таныта істеді – жамсата істеді, қирата, опырып-жапырып істеді. Яғни, көне түркілік мәні сақталған.

«Көк» түсті қазақтар ерекше пір тұтқан. Ұлт ерекшелігін тұтастай тану үшін оның тілдік, танымдық қасиеттерін зерделеу керек. Тіл дүниенің ұлттық мәдени айшықтарын бейнелеуде адамның когнитивтік әрекетін қоршаған ортаның ықпалымен ұштастырады. Жылқы ішінде баранға жататын қара көк түсінің қазақтар үшін символдық мәні ерекше. Төрт түліктің ішіндегі көк түстісін артық тұтқандығын, ең үлкен мінәжатта, құрбандыққа «көк қасқа айтып, көк қасқа шалу» әдетіне, сонымен қатар көкқасқа айту дәстүрінен көруге болады. Көкқасқа айту бұл – ескі сенім бойынша, ірі тойға, құрбандыққа, т.б. мал сою дәстүрі.

Қазақ мәдениетінде түс атауларының ішінде «көк» түсінің орны ерекше. Оның қасиетті болатын себебі: көк – Тәңір, көк – аспан, көк – тотем. Мысалы, көк – аспан, аспан әлемі; аспан әлемін жайлайтын тәңірі; төбесі көкке жету, көктен тілегені жерден табылу, көкке көтерілу; көк – түпсіз тұңғиық аспан әлемі; көк

аспан – аспан күмбезі; көк бойлады – биікке шапшыды; көкте самғады; көкке жетті – әуеледі, аспанмен таласты; қуанды, шаттанды; көктен сұрағаны жерден табылды – тілегені аяқтың астынан кезікті; көктен түсті – тұтқиылдан пайда болды, ойламаған жерден келе қалды; көкте тұрған жұлдыз – қол жетпес арман; көкке көтерді – дәріптеді, құрмет көрсетті, асыра мақтады; көкке атылды – аспанға шапшыды; көк күмбез – аспан әлемі.

Қазақ мәдениетін бұдан басқа ырым-тыйым, жөн жоралғылардан да көруге болады. Мысалы, көкке, шаңыраққа қарап түкірмейді; Көк Тәңірі, шаңырақ киесі атады деп ырымдайды.

Көкпар ойыны да қазақ арасында кең тараған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше «көкпар» атауы о баста «көк бөрі» дегеннен шыққан. Көк бөрі түркі тектес халықтардың сиынушы пірі қасиетті хайуан бола тұрса да, ертеректе малдың мазасын алған жыртқыш ретінде атып, ұрып, не ұстап алған қасқырды – «көк бөрі» атты спорт ойынына айналдырған. Кейін көк бөрі орнына лақ, серкені тартатын болған. Көкпар әдетте, ру ақсақалдардың үйлеріне, көп балалы не баласы жоқ үйге ырым етіп тасталатын болған. Көкпар тасталған балалы үй ақсақалы «Көгерт! Көгерт!» деп, баласыз үй ақсақалы «Бағың жанып, немере-шөберелі бол!» деп, бата берген үстіне шапан жапқан.

Көк — жұлдыздар, шоқ жұлдыздар, планеталар, галактикалар орналасқан шексіз әлемнің, космостың, халықтың атауы. Яғни көк сөзі тек аспан сөзін білдірмей, сонымен қатар аспан әлеміндегі жұлдыздарды да білдіре алады. Мысалы, көк — көне түркілік космоним; көкжиек – аспан пен жердің көз жететіндей түйіскен жері; Көкбозат – Темірқазық пен Жетіқарақшының аралығындағы қос жұлдыздың бірі.

Қазақ ұғымында жеті қат көк деген бар. Бұл тіркес те аспан әлеміне жатады. Жеті қат көк — шығыс астрономиясында жеті жұлдызға сәйкес: Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мәштүри (Юпитер), Сатурн. Көк – найзағай. Аяқ астынан жағымсыз хабар естігенде, қатты таңғалғанынан төбесіне көк түсті дейді; көк көбесі сөгілді – найзағай жарқылдап, төңіректі сілкіндірді.

Түркі тілдес халықтар да өздерін түр-түспен айырған солардың бір тобы өздерін «көк түрк» деп атаған. Бұл атаудың Орхон-Енесей ескерткіштерінің табылуымен байланысты және олардың ішінде Күлтегін Білге қағанға арналған жазбалардың оқылуынан кейін (1893-1895) ғалымдар назарын өзіне көбірек аударып келе жатқаны мәлім. Бұл сөзге ерекше мән беріп әркімнің өзінше жорамал айтып таласуының себебі көне дәуірде жасаған түркі тайпаларының этникалық құрамы, саяси әлеуметтік географиялық жағдайы, мемлекеттік құрылысы, шығу тегі сияқты толып жатқан мәселелердің көк сөзінің мәніне барып тірелуінде.

Ғалымдар *көк түрк* атауын «көк» сөзінің түр-түстік мағынасына сәйкес «голубые тюрки» деп аударса (Р.В. Радлов, В. Банг т.б.), енді біреулер олар аспанның өзіне, көк тәңіріне қатысты «небесные тюрки» (З. Гомбац т.б.) деп аударып, оның мәнісін тайпалардың, не этностар бірлігінің «ерекше қасиетіне таза қандылығына» байланыстырады. Осыған орай жерде туып жер бетінде тіршілік ететін қарапайым халқы VII-VIII ғасырларда жасаған бабаларымыз «қара будун» деп аталған болса, «тәңір тектес» немесе «көк (таза) қанды» түркілерді «көк түрк» деп атауы заңды деушілер де бар. Енді бір топ ғалымдар көк түрк этнонимі «еркін

ешкімге бағынбайтын түркітер» деген мағынаны білдіреді десе, тағы біреулері (Ф.С. Фасеев) «жоқ олай емес, көк сөзі «көк орай шалғын, көк майса шалғын» деген ұғымға байланысты, сондықтан да ол «мал бағатындар, көшіп-қонып жүргендер», яғни «көшпенді түркілер» деген ұғымды білдіреді» деп пайымдайды. «Көк түрк» әлемнің төрт бұрышын жайлаған Түрк қағанатындағы тайпалардың жиынтығы десе, екіншісі оның белгілі бір бөлшегі ғана деп пайымдайды.

Қорыта келгенде, түр-түс ұғымдарын саралап, топтастырғанда ұғатынымыз көк түс ұлттық менталитетімізді айқындауға зор септігін тигізеді анық. Көк сөзіне қатысты тілдік, белгілік мағыналарында жағымсыз ұғымнан гөрі, ұнамдылық белгісі басым. Тілдегі түр-түс атаулары – белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдірмей, сонымен қатар бір этностың ұзақ тарихы, оның рухани-мәдени өмірі, эстетикалық талғам-танымы, ұлттық психологиясы, салт-сана, әдет-ғұрпы туралы да мол мағлұмат бере алатын күрделі категория.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қашқари М. Түркі тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ат-түрік). III томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай / – Алматы: Хант., – 600 бет.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. –Т.4. – 2-бас. – Алматы: Толағай групп, 2010.
3. Маргулан, А. Х. Казахское народное творчество / А.Х.Маргулан. – Т.1. – 191 с.
4. Ә. Т. Қайдаров, Б. Е. Өмірбеков З. Т. Ахтамбердиева. Сырға толы түр мен түс [Мәтін] / – Алматы : Қазақстан, 1986 . – 92, [2] б.

ҚАЗАҚШАЛАНҒАН КОМПЬЮТЕР ТІЛІН ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

*Ескендір Ж.Е.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
магистранты. Ғылыми
жетекшісі: Б.Әбдуәлиұлы.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қ.*

Аннотация

В статье раскрывается актуальность проблемы превращения казахского языка в язык информационных технологий и определяются пути ее решения. Поднятый вопрос соответствует стратегическим направлениям развития государственного языка. Рассмотрены решения проблемы жизнеспособности языка. Краткий обзор истории казахских терминов в сфере информационных технологий, проанализированы лингвистические особенности казахской версии компьютера.

Annotation

The article reveals the relevance of the problem of the transformation of the Kazakh language into the language of information technology and defines ways to

solve it. The question raised corresponds to the strategic directions of the development of the state language. Solutions to the problem of language viability are considered. A brief review of the history of Kazakh terms in the field of information technology, analyzed the linguistic features of the Kazakh version of the computer.

Күн санап дамып келе жатқан ақпараттық технологиялардың ішінде компьютердің алар орны ерекше. Компьютерді қоғам мүшелері әр түрлі мақсатта қолданады: белгілі бір сала бойынша қызмет жасауға, қарым-қатынас орнатуға, білім беруге немесе алуға, әлемдегі соңғы жаңалықтарды бақылап отыруға, ойын-сауық мақсатында және т.б. Адам мен компьютердің арасында байланыс тіл арқылы көрініс табады. Яғни, адам мен компьютер арасындағы коммуникативтік жүйе арқылы адамнан мәтіндік ақпарат компьютерге табиғи тілдің көрінісі ретінде жазба арқылы ауысып, компьютерден адамның назарына қайтадан таңбалардың бұрынғы қалпына келтірілуі (ішкі тіл) арқылы ауысады. Соған байланысты тіл білімінің қолданбалы саласынан 20-шы ғасырдың 60-шы жылдарында компьютерлік тіл білімі саласы бөлініп шықты. Компьютерлік тіл білімі саласы – информатика ғылымының лингвистикалық негіздерін, ақиқатты модельдеу мен ойлау әрекеттерін және тілдік байланыстардың барлық аспектілерін компьютерлік бағдарламалар арқылы тікелей зерттеп танумен айналысатын тіл білімінің саласы. Бұл сала көп тармақты қолданбалы тіл білімінің бір тармағы ғана. Қолданбалы тіл білімі жазу мәселесін дамытуды, ауызекі сөйлеудің және шетел сөздерінің транскрипция жүйесін жасауды, арнайы тіл білімдік сөздіктерді шығару мен тарихи жазба ескерткіштердің тілін айқындауды, т.б. іс-шараларды қамтиды. Компьютерлік тіл білімін арнайы зерттеген математика және тіл білімінің маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор - А.Қ.Жұбанов қолданбалы тіл білімінің осындай дәстүрлі салаларында қазақ тілі ойдағыдай дамып, түркі тілдері ішінде көш бастап тұрғанын, бірақ «компьютерлі қазақ тіл білімі» деген компьютерге байланысты жаңа саласы әлі де болса кешеуілдеп дамып, артта келе жатқанын алға тартады [1, 8].

Ал дербес компьютердің бағдарламасын АҚШ-тың «Microsoft Corporation» компаниясы өндіргендіктен, ағылшын тілінде жарыққа шығып отырады. Оны әр ел өзінің ана тілінде жасау үшін, интерфейстің (Windows-тың) тілдік пакетін жасауы керек. Әрбір жаңа пакет «Community Glossary Project» (Қоғамдық сөздік жобасы) жобасы мен әр елдің жергілікті басқару органдары, ғылыми қауымдастықтары және лингвистикалық мамандарының бірлесе отырып жасаған сөздігін қолдану арқылы жасалады [2]. Өзіміздің бауырлас Әзірбайжан Республикасы тілдік пакетті жасау барысында жергілікті халықпен бірлесе отырып, әзірбайжан тілінде Microsoft Windows Vista мен Microsoft Office үшін «Қоғамдық сөздік» жобасы аясында 200 сөз 2006 жылдың 1 қарашасы мен 15 желтоқсан аралығында қарастырылған. Сол уақыт аралығында бірінші кезеңде 2054 ұсыныс талқыланып, 200-і қаралған. Бұл жоба арқылы сөздік қоғамдастығының веб-сайты арқылы модератор мен еріктілердің көмегімен техникалық терминдері әлі стандартталмаған тілдерге техникалық терминдердің сөздігін жасауға мүмкіндік береді. Ол терминдер кеңінен

қолданылатын Microsoft Windows пен Microsoft Office интерфейстерінің сөздерін негізге ала отырып, Ақпараттық технология саласының техникалық терминдерін қоғаммен келісе отырып стандарттауға жол ашады [3]. Біз бұдан техникалық терминдерді қоғаммен бірлесе отырып жасаудың қаншалықты маңызды екенін көреміз. Себебі, ол терминдермен жасалған материалдық және техникалық базаны тұтынатын – халық.

Қазақ тіліндегі ақпараттық технологияның біртұтас терминдерді 2003 жылдары жоқ болған. Оны сол кезде Microsoft Kazakhstan компаниясының генералды директоры Дәулетов Айдар қазақ тіліндегі Windows XP мен Office-2003 өнімін жариялаған уақытында хабарлаған және оны өздері жасауына тура келгенін тілге тиек еткен [4]. Өнімдердің ішіндегі Microsoft Office-2003 бағдарламасына қазақ тілінің орфографиясын тексеріп отыратын модуль енгізген. Кейіннен 2008 жылы ақпараттық технология ғылымының мамандары Асхын Тұрым мен Әлімжан Берікұлы ағылшынша-орысша-қазақша ақпараттық технологиялар (IT) сөздігінің жобасын қолға алып, 1200-ге жуық терминдерді аударған. Бұл сөздікте қоғамда жиі қолданылатын терминдерді аударып, ал басқа көптеген терминдерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап енгізген [5]. Ол сөздікті жасауға қазақ тіл білімі мамандары қатыспаған. А.Қ.Жұбанов 2013 жылы шыққан «Компьютерлік лингвистика» атты еңбегінде қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық стиль мен терминология жаңадан ғана қалыптасып жатқанын және ол көптеген оқулықтарда, монографияларда, мақалаларда көрініс тауып жатқанын алға тартады. Ал олардың саны мен сапасын, сол арқылы көптеп еніп жатқан ғылыми-техникалық терминдерді қазақ ғалымдарының арнайы зерттеуін талап етеді. Лексикографияның жаңа бағыты – ғылыми-техникалық лексикография өз отауын құра бастаған. Бұл бағыт үнді-еуропа тілдерінің ішіндегі орыс тілінде теориялық және практикалық тәжірибесі мен өзіндік даму тарихы бар [1, 52]. 2014 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті мен Педагогикалық ғылымдар арасындағы шарт негізінде әр сала бойынша А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты 30 томдық «Қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздігін» жариялаған болатын. Соның ішінде 3-ші томы информатика және есептеуіш техникаға арналып, он мыңға жуық терминдер қамтылған. Бұл сөздік жасауға техника, педагогика, филология, экономика және физика-математика ғылымдарының мамандары ат салысып, ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясы 2012, 2013 және 2014 жылдары құрамы жаңартылып, терминдерді тексерістен өткізіп отырады. Осындай үлкен мемлекеттік дәрежедегі техникалық терминдерді қамтыған сөздікті соңғы шыққан қазақша Microsoft Kazakhstan компаниясы Windows Home өнімінде пайдаланған. Кейбір терминдерді енгізбеген және кейбір бекітілген терминдер қолданылмаған. Мысалы, «view» пернесі орыс тіліндегі нұсқада «вид» болса, қазақша нұсқасында «көрініс» болып аударылған. Ал көп томдық терминологиялық сөздікте және Терминеком сайтында «түр» болып аударылған. Сол сияқты «folder» сөзі орыс тіліндегі нұсқада «папка», қазақша нұсқасы «қалта», сөздікте және Терминком сайтында «қапшық» болып аударылған.

Компьютердегі Windows 10 (терезелер) тілі ағылшын тілінен көптеген тілдерге аударылған. Соның ішінде қазақ тіліне де аударылған. Аударманың сапасы мен қаншалықты аударылғаны тіл мамандарының назарынан тыс қалып жатыр. Windows-ты қазақ тіліне көшіріп, компьютерді қайта іске қоссақ Windows-та пайда болатын пернелердің (тетік) сөз, екі не одан да көп сөзден тұратын сөз тіркестерін көреміз. Сол пернелердің қызметін қолданушыға түсіндіру және сипаттау үшін сөйлемдер енгізілген. Перне Windows-тың түпнұсқа тілі – ағылшын тілі. Қазақша нұсқасындағы пернелер мен олардың сипаттамаларының көп бөлігі аударылған. Бірақ арасында Windows-тың орысша аудармасының нұсқасы жиі ұшырасады. Мысалы, компьютерді қосқан уақытта жазу тілін ауыстыру пернесінде «казахская пернетақтасы» пернесі, интернет пернесінде «подключиться», «режим в самолете» пернесі, т.б. кездеседі.

Windows-тың қазақ тіліндегі нұсқасының ерекшеліктері мынадай:

Қазақ тіліне аударылған бір сөзден тұратын пернелерге: *көрініс, жаңарту, қою, жаңа, даралау, іздеу, сипаттар, ажырату, басты, түр, өлшем, т.б.*

Қазақ тіліне аударылмаған бір сөзден тұратын пернелерге: *отключиться, подключиться, выкл., вкл., отмена, применить, далее, т.б.*

Қазақ тіліне аударылған екі сөзден тұратын сөз тіркестерінен тұратын пернелерге: *сұрыптау тәсілі, таңбашаны қою, жылжыту болдырмау, ортақ пайдалану, орын босату, үлкен белгішелер, т.б.*

Қазақ тіліне аударылған үш сөзден тұратын сөз тіркестерінен тұратын пернелерге: *жұмыс үстелін көрсету, тапсырмалар тақтасын құлыптау, тапсырмалар тақтасының параметрлері, жасырын белгішелерді көрсету, ұялы кіру орны, мазмұнмен көлемдес баған, т.б.*

Қазақ тіліне аударылған төрт сөзден тұратын сөз тіркестерінен тұратын пернелерге: *әрдайым осы құрылғыда сақтау, тапсырмалар тақтасында адамдарды көрсету, жылдам қатынау тақтасын реттеу, көрсеткішті апарған кезде ашу, алдын ала қарау тақтасы, т.б.*

Қазақ тіліне аударылған бес сөзден тұратын сөз тіркестерінен тұратын пернелерге: *қалта және іздеу параметрлерін өзгерту, жаңа терезені жаңа процесте ашу, windows қауіпсіздігі ішінде қарап шығу, барлық ішкі қалталарға осы үлгіні қолдану, т.б.*

Қазақ тіліне аударылған алты сөзден тұратын сөз тіркестерінен тұратын пернелер де кездеседі. Мысалы: *жүйенің сенімділігі туралы журналды қарап шығу.*

Қазақ тіліне аударылған сөйлемдерден тұратын пернелердің түсіндірмесі де кездеседі: *Бөлектенген орынды жаңа терезеде ашу. Бөлектенген элементтерді электрондық пошта арқылы жіберу (файлдар тіркеме ретінде, ал қалталар сілтемелер ретінде жіберіледі). Бөлектенген элементтері бар қысылған қалтаны жасау. Сіз қамтамасыз ететін кескіндер Bing кескін өңдеу қызметтерін жетілдіру үшін қолданылуы*

мүмкін. Қолданушы рұқсатымен қамтамсыз етеді, ортақ қалталар жасайды және ортақ қатынасудың басқа да қосымша параметрлерін орнатады.

Қазақ тіліндегі мәтін арқылы кейбір қызметтерді түсіндірген. Ол мәтіндер көбінде «Параметрлер» пернесінде кездеседі. Мысалы, сол перненің ішіндегі «Тіркелгілер» пернесінің «Жұмыста не мектепте кіру» пернесіне кірсек мына мәтінді көреміз: *Электрондық пошта, бағдарламалар мен желі сияқты ресурстарға өту рұқсатын алыңыз. Қосылу жұмысыңыз не мектебіңіз осы құрылғыдағы өзгертуге болатын параметрлер сияқты біраз заттарды басқара алатынын білдіреді. Ол туралы арнайы ақпаратты олардан сұраңыз.*

Компьютердің Windows (терезелер) тілінің басым көпшілігі аударылған. Пернелерді ішіндегі пернелер де аударылған. Тек сол пернелерге тереңдеп кірген кезде ғана аударылмай, орысша не ағылшынша берілген пернелер шығып қалады. Мысалы, «Осы ДК» пернесіне кіріп, одан «Компьютер» пернесіне кірсек, «Басқару» пернесі шығады. Сол перненің іші «Файл», «Действие», «Вид», «Справка», «Скрытие/отображение» сынды т.б. пернелер арқылы толығымен орысша берілген.

Дербес компьютердің бағдарламасын, қызметтерін, құрылымын және дизайнын ретке келтіріп отыратын ең басты терезесі немесе пернесі «Басқару тақтасы» болып табылады. Windows-тың жаңа нұсқаларында «Басқару тақтасымен» бірге «Параметрлер» пернесі бар. «Параметрлер» пернесі толығымен қазақшаланған. Ал «Басқару тақтасының» басты пернелері ғана қазақшаланып, ішкі пернелері орыс тілінде берілген. Мысалы, «Жүйе және қауіпсіздік» пернесінің ішіндегі он перненің тек төрт пернесі қазақша, алты пернесі орысша: «Брандмауэр Защитника Windows», «История файлов», «Резервное копирование и восстановление», «Шифрование устройства», «Дисковые пространства», «Рабочие папки». Қазақша пернесінің ішінде де орысша пернелер мен түсіндірмелер кездеседі. Бұл қазақша нұсқасын әлі де пысықтап, қазақ тіліне аударылмаған пернелерді аудару керектігін көрсетеді.

Ақпараттық технологиялардың ішінде күнделікті тұрмысымызға еніп бара жатқан компьютердің қазақша нұсқасын әлі де пысықтап, білікті қазақ тілінің тіл мамандарымен, әсіресе, терминология саласында еңбектеніп жүрген ғалымдармен, IT мамандармен және халық арасынан шыққан белсенділермен бірге халыққа түсінікті, тіліне ыңғайлы терминдерді ойлап тауып, көшірме орыс тілінен емес, түпнұсқа ағылшын тілінің өзінен аударып немесе бар терминді қазақ тілінің заңдылықтарына игеріп алудың маңызы өте зор. Қазақша нұсқада қолдану басында ыңғайсыз болуы мүмкін. Бірақ қолдана келе оған да үйренуге болады. Ол мемлекеттік тілдің мәртебесінің өсуіне, қолдану аясының кеңеюіне, жаһанды технология тіліне айналуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

А.Қ.Жұбанов Компьютерлік лингвистикаға кіріспе, - Алматы: 2013.

https://en.wikipedia.org/wiki/Language_Interface_Pack

<http://www.today.az/news/business/32875.html>

https://expert.ru/kazakhstan/2005/11/11ka-kpov9_56938/

<https://www.zakon.kz/page,1,9,106122-kazakhstanskimi-uchenymi-razrabotan.html>

ҚАЗАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тұрашева А.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
магистранты. Ғылыми жетекші: ф.ғ.к.,
доцент м.а. Шоқабаетова С.С.*

Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы.

Әлеуметтік ортаның тілге және сөйлеу мінез-құлқына әртүрлі әсері болады. Осындай тіл мен қоғамның өзара әрекеттесуін және әлеуметтік факторларды түсіндіруге бағытталған ғылым тіл білімінде әлеуметтік лингвистика атауымен қалыптасып келеді. Ғалым А.Абасилов бұл жөнінде: “Әлеуметтік лингвистика немесе социолингвистика – тілдің әлеуметтік табиғатын, қоғамдық қызметін, қоғам өміріндегі рөлін және оның дамуына әсер ететін факторлар мен оларды реттеу тетіктерін т.б. кең көлемдік проблемаларды кешенді түрде зерттейтін ғылыми пән” – деп анықтама береді [1; 18 б.]. Бұл сала бірқатар ғылыми әдебиеттерде «тіл әлеуметтануы», «социологиялық лингвистика», «социологиялық тіл білімі», «лингвистикалық әлеуметтану», «лингвосоциология», «социолингвистика», «әлеуметтік лингвистика» терминдерімен кездеседі. Ғылымда ең танымал болған «социолингвистика» терминін алғаш рет 1952 жылы американдық зерттеуші Г. Карри қолданған. Бұл саланың басты мақсаты тілді әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеу болды. Отандық тіл білімінде қазіргі уақытта «әлеуметтік лингвистика» және «социолингвистика» деген екі термин қолданылады.

Әлеуметтік лингвистиканың ғылым ретінде негізін салушылар Женева мектебі мен париждік структурализм өкілдері (А. Сеше, Ш.Балли, А.Мартине, С.Д. Кацевский, Р.Р. Едаль т.б.), кеңестік диалектографистер (Г.Розенкронц, Т. Фрингс, Р. Горссе және т.б.) және әлеуметтік бағыт өкілдері (Е.Д.Поливанов, Р.Д. Шор, В.М. Жирмунский және т. б.), ал Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика КСРО әлеуметтік лингвистикасының бағыттарының бірі ретінде дамыды. Әлеуметтік лингвистикаға қатысты ең алғашқы теориялық тұжырымдарды ғалым Қ.Жұбанов еңбектерінен байқауға болады. Ғалымның зерттеулерін қарастырғанда, ең алдымен, тілдің фонетика, лексикология, грамматика т.б. салаларын зерттегенін көруімізге болады. Осы салалардың әрқайсысынан ғалымның әлеуметтік лингвистикалық көзқарастарын көрсететін

тұжырымдары байқалады. Бұған дәлел ретінде ғалымның 1989 жылы “Жалын” журналында қайта жарық көрген «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» мақаласын атауға болады. Ғалым «Қазақ елінің басын қосып, қонысын біріктіріп, ұлан-байтақ даланы шарлап көшкен жұрттың ұлттық тілін бір арнаға тоғыстырып, бір текті мәдениет тұрғызған жағдай Ресей патшалығының қол астына кіріп, соның билігіне мойын ұсынған кез емес, одан бірнеше заман әрідегі кезең еді. ...Басқасын қойып, бірлескен қоғамның ішкі қатынасының негізгі айнасы болатын тілді алсақ, қазақ тіліндегідей бір өңкейлікті бір қалыптылықты, басқа тілдерден сирек ұшыратамыз» – дейді. Сонымен қатар «қазақ жеріндегі ұшықпайсыз шалқыған кең даланы алып жатып, қалайша мұндай тіл тұтастығын сақтай алды деген сұрауға таң қалмасқа болмайды» – деп бірлігінің ешқандай ұлтта кездеспейтіндігіне тереңірек баға береді «Ондай тығыз қатынас болмаса, өзі сан алуан көп елден құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді» – деп жалпы тіл тұтастығын халықтың бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болуымен түсіндіреді [2; 80,82 б.].

Ғалымның әлеуметтік тіл біліміне қатысты зерттеулері, өмір сүрген кезеңі ашаршылық жайлаған және қуғын-сүргін өрістеген қиын-қыстау заманға тап келді. Дегенмен Қ.Жұбановтың әлеуметтік лингвистикалық зерттеулері бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған емес. Себебі еліміздегі әлеуметтік лингвистиканың бастауы осы уақыттарда ғалым еңбектерінде ашық көрініс таппаса да, сол кезеңнің өзінде де тіл мен қоғамды астастыра зерттегендігін көруге болады.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі тіл жағдайы мен құрылысы, мемлекетіміздің тіл саясаты мен оның негізгі бағыттары жеткілікті дәрежеде зерделеніп, ғылыми негізделген шешім табылды. Бұл бағытта Б. Хасанұлы, М.М. Копыленко, А.Е. Карлинский, М.К. Исаев, Э.Д. Сүлейменова, З.К.Ахметжанова, С.Т. Сайн, Ж. Шаймерденова және т. б. ғалымдардың, сондай-ақ жас ғалымдар К.М. Байбосынова, А.М. Құмарова, А. Абасилов, Г.С. Суюнова, С.А. Асанбаева, Д.Ж. Қасымова, Г.Д. Алдабергенова, Г.М.Алимжанова және басқалар. Қазақстанның тіл құрылысы мен жағдайын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, Б. Хасанұлының «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» (1976 ж.), «Казахско-русское двуязычие (социолингвистический аспект)» (1987 ж.), «Национальные языки: поиски и перспективы» (1989 ж.), «Ана тілі – ата мұра» (1992 ж.), «Тілдік қатынас негіздері» (2006 ж.) еңбектері, М.М. Копыленко мен С.Т.Саинаның «Функционирование русского языка в различных слоях казахского языка» (1982 ж.), М.М. Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Фонетическая интерференция в русской речи казахов» (1984 ж.), А.Е.Карлинскийдің «Основы теории взаимодействия языков» еңбегі (1990 ж.), «Языковая политика в Казахстане и пути ее реализации» атты жинақ (1990 ж.), Э.Д.Сүлейменованың «Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики» (1996 ж.), Э.Д. Сүлейменова мен Н.Ж.Шаймерденованың «Словарь социолингвистических терминов» атты сөздігі (2002 ж.), А.Абасиловтың

«Әлеуметтік лингвистика», «Әлеуметтік лингвистика сөздігі» сияқты біршама еңбектер жарық көрді.

Ә.Д. Сүлейменованың Н.Ж. Шаймерденовамен бірге жазған Қазақстандағы тілдік жағдайды социолингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған ірі еңбектерінің бірі ретінде «Словарь социолингвистических терминов» (2002) еңбегін, «Языки Казахстана» социолингвистикалық анықтағышын (2005) және ғалымның Ж.С.Смағұловамен бірігіп жазған «Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане» (2005) еңбектерін ерекше атауға болады. Әлеуметтік лингвистика терминдері бойынша терминдер жинақталған «Словарь социолингвистических терминов» сөздігінде мынадай мәселелер қарастырылған:

- әлеуметтік тіл білімі зерттеулерінің қазіргі күйін белгілеу;
- әлеуметтік тіл білімі бағыттарына түсініктемелер беру;
- әлеуметтік лингвистиканың әдістерін сипаттау;
- әлеуметтік лингвистиканың негізгі терминдік құрамын анықтау;
- әлеуметтік лингвистиканың негізгі терминдерінің анықтамаларын беру.

Сөздікте қазақ және орыс тілдерінде 650 социолингвистикалық терминнің анықтамасы бар. Әрбір терминге лұғаттық түсініктеме берілген және түсініктеме баршаға баяндауға ұғынықты болатындай тиімді нысанда берілген. Сөздік әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жалпы тіл білімі кафедрасына қарасты «Қазақ тілі: психолингвистика және әлеуметтік лингвистикалық зерттеу» оқу-эксперименттік зертханасында жасалған. 2002 жылы бірінші, 2007 жылы екінші басылымы шыққан. Еңбек шетелдік және қазақстандық ғалымдардың оң пікіріне ие болған [3].

А.Абасиловтың «Әлеуметтік лингвистика сөздігі» – әлеуметтік лингвистиканың негізгі терминдері жөнінде маңызды мәлімет беретін анықтамалық. Сөздікте мынадай мәселелер қарастырылған:

- қазіргі әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жағдайын көрсету;
- мүмкіндігіне қарай әлеуметтік лингвистиканың бағыттары бойынша шолулар жасау;
- әлеуметтік лингвистиканың негізгі терминдік құрамын анықтау
- жинақталған бай тәжірибені пайдалана отырып, олардың сөздіктік мәнін беру;
- оларды түсіндірудің сөздікке және оқу мақсатына тән барынша түсінікті тілмен баяндалуын көздеу [4]. Бұдан қазақ әлеуметтік лингвистикасының өзіндік терминдер жүйесі қалыптасып келе жатқан сала екенін аңғаруға болады.

Қазақ әлеуметтік лингвистикасын қарастырған зерттеу еңбектермен қатар ғылыми мақалалар да жарық көрді. Соның бірі – М. Аренов пен С.Калмыковтың «Современная языковая ситуация в Республике Казахстан» атты мақаласы. Мақалада Қазақстандағы тілдік ахуал біршама сипатталады. Сонымен бірге авторлардың «Ана тілін қашанғы өгейсіте береміз» деген мақаласында қазақ тілінің қоғамдағы орны, мәртебесі, қолданылу жайы статистикалық мәліметтер негізінде сипатталған. А.Абасиловтың «Қазақ тілін мемлекеттік мәртебесінде дамыту – Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңның негізгі қағидасы», «Солтүстік аймақтың әлеуметтік лингвистикалық

ахуалы», «Мемлекеттік тілді аймақтық тұрғыдан дамыту – Қазақстан үшін тиімді жол» мақалалары жарияланды. Ғалым «Қазақ тілін мемлекеттік мәртебесінде дамыту – Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңның негізгі қағидасы» мақаласында тіл туралы заңның жүзеге асу тетіктеріне тоқталса, «Солтүстік аймақтың әлеуметтік лингвистикалық ахуалы» мақаласында Қазақстанның солтүстік аймағындағы облыстардағы тілдік жағдаятқа, ондағы қостілділік, көптілділік мәселелеріне, аймақтағы мемлекеттік тілдің және өзге этнос тілдерінің қоғамдық қызметтеріне талдау жасайды. Ал «Мемлекеттік тілді аймақтық тұрғыдан дамыту – Қазақстан үшін тиімді жол» мақаласында тіл дамытудың аймақтық қағидаттарын ұсынады. Сонымен қатар А.С. Асанбаеваның «Қазақша жарнаманың тілі, стилі, қазіргі жағдайы», «Қазақ тіліндегі жарнаманы жақсарту мәселелері» мақалалары жарияланды. Мақалаларда жарнаманың тілдік ерекшеліктерін, жарнамадағы мемлекеттік тілдің рөлін, т.б. мәселелерді қарастырады.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақстандық социолінгвист-ғалымдар әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне қатысты докторлық, кандидаттық диссертация жұмыстарын қорғай бастады. Б.Хасанұлы 1992 «Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғады. Зерттеу еңбегінде қазақ тілінің әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін, тілдік жағдайды, тіл мен қоғамның байланысын, көпұлтты мемлекеттердегі тілдердің дамуы мен қызмет етуінің жалпы теориясын, Қазақстандағы қостілділік, көптілділік мәселелері қарастырылған. Ғалым қостілділікке анықтама беріп, еліміздегі қостілділік проблемасына қатысты былай деп жазады: «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдеріне, бүкіл қоғамның (социумның) әр түрлі 188 жағдайда екі тілді (әдетте, ана тілі мен екінші бір тілді) алма кезек немесе қатар қолдануы. Қазақ-орыс қостілділігі дегеніміз – қазақтардың көп ұлтты қоғамда ана тілімен қабат орыс тілін ұлтішілік және ұлтаралық қатынаста қатар не алма кезек қолдануы, екі тілдің әрқайсысын әр түрлі жағдайда керегінше пайдалану» [5; 132 б.].

Сонымен қатар 1995 жылы Д.Ж. Қасымованың «Функционирование уйгурского языка и формы его существования (социолінгвистическое исследование районов компактного проживания уйгуров в Казахстане)», 1995 жылы Г.С. Суюнованың «Речевое поведение казахов-блингвов», 1996 жылы А.М.Құмарованың «Социально-лингвистические проблемы формирования казахской языковой среды в Республике Казахстан», 1998 жылы А.Абасиловтың «Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары», 1999 жылы Г.Д. Алдабергенованың «Исследование влияния билингвизма на развитие детей», 1999 жылы С.А. Асанбаеваның «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолінгвистикалық өзекті мәселелері», 1999 жылы Г.М.Алимжанованың «Структура речевого этикета казахского и русского языков», 1999 жылы С.Ю.Сон «Социолінгвистический анализ функционирования коре мар и русского языка в корейской диаспоре Казахстана», Б.Ж. Құрманованың «Социально-лингвистические проблемы функционирования государственного языка в

западном регионе Республики Казахстан», Г.А.Досмұхамбетованың «Функционирования казахского и русского языков в микросоциальной общности» т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылып, қорғалды.

Бұл зерттеу жұмыстары Қазақстанда әлеуметтік лингвистиканың қалыптасып, дами бастағандығын, тілдік ахуалдың тұрақтанып келе жатқандығын көрсетеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік лингвистика өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдері мен дербес бағыттары (диахрондық социолінгвистика, синхрондық социолінгвистика, теориялық социолінгвистика, қолданбалы социолінгвистика, макросоциолінгвистика, микросоциолінгвистика т.б.) бар тіл білімінің дербес бір саласы ретінде дамуда [1].

Қорытындылай келгенде, кез келген ғылым саласы сияқты қазақ әлеуметтік лингвистикасы да – зерттеу нысаны бар, өзіндік терминдер жүйесі қалыптасқан, өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдері мен дербес бағыттары қалыптасқан ғылым саласына айналды. Жоғарыда көрсетілген барлық еңбектерде Қазақстандағы әлеуметтік лингвистиканың ең өзекті деген мәселелері сөз болған, жан-жақты қарастырылған, әлі де зерттелу үстінде. Көріп отырғанымыздай, Қазақстанда әлеуметтік лингвистика біріділікпен дамып, ғылыми айналымға түскен сала деп айтуға негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – Алматы: Асыл кітап, 2016. –248 б.
2. Жұбанов Қ. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі // Жалын. – 1989. – № 6. – 80-82 бб.
3. Сулейменова Э.Д. Словарь социолінгвистических терминов / Э.Д.Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 б.
4. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы: Асыл кітап, 2016. – 166 б.
5. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.

БИЛЕР СӨЗІНІҢ КОГНИТИВТІК КЕҢІСТІГІ

*Рахманберді Ә.Ж.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
магистранты.
Қазақстан Нұр-Сұлтан.*

Андатпа.

Мақалада билер сөзінің лингвомәдени сипаты, лингвистикалық қыры сипатталады. Билер сөзінің адам танымындағы бейнесі, ұлттық болмысты танытудағы қызметі сөз болады. Тілдің концептілік жүйесі ұлттық таным мен

жекелеген когнитивтік кеңістік турасынан сипатталады. Сонымен қатар концептілік кеңістік ұғымына лингвистикалық анықтама берілді.

Тірек сөздер. Концепт, билер сөзі, когнитивті лингвистика, тілдік карта, концептілік кеңістік.

Аннотация

В статье описывается лингвокультурный характер, лингвистический аспект речи биев. Речь идет о роли слова биев в познании человека, деятельности в проявлении национальной действительности. Концептуальная система языка характеризуется национальным познанием и отдельным когнитивным пространством. Также было дано лингвистическое определение понятия концептуального пространства.

Ключевые слова: Концепт, слова биев, когнитивная лингвистика, языковая карта, концептуальное пространство.

Annotation

The article describes the linguistic and cultural nature, the linguistic aspect of the speech of biys. We are talking about the role of the word biy in human cognition, activity in the manifestation of national reality. The conceptual system of language is characterized by rational cognition and a separate cognitive space. A linguistic definition of the concept of conceptual space was also given.

Keywords: Concept, bie's words, cognitive linguistics, language map, conceptual space.

Қазақ шешендік өнерінің түп қазығы саналатын билер сөзі өзінің өміршендігімен, ұлттық-мәдени ерекшелігімен, көркемдік қабілетімен айрықшаланады. Сол себепті билер сөзінің лингвомәдени сипатына зер салып, когнитивтік кеңістігін анықтау, концептілік деңгейін зерделеу маңызды болып саналады. Билер сөзі төреліктің өлшемі, әділдіктің нақ өзі бола білген. Өйткені ел ішінен сайланып, әділдігімен көзге түскен билер халық арасында орын алатын оқиғаларды шешіп, ақ-қарасын ажыратып, сөзге тоқтай білуді үйретеді. Бидің қаруы – сөзі. Ондағы айтылған нақыл, өсиет халықтың сөз байлығына айналып отырған. Билердің көтерген тақырыбы мен шешкен мәселелерін сараптай отырып, өз ішінен бірнеше концептілік кеңістікті анықтап көрсетуге болады. Алдымен, концептілік кеңістік ұғымының не екендігіне тоқталып өтейік.

Концепт туралы лингвистикада зерттеулер де, пікірлер де көп. Себебі концепт – көп аспектілі ұғым. Аталған анықтамалардың ішінен А.Ю. Маслованың түсіндірмесін келтіруімізге болады: «Концепт – белгілі бір этномәдениет тұтынушыларын сипаттайтын, лингвомәдени ерекшелігімен белгіленген семантикалық жасалым» [1, 47]. Яғни концепт ұлттық, халықтық, мәдени таным көкжиегіндегі адам санасындағы ақпараттар қорын құрайды. Ал концептілік ая, концептілік кеңістік ұғымдары осы жекелеген концептілердің жиынтығын танытады. Яғни түрлі категорияларға жататын концептілер бір жүйеге бағына келіп концептілік кеңістікті құрайды. Әр ұлттың тілдік санасында концептілік кеңістік орын алады. Концептілік кеңістіктің сипатынан сол ұлттың мәдени-ұлттық ерекшелігін тануымызға болады. Сол секілді қазақ

тілінде де ғасырлар бойы қалыптасқан концептілік кеңістік бар. Бұл концептілік кеңістіктің сипаты, құрылымы мен құрамы тұтас қазақ ұлтының ойлау механизмін, тілінің байлығын көрсетеді. Концептілік ая концептілердің жиынынан тұратын кеңістік десек, әр ұлттың, әлеуметтік топтардың, жекелеген индивидтердің концептілік аясының сипаты әр түрлі болады. Қазіргі таңда концептілік аяны құрайтын концептілердің нақты санын айту қиын. Себебі концепт тіл секілді динамикалық сипатта бола отырып, уақыт пен кеңістікке сай ауысып, өзгеріп отыруы ғажап емес. Тілде жаңа концептілер пайда болады немесе концептілік деңгейдегі ұғымдар өз мәртебесінен айырылады. Дүниенің моделі әр мәдениетте әр түрлі әмбебап концептілер мен мәдениет константаларынан құралады. Оларға: кеңістік, уақыт, өлшем, себеп, тағдыр, сандар, жалқының жалпыға қатынасы [2, 15], сонымен қатар, болмыс, от, су, шындық, заң, махаббат және т.б. жатады [3, 5]. Бұлар жалпы әлем халықтарына ортақ концептілер. Яғни жалпы әлем халықтарының концептілік аясын құрайтын базалық ұғымдар болып саналады. Базалық концептілермен қатар тек бір ұлтқа ғана тән концептілік ұғым-түсініктер болады. Мұндай концептілер өзге халық үшін ешқандай ақпарат бермейді және маңызға ие емес. Яғни тіл деңгейінде ақпараттар қазықталмайды да, концептілік деңгейге көтерілмейді. Мәселен, «киіз үй», «көк бөрі» концептілерін алып қарайық. Бұл концептілер – тек қазақ халқына және көшпенді түркі халықтарына тән концептілер. Сондықтан бұл ұғымдар жөніндегі тілдік деңгейдегі ақпараттар ағыны өзге ұлттарда кездеспейді. Демек қазақтың ұлттық танымындағы концептілік аяны құрайтын ұғымдар өзге ұлттың концептілік аясынан ерекшеленіп тұрады.

Демек концептілік кеңістік дегеніміз халықтың ұлттық сипатын танытатын, мәдени ерекшелігін айшықтайтын жекелеген концептілерден тұратын ұғым болып саналады. Билер сөзінен де ұлттық-мәдени сипатты ажыратып алуға болатыны себепті, бұл категориядағы концептілерді де тұтас қазақ ұлтының концептілік кеңістігінің қатарында қараймыз. Халық арасында билердің өсиет айтқан, төрелік еткен мәселелерін өз ішінен былайша бөліп қарастыруға болады:

- Дипломатиялық мәселелер;
- Отбасылық мәселелер;
- Хан мен қараша арасындағы күрес;
- Әлеуметтік топтардың арасында туындайтын мәселелер.

Қазақ билерінің көтерген негізгі мәселелерін, тілін зерделей отырып, бірнеше концептілік кеңістікті анықтадық. Кез келген ұғымның концепт деңгейіне жетуі үшін белгілі бір ұлттық дәрежеде өзіндік орны болуы керек, этностық бояуы қанық болуы шарт. Сол себепті билер сөзінен концептілік кеңістіктерді анықтап, бөліп қарастыруда билер тіліндегі маңызды деген ақпараттар таңдалып алынды және билер қарастырған, төрелігін білдірген мәселелердегі басты деген ұғымдар алдыңғы орында қарастырылды. Мұндай концептілік кеңістіктерге: «Бірлік» концептісін, «жақсы-жаман» концептісін,

«ер жігіт» концептісін, «жақсы әйел» концептісін жатқызамыз. Аталған концептілерге жеке-жеке тоқталып өтсек.

«Бірлік» концептісі. Билер қоғам өмірінде орын алып жатқан қандай да бір мәселелерге қатысты төрелік танытатындықтан, ең алдымен елді бірлікке, ынтымаққа шақырады. Өйткені елде алауыздық болса, халықтың елдігінен, мемлекеттігінен, даралығынан айырыларын біледі. Сол себепті билер сөзіндегі ең маңызды концептілер қатарына «бірлік» концептісін жатқызамыз. Бірлік концептісін құрайтын негізгі лексемаларға «ынтымақ», «ауызбіршілік», «татулық» сөздері жатады. Бұл сөздер «бірлік» концептісінің ядросын құрайды десек те болады.

Бір дегенім – *бірлігі* кеткен ел жаман (Қазыбек би).

Тату болса, ағайын жақын (Қазыбек би).

Бірлігі жоқ туыстан

Берік сөйлескен жат артық (Жәнібек би).

Бүтін болса, ел жақсы (Досбол би).

Көріп тұрғанымыздай, билер сөзіндегі «бірлік» ұғымы «ел», «елдік», «туыс», «ағайын» сөздерімен байланысқа түседі. Өйткені татулық, бірлік, ауызбіршілік сынды ұғымдар «ел» лексемасымен тікелей байланысты. Сонымен бірге жоғарыда берілген мысалдан байқағанымыздай, билер тіліндегі «бірлік» концептісі «бүтіндік» ұғымына да сәйкес келеді. Мұның да өз себебі бар: «бірлік» және «бүтіндік» сөздерінің ішкі семантикалық мәніне назар аударсақ, мағыналық жақындықтың барын аңғарамыз.

«Жақсы-жаман» концептісі. Қазақтың шешендік сөздеріне, жыраулардың толғауларына, ауыз әдебиеті үлгілеріне көз жүгіркенде ең негізгі тақырыптардың «жақсылық» және «жамандық» екенін байқаймыз. Олай болатын себебі «жақсы-жаман» оппозициялық концептілері ерте заманнан бастау алған адамдық болмыспен біте қайнасқан ұғымдар, сол себепті қазақ әдебиетінің қай кезеңінде болмасын өнер иелері «жақсылық», «жамандық» тақырыптарын өз шығармаларына арқау еткен. Сол себепті де би-шешендердің шешендік сөздерінде «жақсы-жаман» оппозициялық концептілері негізгі орынды алады. Бұл концептілердің билер сөзіндегі интерпретация, лексемалардың қолданыс аясы кең. Нақты мысалдар арқылы негізгі лексемаларды анықтасақ.

Жақсыменен сөйлессең,

Сағат емей немене.

Жаманменен сөйлессең,

Ағат емей немене (Досбол би).

Жақсыменен сөйлессең,

Құмарыңды қандырар.

Жаманменен сөйлессең,

Көңіліңді қалдырар (Жанқұтты би).

Білікті білім айтады,
Көлгір адам күліп айтады (Киікбай би).

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар (Әйтеке би).

Жоғарыда берілген мысалдардан «жақсы-жаман» оппозициясының негізгі ядролық лексемаларының «жақсы» және «жаман» сөздері екені көрінеді. Бұл лексемалардың астарында сапалық мәндегі сын есім ғана емес «жақсы адам», «жаман адам» ұғымдары жасырынған. Билер сөзінде жақсы мен жасанды сипаттауда жоғары мысалдарда көрсетілгендей салыстыру мәніндегі қолданыстар жиі ұшырасады. Өйткені жақсы мен жаманды салыстыру нәтижесінде бірінің парқын бірінен асыра не төмендете көрсетеді. Сонымен қатар жақсы адамға қандай болмыс тән, ал жаманның әрекеті қандай болады дегенді образды салыстырулар арқылы береді. «Жақсы», «жаман» ұғымдарын басқа лексемалардың көмегі арқылы да келтіріп өтеді. Мәселен, «білікті» сөзі жақсыға лайық болса, «көлгір» лексемасы жаман адам образына сәйкес келеді. «Ақыл» жақсы адамға тән болса, ашу жаман адамның негізгі сипатын айқындайды. Демек билер тілінде жақсы және жаман адам образдарын жасауда антонимдік мәндегі сөздер бір-біріне қарама-қарсы алынып, салыстырмалы сипатта баяндалады.

Екі **жақсы** қосылса,
Бір-біріне өш болмас (Бала би).

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма,
Кесапаты тиер еліңе (Қазыбек би).

Жаманды қанша мақтасаң,
Жайды білер ер болмас (Төле би).

Ақылсызға мал бітсе,
Қасына қоңсы қондырмас (Тіленші би).

Араммен жолдас болсаң,
Көңіліңді қаралар (Досбол би).

Надандықтың белгісі –
Өзін-өзі мақтайды (Жанқұтты би).

Көкірегі соқырға
Өмірде таң атпайды (Жанқұтты би).

Бұл мысалдарда «жақсы», «жаман» адам образдары жеке-жек сипатталып, түрлі лексемалар арқылы оппозициялық концептінің сөздік қорын толықтырады. «Ақылсыз», «арам», «надан», «көкірегі соқыр» тілдік бірліктері «жаман» концептісінің семантикалық кеңістігін құрауға қатысады. Бұл лексемалар ішкі семантикалық мағынасы жағынан бір-біріне сәйкес келеді және мағыналық жақындыққа ие, сол себепті бұл тілдік бірліктерді «жаман адам» концептісінің негізгі ядролық бөлігіне жатқыза аламыз.

Билер тілінде «ер жігіт», «жақсы әйел» концептілері де ең жиі кездесетін ұғымдар қатарына жатады. Мұндағы басты мағына нағыз жігіт қандай болуы керек және жақсы жар, ақылды әйелдің қандай болуы шарт дегенді білдіреді. Жігітке мықтылық, батырлық тән болса, әйелге нәзіктік, ақылдылық сәйкес келеді. Сондықтан да билер тілінде «ер жігіт» концептісі батыр, жауынгер, ерлік танытушы тұрғысынан сипатталады да, әйел үйдің ұйытқысы, жарының ақылшысы бейнесінде көрінеді.

«Ер жігіт» концептісі. Бұл концепті жалпы қазақ халқының ұлттық концептілер жүйесіне жатады. Себебі қазақ ер баланы батыр қылуға, ер жігіттің ерлік іске лайық болуына баулиды. Сондықтан да ер жігітке артылар жүк ауыр және «е ржігіт» концептісін құрайтын тілдік бірліктер қатары да біршама.

Ерден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық (Қазыбек би).

Ері алға кетер *еркек*,
Артқа кетер шалқақ болмасын (Досбол би).

Қас *батырдың* белгісі,
Қақ жүректен оқ тисе,
Демеуге досын шақырмас (Досбол би).

Қас жақсының белгісі,
Жауға түссе, күйзелмес (Киікбай би).

Мұнда «ер жігіт» концептісін құрауда «ер», «батыр», «еркек», «қас жақсы» сөздері қолданылған. Ер жігітті «батыр» сөзімен беруі, алдымен, ер баланы батырлыққа, елін қорғауға тәрбиелейтіндігімен байланысты және «ер» сөзінің өзі де «батыр» лексеманың синонимі болғандықтан, «ер жігіт» концептісінің ядролық кеңістігін құрай алады. Сонымен тағы бір назар аударатын жайт - «ер жігіт» концептісінің құрамында билер сөзінде «қас жақсы» сөзінің қолданылуы. Мұндағы «қас жақсы» сөзінің «ердің» орнына қолданылғандығын «жауға түссе, күйзелмес» қолданысынан аңғарып тұрмыз. Өйткені жаумен алысатын, елін қорғайтын ер жігіттер болғандықтан, «қас жақсы» сөзін «батыр» сөзімен мәндес қолданысқа түскендігін байқаймыз. Әдетте, «қас» сөзі батыр немесе сұлу сөзімен тіркесте қолданылатын, ал билер тілінде бұл тілдік бірліктің «жақсы» сөзімен байланысқа түскенін көреміз. Мұны синтаксистік ерекше байланысқа жатқызуымызға болады.

«Жақсы әйел» концептісі

Әйелің жақсы болса,

Бірінші – иманың,

Екінші – жиғаның,

Үшінші – ырысыңның тұрағы (Төле би).

Жан серігің жас кезіңнен

Бәрінен де **әйелің** жақын (Қазыбек би).

Жігіттер, **әйелді әйел** деп қорсыңбаңдар,

Әйелсіз ерге күй бітпейді (Сырым би).

Жақсы қатын алғаның,

Қызық емей немене.

Жаман қатын алғаның,

Шыжық емей немене (Досбол би).

Жоғарыда мысалдарда көрсетілгендей, билер тілінде ер жігіттің «жақсы әйелі» «иманы», «жиғаны», «ырыстың тұрағы», «жан серік» сөздерімен алмастырылып берілген. Демек бұл концептінің билер тіліндегі интерпретациясы осындай. «Әйел» сөзінің орнына «қатын» лексемасының қолданылғанын да байқаймыз. Бұл сөздің түп төркіні жағымды мәнде және «ырыс», «бақ» сөздерімен мәндес келетіндігін білеміз. Ал «жақсы әйел» бейнесін көркемдік сипатта метафораландыру арқылы беруде жағымды мәндегі, адамның рухани дүниесі үшін қымбат ұғымдарды келтіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику: учеб.пособие. 3-е изд., испр. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 296 с.
2. Гуревич П. Культурология. – Москва: Юнити, 2008.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва, 1996.
4. Билер сөзі. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТАНЫМ

ТОРҒАЙДАҒЫ ЖАЗУ МӘДЕНИЕТИ

*Оспанұлы С. филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Мырзағалиева К., филология ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор.
А. Байтұрсынов ат. Қостанай өңірлік университеті. Қазақстан.*

Аннотация

Мақалада осы облыстың бір шетінде жатқан сол кездегі Торғай еліндегі оқу ағарту ісі мен жазу мәдениетінің жай-күйі айтылады.

Кілт сөздері: мектеп-медресе, мектеп, дін, сауат ашу, жазу мәдениеті, Азия мектебі, дәріс, оқу, Бақшасарай, музей.

«Елтұтқа» кітабында Қошқарұлы Жәнібектің батырлығын айтумен бірге: «Мұның сыртында ол ауыздыға сөз бермеген, қиянатқа жол бермеген әділ би, діни сауаты мол молда кісі болған. [1] , «Торғай елі» энциклопедиясында Жәнібектің інісі Қошқарұлы Тұрлығұл туралы: « Діни сауатты. Қ. Бұқара мен Түркістан медреселерін бітірген жас ұстаздарды алдырып, Торғай еліне жүйелі білім беруді жолға қойған»[2]- делінеді. Торғайға жазу мәдениетін әкелген Тұрлығұл молда екені бұрын жасырын айтылып жүрсе, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бұл шындық сөз тағына мінді. Оны жоғарыдағы «Елтұтқа», «Торғай елі» кітаптары да дәлелдей түскен.

«Қазақ жастары жергілікті мектеп- медреселерді тауысқан соң өзге өлкелердегі білім ордаларына барып, оқуларын жалғастырған. Қазақстан ежелден Еділ- Жайық және Орта Азия мұсылман орталықтарымен тығыз байланыста болған Батыс және Солтүстік өңірлер халқы Қазандағы Мұхамеддия, Уфадағы Ғалия, Орынбордағы Хуайния, Троицкідегі Зейнолла Қазірет медреселерін, ал оңтүстіктегілер мұсылман әлемінде орны бөлек Түркістан мен Бұхараға барған» [3].

Уфадағы «Ғалия» медресесінде 1876 жылы торғайлық Жүзбай қажы, 1918 жылы баласы Таласпай молда оқып, білім алып, ауылда мешіт- медресе салдырған. Сөйтіп екеуі де балаларға арабша, парсыша хат танытқан. «Дамолда Кәтен» аталып кеткен Мұхаметқали Қожаұлы, Азына абыз ұрпақтары – Оспан қожа балалары Мұқамедуәли, Хамза, Қапыш, Әбдіғали, Төлеген Олжабайұлы, Хамза Ысқақұлы, Өтеш, Иманғали Сатайұлы, Ғайып Шәлпенейұлы, Бұзаубақ, Тұрлығұл Шешенқараның Ермағанбеті т.б. осы

Дамолда Кәтен шәкірттері. Сондай –ақ Ақтөбеде XVIII ғасырдың сексенінші жылдары II Екатеринаның жарлығымен Азия мектебі ашылған. Бұл медресе Сейіт медресесі аталған. Онда Орал, Торғай облыстарындағы ауылдық мұсылмандық мектептерді бітірген балалар қабылданған. 1903 жылы 30 шәкірт оқып, ауылдық молда куәлігіне ие болған. [4].

Мұндай мектеп- медреселерді Қазақстандағы барлық облыс тарихынан тауып, мысалдар келтіруге болады.

1912 жылы Торғай облысында 216 мектеп жұмыс істеді.

Тұрлығұл Қошқарұлы Тосында медресе ашып, дәріс оқыса оның ұрпағы Мәшәй баласы дамолда Қанафия Бұхарадан оқып, қазіргі Жангелдин ауданының Қошалақ құмындағы Тұз деп аталатын жерде мешіт салып, бала оқытқан. Оның ісін кейін туысы Әлмағанбет Оспанов жалғастырып, Шилі ауылында 1917 жылы мешіт салып, мұғалімдік қызмет атқарды.

Тұрлығұл ұрпақтарының Торғайда білім мен имандылық жолында игі істер атқарғанын Ғазиз қажы Әмірханұлы да жиі айтатын. «Кезінде Шилі ауылында бүкіл Торғай уезінде имамдық еткен Нұртаза баласы Нәуен 1926 жылға дейін мұхтасиф молда атанды. Денсаулығына байланысты жұмыстан босап, 1926 жылдан бастап Мұхтасифтікті Әлмағанбет Оспанұлы жалғастырады. Ол кезде Торғайға қазіргі Аманкелді, Наурызым, Арқалық, Жезқазған облыстарының біраз жерлері қарайтын кезінде 47 махалласы болған, Жезқазғанның Қайдаауыл болысын қосқанда 54 мешіт- махалла болған» [5].

1807- 1917 жылдар арасында қазақ тілінде мыңдаған кітап жарық көрді. Бұл Ыбырайға дейін де қазақ даласында, соның ішінде Торғайда Ыбырай Алтынсарин мектебінен бұрын да оқу орындары жұмыс істеп, жазу мәдениеті болғанының айғағы.

Ыбырай Алтынсарин жаңа үлгідегі мектеп ашқанымен діннен безбеген.

Ұлы ұстаздың татар ағартушылары Ш.Маржани, Қ. Насыри (Ғабдолқаюм Ғабденнасырұлы Насыров), С. Куклашев, Х. Фазылханов, Қырым татары Исмағұлбек Гаспринскиймен жақындығы елге беймәлім.

Әлмағанбет Оспанұлының немересі Марғұлан Оспанов қазір Қостанайдағы

Ы. Алтынсарин мемориялдық музейінің директоры. М. Оспановтың басшылығымен жақында музей қызметкері Балдырған Аяжанова И. Гаспринский музей үйімен (Бақшасарай тарихи- мәдени және археологиялық музей қорығы) хабарласып, И. Гаспринскийге Ы. Алтынсариннің 1884 жылы «Мұсылманшылық тұтқасы» кітабына жазылған қолтаңбасының (афтографының) көшірмесін алдырды.

Атадан бері қадірлісің

саид төре сұлтаным.

Панасында сақтасын

Сіздерді қадыр субканым.

Жәрдем сізге бұл кітап

Сағынғаннан төреміз
Хатр үшін сақталым.
Өзімізден шыққан асыл деп,
Асылдан қалған нәсіл деп
Сыртыңнан бата берейін.
Ағайынға болмадың
Нәсіп болып бір сыбай
Сағынады ағайын
Арғын, қыпшақ жұртың-ай.
Хайыр қайдан болған сұлтаным,
Жарың болсын бір құдай.
Жәдігер болып қалмаққа,
Есінізге алмаққа
Бұл кітапты жіберді
Қарашуның Ыбырайы
8-ші мизанда 1884 жылда
Шахар Орынбург.

Ыбырайдың, «Атадан бері қадірлісің саид төре сұлтаным» дейтіні И.Гаспринский Қырым хандары нәсілінен.

Ұлы ұстаз қолтаңбасынан оның И.Гаспринскийді «Сағыныштан төреміз хатр үшін сақталым өзімізден шыққан асыл, асылдан қалған нәсіл» деп жоғары бағалап, әрі мұсылман деп жанына жақын тұтқанын да аңғарамыз. деп Құдайды ауызға алуы «Жарың болсын бір құдай» Алла жолынан таймағандығының тағы бір дәлелі.

И.Гаспринский мен Ы. Алтынсарин өмірі мен қызметінде ұқсастық көп.

И.Гаспринский – Исмағұл Мұстафаұлы 1851 жылы 21 наурызда қазіргі Қырым автономиялы облысының Бақшасарай ауданында Ауджикой ауылында дүниеге келген. Әкесінің туған жері Гаспра, осы ауыл атауына орай Гаспрлы тегін алып, Гаспринский аталып кеткен. Ол Бақшасарайда өсіп, ер жетіп, алғаш медреседе, кейін «Ақмешіт» орыс мектебінде, одан соң Воронеждегі әскери мектепте оқиды. Алайда панисламдық саясатқа қарсылық білдіріп, Воронеждағы оқуын тастап, Бақшасарайға келіп, Зінжірлі медресесінде орыс тілінен сабақ береді. 1869 жылы Ялтадағы Дерекой мектебіне ауысып, екі жыл қызмет істеп Бақшасарайға қайта оралады. Тағы да зінжірлі мектебінің мұғалімі болады. Ыбырай: «Кел, балалар, оқылық!» деп бүкіл адамзат баласын оқу-білімге шақырса, Гаспарлы барлық мұсылмандардың білімді болуын қалап, үндеу тастады.

Ы.Алтынсарин «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы», - деп мектеп жұмысын жақсартып, артта қалған халықты қызықтырып оқуға тарту жолдарын көрсетсе, И.Гаспринский де осындай мақсатта мектепті жетілдіріп, тәрбиені мектептен бастау керектігін айтқан ағартушылардың бірі.

Екеуі де халық қамын ойлап жанашырлық публицистикалық мақалалар жазды. Ыбырай «Жұт туралы», «Қазақ даласындағы аштық туралы», «Қазақ қасіреті» мақалаларын, Исмағұл «Мир Ала Шер Науаи», «Насихат таббия», «Тарих әғләмәт уа их тирәғәт» атты танымдық, тағылымдық очерк, эсселерді дүниеге әкелді.

Ыбырай өзі ашқан мектепке тарих пәнін енгізуге айрықша көңіл бөліп, 1879 жылы 17 желтоқсанда В.В.Катеринскийге: «...Жалпы тарих пен орыс тарихының қысқаша курсы өте ұнайды. Бұл кітап қысқаша жазылған, бірақ қажетті мәліметтердің бәрі бар. Тарихты осы кітап бойынша оқытсақ қайтеді? Өйткені, орыс тарихын жеке алсақ, онда балалардың білімін өсіретін әр түрлі мәліметтер өте кем ғой, ал әлгі айтқан кітабымыздың көлемі «Орыс тарихының» көлемінен үлкен емес, сөйтсек, мұны өткеннен кейін балалар да менің ойымша өте кең түсінік алар еді», -деп жазса, Исмағұл да тарих пәніне ерекше қараған.

М.Дулатов 1914 жылы «Исмағұлбек Гаспринский (Опатынан соң)» деген мақала жазып, оның қайтыс болғанын айтып, оқушыларды өмірбаянымен таныстырады:

«Исмағұл мырза алғашқы оқуын ауыл мектебінде оқып, онан кейін Мәскеу гимназиясына барып түскен. Надан жұрт баламыз орысша оқыса, орыс дәмін татса, ойбай, орыс болды, енді айрылдык, елден-жұрттан безеді деп түсінеді. Орысша оқыған «овтар» шаш өсіреді, мұрт баспайды деп, надан қажылар орысша оқығандарды кемсіткісі келеді. Мінекей, түрік ұлтының шын баласы ғана түгіл ноғай атасы дәрежесіне жеткен» [6].

Дәл осындай жағдай Ыбырайдың басында да болғаны баршаға аян.


Исмағұлды ұстаз тұтқан Шәкәрім Құдайбердиев те: «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі кітабында: Алдында өткен, тәрбиесін көрген Абайдан соңғы ұстазым – «Тәржіман» газетінің иесі Исмағұлбек Гаспринский десем бек дұрыс. Анықтық үшін ол кісінің газетін оқып, бек көп пайдаландым», -дейді. Шындығында да бүкіл мұсылмандар қауымын «Тілде, пікірде және істе бірлік» деп, өнер-білім жолына шақырып, халық қамын жеген И.Гаспринскийдің де, оның «Тәржіма» газетінің де атқарған ісі қазақтар үшін де айтарлықтай еді. Осы басылымда жарық көрген «Қазақтар», «Торғай» һәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы, «Орыс қоныстанушылары мен жергілікті қазақтардың құқы», «Қазақтар және отарлау саясаты», «Тұтас халықтың қырғыны» сияқты мақалалар соның айғағы.

1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Исмағұлбек Гаспринский» деген мақаласында М. Дулатов: «Исмағұл мырза ғирт етіп, отыз үш жыл», «Тәржіман» басынан жылжымай, жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, һәр түрлі жәмбаяти хайриялар аштырды, тіл һәм әдәбиәт туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тілі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгерісін болжағандай ой берді.

Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлт ұстазы, ардақты атасы болып дүниедан қайтты», [7],-дейді.

Ыбырай да, Исмағұл да өз ұлтын білім, ғылым жолына бастап, жазу-сызуды үйреткен ұлы ұстаздар.

И.Гаспринский 1914 жылы 11 қыркүйекте Бақшасарай ауданында қайтыс болды.



Суретте «Мұсылмандық тұтқасы» кітабына жазылған Ы.Алтынсарин қолтаңбасы.

Әдебиеттер тізімі

1.«Елтұтқа» Ел тарихының әйгілі тұлғалары оқу құралы. М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек. «KUL TEGIN» , баспасы Астана -2001.-142 б.

2.«Торғай елі» энциклопедиясы.- Алматы: Арыс баспасы 2013.-263 б.

3.Бекболатов Ж. Ауыл мектебі (Торғай өңіріндегі халық аға тарихынан.Рухани ұстаз /жауапты шығ.- ред. К. Бекболатұлы. – Алматы: қазақ университеті, 2016. -24 б.)

4.[ҚҰРМА. 27қор, 1 тіркеу, 18-іс, 9- 15 б.б.]

5.Әмірханұлы Ғ. Торғай даласында Ислам дінінің таралуы жайлы қысқаша мағлұмат. Мұсабай- қажы Х Әмірханов Ш. Ғазиз қажы. Қостанай «Шапақ, 2007. -247-248 б. б.»

6. [Дулатов М.Қысқаша тәржіме халі // Қазақ , 30 сентябрь,1914.№ 80]

7. Дулатов М. Исмағұлбек Гаспринский. «Қазақ»,1914, 16 октябрь.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЛАСС³

*Әбсадық А.А., ф.,ғ., д., профессор,
Хасенова А.А., магистрант,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірілік университеті.
Қазақстан Қостанай қаласы*

А.Байтұрсынұлының алдымен Ақтөбе уезі Бестамақ болысындағы Арынғазиев мектебі, одан соңғы Әуликөл болыстық мектебінен кейінгі ұстаздық қызметі Меңдіғара болысындағы Орынбаев (Урунбаев) мектебінде жалғасады. Оның аталмыш мекемелерде қызмет еткені туралы тарихи дерек Торғай облысының статистикалық комитетінің 1899 жылға шығарған анықтамалық жинағында (1898 жылдың деректері бойынша шығарылған) көрініс тапқан (Памятная книжка... 1899, 52).

1902 жылы А.Байтұрсынұлы Ақмола, Торғай облыстары халық мектептерінің директоры болып бекітілген А.Е.Алекторовтың шақыруымен Омбыға аттанған уақытта ол Орынбаев мектебі мен Қостанай педагогикалық курсына ұстаздық етіп жүреді. Мұны біздер ағартушының өз қолымен 1902 жылдың 1 сәуір күні Қостанай қаласынан жазған өтінішінен көре аламыз (ГАТО, Ф.126, оп. 4, д.385, л.2). Оның өтініші Ақмола және Семей облыстарының халық училищелерінің директорына бағытталған (1 сурет).

Өтініштің мазмұны екі бөліктен құралған. Бірінші бөлікте Орынбаев мектебі және Қостанай педагогикалық сыныбының мұғалімі А.Байтұрсынұлы директордан ісжүргізуші лауазымына өз кандидатурасын Батыс-Сібір оқу округінің басшысына ұсынуды өтінеді. Екінші бөлікте ол өзінің білімі туралы және Торғай облысында 6 жылдық ұстаздық қызметті өтегенін жазады.

Осы өтініштің негізінде Торғай облысының халық мектептерінің инспекторлығынан Халық ағарту министрлігінің бұйрығымен Ақмола, Семей облыстарының халық мектептерінің директоры лауазымына жаңа тағайындалған А.Алекторов А.Байтұрсынұлының өтінішіндегі ақпаратты тілге тиек ете отырып, оның кандидатурасын Батыс-Сібір оқу округінің басшысына ұсынады (ГАТО, Ф.126, оп. 4, д.385, л.1). Ұсыныстың хатталған мерзімі – 1902 жылдың 17 сәуірі, құжаттың жазылған мекені – Қостанай аласы (2 сурет).

³ Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруына ие болған «А. Байтұрсынұлының ауылдық мектептердегі ағартушылық және қоғамдық қызметі (жаңа архивтік деректер мен өлкетанушылық мағлұматтар, тұлғаның тыңнан табылған шығармалары негізінде)» атты Жоба негізінде дайындалды.



2
Его Высочеству
Государю Директору народных училищ Акимской и Семейской областей.

Учителя начальной училища
(Учительской школы) при Киреевском
начальном народном училище
и Алексея Байтурсулова


Премии

Число кассе почтамтской просит Ваше
Высочество войти в ходатайство при Его
Превосходительстве Государственном Пензенском
Землеустроительном училище округа с назначением
лица фабричного при Директоре народных
училищ Акимской и Семейской областей.

На сию премию выдана была с означенной
школе в Оренбургской губернии учительской школы
за № 260 с назначением с 1^{го} Ученства народных
училищ Туркменской области с преходящим числом
6^{ти} летней учительской службы от 26 августа 1902 г.
за № 16. Августа 1^{го} дня 1902 года. Т. Кузнецкий.

Учителя Алексея Байтурсулова.

1 сурет. А.Байтұрсынұлының Ақмола және Семей облыстары халық училищелерінің директорына жазған хаты




2 сурет. А.Алекторовтың Батыс-Сібір оқу округінің басшысына жазған ұсынысы

Қос құжаттың деректік маңыздылығының бір қыры – оның Қостанай қаласында жазылуы. Бұл - көп нәрсені пайымдауға, зерделеуге жол бастайтын құнды дерекнама. Ол кейінгі терең зерттеулердің нысанасы болатыны анық.

Екі құжатты сырттай қарағанда бірден көзге түсетін көрініс – жазылған құжаттардағы таңбаларды жазу мәнерінің бір-бірімен өте ұқсастығы. Мұндағы таңбалар өте сұлу, біркелкі түзу. Бейне бір сурет сынды. А.Байтұрсынұлының бойында суретшілік талан болғанын алаштанушы ғалым Сұлтан Хан Аққұлы Ә.Бөкейханның Н.Потанинге жазған хатының мазмұны бойынша айқындайды (https://www.exclusive.kz/expertiza/kulturnaya_sreda/124081/?fbclid=IwAR2ovWk1tkGYireUb10EEhI6d3ntgTrFPN2mh_GXl2ZZhoUVgZFMKF0Bdgw#.YHdyjlev1hs.fac ebook)

А.Байтұрсынұлының өтініш соңында қойған жеке қолтаңбасы құжат мәтініндегі өзге сөздердің жазу мәнерінен ешбір ауытқымаған, ал Алекторовтың жеке қолтаңбасы мүлдем бөлек. Мұнан шығатын қорытынды: қос құжатты хаттаған – бір кісі. Ол кісі А.Байтұрсынұлының өзі болуы әбден мүмкін. Жанама дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының 1904 жылы Ішкі істер министріне жазған өтінішінің (РГИА, Ф.1291, оп.84, д.89, л.1-2 об.) жазу мәнері осы аталған құжаттарға ұқсас екендігін атап өтеміз. Оқырман өзі салыстыра қарау үшін сол құжаттың үзіндісін ұсынамыз (3 сурет):



3 сурет. А.Байтұрсынұлының 1904 жылы ішкі істер министрлігіне жазған өтінішінен үзінді

Аталмыш өтініштің мән-маңызы жайында біздер 2021 жылдың сәуір айында Abai.kz порталында «Ахметтің белгісіз болған жаңа қолжазбасы табылды» деген атаумен жариялаған мақаламызда толығырақ талдаған болатынбыз. Онда ол Батыс-Сібір оқу округінің басшысының 1902 жылдың 3 мамырындағы бұйрығымен 1-мамырдан бастап мемлекеттік қызметке, яғни Ақмола және Семей облыстарының халық мектептері директорының ісжүргізуші болып орналасқанын баяндай келе, Торғай облысының салық органдарының 1903-1904 жылдары аралығында бұдан заңсыз алынып келген үй салығынан босатуды сұрайды (<https://abai.kz/post/132530>).

1902 жылдың сәуір айының ішінде Қостанай қаласында жазылған қос құжаттан біздер мынадай деректерді пайымдауға болады:

1. Өтініш жазылған уақытта (1902 жылы) А.Байтұрсынұлы Орынбаев (Урунбаев) мектебінде және Қостанай педагогикалық класында мұғалімдік қызмет атқарып жүрген;

2. А.Байтұрсынұлының Орынбор мұғалімдер мектебінің курсы аяқтаған туралы куәлігінің номерленген таңбасы - 260;

3. 1902 жылдың 26 наурызда оның Торғай облысының территориясында атқарылуға тиісті 6 жылдық мұғалімдік қызметінің мерзімі өтелген.

Деректерді талдауды соңынан жоғары қарай жүргіземіз. Іс жүргізуші қызметіне қабылдауға өтініш жазылған құжаттың соңына А.Байтұрсынұлы «мұғалім» деп қол қойған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында үкіметтен кесімді жалақы алатын «мұғалім» деген мамандық пайда болды. Оның алғашқы сипаты 1844 жылы «Орынборлық қазақтарды басқару Ережесінде» бекітілді. Онда қазақ балаларына арналған мектептерде арнайы төрт (орыс тілі, таза жазу, арифметика, татар тілі), қосымша бір пән (дін заңы) жүргізілетін болып белгіленіп, одан сабақ беретін кісілердің жалақысы белгіленеді. Осы үлгіде Орынбор, Троицк, Торғай, Ырғыз, Райым, Перовск бекіністерінде мектептер ашылып жұмыс жасады. 1868 жылдың 21 қазанында патша әкімшілігі тарапынан «Далалық облыстарды басқарудың уақытша Ережесі» бекітіліп, онда әрбір далалық облыстарға (Торғай, Орал, Ақмола, Семей) халық ағарту ісі үшін жыл сайын бюджеттен 8 мың сом қарастырылу көзделеді.

Инспектор А.Васильевтің жазуы бойынша, 1870 жылы Торғай облысының әскери губернаторы Орынбор аймағының басшысы Крыжановскийге облыстағы халық мектептерін дамытудың, халық мұғалімдерін (народный учитель) дайындау жобасын ұсынады. Ол жобаны жүзеге асыру үшін әкімшілік: «безотлагательно устроить учебное заведение для приготовления учителей, не оставляя дела обучения киргизских детей в руках малограмотных казаков, писмоводителей волостных, или, что еще вреднее, фанатиков из башкирских и татарских мулл, которые издавна являлись почти единственными проводниками в среди киргизов грамотности, религиозных вырваний и кое-каких познаний, мало полезных для умственного развития степняков и прямо вредных в том отношении, что в учеников внедрялись превратные понятия о России» (Васильев, 1896-II, 79) деген ұстын ұстанып, мектеп жүйесін құру және басқару (системное администрирование) жұмыстарымен қатар халық мұғалімдерін дайындайтын оқу орындарын ашуды жоспарлайды. 1879 жылы Торғай облысының оқу жүйесін басқаратын әкімшілік лауазым (инспектор) бекітіліп, 1883 жылы Ор қаласында Мұғалімдік мектеп ашылады. 1888 жылы Ор қаласында орын алған үлкен өрттің салдарынан Мұғалімдік мектеп ғимараты өртеніп кетіп [Туғай, 2018, 87]., патша әкімшілігі мектепті Орынбор қаласына, бұрынғы қазақ балаларына арналған Орынбор мектебінің ғимаратына көшіреді (Васильев, 1896-II, 124).

А.Байтұрсынұлы Орынбордағы Мұғалімдер мектебіне 1891 жылы түсіп, оны 1895 жылы тамамдайды. Оның мектепті бітірген туралы куәлігі, өзі өтініште жазып отырғандай, номері - 260. Оқу орнын бітірген кісілерге «мұғалім» деген мамандық беріліп, 180 сом көлемінде кесімді жалақы

белгіленді. Жұртшылық арасында ол мамандық «халық мұғалімі» деген құрметке ие болды. Мұғалімдік мектепті бітіргендердің білім деңгейі «орта білім» дәрежесінде еді. Бұл бүгінгі күндегі педагогикалық колледж деңгейіндегі білімге сай көрсеткіш. А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазған өмірбаяндарында білімін «орта» деп көрсететіні және 1914 жылы А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының үстінен домалақ арыз жазғандардың бұларды «жоғары білімі жоқ» немесе «жаңа мұғалімдер» деп кекететінінің себебі де осы (*Мархаббат: «Ахмет пен Міржақыптың үстінен домалақ арыз жазған кімдер?»* <https://abai.kz/post/135310>).

А.Байтұрсынұлы өзін «халық мұғалімі» мамандық иесі болғанын әрдайым атап өтіп отырды. Мұның бір көрінісін біздер А.Байтұрсынұлының 1922 жылы Ташкенттегі қазақ зиялыларының алдында қалың қазақтың көрсеткен сый–құрмет, қошеметіне рахмет айта сөйлеген сөзінен байқаймыз. Онда ол былай дейді: «Мен – халық мұғалімімін. Оқуым көп емес, аз, бірақ білімімді халық мақсаты үшін жұмсағаным рас. Оның да себептері бар. ...Мені тудырған – заман, патша заманының зұлым саясаты, зорлығы, зомбылығы, қорлығы» (Қамзабекұлы, 1997, 104).

А.Байтұрсынұлы өмір сүрген тұста Мұғалімдік мектепті тамамдаған мұғалім мамандар өте қат болды. Сондықтан да патша үкіметі сауатсыздық белең алған заманда әлеуметтік маңызы зор мұғалімдік мамандыққа «қатты» көңіл бөліп, мемлекет есебінен мамандық игерген кісілерге 6 жылдық мерзім бойы мамандық бойынша қызмет атқаруға және ол қызмет оны оқуға жіберген өңірдің (облыстың) территориясында жүруге тиіс деген талапты қойды. Бұл үрдістің сарқыншағы бізге кеңес дәуірінен ептеп таныс. Оны кезінде мамандық бойынша өтелім (отработка) деп атайтын.


1895 жылы Орынбор Мұғалімдік мектебін тамамдаған А.Байтұрсынұлы 1902 жылы ол кесімді мерзімнің шартын толық орындайды. Осылайша оның алдынан өзге мамандыққа (Ісжүргізуші) және басқа облыс территориясына (Ақмола облысына) ауысуға көлденең тұрар заңдық кедергілер жойылады. Мұны А.Алекторов Батыс-Сібір оқу округінің басшысына жазған өз ұсынысында: «К сему считаю долгом присовокупить, что обязательный срок на должности учителя им высмержен и пріпятствий к его перемещению не имеется» деп орынды атап өтеді.

Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы (1889-1994) А.В.Васильев 1896 жылы Орынбор қаласында жарияланған «Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние» деп аталатын зерттеу еңбегінде 1896 жылдың 1 қаңтарына дейінгі есеп бойынша облыс көлемінде 35 ауылдық мектеп жұмыс жасап жатқанын, ол мектептердің қай жылы ашылғанын, қандай елді мекенде орналасқанын, мектептің қалай аталатынын (қыстау бойынша және мектепті ашуға көп үлес қосқан кісінің аты) және онда мұғалім болып кім қызмет ететінін көрсететін деректік кесте жасайды (Васильев, 1896-III, 159-161) Бұл кестеден біздер ауылдық мектепті мұғалімдік қызметте болған 35 ұстаздың аты-жөнін көре аламыз. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін де бар (4 сурет).

| ВЪ АКТЮБИНСКОМЪ УВЗДЪ. | | | | | |
|------------------------|-----------------------|---|--------------------------------|--|---|
| 17 | Миндыбаевская | Въ № 1 ауылъ Арактюбин- ской волости. | 15-го марта. | <i>Беркалиевъ</i> , оконч. курсъ, киргизской учит. школы. | |
| 18 | Косыбаевская | Въ № 2 ауылъ Актюб. вол., а загъмъ перев. въ Каратург. волости. | 8 фев- рала. | <i>Мендыгановъ</i> окон- чивш. курсъ, киргиз. учительской школы. | |
| 19 | Алимбетская | Въ № 2 ауылъ Тереклин- ской волости. | 14-го февра- ля. | <i>Аристаналиевъ</i> съ званиемъ сельскаго учителя. | |
| 20 | Алчинбаевская | Въ № 3 ауылъ Уйсункарин- ской волости. | 10-го февра- ля. | <i>Калонновъ</i> изъ Ак- тубинскаго 2-хклас- снаго учителя. | |
| 21 | Карамолинская | Въ № 5 ауылъ Буртинской волости. | 12-го февра- ля. | <i>Аючуаковъ</i> , оконч. курсъ, киргизской учит. школы. | |
| 22 | Михайловская | Въ поселкѣ Михайлов- скомъ. | 2 де- кабри 1893 года | 13-го марта 1894 г. | <i>Тимофеевъ</i> , оконч. курсъ, Блатовъшев. учит. семинари. |
| 23 | <u>Арунгазыевская</u> | Въ № 2 ауылъ Актюб. вол., а загъмъ перев. въ Бестамак. волости. | за № 4192. 1894 г. | 13 фев- рала 1894 г. | <i>Байтурсуновъ</i> , окон- чивш. курсъ, киргиз. учительской школы. |
| ВЪ ТУРГАЙСКОМЪ УВЗДЪ. | | | 21-го | | |

4 сурет. А.Васильевтің ауылдық мектептердің тізімін жасаған кестесінен үзінді

Бұл жазба - А.Байтұрсынұлының мұғалімдік қызметі туралы алғашқы ақпараттың бірі. А.Васильевтің аталмыш кестесінде «Орынбаев мектебі» жоқ. Сонымен қатар ол бүкіл Торғай облысында 1896 жылға дейін ашылған мектептердің картасын жасайды. Мұнда да «Орынбаев мектебі» белгіленбеген (5 сурет).



5 сурет. А.Васильевтің Торғай облысы көлеміндегі мектептерді белгілеп жасаған картасы

Олай болса, Орынбаев мектебі 1896 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі мерзімде пайда болған. Патшалық Торғай облысының статистикалық есептерінде Орынбаев (орысша таңбалануы - Урунбаев) мектебі 1898 жылдардан бастап орын ала бастайды. Мектептің орналасқан мекені – Қостанай уезі, Меңдіқара болысы, № 4 ауыл. Сол жылдары, яғни 1898 жылдары аталмыш мектепте Ор Мұғалімдік мектебінің 1887 жылғы түлегі Қазыкерей Шотаев ұстаздық еткен. Ал бұл уақытта А.Байтұрсынұлы Аманқарағай болысындағы № 2 ауылдағы Г.Е.Лапшин басқаратын Әуликөл болыстық мектебінде қызмет етті (Памятная книжка... 1899, 52; 55).

Қазыкерей Шотаев – Орынборға қараған Шығыс Орданың (кейін Қостанай уезінің территориясы) әмірші-сұлтаны Бақтыкерей Шотаевтың немересі. 1895-96 жылдары А.Байтұрсынұлы Ақтөбе уезінің Бестамак болысындағы Арынғазиев мектебінде ұстаздық етсе, одан кейін ол мектепте Қазыкерей Шотаев қызмет жасайды. Шотай әулетінің бүгінгі таңдаға көзі тірі

ұрпағы, Шығыс медицинасының дәрігер маманы Марат Шотаевтың айтуынша, Қазыкерей Шотаев Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Қаратал ауылынан 7 шақырымдық жердегі бұрынғы «Ұялысай» деген жерде жерленген, басына белгі қойылған бейіті бар.

Ал Орынбаев мектебін ашқан кім дегенге келер болсақ, қазақ даласында орыс-қазақ мектептер жүйесі қалыптаса бастаған XIX ғасырдың екінші жартысындағы заманда оқу ісінде Орынбаев деген фамилиямен ұстаздық еткен екі кісінің есімі кездеседі. Бірі – 1861 жылы Троицк мектебі ашылған уақытта «Мұсылман діні» сабағын жүргізген – молда Қазыбай Орынбаев, екіншісі – 1864 жылы Орынбор Мұғалімдік мектебін үздік бітірген түлек - Байқадам Орынбаев. Екінші Орынбаев, инспектор А.Васильевтің жазуынша, Орынбордағы орыс-қазақ мектебін бітірген соң (Васильев, 1896-I, 53) Орынбор облыстық басқарма жанында қызметке қалады. 1866 жылы ол зауряд-хоружний әскери атағын алады. 1867-68 жылдары Б.Орынбаев Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектепте «Іс жүргізу» пәнін жүргізеді (Васильев, 1896-I, 75), ал 1870 жылы оны білім саласындағы құзыретті мекеме Троицк орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі етіп бекітеді (Васильев, 1896-II, 75)

1892 жылдан бастап Торғай облысында жылдық шығыны 324 сом көлеміне шақталған ауылдық бастауыш мектептер жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптайды. Бәлкім, Бақтыбай Орынбаев ауылдық мектеп ашуға демеушілік жасап, оған сол кездегі дәстүр бойынша, ол мектепке оның есімі берілген болуы да ғажап емес. Сол тұста ашылған ауылдық мектептерді ашуға орысша білім алып, түрлі шенеунік қызметте болған Арынғазиев сынды кісілердің мұрындық болғанын ескерсек, мемлекеттік қызметте болған Бақтыбай Орынбаевтың да сондай іс атқаруы әбден мүмкін деп ойлаймыз.

Ал енді қостанай педагогикалық курсына келетін болсақ, оның ашылу тарихы ауыл мектептері қатарының көбеюіне байланысты болды. А.Васильевтің жазуынша, 1892-1896 жылдар аралығында Торғай облысында орысша білім беретін ауылдық мектептер көптеп ашылады. Ресей империясының далалық облыстарды басқару туралы 1891 жылдың 25 наурызында шыққан жаңа Ереже бойынша, әлеуметтік саланың шығыны, соның ішінде ағарту саласы да жергілікті жерден жиналатын салық негізінде қаржыландыру көзделді. Сол себепті мектеп ісі саласында шығыны аз жұмыстарды қолға алу қарқынды жүргізілді. Бұл орайда әкімшілік қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы, мұсылмандық татар білімін таратушылардың тәжірибесінен өткен көшпелі мектептер жұмысын жолға қоюды қолға алады. Мұндай көшпелі мектепті «ауыл мектебі» деп аталды. Оның мақсаты «татар, башқұрт, ортазиялықтарды қазақ даласындағы мектептерден ығыстыру» болып табылды. Ауылдық мектептің дәрежесі бір сыныптық, болыстық мектеп екі сыныптық мәртебеге ие болды. Ауылдық мектептің бір жылдық шығыны 324 сом, ал болыстық мектеп 2 мың сом көлемінде қалыптасады (Васильев, 1896-III, 151-153).

Орысша білім беретін алғашқы ауыл мектебі 1892 жылдың 15 маусымында Қостанай уезі Кенарал болысының Қарағайлы (№4 ауыл) ауылында ашылады. «Тургайские областные ведомости» газетінің 1892 №6

санында жазылған хабарламада (корреспонденцияда) алғаш ашылып отырған мектепті қолдау және оның керек-жарағына көмектесу мақсатында Торғай облысының әскери губернаторы оған 324 сом қаражат бөледі (мектептің бір жылдық шығынын өтейтін қаражат) [ТОВ, 1892, №6].

Үкімет тарапынан ауылдық мектеп туралы қабылданған Ереже сол жылы «Оренбургский листок» газетінде қазақшаға аударылып басылады [ТОВ, 1892, №31]. 1894 жылдың 1 қаңтарына дейінгі көрсеткіш бойынша облыс көлемінде 25 ауылдық болса, 1895 жылдың басында олардың саны 35 мектепке жетеді. Ауылдық мектептерде сол жылдары 542 шәкірт білім алады. Сонымен қатар Ақтөбе және Қостанай уездеріндегі орыс поселкаларында орыс балаларына арналған мектептер ашылып, олардың дәрежесі ауылдық мектеп мәртебесінде болады.

Облыс көлемінде тез көбейіп жатқан бастауыш мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік 1894 жылы Қостанай қаласынан екі кластық Педагогикалық курс ашу мәселесін көтереді. Педагогикалық класс Ы.Алтынсариннің басшылығымен 1884 жылы Троицк қаласынан Қостанай уезінің жаңа орталығы Новониколаевскіге көшірілген 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінің жанынан ашылып, 1897 жылы өз жұмысын бастайды. Курстың ашылуы туралы «Тургайская газета» 1897 жылдың №108 санында арнайы хабарлама береді. Онда Торғай облысынан Орынбор мұғалімдер мектебіне бөлінетін 17 стипендияны Қостанайдағы Педагогикалық курсқа ауыстыру мәселесі көтерілгені жазылған [Тургайская газета, 1897, №108].

А.Байтұрсынұлы Меңдіқара болысындағы Орынбаев атындағы бастауыш мектепте мұғалімдік қызмет жүріп, ауылдық бастауыш мектептерге мұғалім дайындайтын Қостанай Педагогикалық сыныбында да сабақ береді. Өтініште де осы ақпарат орын алған.

Түйіндей келгенде, А.Алекторов А.Байтұрсынұлының жазу мәнерінің анық әрі әсемдігін бағалап, оны өзі жаңа тағайындалған директорлық қызметке ісжүргізуші болып алуды қалаған сынды. Оның үстіне оған Ақмола, Семей облыстары сынды таза қазақы облыстардың оқу ісін басқару жүктелген болатын. Сондықтан қазақ тілін, оның дүниетанымын жақсы білетін А.Байтұрсынұлын өзімен бірге жаңа қызметке Омбыға шақырған деп пайымдауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбсадық, 2021 - Әбсадық А. Ахметтің белгісіз болған жаңа қолжазбасы табылды // <https://abai.kz/post/132530>
2. Васильев, 1896 - Васильев А. «Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние». Оренбург, 1896
3. ГАТО - Государственный архив Томской области.
4. Қамзабекұлы, 1997 - Қамзабекұлы Д. Руханият (Мақалалар мен зерттеулер). - Алматы: Білім, 1997. - 272 б.
5. РГИА – Российский государственный исторический архив

6. Памятная книжка... 1899 - Памятная книжка Тургайской области 1899 года. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Типо-лито-графия П.Н.Жаринова, 1899
7. ТОВ, 1892 – Тургайские областные ведомости, 1892
8. Тургайская газета, 1897, - Тургайская газета, 1897, №108
9. Тугай, 2018 - Тугай Т.И. Оренбургский путь Ахмета Байтурсынова / Т.И. Тугай.- Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2018. - 253 с.
10. Султан Хан Аккулы, 2021 - Султан Хан Аккулы. Какую тайну Ахмета Байтурсынулы «Раскрыл» Алихан Букейхан в письме Григорию Потанину?
11. https://www.exclusive.kz/expertiza/kulturnaya_sreda/124081/?fbclid=IwAR2ovWk1tkGYireUb10EEhI6d3ntgTrFPN2mh_GXl2ZZhoUVgZFMKF0Bdgw#.YNdyjlev1hs.facebook

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

*Жұмагүл С.Б.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
профессоры, филология ғылымдарының
докторы.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы*

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының сан қатпарлы шығармашылық тұлғасын, қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін тануда нақыл сөздерінің алар орны ерен. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Бесстрашный пророк своих убеждений» [1] деп бағалаған санаткердің әдеби мұрасы, іргелі еңбектері қазақ рухани әлемін жаңғыртудағы тарихи қызметін атқарып келеді. Патша абақтысы, Кеңес түрмесі қысымын өткере жүріп, елге қызмет етудегі иман күшін «Абақтыдан жайсыз орын жоқ, онда да отырып жұмыс істеуге болады» («Бас қосу турасында») деп әдіптеген тектінің нақылдары – қазақ топырағындағы рухани және саяси күрескерліктің тағылымды мектебі болуымен қастерлі.

Өзіне дейінгі сан ұрпақтың қордаланған әлеуметтік жүгін арқалап, қоғамдық парызын атқаруда жанкештілік танытқан Ахмет Байтұрсынұлы феномені ХХ ғасыр басындағы Алаш ренессансын зерделеуге мүмкіндік береді. Осынау құбылыстың басты сипаттары – адамға, ұлтқа, адамзатқа деген гуманизм, тұлға еркіндігі, ар-ұждан тазалығы, сана дербестігі десек, Ахметтің нақыл сөздерінің де басты мұраты қазақ дүниетанымына, ойына азаттық рухын сіңіру еді. Телжан Шонанұлы «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов – халық ағарту және әдебиет саласында» мақаласында атап көрсеткендей, «Қазақ халқы үшін Ахмет жасаған әдеби дүниенің көркемдік-әлеуметтік таным әлемінің әсері ғаламат» [2, 247-248 б.] болды. Демек, ұлт ұстазы нақыл сөздерінің рухани кемелденудегі маңызын айқындау барынша өзекті.

«Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз көзіңе түскен қырауды аршып қара» дейді Алаш ардақтысы. Отаршылдық ойрандағы қазақ қоғамының дәуірлік түйткілдерімен бетпе-бет келген ол ұлттың ұлт болып қалу мәселелерін саяси-рухани реформаторлық жолмен шешуге қажыр-қайратын сарқа жұмсады. Қалам қайраткері «Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы» («Жауап хат») [3, 225 б.] екенін байыптауымен елін саяси теңдікке, рухани кемелдікке жеткізудегі адамдық борышынан айныған емес. «Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі» («Орысша оқушылар»), «Халықты қаңсылату – обал, халықты зар жылату – мейірімсіздік, халықты тамақ үшін сату – иттік» («Әдебиеттанытқыш»), «Қайраткер басын бәйгеге тігіп іс қылуын айып көрмейді, адамдық деп біледі. Басын қорғап, мақсатын іздемей қалу – оған өлім» («Әдебиеттанытқыш») [4] сипатындағы нақыл сөздері ұлт қайраткерлері ұстанатын бірден-бір тұғырнама болып қала бермек.

Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінің қайнары.

«Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды» («В.И.Ленин жолдасқа»). Міне, жері жатқа кеткен жұртының қайғы-қасіретіне ем іздеген күрескер «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл – қазақтың тірі иә өлі болу мәселесі» («Аңдаспаған мәселе» турасында») ұстанымымен қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудегі Алаш ұлт-азаттық қозғалысының өмірлік мақсатын «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Қазақтың өкпесі», «Тағы да жер жайынан», «5 десятина жер», «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Жер жалдау жайынан», «Аңдаспаған мәселе» турасында және тағы басқа мақалаларымен үстеп отырды. Халқының отаршылдықтағы мүшкіл халін, қоғамдық дамуындағы кем-кетігін көзімен көріп, жан-тәнімен сезінген оның семсер сөзі ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту идеясына қуат дарытты. Ояну дәуірінің жетекші күшіне, ұйыстырар өзегіне айналды. Бодандық бұғауындағы, ұлттық езгідегі елінің «Ноқталанғанша хәм ноқталанғаннан кейінгі істелетін істер басқа-басқа» («Жауап хат») екенін әлеумет санасына сіңірумен болды.

«Қазақ» газеті патша цензурасына алынып, А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» мақаласы үшін қудаланғанымен, қайраткер қазақ қоғамын елшілдік ой аңсарымен нәрлендіріп, озбыр империяның ұлтсыздандыру саясатын сынаудағы принциптілігінен тайған жоқ.

«Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек.

Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс» (Бастауыш мектеп). «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі

жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер ең әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» (Оренбург. 10 февраль).

Міне, ұлтына ақ адал қызмет еткен тарлан тарих талқысындағы ел рухының жасампаздығына, осынау текетіресте қазақ мерейінің үстем шығатынына күмән келтірмеді. Рухы азат, санасы еркін халықтың түптің түбінде бодандықтан арыларына сенді. Бұл орайда «Елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріптеп, күшейтіп, көпіртіп, көркейтіп айтуы, бірақ жұртта жоқ рухты ақын өзінен шығарып айта алмайды. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» («Әдебиеттанушы») деген Қыр перзентінің байыптауы – рухы өшпеген еліне риясыз сүйіспеншілігі, сенімінің жарқын көрінісі.

«Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» («Қазақтың өкпесі»). «Өткен – өтті, іздегенмен таптырмайды, қуғанмен, жеткізбейді. Өткенді қуғанды қойып, осы күйінді түзеуге жөн іздеу тиіс» («Шаруа жайынан»). Сондықтан, Ахмет жұртына өткеннің өкінішін емес, бүгінгінің баяндылығына, келешектің кемелділігіне адастырмай жеткізетін бағыт-бағдар нұсқады. Кемдіктегі елінің береке-бірлігімен теңдікке жету жолында қолға алар қоғамдық істерін көрсетті. Жем болудан құтылудың амалын қарастырды, ілгерілеу жолын айқындады. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек. Күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» («Бас қосу турасында»). «Бұл күнде аянбай жатып қалған жұрт, кетіп бара жатқан жұрттардың аяғының астында қалмақ. Қазақ халқы болып жасаймын десе, ілгері ұмтылып талпынатын кезі осы» («Шекіспей бекіспейді»). «Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» («Қалам қайраткерлері жайынан») [3, 186 б.].

Қазақтың саяси теңдігіне, рухани кемелдігіне ғұмырын арнаған ағартушының оқу-ағарту, өнер-білім, ғылым хақындағы «Жазу тәртібі», «Бастауыш мектеп», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Баулу мектебі», тағы да басқа мақалаларының мәйегі іспеттес нақыл сөздері – руханиятымыздың алтын қорын еселеуде. Оларда ұстаз, тәлімгер, әдіскер, ғалым, ағартушы Байтұрсынұлының уақыт талабына сай ілгерілеу, озғандарға жету, өркениетке ұмтылу хақындағы саф ойлары көрініс тапты.

«Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» («Оқу жайы»).

«Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүнианың бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған – ғылым, отарба, откемелерді жүргізген – ғылым» (Оқу жайы). «Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес. Сөзге қарамайтын тіршілік істері толып жатыр. Ол істерге істеп, үйреніп, шебер болмаса, сөзбен үйреніп шебер бола алмайды» («Баулу мектеб»).

«Мәдениет күшейеді өнербілім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірін сүйрейді» («Қалам қайраткерлері жайынан») [3, 186 б.].

«Шаруа жайынан», «Егін егу», «Қазақтың өкпесі», «Қазақша оқу жайынан», «Бас қосу турасында», «Шекіспей бекіспейді» және тағы басқа мақалаларында халқын жаһитшылдыққа, кәсіби біліктілікке баулыған санаткердің экономикалық, шаруашылық көзқарасын байыптауға мүмкіндік беретін нақыл сөздері де терең мазмұнға толы. Оларда толассыз тіршілік талас-тартысындағы ұлт мерейінің үстем болу жолдары, оның өміршендігіндегі ұрпақ парызы бағамдалды.

«Оқусыз халық қанша бай болса да біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» («Оқу жайы»). «Еңбексіз егін шықпайды, терлесен терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды» («Қазақтың өкпесі»). «Жел кемесі болса да от кемеңіз іздеген, атарбасы болса да отарбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу, тараққи жолы» («Шаһзаман мырзаға»). «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білуге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек» («Қазақша оқу жайынан»). «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой» («Орысша оқушылар»). «Біз мәдениетті, өнерлі болуға талпынсақ, мақсатқа сонда жетеміз, сонда дайын нәрсеге қызығатұн болмай, барды ұқсатып, жоқты табатұн боламыз» («Әлібби тақырыпты Ақметтің баяндамасы»). «Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң талассыз, тартыссыз да адам жоқ. Әркім әліне қарай таласады, тартысады. Талас, тартыс табиғаттың негізгі заңының бірі» («Әдебиеттанымқыш») және тағы басқалары.

«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» («Қазақша оқу жайынан»), «Сауаттану – мылқауға тіл, саңырауға құлақ, соқырға көз бітіргенмен бірдей нәрсе» («Ана тілінің әдісі») екенін ағартушылық еңбегімен дәлелдеген ұлт ұстазының ана тілі, тіл лұғаты, мұғалім мерейі, ұрпақ тәрбиесі хақындағы нақыл сөздерінің мән- мағынасы алабөтен. Оларда тіл жасампаздығы, ұрпақ тәлімінің түйінді тақырыптары, мәңгілік мәселелері зерделенді.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» («Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы») Бірінші жылдық Орынбор – 1914). «Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» («Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы») Бірінші жылдық Орынбор – 1914). «Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы» («Орысша оқушылар»). «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» («Мектеп керектері»). «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» («Оқыту жайынан»). «Тәннің күшті болуы да, елдің күшті болуы да – екеуі де тәрбиемен. Тәрбиесіз тән қандай азса, тәрбиесіз ел де сондай азбақ» (Орынбор, 2 февраль).

Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы – «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әліп-би», «Жаңа әліппе», «Баяншы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» атты ана тілімізде алғашқы оқулықтар, «Оқу құралы» (Т.Шонанұлымен бірге) әдістемелік оқу құралын жазған ғалым. Ұлттық жазу реформаторының тіл оқытудың әдістемелік мәселелері, әліпби тұғырнамасы туралы нақыл сөздері – қазіргі отандық білім беру қағидаттарын ұштауда өміршең. Оқу комиссиясындағы, сонымен қатар, Қазақ АКСР Халық ағарту халық комиссары, Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы қызметтеріндегі істері қайраткерліктің, сондай-ақ, Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі мен Бүкілодақтық түркология құрылтайындағы баяндамалары классикалық филологияның озық үлгісі болып қалуда.

«Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз» («Әліпби тақырыбты Ақметтің баяндамасы») Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі). «Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады; Тек еліктеуді маймылша еліктеу деп атайды» («Әліпби тақырыбты Ақметтің баяндамасы»). «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап» («Жазу тәртіб»). «Білімнің бас құралы – кітап» («Білім жарысы»). «Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім. Тіршілік – тірлік шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек» («Баулу мектеб»). «Ұлы істердің әдісі де ұлы болады. Ұлы әдісті үйрету де, үйрену де қиын болады. Ұсақ істің істеу мәнісін білгенмен, істеу әдісін білмей, дұрыстап істеуге болмаса, ұлы істі дұрыстап істеуге болар ма?» («Баулу мектеб»). «Үйрету деген – өнер. Өнердің шені-шегіне ешкім жете алмайды. Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр» («Ана тілінің әдісі»). «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек» («Тіл жұмсар». Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-інші кітап. Қызылорда – 1928). «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» (Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліп-биін жақтаған баяндамасы) [5, 277 б.].

Қазақ кәсіби публицистикасын, журналистикасын қалыптастыруға тарихи еңбек еткен қалам қайраткерінің газет, көсемсөз табиғатын байыптаған нақылдары да тереңдігімен тәнті етеді.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» («Құрметті оқушылар!»). «Газет қызметі – халыққа бас, көз, құлақ, тіл болып ұлтының ар-абыройын күзетіп, жұртын жақсылыққа бастау, жаманшылықтан сақтандыру» (Орынбор, 2 февраль). «Көсем сөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді. Теріс басшылық қылса, әлеуметті адастырады. Солай болған соң көсем сөз жазып, әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам боларға керек» («Әдебиеттанытқыш»).

Қазақ классикалық филологиясын «Әдебиеттанытқыш» атты тұңғыш ғылыми-теориялық еңбегімен жаңа биікке көтерген зерттеушінің асыл сөз, шығармашылық психологиясы, өнер эстетикасы, жанр, қаламгер болмысын

бажайлаған нақылдары өнертанудағы тың бастама, соны ізденіс болуымен оқшау тұрады.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек» («Қазақтың бас ақыны»). «Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады» («Әдебиеттанушы»). «Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда» («Әдебиеттанушы»). «Асыл сөздің сипаттарын білумен адам ақын болмайды, бірақ ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады» («Әдебиеттанушы»). «Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті, әдемі болып шығатыны сияқты неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ» («Әдебиеттанушы»). «Ақынға дүниенің әдемілігі көрік пен махаббат екеуінде ғана. Өмірдің көрік пен махаббатқа дұрыс келетін істері сүйіндіреді, теріс келетін істері күйіндіреді» («Әдебиеттанушы»). «Ертегі – халықтың ескіден қалған жұрнақтарының қордасы» («Әдебиеттанушы»). «Батырлар турасындағы әңгіме: халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме: Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған» («Әдебиеттанушы»). «Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, йа бояумен түсін өзгертіп, йа түленмен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды» («Қалам қайраткерлері жайынан»).

Ұлттық автономия, қазақ жерінің тұтастығы, шекаралық межеленуіне сол арқылы қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруде тарихи қызмет атқарған мемлекет қайраткерінің коммунистік жүйенің қиястығы мен озбырлығын сынға алған парасат-пайымы, саяси сарабалдығы нақыл сөздерінің тақырыптық аясының кеңдігін көрсетеді («Революция и киргизы», «В.И.Ленин жолдасқа», «Еще о голоде в Киргизии», «Қостанай үйезі») және тағы да басқа мақалаларындағы нақылдарынан Байтұрсынұлының қайтпас, қайсар мінезін, отаншыл тұлғасын танимыз.

«Наводила же на киргизов ужас Октябрьская революция своими внешними проявлениями. Как происходило большевистское движение в центральных частях России, киргизам было неизвестно. На окраинах же оно сопровождалось насилиями, грабежом, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью, говоря короче, движение на окраинах часто представляло собой не революцию (как обычно она понимается), а полнейшую анархию» («Революция и киргизы»). «...Қазіргі уақытта кез келген адам өзін коммунист деп атайды. Оларға үніліп қарамайынша, кереметтің күшімен бәрі коммунистерге айналған екен деп ойлайсың. Бірақ, керемет тек ертегілерде болады, ал шын дүниеде ондай болмайды» («В.И.Ленин жолдасқа»). «Біздің коммунистер Мәскеу коммунистері секілді жартыкеш емес, нағыз «96 пробалы» («Қадірлі Әли»). «Если Киргизский Центральный Исполнительный Комитет не примет энергичные меры к проведению в жизнь постановлений 2-го Всекиргизского Съезда Советов по вопросу о борьбе с голодом и если Центр

своевременно не поспешит на помощь голодающему населению Киргизии, то киргиз, пострадавших от «жута», следует окончательно считать обреченными на гибель» («Еще о голоде в Киргизии»). «Қазақстан автономиясы Еділ-Оралдан Қытайға шейін, Жайықтан Түркістан, Алатауға шейін жайылған киіз туырлықты қазақ-қырғыз баласының басын біріктіру болғандықтан, Қостанай үйезінің кірмей қалуы мүмкін емес» («Қостанай үйезі»).

А.Байтұрсынұлының қазақ тілімен қатар орыс тіліндегі мақала, баяндамаларындағы нақыл сөздері ой-өріс кеңдігі, дүниетаным тереңдігімен ұйытады. Елдік мұратты, елдік мүддені қорғаудағы азаматтығынан айнымаған қайраткердің интеллектуалды саралаулары, парасатты пайымдары шынайы ғалым, елшіл қайраткер, отаншыл азамат қандай биікте болуы керектігін ұқтырады. Мәселен, түркітанушылар құрылтайы баяндамасындағы ұлттық бірегейлік, әділдік, мәдениет, рухани ықпалдастық мәселелерін сын тезіне салған кемел ойлары – даналық кенішіндей әсерлі, мірдің оғындай өткір:

«Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества».

«Назначение науки, знания – это облегчение человеческих страданий, увеличение жизненных благ и удобств». «Пройденные нами пути тернисты, нам незачем оглядываться назад. Назад могут оглядываться только те, у которых было светлое прошлое, а у нас этого светлого прошлого не было, и мы естественно должны стремиться вперед». «Наш лозунг вперед, а не назад. Нашими идеалами должны быть не вороны, слетающиеся на готовую добычу, а нашими идеалами должны быть соколы, совместными усилиями добывающие себе добычу». «Справедливость создается только людьми, как всякое человеческое создание. Справедливость не знает уважения к чужому праву, а в природе господствует сила. Где господствует сила, там справедливости нет, но есть другая сила, которая умеряет, регулирует до некоторой степени природную силу, это сила есть сила культуры». «Человек может добиться справедливости только уравниванием в культуре. Равенство культуры это не покупается и не получается в подарок, а собирается своими усилиями. Жизнь милостыни не дает и жизнь не подбирает и не дожидается отстающих».

Ояну дәуірінің рухани және саяси бағытын айқындаған Алаш қайраткерінің нақыл сөздері ұлт қайраткерлері ұстанатын бірден-бір темірқазық. Реформатор тұлғаның нақыл сөздері отаршылдыққа қарсы рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісі болуымен қастерлі. Халқының саяси теңдігіне, рухани кемелдігі жолында жанкештілік танытқан ағартушының оқу-ағарту, өнер-білім, ғылым тақырыбындағы мақалаларындағы нақыл сөздері руханиятымыздың алтын қоры іспеттес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған ұлттық жазу реформаторының тіл оқытудың әдістемелік мәселелері, әліпби тұғырнамасы туралы нақыл сөздері бүгінгі таңдағы отандық білім беру ұстанымдарын ұштауда өміршең мәнге ие. Қазақ классикалық филологиясын «Әдебиеттанытқыш» еңбегімен негіздеп берген зерттеушінің асыл сөз, шығармашылық психологиясы, өнер эстетикасы, жанр, қаламгер болмысын бажайлаған нақылдары өнертанудағы тың бастама, соны ізденіс болуымен ерекшеленеді. Қазақ тілімен қатар орыс тіліндегі мақала, баяндамаларындағы нақыл сөздері А.Байтұрсынұлының дүниетаным тереңдігін айғақтайды. Ұлттық

мүддеге қалтқысыз қызмет етудегі азаматтығынан айнымаған қайраткердің интеллектуалды саралаулары, парасатты пайымдары әмбебап ғалым, елшіл қайраткер, отаншыл азаматтың сан салалы мұрасының жасампаздығын дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері қазақ халқын отаршылдықтан арылтып, азаттыққа бастаған Алаш қайраткерлерінің елшілдік рухы, ұлтшылдық сезімі, мемлекетшілдік санасы қаншалықты асқарлы болғанын көрсетеді. Ұлттың ұлт болып қалуының мәңгілік мәселелері арқау болған нақылдары – қазақ топырағындағы рухани таным, саяси күрескерлік мектебінің тағылымы болуымен қастерлі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қойгелді М. Кеңестік идеология жасырған ақиқат [*Электронды ресурс*] – 2016. – URL: <https://adyna.kz/post/5545> (қарау күні 15.03.2021)
2. Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар). – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 368 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т. V: – 384 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т. IV: – 384 б.

ЫБЫРАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

*Рахметова Б.А., филология
ғылымдарының кандидаты,
Джолдасбаева А.Қ.,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты,
Қазақстан Арқалық қаласы*

Аннотация

В статье рассматриваются ключевые проблемы Ибраеведения. Акцентируется внимание на том, что труд просветителя стал путеводителем по воспитанию образованного и культурного поколения в тяжелые для народа времена.

Annotation

This article is dealt with the major key problems of Ibray studies. It is indicated that the works of the writer has become a guide to the upbringing of a well-educated and cultured generation in difficult times of the people.

Ыбырай Алтынсариннің тарихи тұғыры – ұлт болмысымен, туған халқының тағдырымен тамырласып, астасып кеткен айрықша бір құбылыс.

Туғанына 180 жыл толып отырған Ыбырай Алтынсарин небәрі 48 жыл ғұмыр сүрді. Сол ғибратты ғұмырдың сәулесі сандаған жылдар бойы ұрпақ санасында жаңғырып отыр, алдағы дәуірлерде де Ыбырай жаққан білім шырағының нұры жарқырай береді.

Ұлтының болашағы ұрпағында тұрғанын бар жан-тәнімен, азаматтық жауапкершілігімен сезінген Ыбырай Алтынсарин бар жақсыны балаға үйретуге мейлінше ықыласты, ынталы болды. Жапан даланы ондаған жылдар бойы жаяу аралағандай күйде оңды-солды аткөлікпен айналып жүріп мектеп үйін салған, оқу құралын жазған, оқушының тұрар орнын, ас-суын қамдаған, қысқаша айтқанда балаға қажеттің барлығынан аянып қалмаған жазушы балаларға арнап бастырған шығармаларында балаша шаттанып, балаша ойланып, балаша ынталы күйге түседі.

Ағартушының бала жанын баурап жазған әр сөзінің астарында соншалықты ыстық ықылас, ақтарылған ақ пейіл, аталық ақ ниет тұрды.

Қазақ баласының тұңғыш оқу кітабы «Қазақ хрестоматиясындағы» өз жанынан шыққаны бар, өзгеден аударғаны бар қай шығармасында да ұстаздық тағылым, үлкен жүректің перзентке деген ыстық махаббаты, шапағаты байқалады..

Балалар өмірінен алынған қысқа-қысқа әңгіме-ертегілердің әрқайсысында бала үшін беймәлім, жұмбақ, ұланғайыр, өлшеусіз үлкен өмірдің әр сәтінің, әр құбылысының мәні, мың-сан қырынан қамтылып, жарқ-жүрқ ойнаған найзағай отындай санаға сәуле жүгіртеді.

Ыбырайдың балаларға арнаған шағын өсиет-өнеге, ғибрат әңгіме-ертегілеріндегі үзілмеген бір желі – бұл дүниені Алланың жаратқандығы, барша жаратылыс иесіне айрықша қамқорлық, махаббат төгіп, әрі қалпына қарай жауапкершілік, қилы міндет жүктегендігі. Ыбырай бұғанасы қатып, буыны бекімеген адамзаттың жас өкілін жаратушы Иенің ықыласына шомылып туған айрықша ғұмырының мәнін ұғынып өссін деп барын салады.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде әкесі он жасар ұлына өрмек тоқып жүрген өрмекшіні, бір түйір нан тістеп жүгіріп кетіп бара жатқан құмырсқаны, көкте шырылдап балапан қамымен жүрген қарлығашты нұсқап тұрып, жаратылыстың ұлы заңдары, жаратушының міндет-талабы тұрғысынан ой тастайды.

«Сонда атасы айтты:

- Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған ғибрат: өрмекші, маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның талшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады.

Қарлығаш балапандары ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ.

Сені де Құдайтағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек, -деді» [1,26].

«Сәтемір хан» әңгімесінде де еңбектің пайдасы, білімнің, кәсіптің игілігі, жан иесі әрекет үстінде өмір сүру қажеттілігі тайға таңба басқандай, анық, бос уағыз, тәптіштеуден аулақ жып-жинақы баяндаумен Сәтемір ханның өмір сабағы тұрғысында берілген.

Ыбырай Алтынсариннің балаға арнап бастырған әр шығармасының астарында еңбек, талап, қанағат, ынсап, сабыр, төзім, адалдық, аңғарымпаздық, аяу сезімі, жанашырлық, жанкештілік, ұқсатымдылық, парасат, сақтық, жомарттық, мақтаншақтық, даңғазалық, қулық, айлакерлік, көпсөзділік, жалқаулық, т.б. адамға тән жағымды, теріс әдет-қылықтар туралы көз жеткізе, жүректі иландыра айтылған тіршілік мысалдары жатады.

Ыбырай Алтынсарин өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қазақ баласының тұрмыс күйіне, рухани дамуына аса қатты алаңдаушылықта болды. Ресейдің отаршыл саясаты сан ғасыр өзіндік ғұмыр салтымен тарих көшінде келе жатқан, еңсесін бастырмаған, еркіндігінен айрылмаған қазақ халқының көшпелі өмір дағдысына толып жатқан оң-теріс ықпалын тигізді.

Ыбырай заманында қазақ тарихының тағы бір сүреңсіз парақтары қатталып жатты. Ата менен бабадан қалған бас мұра – қазақ жері мемлекет меншігіне өтті. Қоныс тарылды. Халық жаз жайлау, қыс қыстауында жанына жайлы тұрмыс кешуден қалды. Қазақ даласын ірі-ірі қарсылықтар, қайшылықтар жайлады. Жергілікті әкімшілік билік, патша өкіметі тарапынан ұстанған саясат, діни миссионерлік ағым, т.б. толып жатқан қоғамдық-әлеуметтік ауыртпалықтар қыспағында қалып отырған халқының келешек тағдыры үшін жаны шырылдаған Ыбырайдың сол уақыттарда жасаған әрбір әрекетінің аса зор тарихи мәні бар.

Ағартушы Ыбырай Алтынсарин ұрпақ үшін тұтатқан білім шырағы адамзат өркениеті атты ұлы ұғымды тұтас алғандай жарық төкті, жан-жағын тұтас қамтыды.

Ыбырай Алтынсарин оқудағы балалардың үйіне жазған хаттарының үлгісін келтірген. Осы хаттарда жеке адамның сағыныш күйі, оқу жайы ғана емес – тұтас бір дәуірдегі ұлт тағдыры берілген.

Бір хатта оқудағы бала ата, әжесіне жіберген қаржысы үшін жан ризашылығын білдіре отырып, ата-ана қамқорлығының келешек өтеуі бар екендігін, өзінің жанын салып білім үйреніп жатқанын хабарлайды. Ыбырай бұл арқылы оқу іздеп жыраққа кеткен әрбір қазақ баласына міндет жүктеп отыр.

«Өткен поштадан жіберген сәлем хатыңызды, азын-аулақ ақшасымен, жолығып алдым. Алла разы болсын, мендей нашар балаңызды естен шығармай тұрғаныңызға. Ықыласыммен құдайтағаладан тілеймін сіздердің еңбек қамқоршылығыңызды бізге де қызметімізбен өтеуге жазғай еді деп» [1,46].

Осы хатта Ыбырай баланың дүниеге көзі ашылып, кісі болып қалғанын да шағын бір мысал арқылы жеткізеді. Ыбырай атасы баланың адам болып қалғанын, ұлтының мұңын мұңдар, жоғын табар жоқшысы боларын меңзейді.

«Сіз жазасыз, ата, Қасенге қорасан шықты деп. Аман жазылып кеткеніне қатты қуандым. Бізге ұстаздарымыз айтады: қорасанды егіп шығарған балаға қайта қорасан шықпайды, шыға қалса қатерсіз, жеңіл шығады деп. Осы сөзді

реті келсе ескеріп, жақын жердегі лекарьлерге кішкентай інілерімді апарып, шешек ектірген қалай болар екен?

Қош, дауаларыңыздан үміткен балаңыз Н.» [1,47].

Ендігі бір хатты жазып отырған баланы Ыбырай атасы кісіге, кішіге қамқор етіп көрсетеді.

«Осы хатты тапсырушыдан Қадишаға екі қадақтай конфет жібердім, сен алып, өзіне тапсыра көр. Әкеме бас құлдығымды айтып және менен өтін, маған берген ақшасын босқа шығарды деп ұрыспасын. Қадиша кішкене бала ғой, ағам жіберіпті деп қуанып қалсын дедім» [1,47].

Келесі хатта қазақ баласының елге деген, ұлттық құндылықтарға деген сағыныш, құрметі көрінеді..

«Мінекей, достым Мұратбай, мен екінші класқа шығып, енді бір-екі жұмадан соң елге де қайтуға тұрмын. Енді көп ұзамай-ақ сендерді көрсем керек. Осы күнде-ақ көзіме елестеп тұр, ауыл, көкорай шалғындарға қонып, жан-жақтың бәрі желкілдеген көк шөп, ішінде жыңғылдаған малдың жүргендері. Көп жазуға уақыт жоқ, құрбы-құрдастарыма сәлем; ағама айт менің күрең дөненімді кісіге мінгізбей семіз сақтасын, барған соң өзім жаратып жайлармын. Достың Н» [1,47].

Ыбырай Алтынсариннің аса бір алаң болған шаруасы – қазақ тұрмысы. Елдің отырықшылыққа ойысу жағдайы. Осы мақсаттағы айтпағын да бір хат мәтінінде Ыбырай қыр баласының өзінің аузына салып уағыздайды.

Оқудағы бала өзінің ағасына науқастанып қалу жайын ұғындырады.

«Ауырғаным себебі, қыстың күні ауылы жақын жердегі бір ептешімнің үйіне қонаққа барып едім. Ағаш үй жоқ екен, киіз үйде патшалық жеңіл киіммен жатын тұрып жүргенде бойымды суық ұстады, сонан азырақ басым ауырған соң, қайтып дәрігерге айттым. Дәрігер дәрі беріп, енді жазылып келемін.

Ай, аға, әкеме айтып, жылы ағаш үй салып алсаңызшы. Киіз үй жаздың күні қанша жақсы болса, қысты күні сонша жаман ғой. Суық киіз үйде қыстың күні бүрісіп, алдың отқа жылынса, артың тоңып отырып, не таза жуынуға болмайды, не таза тамақ жеуге болмайды. Осындағы оқымысты дәрігерлер айтады: «қазақтың дертінің көбісі – не бойын суыққа алдырғаннан, не тазалық жоқтықтан пайда болады дейді, қотыр, бөрткен, таза болмағаннан, сүзек, шаншу, жөтел бәрі де суықтан дейді» [1,48].

Ыбырай Алтынсарин - қазақ халқының бойында көп қасиет барын қайта-қайта айтудан жалықпаған,нені айтса да адамшылыққа баулыған,өмір сүру әдебін үйреткен сирек дарын, ұлт бақытына туған тарихи тұлға.

Мұхтар Әуезов айтқандай, екі оттың ортасында отырып ұлттық мүдде үшін жанкештіліктің үлгісі болған Ыбырай Алтынсариннің тарихи еңбегі өлшеусіз. Ресей империясының озбыр отаршылдық пиғылын сезіне отырып, сезбегендей әрекеттерге барып, ел мүддесі үшін қазақ ортасының қырғиқабақ қылықтарын да жүрекке түйіп ғұмыр кешкен, кім-кімнен де озық ойлар айтып, қайырымды істер атқарған Ыбырай Алтынсарин тағылымының бір парасы – балаларға арнап жазған шығармаларындағы бала жанын ынталы жүреппен баурай отырып ұлт мұратына қарай баулу.

Осы бағытта, ыбырайтану мәселелері аясында арнайы зерттеулер жасалу қажеттілігі көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988.
2. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19 т. – Алматы: Жазушы, 1985.

ГЕРАЛЬДИКА – ОБЪЕДИНЯЮЩИЙ ФАКТОР НАРОДА

*Кусаинов Д.,
Руководитель отдела
Геральдических исследований,
«Центр геральдических исследований»
Қазақстан*

Из памяти людей никогда не выходят такие созидательные слова Первого Президента-Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева: «Всегда флаг государства носится впереди народа, наступающей армии. Он устанавливается победителями в побежденном государстве. Именно под флагом Советского Союза, где мы были, над Рейхстагом реял флаг Советского Союза. Так и наши предки под единым флагом побеждали, сохранили Великую степь. И мы продолжатели. Под этим флагом победно шествуем по нашей Великой степи. За это время мы смогли сделать Казахстан единой нацией под единым флагом. Наш флаг имеет единый цельный цвет, а не полосы. Это я придавал символ именно единству. Под Великой степью светит золотое солнце, это наши предки придумали. И то, что орел парит над нашей степью, говорит о высоком духе нашего народа и нацеленности на великое будущее».

«То, что идет от сердца, до сердца и доходить», как можно еще объяснять?!

Слова Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева: «Герб, флаг и гимн олицетворяют высшие ценности нашей Независимости – мир, единство, согласие, прогресс. Уверен, вместе мы добьемся новых побед на пути строительства сильного, авторитетного государства, стоящего на страже интересов народа», – находят отклик в сердцах всех казахстанцев.

До провозглашения Независимости нашей страны, представители не одного поколения слушали и читали, «...в виду того, что геральдика была чужда кочевым народам, фактически, в ее классическом понимании, в Казахстане она начала формироваться в период присоединения казахских земель к Российской империи».

В стенах Алма-Атинского художественного училища узнал, в самой России Указом Петра I только в 1722 году была создана канцелярия герольдмейстера и назначена должность герольдмейстера.

Геральдика России начинается с этой даты.

Нельзя утверждать, что его жизнь была долгой, Департамент Герольдии, проводивший инвентаризацию дворянских и дворянских династий, окончательно прекратил свою работу через две недели после постановления Всероссийского ЦИК и Совнаркома от 11 ноября 1917 года.

С 1 января 1918 года музеи перешли в ведение.

Если Российская империя не сочла нужной казахскую историческую геральдику, то в советское время она пришла в совсем упадок, последствия которого далеко не исчерпаны и в наши дни.

Однако, если учесть широкий диапазон применения геральдики, как искусство, то это серьезная вспомогательная историческая дисциплина, наука, изучающая историю возникновения, эволюции и использования различных гербов. Как известно, элементы гербов состоят из элементов семиотики.

Тему своей кандидатской диссертации Маргулан Аликей Хаканович называет «Историческое значение ярлыков и пайцзе», написанной на основе этого труда утверждал: «Среди средневековых сфрагистических памятников особое место занимают металлические плитки или деревянные пайцзы с гравированными надписями или рисунками. В древние времена, когда не было письменных Указов, пайцза воспринимался как символ власти, выражал приказы, воли властителей».

Молодой ученый ссылаясь на древние источники, пришел к выводу, что использование пайцзы берет свое начало со времен гуннов.

В качестве информации следует отметить, что «пайцза» означает «рисование», «письмо на теле», «самостоятельное письмо».

Это оставляем на долю ученых.

Все орнаменты, на первый взгляд, на обычной одежде, которые используются во время праздников народов мира, напрямую относятся к геральдике.

Да, на самом деле, невозможно обойти геральдику, когда речь идет и об истории, традициях, вековом мировоззрении казахского народа.

Хотя археологи относят часть своих бесценных экспонатов, найденных в результате раскопок, на область нумизматики, сфрагистики, фалеристики, они знают, что некоторые из них являются предметом геральдики. Археологические раскопки – это остатки деятельности людей в ту или иную археологическую эпоху, из какой бы части необъятной священной казахской степи их не находили, они имеют бесценный геральдический характер и становятся брендом всей страны.

Каждый доставленный экспонат из Берель, Шиликты, Сарайшык играет важную роль в изучении истории древних обществ, населявших территорию Казахстана. Все великолепные находки свидетельствуют о функционировании на территории региона самобытной культуры, которая сохранила архаичные элементы различных эпох. Глядя на такие шедевры от изумления невольно задаешься вопросом: «Неужели, с незапамятных времен наши предки обладали такими знаниями и навыками, которые неизвестно своим потомкам до сих пор».

Как профессиональный художник замечу, то, что было сделано с таким изяществом, до сих пор повторить невозможно. Остановимся только на одном, логотипе Стратегии «Казахстан-2030». Здесь отражено изображение снежного крылатого барса, который был изображен на шлеме «Золотого воина» – сакского царя, найденного на кургане Есик. Снежный барс олицетворяет мудрость, власть и силу и это нашло отражение в древних символах вождей.

А поэты и не могут обратить внимания на то, что в их произведениях воспеваются боевые знамена, оружие ближнего боя – копье с кистьями из лент и конского волоса, тем самым создают «геральдическую поэзию».

Сфера геральдики носит самый «демократический» характер для всех, независимо от религии, языка, и других особенностей каждого гражданина своего государства, любого жителя родного города, работника любимого учреждения, вплоть до технического обслуживающего персонала. Но, несмотря на это, считать ее легковесной, было бы очень несправедливо. Если импрессионизм, и затем за ним последующие направления, как фовизм, пуантилизм, футуризм в области изобразительного искусства накладывают свои неизгладимые отпечатки, то, тоже самое будут происходить и в геральдике.

Эристика применима и здесь.

Идея создания государственного органа, призванного осуществлять единую государственную политику в области геральдики и символики была успешно претворена в жизнь, в соответствии с Указом №155 Президента Республики Казахстан от 30 сентября 2011 года «О вопросах государственных символов и геральдики ведомственных и иных, приравненных к ним, наград некоторых государственных органов, непосредственно подчиненных и подотчетных Президенту Республики Казахстан, Конституционного Совета Республики Казахстан, правоохранительных органов, судов, Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований» (ранее назывался о государственных символах).

Как следует из названия, с честью выполняют эти обязанности.

Тем не менее, геральдика и символика на всех этапах исторического развития были делом государственной важности, и возникла необходимость открытия в современном Казахстане специального центра, занимающий комплексным исследованием вопросов геральдики и вексиллологии.

Заключительную точку в этом вопросе поставило Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 марта 2021 года №195 «О создании Республиканского государственного учреждения «Центр геральдических исследований» Комитета по делам архивов и управлению документацией Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, который будут призывать население страны к единству, популяризировать вековую историю, традицию, жизненные святыне принципы государствообразующей нации.

На нас возложена обязанность осуществлять функции по формированию уважительного отношения физических и юридических лиц к государственным символам и выработке предложений по совершенствованию геральдического описания ведомственных и иных, приравненных к ним, наград.

Наши государственные символы являются гордостью каждого гражданина Республики Казахстан.

Популяризация государственных символов является основной нашей задачей. А это, в свою очередь, требует новых изысканий и полной самоотдачи.

В ходе этих работ мы приступим к изучению международного опыта по применению государственных символов и геральдических знаков. По одному из них, как человек, ранее занимавшийся этими вопросами в своей практике работы, могу сказать: иногда возникает ситуация, когда во имя повышение авторитета учреждения и укрепление статуса работников, ударяемся в тавтологию, который порой как калька повторяет действующие официальные награды.

Общее количество ведомственных наград государственных органов сегодня, за исключением общественных организаций, составляет около двухсот. Кроме того, необходимо учитывать, что есть новые предложения со стороны вновь созданных государственных органов.

Поэтому мы инициируем разработку предложений по совершенствованию нормативной правовой базы по вопросам применения и пропаганды государственных символов и геральдических знаков.

Одним из главных направлений нашей работы станет оказание консультативной и методической помощи центральным и местным исполнительным органам по вопросам применения и пропаганды государственных символов и геральдических знаков. При этом мы намерены наладить тесные контакты с ведущими специалистами страны, обратиться за помощью в архивную, музейную деятельность.

Современные технологии давно стали неотъемлемой частью нашей повседневной жизни. С каждым новшеством в наше общество вторгаются разные неологизмы, и они уже перестают быть новыми и переходят к общеупотребительным словам.

Одна из них – конечно же, геральдическая сфера.

Только вокруг этой отрасли вошли в обиход множество терминологической единицы, раньше никогда не встречавшихся в нашем лексическом запасе. Это только одна из сторон проблем. Если займемся только филологическими проблемами, то как быт со смысловыми характеристиками, то есть с понятиями самой фонетической единицы.

Услышав названия вещей, мы сразу представляем, о чем идет речь.

Например, айдентика, то есть фирменный визуальный стиль, который включает в себя от визитной карточки и формы обслуживания современных фирм до их постов в социальных сетях.

Ну, это, в конечном счете, культура.

При помощи специального сайта, мы будем информировать общественность о проводимой работе. Мы намерены всесторонне использовать потенциал социальной сети и публиковать справочные материалы о казахской геральдике.

Мы впервые подготовим и будут представлены вашему вниманию отраслевой справочник на государственном языке. В настоящее время с целью

издания альбома, посвященного истории геральдики на казахской земле, мы уже начали расширенный поиск материалов по этой теме в архивах нашей страны. Все это необходимо для каждого гражданина страны, уважающего свой народ Казахстана.

История геральдики своими корнями уходит в глубокую древность.

Уверен, что открытие нашего центра совпало с летием Независимости страны имеет большое символическое значение.

Ибо, казахская геральдика только благодаря Независимости страны получила большую возможность участвовать в деле возрождения и укрепления ценности нашего народа.

В добрый путь!

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ТАНЫМДЫҚ ӘЛЕМІ

*Байтасова Г.Ж.,
Педагог-ассистент,
83 мектеп- гимназия
Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы.*

Биылғы оқу жылы мектебімізде тарихи маңызды оқиғалармен басталды, мектебіміздің алдына ұлы ағартушы педагог - Ыбырай Алтынсариннің бюсті орнатылды. Маңызды болған бұл мәртебе педагог ретінде үлкен міндет бойымызға жүктейді. Ұлы ұстаздың шығармаларын асыл мұра деп қастерлеп шәкірттерімізді Отан сүйеге, шыншыл, әділетті болып өсуге тәрбиелеу басты педагогтық міндетіміз.

Елімізде тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезге дейін қазақ халқы үшін еңбек еткен жеке тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу әлі күнге дейін жалғасуда және ол зерттеулер жаңа, тың мәліметтермен толығуда. Елімізде жүргізіліп отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты жобалары Ұлы далада ұмыт болған немесе ескерілмей келе жатқан есімдердің қайта жаңғыруына бастама болары сөзсіз. Ыбырай Алтынсариннің есімі жаңа есімдер қатарында болмағанымен, оның қызметі мен еңбегіне қатысты қазіргі кезде отандық ғалымдар тарапынан жаңаша баға беріліп жатыр. Ұлттық тарихты ұлттық болмыспен оқыту ғана емес, оны өзіндік жолмен түсіне білу – ұлттың мықты болуының басты жолы болып табылады. Себебі ұрпақты ұлт тарихымен, ұлттың барлық асыл қасиеттерін бойына жинақтаған, ұлттың ірі тұлғаларының өмірбаяндарын оқыту арқылы тәрбиелеуге болады. Сонда ғана Ұлы Абай айтпақшы: «Болмаса да ұқсап бағатын» ұлт жанашырларының қалыптасуына мүмкіндік болар еді.

Қазіргі уақытқа дейін қазақ халқының әсіресе, бала тәрбесіндегі, оқу-ағарту саласындағы көкейкесті мәселелерді қозғаған кезде ұлы ұстаздың еңбектеріне назар аударатынымыз рас. Себебі қай уақытта болмасын бала тәрбиесі мен жас ұрпақты дұрыс жолға салу - күн тәртібінен түспеген мәселе.

Үлкен білім шырағын жаққан ұстаз жазушының артына қалдырған мол мұрасы арнайы зерттеудің қазыналы өзегі болып келеді, бола да бермек.

Ұлағатты ұстаз, кемеңгер жазушы Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын орыс әрпімен қазақ тілінде бастырып шығарады. Оқулық Ы.Алтынсариннің өзі шығарған «Бір Аллаға сыйынып, Кел,балалар, оқылық!» өлеңімен басталады. Жинаққа қазақ халқының ертегі, аңыздары мен мақал-мәтелдері кеңінен енгізілген. Әрине, тәлімдік, тәрбиелік мәні зор үлкен ізденістен туындаған Ыбырай Алтынсариннің өз туындылары балалардың түсінік-талғамына лайықталып жазылған өлең, жыр, қысқа әңгімелері жинақталған.

Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл-педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын прозашы, қазақ тарихының жанашыры ретінде кеңінен мәлім.

Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы болып қызмет істегенде, ағартушылық жұмысын тыннан ұйымдастыруына тура келді. Ағартушылық жұмысын іске асыруда талай қыйыншылықтарға кездесті. Ол жылдан аса уақыттың ішінде Қараторғай (Торғай уезі), Қарабұтақ (Ырғыз уезі), Обаған, Жетіқара болыстарында (Қостанай уезі) және Берте болысында небәрі бес болыстық мектептер ашып үлгерді. Осы кезде ол Қостанай және Ақтөбе қалаларында орыс балаларына арнап екі мектеп ашты. Бұл мектептер ашылғанда Ыбырай Алтынсарин ішінде уезі болып, бірінші үлгілі сабақты оқушыларға өзі береді.

Ыбырай Алтынсарин уездік қалаларда 4 орталық орыс-қазақ училищелерін, бір қолөнері училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады. Ол ағартушылық қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу, мұғалімдердің беделін көтеру мәселелері үлкен орын алды. Ол мұғалімдер оқушыларын өз балаларындай көрулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деген болатын.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің рөлін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен кәзір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы», деп жазды. Ыбырай Алтынсарин – тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» деген.

Ұлы ағартушы орыс-қазақ мектептеріне тек орыс тілін ғана оқитын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын ескертіп, ол мектептерден оқушыларды, тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығару керектігін айтқан болатын.

Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Оның бұл педагогикалық қағидалары күн бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин әрі ақын, әрі қара сөздің ұстасы, қазақтың әдеби тілінің негізін салған артына ғылыми мұра қалдырған тұлғалардың бірі. Алтынсариннің көркем әдеби шығармалары оның «Қазақ хрестоматиясында» Орынбор 1878 жылы 1 кітабында басылып шықты. Бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, сол кездегі бала тәрбиесіне арналған көркем шығарма, озат ой-пікір ұлт қазынасы болды [3.2].

Алтынсарин көркем шығармаларын жұртшылыққа түсінікті тілде жазды. Оның шығармаларында халықтың көркем сөздіктері қорытылып, біркелкі қалыпқа түсірілді.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағынасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше болғандығы күмән туғызбайды.

Қазақ балаларын оқып білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері арқылы жеткізді. Ыбырай Алтынсарин өзінің белгілі шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» (Орынбор, 1879 жыл) «Сөзбасы» деген атпен бастырды. Демек, бұл өлеңінде қазақ жастарын білім алуға үгіттеді, өткір тілмен, майда сөзбен үндеу ретінде жазды. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» сол «Қазақ хрестоматиясының» ішінде «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаты» бөлімінде басылған өлеңінде балаларға оқудың маңызын ұғындырды [4.3].

«Шеше мен бала» деген Ы. Алтынсариннің өлеңінің бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор. Бұл өлеңдері жасөспірім балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М.Ю. Лермонтов, Некрасов т.б) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім. Мәселен, «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Аразбол, кедей болсаң ұрлықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің қожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері жастарға айтқан өсиеті. Бұл өлеңін Ы. Алтынсарин «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп бастағанда, ол қазақ жастарының ынтымақшыл бірлікте болуға шақырғандығын көреміз. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасының негізінде ұлттық тәрбие діндегі ата-бабалардың рухани мұраларының сабақтастығын сақтаудағы тәрбиенің бір жолы қазақтың халық әдебиеті арқылы дамытуды көздегендігі сезіледі.

Жалпы Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері 1876-1879-жылдар арасында жазылып, бірінші рет «Қазақ хрестоматиясында» басылып шыққан болатынды. Бұл әңгімелердің кейбіреулері орыс жазушылары мен орыс педагогтерінің

шығармалары үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бір уыс мақта», «Аурудан аянған күштірек», «Алтын шеттеулік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқалары сол кездегі орыс педагогтерінің (Ушинский, Толстой, Паульсон, Крылов) шығармалары үлгісінде жазылған. Осы әңгімелер бір стильде дидактикалық мақсатта жазылған. Бұл жөнінде «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғы сөзінде және жазылған хаттарында автордың өзі де ескертеді. Сөз құрылысы жатық, көпшілікке түсінікті, қазақтың сұлу жалпақ тілімен көңілге қонатындай етіп, оқушы балаларға тәлім-тәрбие беруге арналған.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палкан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Төкаппаршылық» т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зерек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зеректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа шығармаларынан көруге болады.

Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, т.б. халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеу ниетінде, Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмыспен айналысу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін сездірсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әнін», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде, автор сол кезде қазақ жастарына, тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көреміз.

Балаларға арналған шағын әңгімелерін жазуда, ол орыс жазушыларының (Крылов, Толстой т.б.), орыс педагогтерінің (Ушинский, Паульсон) шығармаларын үлгі етті және солардың кейбір қызғылықты әңгімелерін қазақ тіліне аударды, аударғанда оны қазақ балаларының мінез-кұлқына қазатын ұлттық тәрбиесіне сәйкестіре, өзгерте аударды. Ол орыс жазушыларының әңгімелерін сөзбе-сөз аударған жоқ, мағнасына да, сөз құрылысына да өзгерістер енгізіп аударды. Ол өзінің балаларға арнаған әңгімелерінде қазақ балаларының халқының ұлттық мүддесін көздейтін елжанды патриот жастарды тәрбиелеуді көздеді. Оның жазған мысал әңгімелері күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин ағартушы, ұстаз ретінде өз халқын оқуға, өнерге үндеген, надандыққа, зұлымдыққа қарсы күресте, өмір шындығын ашып көрсетуде әдебиетті орынды пайдаланған. Қажетті туындыларын өзі жазған. Бұл туындылардың дені дерлік жастарға арналған. Қазақтың талантты педагог - жазушысы Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап оқулық жасау жолында қыруар еңбектеніп, мол мұра қалдырды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретуді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздеген. Олай болса, Ы.Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы, ұстаз, ағартушы деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Ы.Алтынсарин Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: «Атамұра», 2006
2. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: «Ғылым», 1994
3. «Өнер білім бар жұрттар». Ы.Алтынсарин (өлеңдер, әңгімелер, очеріктер және хаттары) құрастырушы Серік Мақыпов 1991 [120бет]
4. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер). Мұхамедхарым Жармұхамедов. Алматы: «Жазушы», 1991 [4бет]
5. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж [13б., 234 бет]

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫ ДАМУ – ПЕДАГОГТИҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

*Акимжанова С. К., Тлеулина М.Т.
«№13 орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Ақтөбе қаласы*

Аннотация

Приоритетным направлением педагогической деятельности на современном этапе является формирование личности и общества через духовные и культурные ценности и традиции. В данной статье автор отмечает, что духовно-нравственное воспитание должно играть решающую роль во всей жизни человеческого общества.

Annotation

The priority direction of pedagogical activity at the present stage is the formation of personality and society through spiritual and cultural values and traditions. In this article, the author notes that spiritual and moral education should play a decisive role in the entire life of human society.

Болашақтың адамын тәрбиелейтін, болашақ жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін бала жанының бағбаны-мұғалімдер, сондықтан олардың ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді

жалпыадамзаттық құндылықтарды: ақиқат, дұрыс-әрекет, сүйіспеншілік, тыныштық қиянат жасамау құндылығын өз бойында дамытып ұрпақ тәрбиесінде қолдана білсе рухани тәрбиенің негізгі шарты болып табылады. Міне, мұғалімнің осы қасиеті туралы, «Мектепке алты жастан» деген еңбегінде Ш.А.Амонашвили дәл басып айтқан.

Шалва Амонашвилидің «Мұғалім жүрегі балаға күлімдесін!» деген ұранын «Мұғалім жүрегі балаға елжіресін» деп түсіндім. Адамды баурай білу, жүрегін елжіретіп ой салу, сезімге бөлену – кез-келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Жүректі баулау – тәнті ету дегенді білдіреді. Жүректі баулау – көзге көрінбейтін, кез-келген адам байыбына жете алмайтын педагогикалық құпия. Осы педагогикалық сыр сандықты аша білген Шалва Амонашвилиді дәстүрлі ғылыми тілмен жазылған педагогика оқулықтарына көңілі толмайды. Менің пікірімше, арнаулы немесе жоғары педагогикалық оқу орындары оқытушылары өз болашақ мұғалімдерге бағдарламаны меңгертуді ғана емес, осы құпияның кілтін ашуға көмекесуді басты мақсат етуі қажет. Әлі есімде педагогикадан беретін ұстазымыздың шаш қою үлгісі, студентпен сөйлесуі, мейірімді күлкісі, ауырып қалған Атыраудың студентіне қайнатпасын алып жатаханаға келуі – біз үшін үлкен сабақ еді. Кешке қарай бақта жолдасын ертіп, қолына жерде жатқан жапырақты алып күлімсіреп келе жатқанда – орта ғасырлық әдебиеттерде айтылатын әдеби кейіпкерлер есімізге түсетін еді. Ұстазымыз жүректі баулайтын кілтті бізге жай ұстата салған жоқ, ашудың жолдарын өзі көрнекі түрде бейнеледі. Ғылыми жүйеге, ғылыми әдістемеге негізделген заңдылықтар баршаға ортақ. Мұндай әдебиетті оқыған болашақ мұғалім «А қаласынан шыққан көлік Б қаласына неше сағаттан соң жетеді» деген секілді шартты түрде жұмыс жасауға дағдыланады екен. Амонашвили өз кітабында педагогиканың классигі Ян Амос Коменскийдің «педагогика - бар адамды ізгілікке баулитын әмбебап өнер» деген, Константин Дмитриевич Ушинскийдің «педагогика – ұлы өнер» деген пікірлеріне сүйенеді. Амонашвили өз кітабында: «Әттең, Коменский мен Ушинскийге педагогика туралы пікірлерін келіп баршаға қайталап түсіндірер мүмкіндік берілсе ғой. Педагогика – ғылым деп жүргендердің ойы өзгеріп, оның бар ғылымнан биік тұратын баланы өмір сүруге үйрететін бастау екенін түсінер еді», - деп қынжылады.

Автордың пікірінше, ерте заманда ғылым дегеніміз – құлаққа сыбырлап қана айтылатын, ерекше құпия ой болған. Ол ой тыңдаушыға сезім мен өзінің құштарлық деңгейіне сай сіңіріледі. Қазыналы кітаптың тұңғығына бойлап, баршаға қолы жетпейтін, сананың бірден ұға қоймайтын тереңін зерделеу үшін ұғынып, рухани түйсініп оқу қажет. Ұғыну мен құлшынысқа жол ашатын, қызығушылықты оятатын құдырет – күлімсіреу.

Ертеде адамдар күлу мен жымиюды білмейтін, қара түнек торлаған заман екен. Жарқыраған күнді көре алмапты, жалындап ешкімді сүйе алмапты. Бір періште жерге түспекші болады, құр қол түскісі келмей әкесінен ақыл сұрайды. Әкесі жалт-жұлт еткен жарықты ұсынып: «Бұл қуаныш, жүрегіңе сал да адамдарға ала бар», - деп тіл қатады. «Адамдарға оның не керегі бар?» - деп сұрайды періште. «Ол ерекше қуат береді, оны иеленген адам жетістікке жеңіл

жетеді. Бірақ мынаны ескер...» деген әкесінің сөзін аяғына дейін тыңдамаған періште жерге асығады. Дүниеге сәби болып келген ол қара түнекті көріп қорқып кетеді. Қорыққанынан емес, әкесінің сөзін аяғына дейін тыңдамағанына өкініп шарылдап жылап жібереді. Әкелген сыйын бейтаныс жандарға не сыйларын, не сыйламасын білмейді. Сәл ойланған соң езуіндегі күлкіні жан-жағындағы қоршаған жандарға жібереді. Оның сыйына алғашқы болып жауап қайтарған анасы еді. Осылайша қуаныш әлемді шарлап кетеді. Бірақ оның біз білмейтін құпиясы неде, әкесі не айтқысы келді, неден сақтандырмақ болды? Мүмкін, жасанды күлме немесе т.б. сол сияқты заңдары бар ма еді, кім білсін. Әлемде шын қуана алмайтын, басқаның қуанышын бөлісе білмейтін адамдар қаншама? Осындай адамдар мұғалімдік мамандықты таңдамаса екен дейді автор. Күлкі мен қуаныштың да ұқсайтын және сәйкес келмейтін тұстары бар.

Шынайы қуаныш қана адамға рухани күш береді, жағымды қуат сыйлайды. Психологияда күлкі терапиясы деп аталатын тәсіл бар екен. Күлкінің медициналық рөлі де өте жоғары, себебі ол адам жанына шипа бола алады. Қуанышты сыйлау қабілетімен қатар адам бойында қуанышты қабылдау қабілеті де болуы шарт. Бетон астына қалған дән де өз деңгейінде өсер, дегенмен ол өсімдік өзіне қажетті шуақ пен орынды ала алмайды ғой. Амонашвили айтқандай, баланың тағдырын қоғайтын әмбебап педагогика құпиясы әлі күнге дейін ашыла қойған жоқ, бірақ ұстаз болсаң – шыдамды бол, ұстаз болсаң – балалық шақтың қорғаны бол, ұстаз болсаң – адамдық пен адалдықты таңда, ұстаз болсаң - ақиқат пен ақылға бойла, ұлы істе сенің қуанышқа толы жүрегің саған жол көрсетеді. Әр бала әр түрлі болғандықтан, ұстаздың жымығаны да әр түрлі болуы қажет. Әр балаға қажетті, әр балаға арналған қуаныш лебін таба білсек қана бала жанының бағбаны бола аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Амонашвили Ш.А. Искусство сотрудничества //Учительская газета, 1988, 3.
2. Амонашвили Ш.А. К каждому ребенку индивидуальный подход // Воспитание школьников, 1988, №5. - 47-52б..
3. «Самопознание» и другие учебные предметы: возможности интеграции содержания и методов. Учебно-методическое пособие для учителей. Алматы, 2013
4. «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы». Халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. (31 қазан-1қараша, 2012 жыл) 1-2 том. Алматы, 2012.
5. Коенов О.Б. Воспитание духовности школьников в гуманно-личностной концепции Ш.А.Амонашвили - общая педагогика, автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук, Пятигорск - 2004
6. <https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01/dissertaciya-vospitanie-duhovnosti-shkolnikov-v-gumanno-lichnostnoy-kontseptsii-sh-aamonashvili#ixzz6JEM3bcqx>

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ РУХАНИ КЕҢІСТІГІ

*Ахметова Г. К.,
Педагог-зерттеуші, Орал қаласы №47
жалпы орта білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Қазақстан*

Киіз туырлықты қазақ халқы – ежелден осынау Ұлы даланың төсінде ат жалын тартып, еркін өскен халық. «Киіз туырлықты қазақ» тіркесін қолдануымыз да жайдан-жай емес, қазақ қазақ болып, тарих сахнасына шыққалы бері небір нәубет пен дүрбелеңге толы жылдарды бастан өткерген болатын. Әсіресе, XVIII ғасырдың отызыншы жылдарынан басталып, XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін созылған солақай саясат салқынының әсер еткені соншалық, бодандық бұғауы халқымыздың тамырын тереңге жайған тарихын, ұлттық құндылығын, туған тілін түбегейлі жойып кете жаздаған еді. Алайда осындай ел басына күн туған шақта бас көтеріп, ел-жұртын соңынан ертіп, жарқын келешекке бастаған Алаштың арда ұлдары аз болған жоқ. Солардың бірі де бірегейлері, Ұлы даланың үш бірдей алып мұнарасы – Шоқан Уәлиханұлы, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы. Ұлт қайраткерлері есімдерінің бірге аталу себебі де сол, олар бір дәуірде өмір сүріп, бүтін бір ғасыр жүгін арқалап, халқын болашағы белгісіз, келер күні тым көмескі қиын жағдайдан шығарып, азат күнге жеткізуді көксеген болатын. Шоқан қазақтың тұңғыш кәсіби ғалымы болса, Ыбырай – қазақ даласының алғашқы ұстазы, ал Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушысы. «XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, ұлттық әдебиетті әлемдік мәдени процесс биігіне көтерген

Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев тұлғалары мен олардың әдебиеттегі мәртебелі реформаторлық қызметіне арнайы тоқталып өту қажеттілігі бүгінгі таңда аса айқын көрінді» [1, 368]. Заманынан озып туған, өз салаларында «тұңғыш» атанып, ұлтқа қызмет ету жолында айрықша із қалдырған ұлылардың ішінде Ыбырай Алтынсариннің алар оны ерекше. Міне, биыл тарихта есімі алтын әріптермен сақталған ұлт ұстазы, дала қоңырауы Ы. Алтынсариннің туғанына да 180 жыл толғалы тұр. Осындай атаулы дата қарсаңында ұлы ағартушының ғұмыры жайында, ұлт дамуы жолында сіңірген еңбегі турасында білімімізді одан әрі тереңдету – бізге міндет.

Ы. Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысының Қостанай ауданында дүниеге келген. Әкесі Алтынсарыдан ерте айырылған бала Ыбырай атасы Балғожаның тәрбиесінде өседі. Балғожа бидің көрегенділігі сонда, немересіне өзінің тегін бермей, өмірден ерте өткен ұлының есімін өшірмеу мақсатында Ыбырайдың тегін Алтынсарин деп жаздырған екен. «Балғожа Жаңбыршыұлы – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әйгілі қазақ билерінің бірі. Би болғанда, ол – ескінің сойылын соғып, етегіне жармасқан, жаңалық атаулыға қарсы шығып, қасарысқан қарадүрсін би емес, өмірдің, қоғамның даму ағымын терең түсініп, соның ыңғайына орай бұрыла білген, одан өзі мен өз табының

мүддесіне лайық қорытынды жасай білген ойлы, тапқыр би» [2, 348-349]. Иә, осындай қазақтың ұлттық мәдениетін, сөз өнерін бойына жиып, дәуір дидарына өзіндік баға бере білген, заманында өз ортасына ғана емес, жоғары билік өкілдеріне де сыйлы болған, белгілі ғалым В. В. Григорьевпен қадірлес болған Балғожа бидің немересі Ыбырайдың да ата жолын жалғамай, жайшылықта көптің бірі болып қалуы мүмкін де емес еді. Өйткені немересіне білімнің нұрлы қақпасына апарар есікті алғаш ашып берген де осы атасы болатын. Орынборда бірнеше жылдан кейін ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне Ыбырайды алғашқылардың бірі болып, кандидат ретінде жаздырып қояды. Осылайша көптен күткен мектеп 1850 жылы ашылып, Балғожа би сол мектепте немересін жеті жыл үзбей оқытқан. Атасы Ыбырай оқуда жүргенде оған артар сенімі мен үкілеген үмітін, болашағынан зор жетістіктер күтетінін және оқуын еш алаңдамай жалғастыруын өлең-хат түрінде былайша жеткізген екен:

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Надан боп, білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Міне, атасының жылдар бойғы осындай қолдауы мен демеуі арқасында әрі өзінің зеректігі мен талабы нәтижесінде Ыбырай 1857 жылы мектепті «өте жақсы» деген бағамен аяқтап, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің Тобыл бойындағы туған өлкесінде тілмаштық қызмет атқарады. «Ыбырайдың сөз қадірін терең түсініп, оны үлкен өнер дәрежесінде тануы мен бағалауында және тікелей тәжірибе жүзінде қолданып, іске асыра бастауында осы бір қысқа кезең (1857-1859) шешуші роль атқарды» [2, 351]. Сол жылдың көктемінде ардақты атасы Балғожа би өмірден өтіп, Ыбырай көп қиындықты бастан кешіреді. Осындай күрделі кезеңде жас Ыбырай өзінің атасымен сыйлас, пікірлес болған Григорьевпен танысады. Аса білімдар шығыстанушы, ғалым оған өз кітапханасын емін-еркін пайдалануға мүмкіндік береді. Ыбырай осы кітапханада орыс және әлем әдебиетімен танысып, мерзімді басылымдарды үзбей оқып тұрады. Осындай ізденісінің арқасында өзіне сарқылмас өмірлік, рухани азық жинаған Ыбырай Григорьевке деген алғысы мен ризашылығын 1879 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің бір данасын жолдай отырып, былай білдірген: «...Сіздің қайырымды шапағатыңыз біздің бойымызға терең сінді және сіз көрсеткен бағытпен жүре отырып, біз, ақырында, қазір жұрттың танып отырғанындай, өзіміздің туған халқымыз үшін пайдасыз адам болмай шықтық» [2, 353]. Ыбырайдың осы тұста орысша, еуропаша білімін жетілдіруге Григорьевтен бөлек тағы да зор үлес қосқан белгілі зерттеуші Н. И. Ильминский болды. Әрине, Ильминскийдің миссионер болғаны және оның еңбектері отарлаушы патша үкіметінің саясаты ықпалында болғаны рас,

дегенмен оның қазақ фольклорын зерттеудегі еңбегін, соның ішінде 1862 жылы «Ер Тарғын» жырын тұңғыш баспа бетінде жариялағанын, «Қазақ тілін өздігінен оқып-үйренушілерге көмекші құрал» атты кітапша жазғанын, бастысы, Ыбырайдай жалынды әрі талапты жасқа қамқорлық танытып, көмектескенін айтпай өте алмаймыз. Ильминскийдің Ыбырай туралы айтқан мынадай пікірі сақталған: «Мен оны қашан да шын көңіліммен жақсы көрдім, оның, әсіресе, орыс тіліне деген тынымсыз құмарлығы мен қазақ халқына сол білімнің қажеттігі туралы ой-арманын жоғары бағалаушы едім». Жас шамалары мен туып-өскен орталарының, саяси көзқарастарының әртүрлілігіне қарамастан, Ы. Алтынсарин мен Н. Ильминский достығы мәңгілік, адал достықтың биік үлгісі деуге тұрарлықтай болды. Соның бір дәлелі – Ильминскийдің 1891 жылы Қазанда «Алтынсарин туралы естеліктер» кітабын шығаруы.

19 жасар Ыбырай 1860 жылдың жазында туған өлкесіне ағартушылық мақсатта біржолата оралады. Елі ішінде оқу, ағарту жұмыстарын жолға қоюмен қатар халық өміріне еркін араласып, ауыз әдебиеті, тарих секілді ғылымдарға да ден қоя бастайды. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне белсене араласа жүріп, халықтың інжу-маржанына айналған ән-күй, жырларды арнайы қағаз бетіне түсіріп жүреді. Осы жолда қазақ тарихы мен этнографиясын, фольклорын терең зерттеп, көп жинаған Т. Сейдалинмен танысып, біраз тәлім алып, тәжірибе жинақтайды. Осылайша Ыбырай 1860-1861 жылдары қазақ ауыз әдебиетін, тұрмыс-салтын ғылыми тұрғыдан зерттей бастаған. Осы тұста оған ықпалын тигізген елеулі оқиға ретінде 1862 жылы «Ер Тарғын» жырының тұңғыш баспа бетінде жарық көруін айтуға болады. «Қазақ жырының, қазақ сөзінің кітап бетінен көрінуі Ыбырайға өзгеше күш-қуат қосып, оны алдағы үлкен үміттерге қарай қанаттандыра, құлшынуы мен құмарын арттыра түседі» [2, 359]. Иә, осы бір тарихи маңызы жоғары оқиғадан кейін жас ғалымның ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер турасындағы зерттеу еңбектеріне кеңінен жол ашылады. Ғалымның бұл бағыттағы зерттеулерінің алғашқысы – 1868 жылы ашылған географиялық қоғамның Орынбор бөлімшесіне келіп түскен «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі» атты зерттеулері. Бөлімшенің 1868 жылдың 23 наурызында өткен мәжілісінде Ыбырайдың бұл еңбектері аса жоғары бағаланып, қазақ этнографиясын зерттеудегі құнды еңбек деп көрсетіледі. Ыбырай бұл еңбектерінде тарих тереңіне ой жіберіп, әрбір салт-дәстүрдің астарындағы мән-мағынаны, туындау себептерін шеберлікпен түсіндіріп, дәлелдер келтіреді. Бұл – Ыбырай Алтынсариннің ұлтқа қызмет ету жолында ұстаздық, ағартушылықпен ғана айналысып қоймай, тарих, әдебиет, этнография ғылымдарына да тереңінен бойлай білген ғұламалығының көрінісі.

Ұлы ұстаздың ұлттық мәдени мұра үлгілерін, ауыз әдебиеті түрлерін іріктеп, жинақтауы 1879 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің жарық көруіне де өзіндік үлесін тигізген болатын. Себебі ол 1876 жылы хрестоматияның бірінші кітабын бастап жазғанға дейін фольклоршы, ағартушы, ақын, жазушы, этнограф ретіндегі өз бағыты мен көзқарастарын

қалыптастырып үлгерген еді. Соның арқасында осындай ауқымы зор, тыныс кең, сүбелі еңбекті жазуға идеялық, эстетикалық тұрғыдан зор дайындықпен келген. Ауыз әдебиетінің асыл үлгілері, әлем әдебиетінің үздік шығармалары мен ұлы ағартушының өзі жазған өлеңдері енген бұл кітаптың тарихи маңызы зор. «Бұл – тұңғыш қазақ авторының қолымен жазылған қазақ тіліндегі алғашқы кітап. Сондықтан да, ең алдымен, оның дүниеге келу фактісінің өзі – ұлы оқиға. Ол тек қазақ тіліндегі кітаптардың беташары ғана емес, халқымыздың азаматтық тарихындағы, мәдениет шежіресіндегі, рухани қазынасындағы жаңа бетбұрыс, жаңа дүниетаным, тың көркемдік әдістің бастамасы» [2, 366]. Бұл хрестоматияны жазудағы негізгі мақсатын татар тіліндегі кітаптардан арылу және сол кезеңдегі рухани санасы шөліркеп қалған халыққа көп кешіктірмей, мәдени әрі қоғамдық даму жолына түсетін бағыт-бағдар беру деп түсіндірген. Орынбор қаласында Ефвимовский-Мировицкийдің баспаханасында баслып шыққан бұл кітап алғашында «Киргизская хрестоматия» аталған. Сол кезеңде патша үкіметінің қазақ халқын «киргиз» деп атағаны белгілі, соған байланысты кітаптың атауы да осындай болған болса керек. Сыртқы атауы солай аталғанымен, ішкі мазмұнының қазақтың ұлттық мәдениетімен, дүниетанымымен суарылғанына, ұлттық дамудың даңғылына жол бастайтын идеялармен көмкерілгеніне еш күмән келтіре алмаймыз. Хрестоматия төрт тараудан құралған: 1) Балалар өмірінен алынған әңгімелер; 2) Әртүрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер; 3) Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді; 4) Қазақтың мақал-мәтелдері. Кітап автордың ағартушылық мақсатта жазылған екі өлеңімен басталады. Алғашында автор «Кел, балалар, оқылық» және «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерін «Сөзбасы» деген ортақ атаумен жариялап, бұл кітаптың білім-ғылымның маңызы мен ағартушылыққа негізделгендігі жайлы оқырманына түсіндіріп өтеді. Бұдан бөлек Ыбырайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдері де ерекше орынға ие. «Жаз», «Өзен» өлеңдері қазақ поэзиясының идеялық-тақырыптық шеңберінің кеңейгенін көрсетеді. Ал «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Лұқпан хакім», «Атымтай жомарт» сынды әңгімелері – тыңнан түрен салған туындылар. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. «Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа» дейді. «Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады» дейді ол. «Әке мен бала» әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады. «Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: «Анау тағаны, балам, ала жүр»

деп. Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны не қылайын» деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі кайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жел, баласына қарамай аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: «Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың» деді. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиынсынып, бойкүйездікке салынушылық өмірде аз кездеспейді. Бұл – жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың бойкүйез, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай ерекше мән берген.

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласына білім мен ғылымның алтын дәнін сепкен ұлтымыздың рухани диқаны. Оның ағартушылық бағыттан бөлек этнографиялық, фольклорлық зерттеу еңбектері, қазақ поэзиясы мен прозасына әкелген жаңа лебі мен үнінің тереңіне сүңгіп, жаңа қырларын тану, ұлт ұстазының мұрасын ғасырлар легінен аттап, келер ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз. Ыбырайдай дала дарынының ілімінен сусындап өскен жас ұрпақтың келешегі кемел, ел іргесінің берік болары хақ.

Әдебиеттер тізімі

1.«Қазақ әдебиеттануы ғылымының тарихы» 2-том, А. Ісімақова, Ұ. Еркінбаев, А. Ойсылбай. Алматы қ., М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «ҚазАқпарат» баспасы, 2009 ж.

2.«Ыбырай Алтынсарин» 1-том (деректі ғұмырбаяндық эссе-хикаят және ғылыми зерттеулер), Ә. Дербісәлин. Алматы қ., «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015 ж.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

*Байбосынова Ж. Ж., Абдирзакова М. С.,
«№13 орта мектебі» КММ мұғалімдері.
Қазақстан Ақтөбе қаласы*

Аннотация

В данной статье приводятся аргументы бесценного вклада Абая в культуру страны и казахского народа. Особое внимание обращается на

основополагающие общечеловеческие проблемы формирования нравственных принципов и нравственных ценностей в жизни каждого человека.

Annotation

This article provides arguments for the invaluable contribution of Abay to the culture of the country and the Kazakh people. Special attention is paid to the fundamental universal problems of forming moral principles and values in the life of each person.

Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің халқымен мәңгі бірге жасайды. Ғасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», - деп Н.Назарбаев айтқандай, Абай мұрасы біз үшін мәңгілік. Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани байлығы.

Заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын, бұл мирас өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсуде. Сол мұраның халықтың рухани өміріндегі айнымас темірқазығына айналғанын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының кітап қорында сақтаулы тұрған басылымдар дәлелдейді.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп дана ақынның өзі айтқандай, бүгінде сарабдал саясатымен әлемді мойындатқан Елбасының Абайға деген құрметі, ықылас-ілтипаты зор. Абайдың Алаш баласына өсиет еткен «кемел адам» атты философиялық ұғымын Елбасының де мұрат тұтқаны «Абай туралы сөз» кітабынан байқалады. «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы», - дейді Нұрсұлтан Назарбаев.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Бастауыш класс мұғалімі ретінде өз мақаламызда Абай мұрасы ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізеді деп есептейміз. Сонымен қатар, ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту үшін де Абайдың ой-тұжырымдарына зейін қойған абзал деп санайды.

Абай мен оның айналасындағылар жеке күнделік жүргізбеген. Сондықтан біз ақын өмірі туралы абайтанушылар Көкбай Жанатаев, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың еңбектерінен ғана біле аламыз. Дегенмен Абай мұрасының сақталуына оның жер аударылған достары да көп үлес қосты.

Данышпан Абай өз шығармаларында «Ісім өңсін десең, ретін тап», - деп кәсіпкерлік туралы да айтқан. Кәсіпкерлік пен еңбексүйгіштікті насихаттауға ерекше көңіл бөлген. Абайдың арманы – қазақ халқын бай елдердің қатарында көріп, малды адал жолмен тауып баю, басқа біреуге тәуелсіз болу. Бүгінгі кезде, егер еліміз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан орын алса, Абайдың арманы орындалғаны. Ақынның келесі ойларын бүгінгі ұрпаққа ұсынамыз:

- Өзіңе өзің есеп беріп тұруды ескер;
- Ғылым мен білімді игер;

- Мал табам десең, арланба;
- Ақыл мен еңбекті тең ұста.

Абайдың шығармашылығында адам мәселесі бір ерекше орын алатын. «Адам бол!» - деген сөзді ту етіп көтерген. Абай мұрасы адами капиталды дамытуды көздейді. Ақынның өлеңдерінде жиі кездесетін сөздер: «адам болу», «жарым адам», «толық адам», «адамшылық» және т.б.

Бұл адамның психологиялық, эстетикалық, танымдық және әзіл-сықақ, кеңес беру «қарасөздері» арқылы айтылады. Абай психолог ретінде адамның рухани байлығын, адамдық қасиеттерін, элеуметтік этика, қоғамды көркейтуге жол көрсеткен. Оның ойынша, әр адам арлы, адамгершілік қасиеттері жоғары, сабырлы, ұят пен қанағатты білетін, иманды, игі жүректі болу керек.

Абай: «Адамды нағыз адам ететін - сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет», - дейді. Осылардың бәрі болса, адам өзімен өзі жетіледі, өзін өзгемен жарастырады, қала берсе, халық игілігіне сай келтіреді. Шынымен де, бұл жайлы ойлау, әсіресе бір күндік өмірімен ғана өмір сүретін адам үшін пайдалы болар еді. Сенің жетістігің- сенің қолыңда, бірақ оған жету үшін «мимен жұмыс жасау керек».

Ұлы ақын адамның жан көріністерін көз жіберу немесе тексеру арқылы да білдіре алады. Мысалы, көру құралы – көз туралы мынадай тіркестер бар: «үлкендеу келген қоңырқай саналы көздер», «нұрлы көз», «ойлы оты бар, жанған көздер», «ұялы қара көз».

Ол жастарға пайдалы кәсіппен шұғылдануға кеңес береді, мұндай кәсіптің материалдық жағынан да, рухани жағынан да адамға берер игілігі көп деп біледі. Қастаншыл, жікшіл болма, бос белбеу іссіздіктен, қамсыздықтан бойыңды қашыр, ерінбей еңбек істе – міне ұлы ағартушының айтқандары осындай. Осының бәрі – саналылық пен ойлылық, ақыл мен парасат, ізгілік пен ізеттілік, көңіл күйініші мен сүйінішін білдіреді.

Ойшыл ұлы Абай білім алу саласына да өз көзқарасын болашақ ұрпаққа үлгі болсын деп, білімнің екі түрі болады деген ұғымын берген. Білімнің біріншісі – материалдық түрі; екіншісі – рухани. Материалдық білімге табиғатты зерттейтін барлық ғалымдар, оның ішінде қоғамдық қатынастар жөніндегі көпшілік білімдер жатады. Рухани білімге - табиғатты және олардың арасындағы қарым-қатынасты қамтиды. Материалдық білім- рухани білімнің бір бөлігі, сондықтан рухани білім материалдық білімді қамтиды. Бұл Абайдың өзінің зерттеген ұғымдары.

Абайдың айтуы бойынша, білім алу әдістері де үшке бөлінеді:

- 1) білім алу сезімдері арқылы;
- 2) көріп-білген нәрселерді жүйелі, саралап білім алу;
- 3) басқа біреуден есту арқылы ақиқатты игеру.

Өзін-өзі реттеу осы жоғарыда аталған білім алудың үш әдісі арқылы да жүзеге асырылады. Адам саналы жан ретінде, үнемі өзінің іс-әрекетін түрткілеп отырады, яғни өзіне және басқаларға белгілі себептерге байланысты не істегеніне есеп беріп отырады. Абай өлеңдерінде тұлғаның осы сапасын арттырудың маңыздылығы баяндалады.

Абайдың қара сөздерінің басты миссиясы – адамды ойландыру, ізгі мақсаттарға жетелеу, гуманистік қасиеттерді бойға сіңіру. Бәсекеге қабілетті болу үшін қазақстандықтарға білім шыңын бағындыру – ең басты алғышарт.

Бастауыш класс мұғалімі ретінде біздің міндетіміз – бала бойына жастайынан Абай атамыз асық бол деген қасиеттерді сіңіру, Абай тағылымын оқыту мен тәрбиелеу ісімізге негіз ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманова А. «Абай – дана ақын». Алматы // Ұлағат, № 6, 2007 ж., 123б.
2. Д.Омаров. Абайтану «Білім алу». Алматы., 2002 ж., 155б.
3. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961 ж., 267 б.
4. Барлыбаева Г.Г. Мироззрение Абая в контексте казахской общественной мысли: дис... канд. гуманитарных наук.– Алматы, 1992. – 180 с.
5. Абай Құнанбаевтың тәрбие туралы сөздері https://www.method-kopilka.ru/abay_nanbaevty_trbie_turaly_szder-54669.htm

ЛАТЫН ӘЛПБИИ – МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ

Бәзілгаламова С.Б.
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,
№83 мектеп-гимназиясы,
Нұр-Сұлтан қаласы

Аннотация

Начало духовной модернизации страны, шагнувшей в новое тысячелетие с великим идеалом, лежит на латинском алфавите. Переход на латынь способствует развитию казахского языка, укреплению международных культурно-духовных и экономических связей и развитию IT – технологий. Именно с латинского алфавита начинаются передовые труды конкретных и естественных наук и ученых-гуманитариев.

Annotation

The beginning of the spiritual renewal of our country, which entered the new millennium with the great idea, lies in the Latin alphabet. The transition to the Latin alphabet will contribute to the development of the Kazakh language, the strengthening of international cultural, spiritual and economic ties and the development of IT technologies. It is with this Latin script that the most advanced works of scientists in the field of natural and Natural Sciences and humanities begin.

Жаңа мың жылдыққа ұлы мұратпен қадам басқан еліміздің рухани жаңаруының бастауы – латын әліпбиінде жатыр. Латынға ауысу қазақ тілінің дамуына, халықаралық мәдени-рухани және экономикалық байланыстардың нығаюына және IT – технологиялардың дамуына жағдай жасайды. Нақты және

жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғалымдардың озық еңбектері дәл осы латын қарпінен басталады.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардың басынан бері қоғамда латын әліпбиі туралы мәселе кеңінен талқыланып келді. Қоғамдық ортада зиялы қауым тарапынан латын әліпбиіне көшу мәселесі қолдау тапты. Халықтың болашағына алаңдаған зиялылар латын қарпіне асығыс көшкен Түркия, Әзірбайжан, Түркменстан, Өзбекстан жасаған қателіктерге ұрынбау керектігін баса айтты. Мысалы, Түркия латын әліпбиіне көшкен кезде өздерінің төл қарпі «Қ» әріпінен айырылып қалды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында латын әліпбиіне көшу мәселесіне ерекше тоқтала келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп уақытын белгілеп берді. Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшудің барлық алғышарттары мен дайындық жұмыстары жасалып бітті. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тарапынан да, зиялы қауымның тарапынан да латын әліпбиінің халықтың болашағы үшін пайдалы екені кең көлемде насихатталып келеді. Ресми талқылаулар мен бейресми отырыстарда халықтың басым көпшілігінің латын әліпбиіне жаппай көшуді қалайтыны анық байқалды. Латын әліпбиіне көшуді заман талабы, әлемдік өркениеттіліктің заңды үдерісі ретінде қоғам қабылдады. Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын қайта жаңғыртады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға жол ашады Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Еліміздің латын әліпбиіне көшу – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі» деді.

Қазақтың жазу тарихы көнеден басталады. Елбасының мақаласында қазақтың жазу тарихына терең талдау, сараптама жасалған. Біздің ата-бабаларымыз руналық графикаға негізделген орхон жазуын, араб графикасының түрлі формаларын пайдаланған. Содан кейін біз Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық жүйеге негізделген араб графикалы «төте жазуын» қолдандық. Ескі латын негізді графикамен, содан кейін кирилше де жаздық.

Елбасы халқымыздың бұл уақытқа дейінгі қолданып келген әліпбилері туралы тереңнен тарихи дәйектілікпен баяндап келіп былай деді: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманға технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», — деді. Елбасының тапсырмасымен

еліміздегі тіл саласының мамандары тыңғылықты жұмыстар атқарды. Біз латын әліпбиіне көшкен тұста қазақ тілінің тазалығын бірінші орында ұстауға тиіспіз. Бәрімізге белгілі қазақ тілінің дыбысына тән 8 әріп бар. Осы 8 әріп біздің ұлттық кодымыздың кепілі болып саналады. Сондықтан, латын әліпбиіне көшкен тұста қазақша әріптерімізді бұзбай сақтап қалуымыз керек. Ұлы Дала төсінде қазақ халқының қалыптасуының мыңдаған жылдарға созылған дүбірлі тарихы бар. Ендеше, халықтың тілінің қалыптасып, дамуының да осыншама тарихы бар екені баршамызға аян.

Қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі, біріншіден, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде өркениетке жол ашып, түркі әлемімен бірігуге негіз болады, үшіншіден тарихтың тәлкегінен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен қазақ халқы үшін латын әліпбиі олардың рухани бірлігі мен дүниетанымының тұтастануына алып келетін бірден-бір сара жол болып саналмақ. Қазақ елі өміршең бастамаларымен түркі халықтарының тарихын, рухани және мәдениетін, әдебиетін, тілін, ділін жан-жақты, тереңдетіп зерттеу де айырықша сүбелі жұмыстар жасап жатыр. Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ халқы ұлттық мәдениет құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық тілінің тарихын, қайнар-көздерін іздестіруде. Латын әліпбиін қабылдау бізге ұлттық құндылықтарды, рухани байлығымызды, рухани мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді сақтап ары қарай дамытуға себепші болады. Біз өз тарапымыздан латын әліпбиінің артықшылықтарын халыққа кеңінен таныстыра отырып, бүгінде ішкі саясатымыздағы басты жетістігіміз азаматтық қағидаларға негізделген қазақстандық бірегейлікті нығайтудың және дамытудың жолдарын көрсете аламыз. Ұлттық мұрат негізінде қоғамды ұйыстырып, әлеуметтік



бірлікті нығайту кез келген көп ұлттық мемлекеттің қоғамдық өмірінің күрделі жақтарының бірі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты.

Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді.

Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін. Мәңгілік Ел мұратына ұмтылған Қазақстан халқының ұлттық кодының негізі саналатын рухани жаңғырудың негізі латын әліпбиіне көшу – еліміздің әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарынан табылуының кепілі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://mail.kz/kz/news/kz-news/latyn-elipbii-zhahandyk-ypaldasuga-zhol-ashady#hcq=5tUXsPs>
Жамбыл ЖҰМАБЕКОВ жазбасынан

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ТАНЫМДЫҚ ӘЛЕМ

*Бекей М.,
Зертеуші-педагог, Қоянды №2 орта
мектебі қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Ақмола облысы.*

Аннотация

Глубоко в мир познавательной вдоль ибрая Алтынсарина, представление справок доказательствами. В статье раскрывается значение познавательно-воспитательных трудов великого просветителя, анализируется содержание его сочинений. Рассказы, написанные в кратком изложении, имеют большое значение для раскрытия познавательного кругозора детей. Вот плодотворный, успешный труд! Писатель, мастер художественного слова, понимающий национальный образ казахских детей. Его рассказы описывают душу ребенка, его профессиональное мышление в национальном духе. Воспитывает у молодежи трудолюбие, старательность. Сегодня произведения И. Алтынсарина широко преподаются в школах. Познавательный характер их рассказов огромен. Произведения, не повторяющие друг друга, каждый из которых имеет свое воспитательное значение, иллюстрируют насущные проблемы жизни.

Annotation

Deep into the world of cognitive activity of Ibrai Altynsarin, the presentation of references by evidence. The article reveals the significance of the cognitive and educational works of the great educator, analyzes the content of his writings. Short stories written in summary are of great importance for revealing the cognitive

horizons of children. Here is a fruitful, successful work! A writer, a master of the artistic word, who understands the national image of Kazakh children. His stories describe the soul of a child, his professional thinking in the national spirit. Educates young people to be industrious, diligent. Today, the works of I. Altynsarin are widely taught in schools. The cognitive nature of their stories is huge. Works that do not repeat each other, each of which has its own educational significance, illustrate the pressing problems of life. Teaching creativity begins with the first call of a child who first set foot in school.

Бүкіл ғұмырын білім алуға және білім беруге арнаған ұлы тұлғаның ұлаңғайыр ұлағатты ісі тарих қойнауында мәңгі сақталуда. Тұңғыш президентіміз «Тарих толқынында» кітабында Қазақстандағы «халық ағарту ісінің абызы» деп атады емес пе? Ыбырай, расында, да ең алғаш қазақ даласында қазақ балаларына арнап білім ордасының шаңырағын көтерді. Осындай игі істі қолға алып, тарихтан ойып тұрып орын алу кез келген адамның қолынан келе бермес. Он тоғыз жасында-ақ ағартушылық қызметке бет бұрған жігерлі жас.

Тарих қойнауына көз жүгіртіп бағамдасам, оның жігерін жаныған қараңғыда қамалған қазағының надандығы ма деп ойлаймын. Әрине, көзі ашық көкірегі ояу жасқа халқын надандықтан құтқару үлкен арман болды. Алтынсариннің көзқарастарына тән нәрсе - оның халықты шын сүйгендігі. «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету - біздің әрқайсымыздың борышымыз» - деп, айтты. Ыбырай - халықтың сүйген ұлы - «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді мен қайтып жалғыз болайын?» , біріншіден, Алтынсарин қазақ елінің патша үкіметінің отарлық саясаты кезінде ұлттық санасымен мәдениетін, ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, [5] деп білді. Екіншіден, Ыбырай Алтынсарин - қазақтың аса көрнекті ағартушысы, өз заманының ақыл - ойшысы, тарихи тұлға. Біз оның бейнесінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін көкसेген ұлт жанашырын көреміз. Үшіншіден, оның ағартушылық қызыметінің тағылымы мен шығармашылық мұралары, танымдық шығармалары ұрпақ үшін баға жетпес рухани қазына болып қала береді. [4] Осындай ағартушылық жолындағы асқақ арманына қалай қол жеткізді? Иә, осы сауал төңірегінде біраз ой толғап көрейін. Өз ісіне құлшына кіріскен ұстаздың алдында оңайлықпен алынбас қамалдар тұрды. Біліммен қоса қажырлы еңбекті қажет етті.

Үкімет пен жергілікті жердің кедергісіне ұшырай жүріп, тұңғыш қазақ мектебінің «қоңырау үнін» сыңғырлатты. Ол 1864 жылы Торғайда ашылған.

Осындай асқақ арманының орындалғанын Ильминскийге жазған хатында былайша тебірене жеткізген: «Менің көптен күткен арманым орындалып мектеп ашылды. Оған 14 қазақ балалары қабылданды, бәрі де жақсы есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан ас қасқырдай өте қызу кірістім»

Мектеп ашып қана қоймай ұлы ағартушы енді қазақ балаларына арнап ана тілінде оқулықтар әзірледі. «Оқулықтар қандай мазмұнда болу керек?», «балаларға не оқытамын?» деген салмақты сауалдар арқылы талғам жасады. Зор талғамының нәтижесінде балалардың түсінігіне жақын, тәрбиелік мәні орасан зор «Қазақ хрестоматиясы оқулығы» жарық көрді. Міне, тұңғыш қазақ хрестоматиясының авторы! Неткен дариядай тасыған күш жігер десеңізші!?

Оқулықтың беташары ретінде жазған «Кел, балалар оқылық» өлеңі сол мектебінің ғана емес бүкіл қазақ даласына оқып білім алуды насихаттап жар салғандай. Тіпті бүгінгі таңда да өміршеңдігімен ұрпақ санасына сіңуде.

Ары қарай «Өнер білім бар жұрттар» деп өлеңдете отырып, білім арқылы ғылымның сырын аша алатынымызды нақтылап берді. Сонымен қатар ғылымның жетістіктерін тікелей мадақтай келіп, озық елдің беталысын баяндайды. Менің ойымша, бұл өлеңде ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек байлықта деп түсінетін оқу, өнер, ғылым білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы бергендей. Өмірде сарқылмас мол байлық білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей жалықпай еңбектені керектігін түсіндіргендей. Осы өлеңінің мазмұнына қарап нағыз данышпан ойшыл деп баға беруге болады. Өйткені Тұңғыш Елбасының жаһандану саясатының бастауы осында жатқандай.

Қысқа мазмұнда жазылған әңгімелері балалардың танымдық ой-өрісін ашуда маңызы өте зор. Міне, жемісті, табысты еңбек!

Қазақ балаларының ұлттық бейнесін жасаған жазушы, көркем сөз шебері. Оның әңгімелері баланың жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық рухта сипаттайды. Жастарды еңбексүйгіштікке, іздемпаздыққа тәрбиелейді.

Бүгінгі таңда Ы. Алтынсариннің шығармалары мектептерде кеңінен оқытылып келеді. Әңгімелерінің танымдық сипаты өте зор. Бірін - бірі қайталамайды, әрқайсысының өзіндік тәрбиелік мәні зор шығармалары өмірдің өзекті мәселелерін суреттейді. Шығармашылығын оқыту мектепке алғаш қадам басқан бүлдіршіннің алғашқы соққан қоңырауынан басталады. «Кел балалар оқылық» өлеңін алғаш Ыбырай мектебінен бастау алып, шәкірттерді білім ордасына шақырған күміс қоңырау үнін қазақ ұстаздары бүгінгі таңда да балғын бөбектер жадына жатталып келеді. Шығармаларында ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері қомақты орын алады. Изгілік, адамгершілік, адамның әдептілі сыпайылық, өнегелік өзара пайымдылығын білдіретін қасиет. Жазушының білім мен тәрбие мақсаттары өмір талабынан туып, қазақ халқының жалпы мұң-мұқтаждарымен араласып жатыр.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасы балаларға жан-жақты кең көлемде білім береді. Әңгімелерінде жеке адамның адамгершілік қалпының қалыптасуына табиғат ықпалын баса көрсетіп, отырған. Мысалы: «Бақша ағаштары» әңгімесінде шырағым, істің мәнісі тәрбиелеу мен күтуде дейді. Әкесі баласына, сенің болашақ тағдырың осыларға байланысты. Егер менің ақылымды тыңдамасаң, осы қисық ағаштай болып өсесің дейді. Бұл әңгіме тек балаларға ғана емес, ата-аналарға да арнап айтылған. Терең даналығы мен шығармашылығының өміршеңдігі айдай анық көрініп тұр.

Ана тілінің басты рөл атқаратындығын терең түсінген жазушы сауат ашу, хат тану барысында өзінің ана тілінің бай қазынасын жастайынан бойына сіңіріп өсті. Адам өмірі имандылықтан басталатындықтан шығармаларында адамгершілік мәселелерге көп тоқталған. Өйткені адам өзінің бүкіл саналы өмірінде атқарған іс-әрекеті үшін ар алдында жауап береді. Адамды қоршаған орта өсіреді. Алайда, адамды әсіресе дәулетті адамды бұзатын да сол орта. Ол адамның мінез-құлқына керісінше әсер етіп, оны әділетсіздікке, адамгершілік мәселелері шығармаларында басты арқауы болғанын көрсетеді.

Ал «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде төрт тәрбие түріне тоқтайды. Олар адамгершілік, еңбек, сұлулық, құқықтық тәрбиелері. Осы төрт тәрбие түрлері өзінің шығармаларында ерекше айқындалады. «Таза бұлақ», «Өнер- білім бар жұрттар» шығармалары бүгінгі өнермен мазмұн мағынасы жағынан біте қайнасқан дүниелер. Жазушының тырнақалды туындысы «Кел балалар оқулық!» атты өлеңінде болашақ ұрпақты білім алуға, білім нәрімен сусындатуға шақырған болатын. Осы өлеңінен болашақ ағартушылық тіл тұнығынан терең нәр алып, сөз қадірін ерте сезінгенін аңғарамыз. Сондықтан жазушы қазақ халқының көзін ашуда көптеген мәнді еңбектер жазды. Сондай-ақ жазушы «Аурудан алған күштірек», «Асыл шөп», «Малды пайдаға жарату» атты әңгімелері қайырымдылық пен бауырмалдылық, сабырлық пен шыдамдылық секілді қасиеттерге тәрбиелеуге арнаған.

Бұлардың ішінде жан жануарлар тіршілігінен алып жазылғандар да аз емес. Мысалы, «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға» тағы басқалары. Алайда оның балалар табиғатына жақын, қазақ өмірінен алып жазған шығармаларының өзі аса елеулі. Осы орайда қара сөзбен келсе де айтыс өнерін, еске түсіретін «Жан жануарлардың дауласқаны», «Байұлы», «Сәтемір хан», «Жәнібек батыр», «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» тәрізді топтамаларында тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді. Ыбырай өз әңгімелерінде де шешендік, нақыл, аталы сөздерді жиі қолданып отырады. Айталық, ол «Әке мен бала» әңгімесінде ақыл насихатқа толы: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаларсың» деген жолдарды да ұсынса, «Қыпшақ Сейітқұлда», «Сеітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай термен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап уайымдайтын», -де, шешендік үлгіде көрсетті.

Алғаш рет халықтың салт-дәстүрлерін өзінің шығармаларына енгізу арқылы балаларды еңбекке, имандылыққа тәрбиелеумен қатар, атадан балаға жалғасып келе жатқан халық салт — дәстүрге аса мән берді. Бұл да ұлы ағартушының танымдық көзқарасынан туындаған тың идея деп ойлаймын. Ы.Алтынсарин қыз ұзату, құдалық төңірегінде 1870 жылы этнографиялық очеркінде жазды. Адам өміріндегі ең бір қызық та қуаныш ұмтылыс белең - оның үйленіп жеке отау тігуі. Ұрпақтарының үлгілі отбасын құруы, сол жастардың ата — аналары мен ауыл адамдарының тілегі ғана емес, қоғамдық қажеттілік екенін көрсетеді.[1]

Ы.Алтынсариннің шығармаларымен таныса отырып, жазушы тек қана өлең жазып, ақындығымен танылып қана қоймай, балаларға арнап көптеген

туындылар арнап, қараңғы қазақ көгіне жаңадан білімнің жолын ашқан ұлы тұлғаға айналды, сонымен қатар балалар әдебиетінің атасы ретінде тәлім тәрбие беріп, жастарды өнегелі іске баулиды.

Ағартушылық жолындағы тағы бір табысты еңбегі – «қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы». Бұл еңбектің де танымдық маңызы өте зор болды.

1879 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады.

Ыбырай өмірінің соңғы минутына дейін ұстаздық етіп, талай жаңалықтың пердесін ең алғаш болып ашты. Инспекторлық қызмет атқара жүріп, облыс уез орталықтарында училищелер ашты. Бірғызда ашылған қыздар мектебі мен Омскідегі тұңғыш мұғалімдер мектебі де осының айғағы. Торғайда тұңғыш ашылған қолөнер мектебінің жұмысын алға бастыру да оңайға соққан жоқ. Қазіргі таңда ұлы ағартушының бастамасы қайта жаңғырып, жандана бастады емес пе? Еңбек нарығы талаптарына сай, түрлі салада қызмет көрсете алатын мамандық иелеріне сұраныс артуда. Иә, Ұлы Ұстаз негізін қалаған кәсіптік білім беру ісі бүгін де өміршеңдігімен лайықты негізін тауып жандана түсуде.

Міне, ұлы ағартушы қараңғылықтың қамалында қамалған халқын осындай ерен еңбегінің арқасында құтқара білді. Бүгінгі ұрпақ осындай ұлы тұлғамызға қандай құрмет көрсетіп жатыр?

Әрине, бүгінгі ғарыштап дамыған тәуелсіз еліміз ұлы данышпан абызға мың алғыс білдіріп, еселі еңбегін естен шығармайтыны анық. Дегенмен де мектеп бағдарламасында ұлы ағартушы-жазушының шығармаларын оқыту өте сирек кездеседі. Осындай тағылымы мол, танымдық құндылығы басым шығармаларды жиі оқыту керек деп ойлаймын. Мысалы: «Абайтану» факультатив сабақ ретінде жоғары сыныптар үшін мектеп бағдарламасына енгізгені сияқты, Алтынсарин шығармаларын да бастауыш пен орта буынға факультатив ретінде оқытылса деймін. Өйткені, бұл шығармалардың бастауыш пен орта буын оқушылары үшін тәрбиелік мәні өте зор.

Қорыта келе толымды, еселі еңбегімен ел есінде есімі алтын әріппен жазылған ардақты бабамыз тарих парағында «Ұлы ағартушы» деп мәңгілік сақталуда. Сақталып қана қоймай егеменді еліміздің зор мақтанышы, білім жаршысы деп есептеймін.

Әдебиеттер тізмі

1. Қазақтың педагог - ағартушысы Ы. Алтынсариннің өмірі мен қызметі туралы материалдардың библиографиялық көрсеткіші. - Каз. ССР хабаршысы. - Алматы. 1950
2. - 55-57 бб. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. - Алматы: 1955
3. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий). - Алматы. Ана тілі, 1991. - 120 б
4. Рысбекова Г.Е. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы. - Алматы. 2001.
5. Исенов Ө.И. Исенова С.И. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-саяси

ҰЛЫ ДАЛА ҰСТАЗЫ

*Жырымбаева М.А.,
Педагог-зерттеуші, №83 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы.*

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың әдеби-мәдени дүниесін жаңғыртып, жаңа сатыға көтерген алыптардың бірі. Тұңғыш педагог-жазушының қазақ даласында алғаш мектеп ашып, халық ағарту ісімен айналысуы Алаш зиялыларын ұлы мақсат-міндеттер жолына итермеледі әрі ұлтшыл-елшіл көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін тигізді.

Ыбырай Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер – санаткері, халық қызметшісі. Ұлы даланың шартарабында саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық жырлары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ол «Бір Аллаға сыйынып», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған», «Оқу білген адамдар, Май тамызған қылыштан...» деп, «Тіреу болар», «сүйеу болар» оқудың мәнісін ыждаһаттайды, сипаттайды. Сонан соң «Өнер-білім бар жұрттардың» өнегесінен үйренейік, көркейейік, «Біз де бекер жатпалық!» бәйгеге түсіп, бақ сынайық, қатардан, саптан қалмайық, сол үшін батамды сендерге бердім дейді. Қазағын сүйген, халқының ұлылығына бас иген дала данагөйінің ұлы тілегі мен арманы осы.

Осы тарапта біз Ыбырай Алтынсаринді ағартушы және бүкіл Алаш қайраткерлерінің ұстазы ретінде танимыз. Бұл ретте оның мектебінен білім алып, тәлім-тәрбие көрген тұлғалардың қандай бағытта өсіп-жетілгені туралы айтсақ болады. Нақтылай айтқанда, С.Көбеев, А.Байтұрсынов, М. Дулатов сынды арыстар Ыбырай негізін қалаған мектептің түлектері еді. Олар қазақ руханиятын жаңа қалыпқа салып, көш ілгері сүйреген үш алып бәйтерегіміз – Шоқан, Ыбырай, Абайларды өздеріне ұстаз тұтты. Ұлт келешегі үшін аса қажетті оқу-ағарту мәселелері зиялы қауым өкілдерін түгел толғандырды. Ұлты үшін ұлардай шулаған ұландар өздері шығарған газет-жорнал беттері мен кітаптарда бұл мәселені бірінші кезекке қойды. Олар “алдыңғы соқпақ ағалар” жолын жалғастырып, бәрі дерлік замана сазы, уақыт тезіне орай үн қатты. Сол тұстағы жаңа оқу үлгісі саналған “жәдитті” жақтап, халқын өнер-ғылымға, іргелі ел болуға үндеді.

Ұлт ұстазы – Ыбырай жасөспірімдерді “оқысандар, балалар, шамнан шырақ жағылар, іздегенің алдыңнан тілемей-ақ табылар” деп, “өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды” деп озық елдерді жастарға үлгі тұтты. Өз кезегінде қазақ оқығандары да осы тарапта ел арасында оқу-білім бағытында үгіт-насихат жүргізіп, халқына қалам қарымымен ғана емес, зайырлы қылығымен де қызмет қылуға тырысты.

Міне, сол Ыбырай салдырған мектеп-медреселерде оқып, сауаттанған, ұлттық мақсат жолындағы Алаштың арда ұлдары басылым беттерінде бұл

мәселені көтеруден жалықтады. Мәселен, «ұлт ұраншысы» атанған М.Дулатұлы: «Оқушыларға жәрдем жамияты» атты «Қазақ» газетіндегі мақаласында: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [1] – деп, кемел келешектің сырын ашады, болашақтың барысын болжайды.

Әрине, бұл мәселелер жөнін сөз еткен бір М.Дулатұлы қана емес. Ана тіліміз бен әдебиетіміздің реформаторы Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының сауатын ашатын «Әліпби» («Төте жазу») мен тіл үйрететін «Тіл құралы» еңбектерін жазды. Қазаққа қандай мектеп керектігі жайын өзекті мәселе ретінде көтеріп, жұртшылықтың назарын үнемі соған аударуға тырысты. Мәселен: Ахмет «Қазақ» газетіндегі «Жазу жөндеу» («Қазақ», 1913, №43), «Мектеп керектері» («Қазақ», 1914, №52) т.б. мақалаларында сол кезеңнің көкейкесті проблемаларын көтеруді алға қойды. [2]

Сөйтіп, қазақ оқымыстылары «заманына қарай амалын» жасап, ұлттың ұлы арманын ұлықтап, қалың елдің халін қамдап, азаттық-ағартушылық бағыт ұстанды.

Расында, Ыбырай атамизды оталаушы елдің миссиясын жүзеге асырушы ретінде танитындар бар. Бұл – оның ұрпақты қазақыландыру және ұлттық мектеп қалыптастыру жолындағы еңбегін елемей, тұлғасын тұтас танып, бағаламаудан туған тұжырым екені анық. Осы тарапта ой сараласақ, Ыбырай атамиздың тікелей қарым-қатынас жасаған ортасы мен қызметіне байланысты әр жылдары әртүрлі ой-пікірлер айтылып, жазылғаны белгілі. Біріншіден, олардың бірі – бұрыс, бірі – дұрыс екенін екшеу бүгінгі біздердің ғана емес, ертеңгі келер ұрпақтың еншісінде демектіз. Екіншіден, мұндай жаңсақ пікірдің пайда болуына ұлт ұстазының достары саналған Ресей империясының отарлау саясатын іске асырушы миссионер-педагогтар В.В.Григорьев пен Н.И.Ильминский сынды орыс оқымыстылары мен лауазымды адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауы себепкер деп ойлаймыз. Сол тұстағы танымал әрі оқымысты олар Ыбырай Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық өрісінің кеңеюіне, игі істерінің алға басуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Екіншіден, атамиздың мұндай байланысқа баруына басты себеп – өзі алға қойған мақсат-міндеттерге жету жолындағы әрекеті десек болады.

Шындап келгенде, Ыбырай Алтынсарин бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтастығы да осында болса керек. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген зор нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Осы жолда ол бойындағы бар күш-қуатын, қабілеті мен білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тың бастамалар жасап, соған бүкіл саналы ғұмырын арнады.

Ыбырай халық ағарту ісінде қандай елеулі орын алса, әдебиет пен мәдениетіміздің тарихынан да сондай екшеулі орын алады. Ол – қазақтың жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушылардың бірі. Әдебиетке тың

тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Жаңа жанрлар арқылы әдебиетті мазмұны жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты. Оның мағынасы терең тағлымды өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері төл сөз өнеріміздің тарихында айрықша орынға ие.

Әрине, бұл айтылған әрі жазылған жайттарды жайына қойып, қазіргі кезде Ы.Алтынсарин тұлғасы жоғары оқу орнындарында және мектептерде қалай оқытылып жатқанына тоқталсақ еді.

Ы.Алтынсариннің “Бір Құдайға сиынып, Кел, балалар, оқылық” деген атақты өлеңінен бастап, оның танымдық-тәрбиелік маңызы зор әңгімелері мен аударма шығармалары мектеп оқулықтарынан ойып тұрып, орын алары сөзсіз. Ал, жоғары оқу орнындарында, өте-мөте “Қазақ әдебиетінің тарихы” пәнінде Ы.Алтынсарин шығармашылығына арнайы сағат бөлініп, дәріс пен тәжірибе сабақтары белгіленген. Мәселен, “XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” пәнінде Ы.Алтынсарин шығармашылығына толыққанды тоқталып, оның “Қазақ хрестоматиясы” мен оқу-әдістемелік негізде жазған туындыларымен таныстырып, пайымдаймыз. Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке — тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-мағынасын жоймақ емес. Тек қана оқу-ағарту жұмыстары емес, Ыбырай сонымен бірге сол кездегі қоғамдық — саяси өмірге сергек араласып, ғылым-білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Оның, әсіресе, көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Ыбырай есімі берілген аудан, ауылдар, оқу орнындары, көшелер, жер атаулары Қазақстанның түкпір-түкпірінде кездеседі.

Алтынсарин ел басын біріктіру, халықтың келешегі үшін екі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы; екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Оған оның барлық іс-амалы мен бізге қалдырған мұралары куә. Педагог-ағартушы үшін қазақ ұлты қарама-қарсылықтардың ажырамас бірлігі болып көрінеді. Сондықтан, оның шығармалары «жамандық пен жақсылық», «достық пен алауыздық», «сараңдық пен жинақтылық», «тәкәппарлық пен қарапайымдылық», «өнер, білім мен надандық», «әділдік пен әділетсіздік» сияқты қарама-қарсылық негізінде, жамандыққа жақсылықты, адамгершілікті қарсы қою арқылы қазақты өзара бірлікке, татулыққа тәрбиелейді. Алтынсарин мұғалімдердің алдына төмендегідей міндеттер қойды: нағыз мұғалім болу үшін балалардың өзіндік ерекшеліктерімен мықты санасу керек, ол үшін педагогикалық әдебиттерді үнемі оқып, қадағалап отырмаса болмайды. Ыбырай мұғалімге аса сезімтал, бала жанын жазбай танитын адам болу қажет екенін айта келіп, оқу-тәрбие саласында ізденбейтін мұғалімдер туралы былай деп көрсетеді: «мұндайлар оқушыларды адастырады, содан кейін қойылған сұраққа оқушылардың жауап бере білмегеніне ренжіп, өздері де ашулана бастайды, тіпті оқушыларға өшігуге дейін барады. Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдерге арнап жазған көптеген хаттары, оның мұғалімдердің тілегі мен мұқтажына ерекше қамқорлық жасап, көңіл бөлетіндігін байқатады. Халық училищелерінің инспекторы болып тұрғанда ол

өзін мұғалімдердің ағасы, досы деп санап, оларды жұмысқа шебер жұмылдыра білді. «Менің айтқанымды емес», – деп жазады Алтынсарин, – атақты философ-педагог Коменскийдің айтқанын істендер, кімде-кім өзінде барына қанағат ете білсе, өзіне –өзі «Біз өзіміздің адал еңбегімізбен өмір сүріп отырмыз деп айта алса, сол нағыз бақытты адам». Ұлт ағартушысының тәрбиеші – ұстаздардың жеке басы туралы айтқан пікірлерінің негізгі арқауы: педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол өте сезімталдықты, балаға деген өлшеусіз сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танитын қырағылықты қажет етеді. Шәкірттерді сүйе білген оқытушы ғана қатаң талапты, өнегелі, беделді тәрбиеші бола алады. Ыбырай Алтынсариннің мұғалім жөнінде білдірген осы пікірлерінің өзі-ақ, оның академик Төлеген Тәжібаев атап көрсеткеніндей, «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері», – деп атауға толық болатындығын нақты дәлелдейді.

Биылғы 180 жылдығының құрметіне орай Ыбырай Алтынсаринды еске қалдырар нақты қандай шаралар өткізу керек деген негізде мыналарды айтсақ болады.

Ыбырай мұрасын насихаттау, ел ертеңі үшін еткен еңбегін, асыл сөздерін саралау бүгінгі күннің үлесіне ғана емес, келешектің де еншісінде болуға тиіс. Сондай-ақ, оның руханият өрісіндегі рөлін айқындау да бізге тиесілі міндет, ал болашақ ұрпаққа борыш саналмақ

Кез келген халықтың заманалардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс бітімі, салт – дәстүрі, рухани мұралары болады. Уақыт озған сайын бұл рухани мұраларды зерттеп игеруге деген қажеттілік те арта түседі. Өйткені ата-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес інжу- маржандарын оқып-үйрену біздің парызымыз.

Әдебиеттер тізімі

1. “Қазақ” газеті.- Құр-лар: Ү. Сүбханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы, 1998, 11 б.
2. Сүтжан С.Н. Алаш және түркі руханияты. Монография. –Алматы, 2008. –250 бет.

ҒАСЫР САҢЛАҒЫ

*Иманүсенов Н.А.,
Жаратылыстану ғылымдарының
магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы №48 мектеп-лицейі
география пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы.*

Ахмет Байтұрсынұлының есімі барша қазақ еліне, күллі түркі жұртшылығына танымал. Бүгінде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің ғылыми негізін қалап, жаңа сапаға көтерген ғалымның тіл саласындағы ізденістері тек өз ұлтының ғана емес, көптеген түркі халықтарының да тілдік қағидаларын айқындауға қомақты үлес қосты. А.Байтұрсынұлы жасаған

әліпбиді тек қазақ халқы емес, бауырлас қырғыздар да бір кездерде пайдаланды. Ғылымтаным мен ғалымтаным бағытындағы зерттеулер тереңдеген сайын тарихи тұлғаның еңбектері уақытпен бірге жаңаша қырынан жаңғыра бермек.

Жиырманшы ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары *«қазақ халқының рухани көсемі»*, *«ұлтымыздың ар-ожданы»* деп ұлықтап, есімін тура атамай, *«қазақтың Ахаңы»* деп дәріптеген. Аханның аяулы есімін жылдар бойы айтқызбай келген Кеңестік жүйенің Коммунистік партиясы *«бір уақыттары өзі даттаған ұлын, 1988-ші жылдың қараша айының 4-і күні өзі ресми ақтады»*. Он бес республиканы ұршықша иірген Кеңес Одағы соңыра қоғаммен қош айтысуға мұршасы келмей, өзі келмеске кетті... *«Дүние – кезек»* деген осы болар, сірә!

XX-шы ғасыр басында ұлт жұмысын арымен атқарған Ахметтей данагөйден қалған мұра, артындағы қазақ деген ұрпағына мәңгі азық боларын кім білген?! Қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – ұлт тіліне мәртебе алған тарихи кезеңмен тұспа-тұс, бірге келді. Мүмкін, бұл кездейсоқтық та болар. Дегенмен ғажап үндестік. Ұлтының жері мен елінің дербестігі, тілі мен тіні, діні мен ділі үшін *«малым – жанымның, жаным – арымның садағасы»* деген толағай тұлға халқымен қайта қауышты! Еліміздің тәуелсіздігімен бірге Ахметтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. Ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында замандас әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: *«...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Аханның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш»* деген екен. Заманымыздың заңғар жазушысын көреген, тіпті көріпкел ме дерсіз!

Бұл күні тәуелсіз мемлекет болып танылған Қазақстанның *өткені, бүгіні, келешегі* туралы елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқан айшықтары аясында халқымыздың іргелі ел болып қалыптасуында ерен еңбек еткен тұлғалардың ардақты есімдері алтын әріптермен жазылып, Отан тарихынан өздерінің тиісілі орнын алуда. Жүзжылдықтар тоғысында тәуелсіз елінің тарапынан Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы, реформатор-ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы *«Ана тілдің айбары»* омырау медалі және *«Ғасыр саңлағы»* алқа белгісімен марапатталды. Ғалым есімі оралған 1988-ші жылдан, оның шығармалары қайта басылып, әрі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары танымдық алғы сөздер жазып келеді. Сондай-ақ, филологтар, әдебиетшілер, тарихшылар, заңгерлер, журналистер, философтар, педагогтар т.б. мамандықтар бойынша оның шығармашылығы, ағартушылық, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлігіне қатысты 50-ге жуық кандидаттық, 20-дан аса докторлық диссертациялар қорғады. Әлбетте, бұл жазылған ғылыми зерттеулер біліктілігі жағынан өз салалары бойынша толық меңгерілген тақырыптар екені даусыз. Дегенмен, әмбебеп ғалымның өмірнамасы, оның ұлтқа жасаған жұмыстары жан-жақты қарастырылып, ғылыми сараптама талдау арқылы бір еңбекке жинақталып, топтастырылмады. Бұл зерттеушілер

тарапынан жіберілген кемшіліктер емес еді. Жалпы, қандай да зерттеу тақырыбына қойылатын талаптың шеңбері көтермейтіндіктен, туындаған «шектелулер» болатын.

Ұзақ жылғы ізденістер мен «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде)» деген ғылыми зерттеуім бойынша ғұламаның ғұмыр жолына арналған кітапты жазуды 2007-ші жылдан бастадым. Бұған дайындығым да, 1994-ші жылдан бастап мұрағаттардан жиған деректерім де жеткілікті көрініп, алғашында қарқынды кіріскеніммен, кемел тұлғаның тауқыметке толы, қилы тағдырын бір деммен баяндап шығу оңай емес екен... Тауға жақындағанда, оның сұлбасы зораятыны тәрізді, ғалымның туындылары мен өміріне қатысты тарихи деректерді сараптаған сайын, Ахметтің әфсана алып тұлғасы биіктей берді. Менің бағыма ғалымның шығармашылық мұрасы туралы кандидаттық жұмыс жазу бақыты бұйырғандықтан, енді оны монографияға жинақтауды перзенттік парыз екенін ұғындым.

Алаш арысының тағдыры кім-кімді де толғандырып, ұрпақ ауысқан сайын, әлі талай тақырыпқа өзек болары анық. Келешек ұрпақтың Ахаң әфсанасына қайта оралып, өркениет заманындағы жаһандану тұрғысынан қайта қарап, қалам тартары хақ!

Зерттеудің мақсаты – қазақтың маңдайына біткен, бітім-болмысы бөлек Ахметтей феномен-тұлғаның қиялындағы ұшқыр армандарын іс жүзіне асырған тарихи құбылыс екенін, оны «Алаш көсемі» деп дәріптеген үзеңгілес рухани замандастарының таным-пайымы бойынша ғұламалар ғибратының өміршеңдігін өскелең ұрпаққа таныту. Аумалы-төкпелі кезеңде өзге озық жұрттың тіліне ермей, өзіндік төте жол тауып, бұратана ұлтының санасын көтеру үшін ағартушылық кәсібін арымен атқарған Ахаң «...газет – халықтың көзі, құлагы һәм тілі» деген еді. Ғұламаның бұл ғибраты бүгінгі ақпараттық жүйенің зымыран заман талабының да ұранына айналып отыр. Мұрағаттық деректі құжаттар» айдарының маңызы өте зор. Мұнда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, ҚР Ұлттық кітапханасы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі қорларынан алынған телқұжаттардың көшірмелері, деректі құжаттар мен тарихи суреттердің түпнұсқаларының төлкөшірмелері берілді.

«...Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген ғалымның тіл саласындағы әрбір ғылыми еңбегінің тарихилығы, маңызы тілтанушы ғалымдардың зерттеулері негізінде талданып, таратылды. Жалпы, өмір сынағы көрсеткендей, әрбір қоғамның замана илеуіне қарай, електен өтетін ұлттық төлбасы – дара туындылары болады. Ата-бабалардан мирас болған ауыз әдебиетінің жаңа бір саласы жазба әдебиетінің темірқазығын қағу бақыты Абай Құнанбайұлының маңдайына бұйырса, ұлт тілі мен әдебиетінің теориясын жазу *«төл әдебиеті бар жұрт қана төрден орын алады»* деген қағиданы ұстанған Ахмет Байтұрсынұлының еншісіне тиді. Ахметтің бойындағы ұлтына деген шексіз сүйіспеншіліктің өлең болып өріліп, көкірегі ояу саналыларды қарақан бастың қамынан гөрі, ұлыстың

өрісін ойлайтын өреге жеткізгені зерттеуші-ғалымдардың талдаулары арқылы таратылды. Теоретик-реформатор, ақын-аудармашы, ғалым-әдіскер, ұлағатты ұстаз мұрасы туралы жазылған ахметтанушы-ғалымдардың зерттемелері негізге алынды.

«Еленбеген еңбектері» деп аталуының себептері бар. Тарихи тұлғаның есімі ақталғаннан кейін, оның туындыларын қайта бастыру жұмыстары жедел қолға алынды. Шығармалардың қысқа мерзім ішінде жылдам басылғаны соншалық, кейбір туындылары жинастырылып үлгермеді. Ал кейбірі жабық қорларда тіркелгендіктен, ресми мекемелердің келісімдері керек болды. Әрі, төте жазуды танитындар аз болғандықтан, оны танып-оқуға, зерделеуге уақыт керек еді. Алаш мұрасына ден қойған зерттеушілердің БАҚ-та мақалалары жарияланса да, ғылыми ортада бұл деректер бірде еленсе, бірде еленбей тасада қалып қойды. Деректердің еленбеуінің себебі, сілтеменің дұрыс көрсетілмеуінде еді. Сілтемелердің ала-құлалығы, бұл туындыларды сараптап-саралауда, оның ғылыми айналымға түсуіне біршама кедергілер әкелді. Сонымен қатар, «Байқаушы» бүркеншік есімін әдебиетші ғалымдар мен тарих зерттеушілері бірде «Міржақыптыкі» десе, енді бірде «Ахметтікі», не «Әлихандықі» деген болжамдар ұсынды. Таласты болжам салыстырылып, сарапталу барысында «бүркеншік есімнің» тек «Ахмет Байтұрсынұлына» тән екендігі анықталды.

«Ахаңның асыл әндері» деген тақырыппен басталып, онда тұлғаның ән-күй әлеміндегі иірімдері, осы музыка өнері саласына қосқан үлесі сөз болады. Оның шығарған ән-күйлерінің «халықтыкі» деп телінуінің себептері, кейбір туындыларының төл авторына қайтарылғаны туралы талдаулармен қатар, оның әуез өнеріндегі жаңа қыры, композиторлығына танымдық сараптаулар жасалды. «Табылған тың туындылары» тараушасында әдебиеттанудағы ұжымдық зерттеулер мен жекелеген монографияларға арқау болған тұлғаның бүркеншік атпен жазылған өлеңдері, көсемсөз, тіл туралы мақалалары, ресми мәлімдемелері топтастырылды. Тарауішілік «Хаттар тағы да хаттар» аясында замандасы Әлихан Бөкейханмен екеуара хаттары, тағдыр тәлкегінің ауыр сынында жүргенде жерлесі Міржақып Дулатұлына жазған хаттары, Архангелде айдауда жүргенде өзімен бірге отырған тұтқын арқылы жеткен «Елге сәлем» атты өлең-хатының мәтіні берілді.

Тұлғанының «Уголовный кодекс РСФСР», «Мәдениет тарихы», «Қазақ тілінің теориясы» атты кітаптарының баспаға дайындалып, өндіріске кеткендігі жөнінде деректер болғанымен, бұл еңбектердің қолжазбалары табылмады. Әлбетте, Ахаң еңбектерінің ту-үу мұхит асып, шетел ғалымдарының зерттеулеріне де арқау болғанын енді біліп жүрміз. Еліміздің мұрағаттарынан табылмаған туындыларды, шет мемлекеттерден іздеп табу – ұрпақ парызы. Бүгінгі жаһандану заманында үш тұғырлы тіл саясатын ұстанған жастарға артар үмітіміз зор. Өйткені, Колумбия, Оксфорд университеттерінің жетекшілігімен, Орта Азия зиялылары туралы ағылшын тіліндегі зерттеулерді талдап-сараптау – «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелдерде білім алушы мамандардың еншісіндегі жауапкершілігі мол, күрделі жұмыстардың бірі деп білеміз.

Бұл күні тарихи тұлғаның шығармашылық мұрасын тікелей зерттеп, кемеңгердің кемел білім-ілімін келешек ұрпаққа таныту мақсатында жасалған жұмыстардың легі өсуде. Атап айтсақ, тілші-ғалым Р.Сыздықова (Ахмет Байтұрсынов. 1990.-52 б.), Ахаңның немере інісі С.Кәкішев (Ахаң туралы ақиқат. 1992.-112 б.), өзбек ғалымы М.Д.Жусупов (Фонемография Ахмета Байтұрсынова и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.), физик-ғалым М.-Х.Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997.-18 с.), филолог-ғалым Байтелесова Ж. Негасимая звезда в плеяде казахской интеллигенции. 1998.-78 с., Публицистика Ахмет Байтұрсынова. 1998.-78 с.), тілші, әдіскер-ғалым А.Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.), жазушы Б.Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.), ақын-журналист Н.Бектемісұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001.-128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова (Возвращение плеяды. 2002.-294 с.), жазушы Қ.Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.-80 б.), журналист-ғалым С.Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004.-204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ө.Әбдиманұлы («Қазақ» газеті. 1993.-168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.), әдебиеттанушы Ұ.Еркінбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.) т.б., да тарихшы ғалымдардың көлемді тақырыпта қарастырған ғылыми зерттемелері бір төбе. Бұдан бөлек академик-ғалымдар: М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, З.Ахметов, З.Қабдолав, Р.Нұрғали, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, К.Сағадиев, М.Жұрынов т.б. талдаған ғылыми зерттеу мақалалар қаншама десеніңші.

Ахметтану тақырыбы аясында жазылған түрлі саладағы зерттеулердің барлығының да маңызы зор. Осы еңбектердің кейбіріндегі іздену барысында жаңсақ пікірлер мен қате қағидалар тұжырымдауларының себеп-салдарлары шама-шарқынша зерттеп-зерделенді. Қазақта «адасқанның алды – жол, арты – соқпақ» деген қанатты сөз бар. Бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғылымында қалыптасқан ұлттық ғылымның алтын ғасыры – Ахметтану саласында соқпақ бола алсақ, бұл зерттеудің зая кетпегені.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахмет Байтұрсынұлы мұражай үйінің директоры Райхан Имаханбет (Ғасыр саңлағы.2-5б.)
2. Ахаңның немере інісі С.Кәкішев (Ахаң туралы ақиқат. 1992.-112 б.), өзбек ғалымы М.Д.Жусупов (Фонемография Ахмета Байтұрсынова и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.);
3. Р.Сыздықова (Ахмет Байтұрсынов. 1990.-52 б.),
4. Публицистика Ахмет Байтұрсынова. 1998.-78 с.);
5. Тілші, әдіскер-ғалым А.Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.);
6. Жазушы Б.Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.);
7. Ақын-журналист Н.Бектемісұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001.-128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова (Возвращение плеяды. 2002.-294 с.), жазушы Қ.Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.-80 б.);

8. Журналист-ғалым С.Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004.-204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ө.Әбдиманұлы («Қазақ» газеті. 1993.-168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.);

9. Әдебиеттанушы Ұ.Еркінбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.) т.б.

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҰСТАНЫМДАРЫ

*Калжанова Г.К., Сарсенбаева Г. У.,
«№13 орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімдері.
Қазақстан Ақтөбе қаласы.*

Аннотация

В данной статье изложены основные принципы воспитания в условиях обновленного содержания образования, его цели и задачи.

Annotation

This article outlines the basic principles of education in the conditions of the updated content of education, its goals and objectives.

Елдің бағдары айшықталған «Қазақстан-2050» Стратегиясының саяси топтамасындағы бағыттарда басым көпшілігі өте өзекті және қоғам мен мемлекет үшін қажетті болып келеді. Әсіресе, елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылықты, қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз етудегі саяси-құқықтық механизмдерді күшейтуге бағытталғаны көрсетіп отыр.

Елбасы Жолдауында біздің қоғамымыздың табысының негізі – жаңа қазақстандық патриотизм екендігі айтылды. Бұл ретте ел алдында тұрған басты мақсат қарапайым және түсінікті: біз ел тәуелсіздігі мен қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз.

Жаңартылған білім берудегі мақсатымыз - жастарымыздың бойында елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялататын жалпыұлттық құндылықтарды нығайтуға, этностық немесе басқа да белгілер бойынша кемсітуге жол бермеуге бағытталады.

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан елінсүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі патриот тұлғаны тәрбиелеуде оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды қолдану – уақыт талабы. Патриоттық тәрбиенің негізі, қазақ патриотизмі ерте кезден бері қалыптасты. Себебі сонау сақ дәуірінен Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде туған жер үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күресіп, келешек ұрпағына- Отанымызды, «қазақ» атауын біздерге мұра етіп қалдырған батырлар, билер, хандар заманында хатқа «қазақ патриотизмі» деп жазылмаса да, ауызекі түрде кейде жыр, өлеңмен тараған патриоттық өсиеттердің негізінде бізге жеткен.

Рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата – бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеалдарының жиынтығы деп айтуымызға болады.

Ел ішіндегі бейбіт өмірге іріткі салуға бағытталған топтардың соңғы уақытта халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі пайда болды. Бізде сенім бостандығы бар, бірақ соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлдем жат. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Сондықтан біз әлеуметтік, этностық және діни шиеленістердің алдын-алу, дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетіне тыйым салатын іс-шаралар жоспарын жасауымыз керек. Яғни иманды ел – берік ел қағидасын нық ұстануымыз керек.

Тарихты парақтасақ қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде патриоттық рух, патриоттық қасиет жетекші орын алды. Бумын Қағанның баласы Мегенің жат жұртқа бір уыс топырақты беруге болмайтыны туралы қасиетті сөзінде: «Топырақ - халықтың негізі, оны беруге болмайды, топырақ жат жұртқа берілсе, халқымыздан айырыламыз!» - деген түркілердің патриоттық өсиеті бүгінде өз маңызын жойған жоқ. Қазақ халқының аталар қалдырған келесі маңызды мұрасы – қазақ тіліміз.

Тіліміз – біздің рухани байлығымыз. Сондықтан мемлекеттік тілді Жолдауда атап көрсетілгеносы міндеттерге орай, әліпбиімізді латын қарпіне көшіру дайындығына кірісуді пәрменді жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруды одан әрі жалғасын табады.

Тағылымы мол тарихымыз бен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз. Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта. Осыдан үш ғасыр бұрын Аңырақайда болған шайқаста ата-бабаларымыз бірліктің құдіреті қандай боларын өзіне де, өзгеге де дәлелдеген. Сын сағатта туған елге деген перзенттік парызды бәрінен биік қоя білген. Сол шайқаста төгілген қан барша қазақтың тамырында бар. Бізді бір-бірімізбен біріктіретін де, бауыр ететін де батыр бабаларымыздың бостандық жолында төгілген қаны деп білеміз. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты. Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан – 2050» стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Бүгінгі жастардың азат ойлары мен кемел білімдері – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күші болып табылады.

Әлемде «Азия барыстары» деген атпен танылған Азия елдерінің табысын ерекше атап отырып, ел Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның өзіндегі бүкіл мүмкіндіктері мен сондай қатарға қол жеткізбей қалуына

себептер бар ма?» деген сауал қойды. Оған себептердің жоқ екенін, 2030 жылға қарай Қазақстан республикасы «Орталық Азия барысына» айналуына негіз жеткілікті екенін, басқа дамушы елдер үшін үлгі болуға мүмкіндік бар екенін» айтып, орындалатынына сенімділігін білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстанның ХХІ ғасырдағы миссиясы дәл осылай болуы керек деп санады.

Мұндай даму қарқыны мен күнкөрісті қамтамасыз ету көрсеткішінің жақсаруы әлемдік экономикада бұрын-соңды ешқашан, еш жерде кездеспеген еді. Тіпті «Азия барыстары» – Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне мұндай көрсеткішке қол жеткізу үшін елу жыл керек болатын. Бүлдіршіндерге патриоттық тәрбиенің нәрін сіңіріп жүрген бастауыш класс мұғалімдері ретінде еліміздің ертеңі жарқын, болашағы баянды болатындығына сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Дьячкова М.А. О роли педагога в духовно-нравственном воспитании школьников // Вестник развития науки и образования. 2011. № 6. С. 101-105.
2. Қазақстан мектебі №4. 2011 ж. 9 б. Азаматтық-патриоттық тәрбие-уақыт талабы.
3. Бодина Е.А, Ащеулова К.В. Педагогические ситуации. Пособие для преподавателей педвузов и классных руководителей средних школ / Серия: Библиотека журнала «Воспитание школьников». - М.: Школьная Пресса, 2005.
4. С.Т.Мырзатаев.Бөлімдер мен бөлімшелердің ұрыстық және мобилизациялық даярлығы. «Бастапқы әскери дайындық» мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. Петропавл 2009 ж. 27-б.
5. Волчкова А.А., Пищулин С.Н. Патриотизм и патриотическое воспитание в общественном мнении провинции и столицы: Монография. - М.: Изд-во МГПУ; Самара: Изд-во «НТЦ», 2003
6. Бабкина И. А. Патриотическое воспитание подростков [Электронный ресурс]. // Электронный журнал Экстернат. РФ: [сайт]. [2011]. URL: <http://ext.spb.ru/faq/5751-2014-07-31-09-31-14.html>

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ТАНЫМЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

*Кисымова А.Г.,
«Облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп – гимназия –
интернаты» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
Қазақстан Орал қаласы.*

Аннотация

В статье рассказывается о литературной деятельности Ыбырая Алтынсарина. Дается глубокий обзор его творческого пути и произведений, написанных для казахских детей. Также предоставляется информация о том, что он оставил глубокий след в становлении национальной школы.

Annotation

The article tells about the literary activity of Ibrai Altynsarin, ie the cognitive world. There is an in-depth review of his works and career for Kazakh children. It is said that Ibrai Altynsarin left a deep mark on the history of the Kazakh Enlightenment and the formation of the national school.

1841 жыл 20 қазан. Бұл күн – ұлтының ұлы ағартушысы, ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсарин дүниеге келген күн. Талай дана – данышпан, дарабоз тарихи тұлғаларды дүниеге келтірген дархан Қостанай топырағында ұлтымыздың алғаш білім қоңырауын соққан ұстаз Ыбырай Алтынсарин дүниеге келген күн. Міне, бүгін осындай алып тұлғаға 180 жыл толып отыр. Дала қоңырауы, қараңғы қазақтың жарық сыйлап жол сілтеушісі, білім нұрын шәкірттеріне сеуіп, бойларына дарытқан ұлы тұлға ел есінен ешқашан кетпейтін ағартушы, ұлы ұстаз. Тұңғыш білім ордасын ашқан ұстаз. Тұңғыш қолына күміс қоңырау алып, қазақ балаларын білімге шақырған ұстаз. Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ зиялыларының көшбасшысы, халық игілігі үшін аянбай еңбек еткен ағартушы Ыбырай мен оның баға жетпес асыл мұралары өшпес тарихта мәңгі сақталары анық. Ұстаздықты сөз етсек, Ыбырай есіміне тоқталмай кету, тәрбие мен оқуды, оның таным әлемін сөз етсек, «Қазақ хрестоматиясы» жайында бірер сөз айтпау мүмкін емес. Қазақ даласындағы аумалы-төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен олардың жас тағдырына терең үңілген Ыбырай Алтынсарин «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» екенін ескерген. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел жұртын көрші елдің өнер -білімін игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Ыбырай елдің мұң-мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббатын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш - жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырғаны рас. Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған.

Ы.Алтынсариннің танымдық, демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Ы.Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді. Оның қазақ қауымы үшін жасаған ең үлкен еңбектерінің бірі деп «Қазақ хрестоматиясының» дүниеге келуін айтуға болады [2, 15 - бет].

Ы.Алтынсарин өз еңбегінде: «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар осы жағынан алып қарағанда да дүниесуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат бір ескертетін нәрсе — қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық», - дейді.

«Қазақ хрестоматиясының» мынадай төрт тарауға бөлінді:

1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларын, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.

2. Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4. Қазақтың мақал-мәтелдері.[3, 11 - бет]

Ы.Алтынсариннің қазақ балалары үшін жазған екінші таным құралы - «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы». Бұл - орыс графикасына негізделіп жасалған ең алғашқы оқулық. 1879 жылы Орынбор қаласында шыққан. Бұл орыс тілі грамматикасы қысқаша курсы қамтитын оқу құралы. Оқулықта жеті бөлім бар: 1) Нәрселердің аттары (зат есім). 2) Зат-мақұлықтың қасиетінің аттары (сын есім); 3) Есеп аттары (сан есім). 4) Местоимение деген сөздің бөлімі (есімдік); 5) Ақыры өзгерілмейтін сөздер (үстеу, демеу); 6) Предлог деген сөздің бөлімі (жалғау); 7) Глагол деген сөздің бөлігі (етістік). Әрбір бөлім сөздіктен тұрады. Әрқайсысынан кейін орыс грамматикасының негізгі, басты ережелері ұсынып отырады (мысалы, септік жалғаулары, көпше, жекеше түр, род, реңк мәнді жұрнақтар, зат есімнен жасалатын сын есімдер, шырай түрлері, етістіктің шақтары, райлары т. б.). Ережелер қабылдауға оңай

нұсқауда келтірілген. Сөздердің тізбесін, грамматикалық ережелерді беруде арнайы әдістемелік мақсат көзделінген: оқушы әдебиеттік оқуды меңгермес бұрын, жекелеген сөздердің тобымен, бастапқы, негізгі ереже түрлерімен таныс болады, жүйелі дайындық курсынан өтеді. Оқулық бірде-бір орыс сөзін білмейтін қазақ баласына тіл үйрену неден қалай басталуы керек деген мәселені қояды. Бұл – сол кезеңдегі орыс грамматистері мен әдістемешілері де қолға ала қоймаған күрделі жұмыс. Тіл үйрену үстінде бала екі бірдей дағдыны қатар игереді. [3, 11 - бет]

Оқулықта орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған. Бұл оқу құралы сол кезең үшін де және қазіргі талап тұрғысынан да терең негізгі лингвистикалық - әдістемелік еңбек болып табылады. Мұнда шет тілін жаңадан бастап үйренуге арналған оқу құралының сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешімін тапқан. Сонымен бірге екі тілдің грамматикасы үйлестіре оқыту мәселесі де алғаш рет Алтынсарин заманында қолға алынған. Шет тілінде дұрыс жазуға үйрету, тіл ұстарту мәселелері көтеріледі. Алтынсариннің оқу құралы тіл үйренудің лингвистикалық негізгі тілдің лексикалық жүйесіне негізделуі керек деген қорытындыға әкелді. [3, 46 - бет]

Жалпы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор. Ол өзінің саналы ғұмырын, жігерін ағартушылыққа салып, жас ұрпағына арнады. Ақын шығармаларының рухани адамгершілік білім беруде маңызы зор. Ғұлама шығармаларының барлығы дерлік оқырманын адамгершілікке, әділдікке, жақсылыққа, шынайы достыққа шақырады. Жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды. Ақиқатқа жүгініп, сезімге берілмей дұрыс әрекет жасау, қиянат жасамай, риясыз қызмет қылу. Мұның бәрін шығармаларынан ғана емес, ізгі педагогтың өмір жолынан да байқай аламыз. Ыбырай Алтынсарин жырлаған құндылықтар оның бойынан көрініс тапқан, кемел тұлға десем артық айтпағаным болар. Ақиқаттан туындағанның барлығы дұрыс әрекет. Адам өзін парызға арнауы тиіс деп білемін. Ақын шығармаларының маған берген әсері зор, қай әңгімесін алсақ та жақсы мен жаманды салыстыру, өмір суреттерін шынайы көрсету, қанағатшылдық, білімге деген құштарлық адам бойындағы жақсы қасиеттерді әр адамға бағыттай білетін сөз жетпес байлық пен өсиет екені белгілі.

Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, әділетсіздікті сынап, адал еңбектің, адамгершілік мінез-құлықтың артықшылықтарын бейнелейді.

Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол «балалар әдебиетінің атасы» деп танылған. Ол жаңа дәуірдегі балалар әдебиетінің негізін қалады. Ол балаларға, сонымен қатар оқырманға арнап өлеңдер мен әңгімелер жазды. Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, қысқа да нұсқа құрылып, мазмұны жағынан ұтымды келеді. Оның жастарды еңбек етуге дағдыландыруды

үгіттеген әңгімелері аз емес. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ең кішкентай жәндіктің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. «Қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа» дейді.[1, 22 - бет]

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Осы тақырыпқа жазылған елге үлгі боларлық әңгімесінің бірі – «Бақша ағаштары». Бұл әңгіме оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні зор, үлгі бола алатын шығарма. «Ата – ананның тілін алсаң, ана ағаштай сен түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып өсерсің» деген атасының сөзі арқылы баланың өмірінде тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсеткен.

Махаббат, мейірімділік туралы «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесін алуға болады. Мейірімділік баланың отбасына деген махаббаттан басталады. Әркім алдымен өз ата – анасын, туғандарын жақсы көреді, сыйлайды. Ыбырай ата – ана мен бала арасындағы осындай жылы қарым – қатынасқа ерекше мән береді. «Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «тақсыр, жұмыс жасап, бала – шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі, оқырманға жақсы қасиеттерге жетелейді.[1, 25 - бет] Ыбырайдың адамның, баланың танымдық әлемін ашып, кеңейтетін осы тектес шығармалары өте көп. Оқушы қайымға терең ой салатын аударма, мысалдары қаншама?! Солардың барлығы қазақ баласы үшін жазылған ұлы ұстаздың ұлы еңбегі.

Сонымен, Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік - педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұнғыш берілетін білімнің бағыт - бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке қажетті оқу - құралдарын дайындады, қазақ әдебиеті тарихында өшпестей із қалдырды. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан – жақты таланты арқылы танылған Ы.Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Ы.Алтынсарин. Өнер – білім бар жұрттар.- Алматыкітап, 2021 жыл
2. Ы.Алтынсарин. Кел, балалар, оқылық. -Алматыкітап, 2021 жыл
3. Ы.Алтынсарин. Киргизская хрестоматия. – Орынбор, 1879 жыл

ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ—ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Мәукен А.Б.,
№83 мектеп-гимназия,
Нұр-Сұлтан қаласы

*«Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар оқылық,
Оқығанда көңілге*

Ықылас пен тоқылық», - деген небәрі төрт жолдан ғана тұратын осы өлең шумағын бүкіл қазақ даласында Қазақстанның оқулық кітаптарына еніп, мектеп білмейтін адам кемде-кем десек, қателеспеген болар едік. Өйткені, бұл өлең жүз жылдан астам уақыт табалдырығынан аттаған әрбір баланың әліппесінің алғашқы бетінде болып келеді. Сондықтан да ол, өлең жолдары әрбір қара таныған Қазақтың көкірегінде сақталып, жүрегінде жатталып келеді. Қазақ халқы бұл өлеңдермен бірге, оны жазып шығарған және басып таратқан адамның да есімін жақсы біледі. Ол – Ыбырай Алтынсарин. Биыл кеменгер ойшыл, ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға, ағартушы-педагог Ыбырайдың туғанына 180 жыл толып жатыр. Тәуелсіздікке ұмтылыс жан алып, жан беретін күреспен қатар, рухани өміріне айрықша ықпал еткен ағартушылардың отарлау саясатына қарсы идеялық күресімен де ерекшеленеді. Солардың ең ірі өкілдерінің бірі, ұлтымыздың ұлықты ұстазы – Ыбырай Алтынсарин деп білеміз. Қазақ әдебиеті тарихында жастарға білім мен тәрбие беруде орасан еңбек етіп, елеулі жемісін берген ұлы ағартушылар аз болған жоқ. Оқу-тәрбие жұмыстарына белсене араласып, өзіндік іс-тәжірибесін халық арасында кеңінен қолданған зиялы қауымның алдында әрине ұлы педагог Ы.Алтынсариннің орны бір бөлек. Қашанда жаңа істің бастамасында көптеген қиыншылықтарға тап болып, еш мойымай балаға деген жүрек жылуының, ыстық шапағатының, білімділігінің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткізген ұлы ұстаздың өмірі мәңгі шырақ болғаны анық. Ы.Алтынсариннің қазақ ұлты үшін орны бөлек: қазақ педагогикасының негізін қалаушы, ұлы ағартушы, білім ісінің ұйымдастырушысы, фольклорист, ақын-жазушы, журналист. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын, методологиясын саралау оны басқа этнопедагогикалық жүйелермен салыстыруды қажет етеді. *Алтынсарин ел басын біріктіру, халықтың келешегі үшін екі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы; екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Оған оның барлық іс-амалы мен бізге қалдырған мұралары куә. Педагог-ағартушы үшін қазақ ұлты қарама-қарсылықтардың ажырамас бірлігі болып көрінеді.* Олар: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы

да оқытушыға тең келе алмайды». Ұстаздың аудиториямен байланысы хақында мынадай тұжырымды пайымдаулар өрбітеді: «оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет», «балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, әрбір нәрсені да ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерлі сөз қажет, орынсыз терминдерді қолданбау керек» («Ақтөбе екі кластық мектебінің меңгерушісіне нұсқау хат»).

Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдерге арнап жазған көптеген хаттары, оның мұғалімдердің тілегі мен мұқтажына ерекше қамқорлық жасап, көңіл бөлетіндігін байқатады. Халық училищелерінің инспекторы болып тұрғанда ол өзін мұғалімдердің ағасы, досы деп санап, оларды жұмысқа шебер жұмылдыра білді. «Менің айтқанымды емес», – деп жазады Алтынсарин, – атақты философ-педагог Коменскийдің айтқанын істеңдер, кімде-кім өзінде барына қанағат ете білсе, өзіне –өзі «Біз өзіміздің адал еңбегімізбен өмір сүріп отырмыз деп айта алса, сол нағыз бақытты адам».

«Мұғалім балалармен істес болады, егер олар бір нәрсені түсінбесе, мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесуге тиіс: әрбір затты ықыласымен, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан қарапайым тілмен түсіндіру керек». Мұғалімге ерекше мән бере отырып, Ы.Алтынсарин олардың методикалық дайындығын арттыруға ұмтылды.

Әсіресе, жас мұғалімдерге көбірек көңіл бөлді. Әрбір жас мұғалім оқу пәндерін оқыту жөнінде ауызша да, жазбаша да кеңес алып тұрды. Ол педагогикалық әліппеден бастап, асықпай біртіндеп оқытуға, қарапайым айқын түсіндіруге, өткенді қайталап отыруға, көрнекі құралдарды пайдалануға үйреткеннен кейін барып, жеке пәндерді оқыту тәсілдеріне көшуге шақырды. Ыбырай Алтынсарин оқытушылар дайындауға да зор көңіл бөлді. Талмай ізденудің және оқытушылар мектебінің қажеттігін дәлелдеудің нәтижесінде ол Орскіден мұғалімдер мектебін ашуға мүмкіндік алды.

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырай Алтынсаринге дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ұстаз өзінің «Қазақ хрестоматиясына» еңбегінде Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Өке мен бала т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағытталған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ете отырып, оны жақсы,

өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетуге болады. Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Сондықтан, оның шығармалары «жамандық пен жақсылық», «достық пен алауыздық», «сараңдық пен жинақтылық», «тәкәппарлық пен қарапайымдылық», «өнер, білім мен надандық», «әділдік пен әділетсіздік» сияқты қарама-қарсылық негізінде, жамандыққа жақсылықты, адамгершілікті қарсы қою арқылы қазақты өзара бірлікке, татулыққа тәрбиелейді. Ы.Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер-санаткері, халық қызметшісі болды. Ұлы даланың шартарабына саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық шығармалары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ол «Бір Аллаға сыйынып», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған», «Оқу білген адамдар, Май тамызған қылыштан...» деп, тіреу болар, сүйеу болар оқудың мәнісін ыждағаттайды, содан соң, «өнер-білім бар жұрттардың» өнегесінен үйренейік, «Біз де бекер жатпалық!» бәйгеге түсіп, бақ сынайық, қатардан, саптан қалмайық, сол үшін сендерге батамды бердім дейді. Ы.Алтынсарин мектептегі тәртіпке мықтап көңіл бөлген. «Тәртіп-мектеп үйі шаңырағының ең қажетті тірегі, ұжымды сымбаттандыратын құрал. Тәртіптің шындыққа айналуы әр оқушының бойында тәртіптілік сезім тудырады», - деп тәртіп деген педагогикалық ұғымға терең талдаулар жасайды. Сондай-ақ, «тәртіп- оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі», - деген сөзді ұлы ұстаз Ыбырай айтып кеткен. Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан адамгершілік қасиеттердің бәрі табылса біртұтас мінез қалыптасатынын дәлелдей көрсетті. Ұлы педагогтың ізгі ойлары мен педагогикалық тұжырымдары, оның ішінде оқушы жастарды имандылыққа тәрбиелеу тәсілдері мен жолдары терең мазмұнда айтылған. Себебі, парасатты педагог «мектеп-әр шәкірттің қабілетін дамытып, қамқоршы-жасампаз тұлға тәрбиелеу міндетін атқаруы тиіс» екендігін барлық іс-әрекетімен тамаша дәлелдеп берді. Ал мұғалімнің бойында адамгершілік мінезді, әдептілікті, имандылықты қалыптастырып, мейірімсіздікке жол бермеу керектігін барлық еңбектерімен тиянақтап көрсетті. Қазір жаңалық деп жүрген ынтымақтастық пікірін сол кездің өзінде-ақ ұлы педагогтың шығармаларынан байқауға болады. Ұстаз, шәкірт, ата-ана және халық арасындағы бағалы қасиеттерді бағалау, сақтай білу-оқу

орындарының, педагогикалық ұжым мүшелерінің басты міндеті екендігін жан-жақты көрсетіп, дәлелдеп берді.

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер бір-біріңе қарасыңыз.

Өмір деген бес күндік кетер өтіп,

Атаң барған орынға барасыңыз,- деп көпшілікті бірлікке, татулыққа, түсінісуге шақырды. Өзі де осы тұғырдан орын алды.

Ы.Алтынсариннің шығармалары өмірдің өзектілігін көрсететін тың туындылар. Ұлы ұстазымыздың бүгінгі мектеп өмірімен үндестік табатын педагогикалық тұжырымдарын жалғастыруда мұғалімдердің жан-жақты ізденіп, жұмыс істеуі үлкен нәтижеге қол жеткізетіні анық. Адам өміріндегі әдеттің де өз орны бар екендігін, істеген істің, жүріс-тұрыстың өзі де әдетке айналатынын аңғартты. Бірақ әдеттің де әдеті бар. Адамда жағымды және жарамды жақсы әдеттермен қатар, қарамсыз, жаман әдеттер де болады.

Мәселен, салақтық — жаман әдеттердің бірі. Одан тәнге де, жанға да рахмет жоқ. Осыған орай Ы. Алтынсариннің «Салақтық» атты әңгімесі жағымсыз әдеттің адамзат атаулысына зиянды екендігін анық көрсетеді. Ыбырай еңбек сүймей, жалқау болып өскен адамдар қулық-сұмдықпен күн көруді көздейді, ал мұның өзі барып тұрған жексұрын қасиет екендігін, олай болса үлкендер балаларды кішкентайынан еңбекке баулу қажеттігін естерінен шығармауын ескертеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, жас балалардың басында кездесетін түрлі жаман мінездерді отбасындағы тәрбиемен терең астастырады. Адам үлкен тәлімі мықты тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жері — өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріңнен бірің артықсын деп айыруға болмайды, — дейді ұлы ағартушы. Ол адам психологиясындағы өзгерістерді қоғамдағы тарихи факторлармен байланыстырады. Ы.Алтынсариннің ойынша адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді. Соған байланысты жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған.

Мұхтар Әуезов: «Қазақ халқының тарихында үш бірдей биік мұнара бар. Олар: Шоқан, Ыбырай және Абай. Үшеуіне де ортақ нәрсе-қазақ топырағынан жаралғандығы, орыс халқының прогрессивтік озық үлгідегі мәдениетінен нәр алғандығы және туған халқын батыстағы мәдениетті халықтар қатарынан көргісі келгендігі», — деп жазыпты. Осы тұлғалардың үміті ақталып, біздің тәуелсіз Республикамыз жоғары дамыған елдердің санына енуді көздейді. Өз кезінде Ыбырай балаларды басқа елдердің салтымен мәдениетімен таныстыру мақсатында шығармаларына Англия, Франция, Қытай, Жапон, халықтарының өкілдерін кейіпкер қылып енгізген. Бүгінгі күн тұрғысынан айтқанда, Ыбырайдың шығармашылығы инновациялық идеялар мен іс әрекеттерден тұрады. Осы жағдайды есепке

ала отырып, біз шығармаларының тәрбие әлеуетін толық пайдалана аламыз. Тағы бір ерекшелігі — Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелеріндегі тақырыптар қазіргі кезде де өзекті болып табылады: отбасы, табиғат, шындық пен әділетсіздік, адамгершілік пен азғындық, білімділік пен надандық, жастық пен кәрілік, кісілік т. б. Алтынсарин қазақ отбасының үздік дәстүрлерін жоғары бағалайды. Ыбырай атамыздың мол тағылымға ие әңгімелері өзектілігін жоғалтпай, мектеп бағдарламасында әлі де оқытылып жүр. Тіпті, керісінше, олар уақыт өте келе анағұрлым орынды, анағұрлым өзекті бола бастаған сынды. Алтынсариннің «Әке мен бала», «Дүние не етсең табылады?» «Азға қанағат ет » деген әңгімелері балаларға тәлім-тәрбие беріп, ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізеді деп есептеймін. Ыбырай Алтынсарин өзінің ой-пікірлерін балаға тартымды етіп жеткізу үшін күрделі салыстыруларға бара бермейді. Қайта қарапайым да көркем баяндауларға зер салып, оның бала санасына қонымды болу жағына ерекше мән береді. Автор тиісті жерде қанатты тіркестер мен мақал-мәтелдерді де ұтымдылықпен пайдаланып отырады. Кейде жазушы өз жанынан үлгі-насихаттық өнегелік жолдар қосып, айтылар ойды ұштап әрлеп отырады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері сол, мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз.

Қорыта айтқанда, әрбір ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып «Жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы мен қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай, үркердей санаулы саңылақтардың бірі болған еді.

Өз Отанын шексіз сүйген, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет еткен тамаша үлгілерінің бірі болып, Отанын сүйе білу, нағыз елеулі азамат болу, рухани- өнегелі тұлға болу мәселелерін көтеріп отырды. Ол болашақ жастардікі деп, олардың келешегіне сенген ұлы тәрбиеші болғанына көзіміз жетті.

«Біз болмасақ — сіз барсыз, сендерге берем батамды, үміт еткен достарым» деп, сенімді үндеу таратқан ұстаздардың ұлы ұстазы бүгінгі жастарға да кеңес береді, тәрбиелейді, ғибрат алғызады. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармашылығы жалпы адам өмірімен тығыз байланысты. Адамның адам болып қалыптасуына, өмірдегі ой-толғанысына ерекше мән бере отырып, мысалдар келтірген. Өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа,

адамгершілікке тәрбиелеуі өмірдегі ең құнды еңбегі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсариннің шығармалары қазақ әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып, қазақ жастарының жан-жақты, білімді азамат болуына өз ықпалын тигізе бермек.

Ы.АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

*Нурушова Ж. П.,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, М.Дулатұлы атындағы
№68 мектеп-гимназиясы.
Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы*

Қазақ әдебиетінің тақырыптық ерекшелігімен өзгешеленіп тұратын саланың бірі де бірегейі балалар әдебиеті. Қазақ балалар әдебиеті - қазақ қоғамымен дамып, өсіп келе жатқан сала. Балалар әдебиетіне тән өзіндік ерекшеліктер бар. «Балаларға арналған шығармалардың басты геройы бала болуы міндетті емес, тіпті бір де бала қатыстырмай балаларға арнап шығарма жазуға болады»- деген ерекшелігіне баса назар аударуға әбден болады. Балалар әдебиетінде уайым, қайғы жоқтың қасы және балалар әдебиетінің ең ерекше тұсы, балаларды өз отанының сүйетін патриот, батыр образын жасауы. «Балалар әдебиетінің тағы бір қасиеті-юмор. Чуковскийдің айтуынша «күлуге деген үлкен қажеттілік» бар. Көркем шығарма балаларды көңілдендіру үшін ғана күлдірмейді, олардың бойында юмор сезімін тәрбиелеу үшін күлдіреді. Өйткені юмор сезімі бала өскенде оның кез келген қолайсыз ортаға қарсы қорғаныс қабілетін арттырады және ұсақ-түйек қажетсіз кикілжіңдерден жоғары тұруға үйретеді». Сонымен қатар балалар әдебиеті тәлім-тәрбие құралына да айналып үлгерген. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, батырлары жыры мен жыраулар поэзиясы тұнып тұрған балалар әдебиеті.

Балалар әдебиеті халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, ауқымы кең көркем шығармалардан тұрады. Мазмұны ғибратты, тілі көркем, ұғымды, ғасырлардан жеткен халық даналығына, тәжірибесіне суарылған қазақ балалар әдебиеті - балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығарманың қуат көзін ашатын асыл мұра. «Қазақ балалар әдебиеті басқа да көркем шығармалар тәрізді сан ғасырлық тарихи даму кезеңдерді басынан өткеріп келеді.

Қазақ әдебиеті мен балалар әдебиетінде зор жаңалықпен келген тұлғаның бірі және балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсарин дегенде ойымызға сан ақпараттар оралары анық. Себебі, бұл кісі қазақ балалары үшін үлкен жаңалықтар аша білді. Алғашқысы қазақ балалары үшін тұңғыш білім ордасын яғни мектеп ашқан ұлы ұстаз. Қазақ

елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы. Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы мен оқулығының басым көпшілігі балаларға арналып жазылған. Оған дәлел: Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы. Ол бұл оқулықты бала санасына жақсы әсер етіп, жақсы істерге үйрететін құрал ретінде санады. Меніңше Ыбырай ата жазған барлық оқулық оқушылардың белгілі бір тұлға және көзі ашық, көкірегі ашық азамт болып қалыптасуына арналды.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығының бір бөлігі- өлеңдері. Олар: «Кел, балалар оқылық», «Өнер -білім бар жұрттар», «Өзен», «Жаз» т.б өлеңдері балаларға арналған деп толық негізде айта аламыз. «Кел, балалар оқылық» өлеңіндегі шумақтардың әрқайсысының өзінде ақ тұнып тұрған мағына. Оқушыларды оқуға, білім алуға шақырып жатқанын көзі ашық адамның бәрі керемет ұғады.

Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық

Сонымен қатар Ыбырай Алтынсариннің балаларға арнап жазған және басқа ұлт жазушылардан аударған әңгімелері бар. Әңгімелерінде: білім алу, оқу және еңбекқорлық, адалдық тақырыптарында қалам тербеді. «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Әдеп», «Әке мен бала» әңгімелерін оқығанда, жастарды ізгілікке, бауырмалдық пен мейірімділікке, достық қасиеттерге баулуды көздегенін анық байқадым Ал, «Тіршіліктің тұтқасы еңбек» деп түсінетін Ыбырай «Қыпшақ Сейітқұл», «Мейірімді бала», «Мұңсыз адам» атты туындыларында еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп қорытындылайды. Аудармалары қатарына И.Крыловтың «Егіннің бастары», «Қарға мен түлкі», Л.Толстойдың «полкан деген ит», Паульсонның «Аурудан аяған күштірек», «Тәккәппаршылық» сияқты әңгімелерін балаларға арнап аударды.

Ыбырай Алтынсарин өмір сүрген ғұмырында өшпес мұра мен тарих қалдырды. Олай айқанымның себебі жоғарыда айтылған шығармалары мен ұстаздық жолы. Әрі ұстаз, әрі жазушы бола білген Ыбырай Алтынсарин балалар әдебиетінде « балалар әдебиетінің атасы» атымен мәңгі сақталатынына толықтай сенемін. Ыбырайдың ұстаздық еткен жолымен өзімде ұстаз қызметін атқарып жатырмын. Балалардың білімі мен тәрбиесінің жақсы қалыптасуы әрқашанда мұғалімдерге байланысты болмақ.

Ыбырай салған сара жол әр уақытта да жалғасын табары сөзсіз. «Балалар әдебиетінің атасы Ыбырай» әр баланың жадында.

ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКА

*Наурызбаева М.Б., Жаңабаева А.Р.,
«№13 орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Ақтөбе қаласы.*

Аннотация

Автор в статье подчеркивает, что движущими силами познания являются мотивы, в роли которых выступают потребности, интересы, стремления и др. Подчеркивается важность комплексной организации целенаправленной деятельности по формированию у учащихся национального самосознания.

Annotation

The authors emphasize in the article that the driving forces of cognition are motives, in the role of which are needs, interests, aspirations, etc. The importance of a comprehensive organization of purposeful activities for the formation of students' national identity is emphasized..

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында жастардың бойында жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру туралы тұрақты түрде айтып, оны үлкен міндет етіп қойып келе жатқаны белгілі.

Иә, егемен еліміздің кемел келешегі, жарқын болашағы бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Олар аға ұрпақтың, аталары мен әкелерінің ерлігі мен қаһармандығын жақсы біліп, үнемі үлгі тұтуы, мақтан етуі керек. Сонда ғана ертеңімізге берік сеніммен қарайтынымыз анық.

Бүгінгі таңда патриотизм ұғымы тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұрғысынан қарастырылады. Қазақстандық патриотизмді әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады.

Еліміздің алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ алаңдарын жабуы, бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасалған негізгі қадам болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу-тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі – патриоттық тәрбие.

Бүгінгі мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мазмұны: әр азамат тың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну, мемлекеттік рәміздеріне, мемлекеттік тілге, тарихқа, мәдениетке құрметпен қарау, сонымен қатар өзге ұлтты, олардың салтына, дәстүріне, мәдениетіне құрметпен қарау.

Тәрбиенің заңдылықтарына сүйене отырып, оқушылардың ұлттық танымы мен өзіндік санасын дамыту беру жүйесі“мектеп - отбасы - әлеуметтік

ортаны” кіріктіре отырып, сабақ үрдісіндегі және сабақтан тыс уақытта тығыз байланыста жүргізілуі тиіс.

Жеке тұлғаның бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға байланысты сабақта және сабақтан тыс уақытта шараларды жүргізу барысында пән сабақтарындағы білім мазмұны мен сыныптан тыс уақыттағы жүргізілетін тәрбие жұмыстарын өзара байланыстыра, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардан білім мен тәрбие бере отырып, елін, жерін сүйетін және оны қорғай білетін ішкі жауапкершілігі жоғары азамат тәрбиелеу.

Осы мақсатты кешенді жүзеге асыруда негізгі міндеттер:

- тұлғаның ұлттыққұндылықтарын қалыптастыру;

- ұлттық ерлік дәстүрлерден, әдет - ғұрыптардан нәр ала отырып, туған елге, жерге, ана тілге деген сезімдерін, Отанға деген сүйіспеншілігін туғызып, дамытып, қалыптастыру;

- ұлттық рәміздердің пайда болуы және олардың шығу тарихын біле отырып, еліміздің рәміздеріне деген құрметті қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының тұтастығын сақтайтын және халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтатын азамат тәрбиелеу.

Отанға қызмет ету әрбір жеке тұлғаның тарихтағы орыны мен еңбегінен олардың өшпес өнері мен ғұламаларының өсиеттерінен үлгі алған, солардан рухтанған ұрпақтарымыздың патриоттық күшімен өлшенеді. Екіншісі бірі тумысынан дара, ғұлама болмайды, оқудан, таңдау, үйренуден барып, адам өзін толыққанды етіп тәрбиелейді.

Қазақ мемлекетін Отаным деп сезіну, басқа ұлттың қазақ халқына сый - құрметпен қарауы, әр ұлттың құқықтық еркіндігін қуаттай, туған жерін көркейтуге, қорғауға дайын болуы. Жалпы патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесінен бастау алып, өсе келе мектепте әрі қарай дамып, жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге еруге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады.

Тәрбие жұмысы – ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл

міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады.

Қорыта келгенде, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру оқушы бойындағы сана - сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қала алатын азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндігіміздің бар екендігі анық.

Әдебиеттер тізімі

1. БекайдарТ. Елін сүйген ұрпақ- ұлт мақтанышы . //Қазақстан мектебі. №9 2003.

2. Сайдахметова Л. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу.А., 2002.

3. Иманбаева С.Т. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: 2007. -310 б.

4. Кенембаева Ш. К. Жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі - этнопедагогикалық тәрбие/"Қазақстанның қазіргі жағдайында жастарды азаматтық-патриоттық рухта тәрбиелеуді дамыту үрдістері: Зерттеулер мен тәжірибе" тақырыбындағы ғылыми практикалық Интернет-конференция материалдары.- Павлодар: ПМПИ. - 2011. - С. 40-44.

5. Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://kaz.zakon.kz/4999539-k-met-b-l-m-men-ulymdy-damytydy-2020.html>

Ы. АЛТЫНСАРИН: ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ

*Халиуллина Э.С.,
Орал қаласы №49 ЖОББМ қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Қазақстан Орал қаласы*

Аннотация

В данной статье рассказывается о месте этнографических произведений Алтынсарина в казахском обществе, значении казахских традиций и обычаев. С помощью обзора творчества Алтынсарина был проведен их анализ.

Annotation

This article describes the place of Altynsarin's ethnographic works in Kazakh society, the significance of Kazakh traditions and customs. With the help of a review of Altynsarin's creativity, their analysis was carried out.

«Кел, балалар оқылық» деп бүкіл қазақ балаларын білімнің жарық нұрына жетелеген Ы.Алтынсарин шығамаларынан талай қазақ халқы үлгі-өнеге һәм тәрбие алды. Жалпы Ы.Алтынсаринның әдеби-ғылыми мұраларының

танымдық әлемі қазіргі уақытта да құндылығы артпаса, кеміген емес. Ы.Алтынсариннің қаламынан туған аудармалар, өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, этнографиялық очерктер мен ертегілер оқырман жүрегіне жол тауып, қазірге дейін өз ұлттық калоритін жоғалтпай отыр. Оның шығармаларының тақырыбы да әр алуан. Ы.Алтынсаринді қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы деп айтуға болады. Оның «Азған елдің билері», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Ана» атты өлеңдерінің адамгершілік-ғибраттық сипаты басым. Ы.Алтынсариннің шығармаларында қазақтардың өмірі шыншылдықпен бейнеленген. Шығармаларында білімге, ғылымға деген құлшыныстың қажеттігі кеңінен насихатталады. Жастарды оқу, білімге шақыра отырып, ол өзге халықтардың мәдени өмірін, олардың ғылымда қол жеткізген табыстарын үлгі-өнеге ретінде мысалға келтірген.

Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып, тәрбиелеу мәселесін ең негізгі мәселе деп есептеді. Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының қалыстығын жоюға болады, сондықтан «жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ», - деп түйеді Ыбырай. Ол өзі бастаған оқу-ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын, келер ұрпағына үлкен үмітпен қарап, келешектен қуаныш күткен ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандаумен өткен.

Ыбырайдың қоғамды қараңғылықтан алып шығару үшін, ел ертеңі жастарға өткеніне сыр шертетін этнографиялық, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін небір қызықты шығармалар жазған. Атап айтқанда, кіші жүз қазақтарының салттары: адамды жерлеу, ас беру, құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрі, ежелгі әдет-ғұрып заңдары туралы зерттеу мақалалары жарық көрді. Ол өзінің жұмыстан қолы босаған кездерінің бәрін де ауыл арасында өткізіп, туған халқының тарихы, фольклоры, шежіресі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы материалдар жинастырды. Көзі тірісінде бірқатар ғылыми мақалалары мерзімдік баслым беттеріне жарияланды. «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» атты еңбегінде үйлену тойларына байланысты бірқатар әдет-ғұрыптарды кеңінен аша отырып, суреттеді.

Ыбырайдың «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркін» қазақ халқының үйлену мәлеселі жайлы энциклопедия десек кем болмайды. Себебі осы шағын ғылыми очеркінде қазақ даласында сонау заманнан бері қалыптасқан үйленуге қатысты тақырыптарды қозғайды. Үйлену салт-дәстүрлері, ерте үйлендіру мәселелері жайлы айтылады. Сонымен қатар, кәдесыйлардан бастап қыз жасауы тақырыптарына дейін толық мәлімет берген. Бұл тақырыптар, әрине, қазақ халқының таным әлемін ашып, ой көкжиегіне әсер етіп қана қоймай, халқымыздың сонау замандардағы күн кешкен тіршілігіндегі ерекшеліктерді тануға мүмкіндік береді.

Ыбырай қазақтарда үйлену бұйрығы қыз бен жігіттің емес, ата-ананың ықпалымен жүрмегенін анық айтып өтеді. «Баласын өзінің күйіне және жалпы жағдайына қарай жасы толмай тұрып та, жасы толғаннан кейін де үйлендіре алады» - деп ары қарай үйлендіру барысында қандай мақсаттар алғы орында тұратынын мына екі фактормен түсіндіреді. Алғашқысы: «өздерінің достығын жекжат болып нығайтқысы келген адамдар, бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп, бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді». Демек әдепкі қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында. Екіншісі: «дәулетті қазақтың қайсысы болса да, баласына өзі сықылды дәулетті және беделді біреудің қызын айттыруға тырысады». Демек даңқ сүйер қазақтың әдеті бойынша одан әрі беделді болу мақсатында. Үйленетін жастардың тек әкешесінің жоспары, солардың мүдделері үшін үйленуі бірінші проблема.

Ыбырай екінші проблеманы жас мөлшері дейді. Не үшін үйлену емес үйлендіру дейміз. Себебі бала үйленуді түсінбей жатып үйленеді. «Екі-үш жасар ұлы бар жасы балиғатқа жеткенше үйлендіріп қояды», «қазақтар баласын 11-12 жасында-ақ үйлендіре береді», «баласына келін әперіп, қызығын көргісі келсе, онда баласын 8-9 жасында үйлендіре салады» дейді Ыбырай.

Қазақ даласының заңдарын, дәстүр, салттары жайлы әңгіме қозғалғанда «әменгерлік салты» жайлы міндетті түрде айтылады. Осы очеркте әменгерлік салтының қатал ақылға сыймайтын заңдары айтылған. Оның біріншісі жас айырмашылық мәселесі. «Он жасар бала, алды 7-8 жасқа келген балалары бар әйелге үйленіп қалады» немесе «өлген кісінің жесірді алатын жас туысқандары болмаса, онда ол әйел (жас та болса) кейде алпыс немесе жетпіске келген шалға тиюге тиіс». Демек «...жесір әйелдің екінші ерімен жас айырмашылығы да, оның тілегі де, сол сияқты басқа дәлелдері де есепке алынбайды». Ал егер бұл жағдайда басқа рулар қол сұқса, араласса, қарсылық білдірсе «кісі өліміне апарып соқтырады» деп топшылайды өз еңбегінде Ыбырай.

Дәулетті адамдардың қалыңмалы, әдетте, келісуіне қарай, ірілі-уақты 47 жылқы болады. Орта дәулетті қазақтар уақ малдарын, мысалы, құлынын, бұзауын, тағы басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Сонымен қатар, бір қызығы қазақтарда үш жүздің қалың мал беру мөлшері де әртүрлі екен. Қалың малдан бөлек бесжақсы деген кәдесый бар. Ол да маңызды. Ең бай қазақ бесжақсыға 500-600 сом береді, орта дәулетті адам 200-300 сом береді, мұндай кәде, көбінесе, ақшалай төленеді. Ыбырай Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркінде» үйленуге байланысты әр салтқа тоқталғаны ерекше жоғары бағаланады. Кәдесыйлардың «бесжақсы», «жыртыс ілу», «көрімдік», «қызқашар», «кемпірөлді», «көрпеқимылдатар» «сұтақы», «жаныма жақсы» деген халық арасында ұмыт бола бастаған мәліметтерге тоқталады.

Қалыңмалдан кейінгі өзектісі ол «Жасау». «Үй және жасау артатын 25 түйе, кәнауыздан, жібектен, жай маталардан тігілген 125 шапан, 50 кілем, оның, 20-сы үлкен, қымбат кілемдер де, қалғандары орташа кілемдер. 25 ішік, оның біреуі жанат ішік, 10 түлкі ішік, қалғандары қарсақ, қасқыр ішіктер, бәрі де мауытпен, жібекпен тысталған. 300 сомдық отау, 5 ат, оның екеуі қызы мінетін жорға, жүз сомдық ат-тұрман, төсек-орын, бірнеше көрпе, көйлектер берді,

бұлардан басқа тағы да бағасы ең кемі 400 сом тұратын аяқ-табақ, киіз сияқты шаруашылық заттар береді». Бұның барлығы да бір бай қызының жасауы. Мұның тек бір жаман жері: қызының келешек үй жұмысының керегі үшін емес, ата-аналарының өз даңқы үшін берілген бұл жасаулар, қалыңмалға төленген қолма-қол ақшалар мен малға қарағанда, жас қосылған ерлі-зайыптарға оның оннан біріндей де пайда келтірмейді. Кейбір қазақтар малының көбін қалыңмалға, ілуге және басқа кәделерге беріп, ақырында өзі қатты жоқшылыққа ұшырайды. Қалыңдығымен келген жасау оның шаруасын көтере алмайды. Ол жасаулардың да жартысына жуығы дерлік келіншек түскен күндері-ақ, әдет бойынша туған-туысқандарына үлестіріліп беріледі.

Халықтың салт — дәстүрін насихаттауда Ыбырай Алтынсариннің алатын орны ерекше. Алғаш рет халықтың салт-дәстүрлерін өзінің шығармаларына енгізу арқылы балаларды еңбекке, имандылыққа тәрбиелеумен қатар, атадан балаға жалғасып келе жатқан халық салт — дәстүрге аса мән берді. Ы.Алтынсарин қыз ұзату, құдалық төңірегінде 1870 жылы этнографиялық очеркінде жазды. Адам өміріндегі ең бір қызық та қуаныш ұмтылыс кезең-оның үйленіп жеке отау тігуі. Ұрпақтарының үлгілі отбасын құруы, сол жастардың ата-аналары мен туған-туыстарының тілегі ғана емес, қоғамдық қажеттілік екенін көрсетеді. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақ жұртында отау тігудің бірден-бір жолы — құда түсіп, қалың мал төлеп үйлену арқылы жүргізіледі. «Құда түсіп, қалың мал төлеу ұғымының мағынасы кең. Бұдан қазақ жастары қалыңдығын өздері талғамай әкесі алып берген деген ой тумаса керек. Бұл жерде атастыру, қыз айттыру, көріп, яғни жар таңдап алу деген дәстүрлері бар. Сұлулыққа жаны құмар халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі қандай болу керектігі жөніндегі дәстүрлі талғамы мен өлшемін қалыптастырған» Ыбырайдың Ресей географиялық қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу, ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлерінің очерктері» (1870) атты еңбектерін жазып ұсынды. Онда қазақтың құда түсу, жеті атаға дейін қыз алыспау рәсімдерінің елді біріктірудегі прогрессивтік мәнін ашып көрсетеді. Сондай-ақ өлген адамдарды жерлеу рәсімдеріне талдау жасай келе, молдалардың өлген адамның күнәсін «сатып алмақ» болып, мал — мүлкін тонау сияқты жағымсыз әрекеттерін әшкерелейді. Жоқтаудың тәлімдік мәнін ашып, өлген адамның жетісін, қырқын, асын беру, бейіт тұрғызу салттарын жан-жақты талдап баяндайды. Өлген адамға асты 63 жасқа (пайғамбар жасына) келген атақты бай, билерге беретіні, аста көп мал сойып, аста төк жасайтыны, ысырапқорлыққа жол беретіні айтылады. Күрес, ат бәйгесі, т.б ұлт ойындары ұйымдастырылатыны, аттың бәйгесі мен күрестің бәйгесін рулы елдің талап алып кетіп, балуан мен ат иесіне түк тимейтіні, мұның бір жағы мақтаншақтық - доңғойлық екендігін айтты. Мысалы келтіре кетейік, бір қазақтардың өткен әдет — ғұрыптарынан көрініс. Өлген адамның ат-тұрманы, қару жарағы, жақсы деген киім — кешегі үйдің ішіне ілінеді, соның сол жағынан ұзын найза шаншылып, ол найзаның өткір ұшы үйдің

қабырғасын жарып, сыртқа шығарылады. Сол жоғары қарап тұрған ұшына өлген адамның жасына байланысты түлі түсті мата ілінеді. Жас адам өлсе, қызыл мата, орта жастағы адам өлсе қара, қарт адам өлсе, ақ мата байланады. Себебі өткен адамдар матаның түсіне қарапөліктің жасын айырады. Осы жағдайдың бәрі қырқына, кейде жылына дейін сақталады. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар дегендей бұл күндері бұл дәстүр өткенді ғана еске түсірері анық. Ыбырайдың бұл еңбектері - тарихи мұралар.

Қорыта келгенде, айтпағымыз, біріншіден, Алтынсарин қазақ елінің патша үкіметінің отарлық саясаты кезінде ұлттық санасымен мәдениетін, ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде деп білді. Екіншіден, Ыбырай Алтынсарин - қазақтың аса көрнекті ағартушысы, өз заманының ақыл - ойшысы, тарихи тұлға. Біз оның бейнесінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін көкसेген ұлт жанашырын көреміз. Үшіншіден, оның ағартушылық қызыметінің тағылымы мен шығармашылық мұралары ұрпақ үшін баға жетпес рухани қазына болып қала береді. Төртіншіден, Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қоғамдық-саяси қызыметі тарихы ұрпаққа ұлтжандылық пен отаншылдықтың үлгісі. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі тарихын ұрпаққа насихаттау біздің парызымыз болып қала береді..

Жоғарыда аталған Ыбырай Алтынсариннің этнографиялық еңбектеріне қарап, Ыбырай тек қана ақын, жазушы, этнограф қана емес, көзі ашық көкірегі ояу сыншы десек те болады. Ол халқымыздың байырғы салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, күнделікті тұрмысынан алынған жоралғыларды талдап, арасынан таңдап анықтама беріп, оларды жіктеп талдап, қолданысына мән бере отырып, көпшілікке ғана таныстырып қоймай, көршілес халықтарға да таныстыру мақсатында жаз,ан болатын. Қазақ халқының таным көкжиегінің дамуына үлес қосқан ағартушы-ғалым осы салада еңбектеніп, артына мол мұра етіп қалдырды. Қазіргі кезде техника мен ғылымның дамыған заманында халқымыздың тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін этнографиялық және фольклордық шығармаларына аса мән беріп қана қоймай, қазір де жолбастаушы анықтама ретінде қолданатындай дәрежеде.

Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда. Ыбырайдың мақсаты - әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципін көздей отырып, тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейфоллаұлы С.// Алтынсарыұлы Ыбырай. Алматы, 1935
2. М. Ахимжанов// И.Алтынсарин. – 1952ж.
3. Ахметов П.А. – Ыбырай Тағылымы. Арқалық, 2008

4. Ақынжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. Алматы, 1955

5. Ыбырай Алтынсарин тағылымы (әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер) Алматы, 1991.

ЫБЫРАЙ ЖӘНЕ МЫСАЛ ЖАНРЫ

Шалғынбай Н.Қ.,

№83 мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі.

Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы

Аннотация

Описывается роль Ибрая Алтынсарина в формировании примера жанры в казахской литературе. В качестве примера можно привести место жанра в казахской литературе, историю развития, специфику. Рассматриваются особенности отдельных авторов-просветителей в данном жанре, способы повествования, коммуникации, передачи сюжета. На примере работы в жанре узнавания и изучения.

Annotation

The role of Ibray Altynsarin in the formation of the genre example in Kazakh literature is described. As an example, one can cite the place of the genre in Kazakh literature, the history of development, specifics. The features of individual enlightenment authors in this genre, methods of narration, communication, and plot transmission are considered. On the example of work in the genre of recognition and study.

Әдебиеттегі қай тектің қай жанры болсын ұлттық әдебиетіміздің бастау арналарынан белгілері көрінеді. Мысалы, біз қарастырып отырған мысал жанры хайуанаттар жайындағы ертегілерімен ұқсас болып келеді. Мазмұны жағынан қарағанда негізі бір көрінеді.

Мысал сөзінің мағынасы үлгі немесе бір нәрсені түсіндіру мақсатында қолданылатын дәлел мен дәйек дегенді білдіреді. Әдебиеттану ғылымы мысалды жанр ретінде айтылатын өнегелі ойды тұспалмен жеткізетін, көбінесе өлең түрінде болатын, сюжеті бар, көлемі жағынан шағын көркем шығарма ретінде түсіндіреді. Мысал сөзі термин ретінде алғаш рет А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты әдебиет теориясына арналған еңбегінде қолданылған. Бұл ретте бұл жанр ауыз әдебиетінің үлгісі ретінде танылды. Шығу тегі жағынан жан-жануарларға байланысты ертегілерден алынады деп түсіндірілді. Мысал да басқа жанрлар секілді ауқымды тақырыптық топтарды қамтиды. Кейіпкерлері аңдар, құстар, өсімдік дүниесі және адам баласы болып келеді. Шығарманың негізгі сюжетіне қоса нақыл сияқты түйіндемелері де

болуы мүмкін. Мәтін ішінде диалог яғни кейіпкерлер тілдесімі де жиі ұшырайды.

Жазба әдебиетімізде мысал жанрының көрініс табуы 1880 жылы Қазан қаласында басылған «Өсиетнама» жинағымен байланысты. Дулат Бабатайұлының бұл жинағы қазақ әдебиеті тарихындағы бір мектеп болды. «Қазақ әдебиеті тарихында мысал жанрына алғаш қалам тартқан ақын Дулат Бабатайұлы болатын. «Сары шымшық», «Қара қарға мен сауысқан» атты мысал өлеңдерінде мансапқорлық, мақтаншақтық, опасыздық, қайырымсыздық сияқты жағымсыз қылықтар сыналып, еңбексүйгіштік, шыншылдық, кішіпейілдік сияқты жоғары адамгершілік қасиеттер дәріптеледі» [1.5]. Бұл негіздемеге сүйене отырып, Дулат Бабатайұлын қазақ әдебиетіне мысал жанрын алып келген әдебиет өкілі ретінде қарастыра аламыз. Ақынның бұл шығармашылығы кейінгі кезеңдердегі мысал жанрында туындылар әкелген Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сынды қаламгерлерге үлгі болды. Ағартушылар сонымен бірге, ауыз әдебиетіндегі және өзге елдік қаламгерлер шығармашылығындағы мысал жанрына терең үңілді.

Ыбырай шығармашылығында «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі» және «Екі шыбын» деп аталатын мысалдар бар. Бұл мысалдар орыс әдебиетіндегі белгілі мысалшы ақын И.А.Крыловтан аударылған. Зерттеулерге қарағанда «Қарға мен түлкі» мысалы ғана «Қазақ хрестоматиясына» енген екен. Қалған мысалдары кейіннен топтастырылып, басқа аудармаларымен бірге жарияланып жүр. Ағартушының оқулықтар мен оқу материалдары тапшы кезеңде нәліктен қолда бар мысалдарды хрестоматияға енгізбегені белгісіз. Бірақ алғашқы ұстаздың Н.И.Ильминскийге 1876 жылдың 3 желтоқсанында жазған хатынан себебін аңғарғандаймыз. Бұл хатта Ыбырай кітабын Паульсон кітабының құрастыру тәртібімен жазу ниетін білдіре келіп, былай дейді: «мысалдарды енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін» [2.165] дейді. Гибраты мол дидактикалық әдеби туындылар дәл бұл кезең үшін ұтымды болмағанымен, мысал жанры уақыт өте келе сол ұтымды қырынан танылды.

Аталған мысалшы ақыннан Абай Құнанбайұлы да бірнеше мысалдар аударды. Олар: «Есек пен бұлбұл», «Бақа мен өгіз», «Қарға мен бүркіт» т.б мысал өлеңдер. Бұл аудармалардың Ыбырай аудармасынан ерекшелігі түп нұсқадағы өлеңді мәтіннен поэзия тілінде аударылуы. Бұл аудармаларға еркіндік тән болғанымен, Абай негізгі сюжеттен алыс кетпейді. Сюжетке қосымша, жеке пікірлер, оқырманына қатысты оқшау ойлар кездеспейді. Мысалдар автордың баяндауынан, қатысушыларының диалогтарынан тұратын болса, Абай мысалдарында да осыдан бөлек сөз өрнегі орын алмай, негізі идеяны ашушы соңғы бөлік те баяндаумен немесе диалогпен аяқталады. Мысалы, «Қарға мен түлкі» мысалы:

Ірімшік жерге салп етті,

Іс бітті, қу кетті [3.393] деген баяндау түрінде аяқталса, «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы:

- Қайтсін, қолы тимепті,

Өлеңші, әнші есіл ер!

Ала жаздай ән салдың,

Селкілде де, билей бер! [3.388] диалогымен аяқталады. Бұл мысалдардан танылып тұрған ерекшелік – сюжет қосымшасынсыз негізгі идеяның сюжеті бойында көрініп тұруы.

Қазақ әдебиетіндегі мысалдар проза және поэзия тілінде орын алуы ғана оның негізгі ерекшеліктерін танытпайды. Аударма мысалдардағы тағы бір ерекшелікті танытқан Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» атты жинағы болды. Ол ерекшелік негізгі сюжетке қосымша қорытындылар мен түйіндемелердің берілуінде болды. Мысалы, «Бұлбұл мен есек» мысалының аудармасын көркем түрде бере отырып, соңынан оқырманмен байланысқа түсе отырып, мынадай ой түйіндейді:

Ал, енді мұнда қандай ғибрат бар?

Есектей іс ететін көп адамдар.

Сары жезден саф алтынды айырмайтын

Дүниеде бар емес пе, не надандар? [4.34]

Мұндай сюжеттен тыс ой қорытулар аталған жинақтағы барлық аударма мысалдарға ортақ үлгі болды. Сондай-ақ, аудармашының баяндаудағы мақсаты мен идеясы осы бөліктен көрініп отырады. Ахметтің бұл ерекшелігі оның реформаторлығына баланып, бұл туындыларды төл туындылары ретінде қарастырушылар осы қырынан қарайды. Әдетте мысал өлеңдерде автордың баяндауы жинақы келіп, кейіпкерлердің өзара байланысын тудыруда диалог тәсілі тұрақты қолданылады. Ахмет мысалдарында монолог тәсілі де қолданылған. Мысалы, «Қартайған арыстан» мысалында тақырыты ашуда аң патшасының монологы негіз болған:

«Я, Раббым, - сол уақытта деді Арыстан, Мен түгіл, үркуші еді Ат қамыстан. Бұл Өгіз, мынау Қасқыр тимек түгіл, Зәресі ұшушы еді, көрсе алыстан. Дариға, ол заманның бәрі өтті, Кәрілік деген бәле келіп жетті. Тіс түсіп, тырнақ мұқап, әл кеткен соң, Сорыма бәрі мұның ер боп кетті. «Төбем» деп келіп тұрған мынау Есек, Аяқта жатушы еді болып төсек. Кешегі дәурен баста тұрған шақта, Мұны кім етуші еді жан деп есеп. Көп шығар, жоқ демеймін, кінәм менің, Ризамын бақ, бәлеңе бірдей сенің. Тұяғын сол жаманның тигізбей ал, Қорлықтан мұнан көрген, жеңіл өлім!»

Келтірілген мысалда кейіпкерлер байланысы диалогсыз автор суреттеуі арқылы танылады.

Мысал жанрындағы баяндау қабаттарының қалай орналасуы, диалог пен монолог қолданылуы, сюжеттік шеңберде болуы немесе сюжетке қосымшалардың болуы сияқты тағы басқа жайттар автор және аудармашылар еркіне байланысты болғанымен, әдістемеші ғалымдар мұны үнемі назарда ұстайды. Себебі мысалдар балаларға төменгі сыныптардан бастап оқуға ұсынылады. Бұл жанрдағы шығармаларды танытуда, түсіндіруде, рөлге бөліп оқытуда оның құрылымына назар аудару маңызды. Мұғалімдер мысал

жанрының құрылымын балаларға оқытуда әдістемелік тұрғыдан оңай игере алады.

Әдебиет теориясында бұл жанрға қатысты ғылыми түсінік орныққан. Мысал жанрын эпикалық тектің шағын түрлерінің бірі ретінде қарастырған З.Қабдолов ол туралы теориялық түсінік те берген. «Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады» [5.294]. Сондай-ақ бұл жанрдың классикалық үлгісі ретінде Ахмет Байтұрсынұлының «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын атайды. Ғалымның теориялық түсініктемесі мен талдауы мысалтануда негізге алынып жүр. Басқа да теориялық және әдістемелік еңбектер мысал жанрынан аттап өтпейді. Мысал жанрының дидактикалық сарыны мен ерекше құрылымы, кейіпкерлер бейнесі оқырманды өзіне қызықтыра алады.

Қорыта айтқанда, мысал жанрының әдебиет тарихында алатын орны ерекше. Ағартушылардың ұтымды әдеби түр ретінде таңдауы түскен жанр. Көлемі жағынан ықшам келіп, құрылымы бірнеше баяндау, суреттеу қабаттарынан тұратын дидактикалық тұрғыдан қарқынды туындылар. Бұл жанрды тарихи және теориялық тұрғыдан бірлікте зерделеу маңызды деп есептейміз. Балалар әдебиеті мен төменгі сынып оқулықтары үшін дидактикалық материал ретінде мысалдың ұсынылуы білім беру саласында ұтымды қадам болатынына сенім білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бабатайұлы Д. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі», 2013. – 296 б.
2. Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар. – Алматы: «Жалын», 1991. -238 б.
3. Құнанбаев А. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: 2008.- 560 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т.1: - 384 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 352 б.

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЖОҚТАУ МЕН ҚОШТАСУ (Жамбыл Жабаев; Қасым Аманжолов шығармалары негізінде)

*Қуанышбаева Н.А.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың магистрант,
Қазақстан Нұр-Сұлтан қаласы.*

Фольклор – халық тыныс-тіршілігінің көрінісі. Адамзат болмысының сыр сипатының барлығы сол халықтың фольклорына жинақталады. Әуелгі сөз фольклордың синкреттілігінде. Әдебиеттану ғылымынан фольклортану ғылымының басты ерекшелігі де осы құндылығында. Фольклордың өн бойында

ән мен күй, саз бен сөз тағы басқа ұлттық құндылықтарға сай өзгешеліктер жинақталған. Орыс фольклортанушысы А.Н. Веселовский де осы сөзді қуаттайды. Фольклор ұғымын фольклортанушы ғалымдар әртүрлі таратады. Неміс ғалымы Кнафль, фольклор ұғымын халық даналығы деген сөзбен байланыстырады, яғни «Folk – халық, lore – даналық». Ал Белинский бұл ұғымды басқаша тарқатып «фольклорда атақты есімдер болмайды, халық атынан баяндалады» деген тұжырым жасайды. Қазақ фольклортану ғылымының басында Шоқан Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Қажым Жұмалиев, Әлкей Марғұлан сынды тұлғалар тұр.

Фолькор – әдебиеттің бастау көзі. Жалпы алғанда фольклор мен әдебиет арасындағы негізгі байланысты анықтау барысы, әдебиеттің фольклордан бастау алғандығында жатыр. Даму көрсеткіштері де бір заңдылыққа бағынады. Фолькорлық сарынды туындыларында пайдаланып, халықтың мәдениетімен, тарихымен ұштастыратын шығармашылық тұлғалар әдебиеттану мен фольклортанудың құндылығын бір арнаға топтастырады. В.Я. Пропп фольклортану мен әдебиеттану байланысын зерттеу барысында екі ғылымның негізгі мақсаты шығарманың ішкі құрылысын зерттеумен басталатындығында. Алайда, фольклорлық туындылар мен әдебиеттегі ақын-жазушы қаламынан шыққан туындылардың арасындағы айырмашылықтарды да ғалымдар жоққа шығармайды. Фольклордың кейбір тұстарын зерттеп, түсіндіруде әдебиеттану ғылымының да дәрмені жетпей қалатын тұстары бар. Дегенмен, фолькор мен әдебиет бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Екеуінің қосындысынан жанрлық принциптер туындайды. Біздің қарастырғалы отырғанымызда осы сарындас ұғымдардан бастау алмақ. Фольклортану мен әдебиеттану саласын бірізділікте қарай отырып, қазақ әскери лирикасындағы фольклорлық сарынның көріністеріне тоқталмақпыз. Жоғарыда фольклортану мен әдебиеттану арасындағы байланысқа тоқталғанымыздай қазақ лирикасына шолу. Лириканың басы сөз өнерінен басталғаны абзал. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі. 1. Ақылға 2. Қиялға 3. Көңілге» [1;10]. Лирика – сөз өнерінен туындайды. Лирикалық туындылар өлеңмен беріледі. Қазақ лирикасының өркендеу сипатын, өміршендігін зерттеп, көлемді еңбектер жазған С.Мұқановты айтамыз. С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Өсу жолдарымыз» және тағы осы қатарлы еңбектерде жүйелі түрде қазақ лирикасының дамуын көрсетті. Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» және Зәки Ахметовтың «Өлең – сөздің теориясы» атты ғылыми еңбектерде толығырақ зерттелді. Лирика – поэзиямен өмір сүреді. Зәки Ахметов: «Поэзия деген сөздің өлең, жыр деген мағынасынан басқа, ретіне қарай, көркемдік, әсемдік деген мағынаны да беретіні тегін емес. Поэзия терең, нәзік сезімнен туады. Ол көңілдің толқынын, жүректің лүпілін белдіреді. Жалпы поэзияға тән қасиет – айтылып, баяндалып отырған нәрсе жайлы ұғым, түсінік беру емес, оны бейнелі түрде сипаттау, суреттілік десек, осы ерекшелік лирикалық өлеңдерден айрықша байқалады» [2;9]. Біздің де қарастырғалы отырғанымыз фольклор мен әдебиеттің үндестігінен пайда болған қазақ әскери лирикасындағы

фольклорлық сарын. Жамбыл Жабаев пен Қасым Аманжолов поэзиясына шолу жасай отырып, фольклорлық сарынды салыстырып, әдеби талдау жүргізу.

Жамбыл Жабаевтың «Алғадай туралы әрбір ой» атты өлеңін талдап көрсек. 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына аттанған ұлы Алғадайды жоқтаған ақынның тебіренісі өлең боп өріледі. 1942 жылы соғыстағы Алғадай әкесі Жамбылға хат жазып, өзінің амандығынан хабар береді. Өкініштісі, Алғадай қан майданда қаза табады. «Ленинградтық өренім», «Өмір мен өлім белдесті» сынды өлеңдер жазып, батырларды рухтандырған Жамбыл ақын, өз баласына «Алғадай туралы әрбір ой» деп аталатын жоқтау жазады. Жоқтау – фолькорымызға енген сарынның бірі. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы алты томдық шығармалар жинағында «Жоқтау» мәнін ашып көрсетеді. «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау, көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз» [3;78]. Ал Мұхтар Омарханұлы «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде: «Жоқтау өлеңі көпке бірдей жайылған көп қазақтың қолданған салтынан туатын шер өлеңі» [4;65]. Жамбыл ақынның баласына арнап жазған жоқтауы былай басталады.

Түне күнгі кеткеннен
Ғали жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін
Жол-жөнекей көрдің бе?
Топырағың торқа боп,
Тыныш ұйқта дедің бе?
Қалай қыйып қалдырдың
Қарт әкенді елінде?
Елжірейді өзегім,
Ауырады белім де...
Қаза болып көзелім,
Халім қыйын менің де [5,46].

Жоқтау өлеңнің басы сұрай арнау формасында басталады. Ата-ана үшін бала – бауыр еті, көз қуанышы. Жамбылтанушы зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, Жамбыл басқа балаларынан Алғадайды қатты жақсы көргендігі баяндалады. Алғадайдың артында қалған жалғыз тұяғы Қуанышты да елден ерек көретін дейді. Алғадай баласының қаза тапқанына қатты қиналған әке жүрегі өлең боп сөйлейді. Ғалидан «Алғадай мүрдесін көрдің бе?» – деп сұрағаны және «Тыныш ұйықта дедің бе?» - деп айтуы топырағы торқа болсын дегенді білдіреді. Өлеңде батыр өліміне әлі де сенбеген ақын бейнесімен, Алланың бұйрығына бағынған әке бейнесі де астарлы түрде көрінеді. Фольклор саласына қатысты еңбектерде жоқтау сарыны жайлы былай дейді. Жоқтау – ертеректе рубасы дүниеден өткенде айтылады. Ерте заманда ауылдың үлкен қариясы, ақсақалы өмірден озса, артында қалған ұрпақтары, таныстары мен туысқаны жиылып «атам-ай», «әкем-ай», «жақыным-ай» деп қайғыны дауыстап жеткізген [6,102]. Жамбылдың осы аталмыш өлеңінің келесі бір бөлігінде:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сары-Арқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?
Өлім деген у екен,
Мендей кәріп адамға.
Күнде үйімде күңіренем

Көзіме жас алам да [5,46], - деп ой толғайды. Алғадайды жер шарын қанша айналсамда таба алмаймын деп күңіренеді. Сары-Арқаға барса да саңлақ сабазын таба алмасын біледі. Жастай кеткен, қапыда айырылған ұлын жоқтайды. Жоқтау жанры қазақ тарихында сол дәуірде болып жатқан әлеуметтік оқиғаларды да қамтыған. Жоқтау жанры тек қана отбасы қайғымұңы кезінде ғана айтылып қоймайды, тұтас халықтың басына түскен қайғы да өлең болып өріледі. Қазақ тарихында қалған «Елім-ай» деп аталатын зарлы, мұңлы әуен соның дәлелі.

Поэзиясында дауыл күш пен өршіл рух топтасқан Қасым Рақымжанұлының поэзиясы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы алаулаған отты жыр майдан поэзиясы. 1943 жылы жазылған «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасы зерттеушілердің пікірінше сол кезеңнің әскери лирикада жазылған рухты поэмасы. Қасым стилі қаһармандық жырлардан бастау алады. Қасымның осы аталмыш поэмасы жайлы Жайық Бектұровтың Қасым туралы жазғандарына ден қойсақ, өзінің поэмасы жөнінде автор Адамды ардақтағаным, Адамға өмір қымбат, күресіп өлу үлгі, бәрі де өмір үшін, жеңіс үшін емес пе? Поэзия да өмір үшін. Отанның ар-намысы, тәуелсіздігі жолында шыбындай жанын пида ғып қаза тапқан совет жастарының даңқты ерлігін, мейірбандық, ізгі жан сезімін жырлағым келді. Ақын өмірі жырға арқау болды. Өлең – өмір қанаты» [7; 54]. Аталмыш толғаудың бір бөлігінде былай жалғанатын тұсы бар:

Жел, туған жерге алып жет!
Қош бол енді, туған елім!
«Кетті де бір қарыздар жан»,
Бұл емес ед көксегенім,
Бұл емес ед арман - арман!

Қош бол енді, туған елім! – деп ойын өрбітеді. Тағы бір тұста дауылпаз ақын Қасым:

Кеттім, кеттім боп қарыздар.
Жоғал, жауым!
Кел бері, елім!
Қош бол, достар!
Достар! Достар!!! [8; 78].

Қасым поэзиясындағы ұлттық құндылықтар және өршіл рухтың топтасуы, қайсар батырдың бейнесін ашып көрсетеді. Бұл үзіндіден байқағанымыздай фольклордағы «Қоштасу» жанрын байқаймыз. Қоштасу – дәстүрлі салт жыры екені белгілі. Туған-туысымен, атамекенімен, сүйген адамымен тағы осы қатарлы жақындарымен қоштасуды өлеңмен жеткізу

ертіден бар. Қоштасу қазақ әдебиетінде көптеп кездеседі. Мұхтар Омарханұлы Әуезов қоштасу жырларын төмендегідей бөледі.

- а) жермен, елмен қоштасу
- ә) Сары-Арқамен қоштасу
- б) Өмірдің өткен шағымен қоштасу

в) Өтіп бара жатқан заманмен қоштасу деп әр бөлігіне әдебиетіміздің жауһар туындыларынан нақты мысалдар көрсетеді. Жоғарыдағы біз қарастырып отырған «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасындағы үзіндіде қан майдандағы батырдың туған елімен қоштасуы баяндалады. Туған елге әр азамат мәңгілік қарыз екені әуелден белгілі. Осы сөзді шебер қолданып, өлеңнің бір бөлшегіне айналдырады.

Қасым поэзиясын парақтап көрсек, тұнған әскери фольклоризм. Мысалға, ақынның «Қоштасу» өлеңін қарап көрсеңіз тақырыбының өзі баяндап тұр. Өлең мәтініне көз жүгіртейік:

Қош, бол, досым,
Уақыт тығыз, сөз қысқа.
Кетіп бара жатырмын
Сұрапыл бір соғысқа
Қош бол, досым, сөз қысқа!
Зіл боп ойым, мен кеттім
Сұрапыл бір соғысқа! [8; 78].

Ақынның осы өлеңі ауыр мұң мен қайғыға құрылған. Майдангер майдан даласына кетіп, ағайын-туыс досымен қоштасып, ішкі көңіл-күйін көрсете білген. Қоштасу да қазақ танымында, түсінігінде кездеседі. Сапарға шығар алдында не болмаса келмеске аттанғанда соңғы кесімді сөзін айтып қалу. Фольклорға бірден-бір жататын құбылысты Қасым поэзиясынан кездестірдік. Сұрапыл соғыстың алмағайып өзгерісін, қиындығы мен ауыртпалығын өлең жолдары арқылы баян еткен. Уақыттың тығыз, сөздің түйінді екенін айтып, ойының зіл екенінен хабар беріп, майдан даласына кетіп бара жатқанынан тілге тиек етеді. Қоштасу өлеңі – қазақтың дәстүрлі салт жыры. Ел-жұртымен, туған-туысымен, сүйген жарымен, ата-анасымен, жүйрік атымен, қыран құсымен, т.б. қоштасулар бар. Қоштасу өлеңі эпос, дастандарда көп кездеседі.

Жамбыл мен Қасым поэзиясындағы фольклорлық сарын ғылыми зерттеу жұмысымыздың өзегіне айналды. Екі ақын, бостандық пен асқақтық, намыс пен қайратты өлеңге айналдырып ішкі эстетикалық көрініс пен фольклорлық сарынды қоса отырып жеткізді. Фольклорды әскери лирикамен байланыстыра отырып, ұлттық сипатты танытатын жыр жауһарларын көпшілік назарына ұсынды. Тақырып пен идеясы, өзектілігі мен өміршендігін үйлестіре отырып өлеңнің бастапқы қалпын сақтай отырып, асқан шеберлікпен жеткізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2013. – 384 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б
5. Жаббаев Ж. Таңдамалы шығармалары. II томдық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 270 б.
6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
7. Бектұров Ж. Ақиқаты осы еді. – Алматы: Қазақстан, 1995. -115 б.
8. Ерлік-дастан: Антологиялық жыр жинағы. Құраст. А. Әлтаев, К.Ахметов. – Астана, 2010. -520 б.

**ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ УЗБЕКСКОГО
ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО КОРПУСА
O‘ZBEK TILI TA‘LIMIY KORPUSINING LINGVODIDAKTIK
IMKONIYATLARI**

*Abjalova M.A.,
Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat
o‘zbek tili va adabiyoti universiteti dotsent
v.b., filologiya fanlari bo‘yicha falsafa
doktori (PhD).*

Аннотация

Учебный корпус представляет собой языковой корпус, основанный на школьных учебниках и словарях, и является особым (структурным) типом Узбекского национального корпуса. Учебный корпус по узбекскому языку создан в рамках практического проекта АМ-FZ-201908172 «Создание образовательного корпуса по узбекскому языку», первая презентация прошла 23 апреля 2021 года, сейчас находится его база, обогащенный и улучшенный. Известно, что языковой корпус является важным инструментом языкового образования - лингводидактики, создания словарей, а также различных исследований, диахронического и синхронного изучения языка, развития речевой компетенции, лексики, речевых паттернов. Создание учебного корпуса – уникальный технологический инструмент в изучении родного языка и использовании его в качестве иностранного.

В статье рассматриваются факторы, принципы и возможности создания образовательного корпуса узбекского языка.

Ключевые слова: лексикография, частотный словарь, терминологический словарь, учебный корпус.

Статья реализована в рамках практического проекта АМ-FZ-201908172 «Создание образовательного корпуса узбекского языка».

Maqola АМ-FZ-201908172 raqamli “O‘zbek tili ta‘limiy korpusini yaratish” mavzusidagi amaliy loyiha doirasida bajarildi.

KIRISH

Zamonaviy axborot texnologiyalari tilning funksional imkoniyatlaridan foydalanish borasida benihoya imkoniyatlar eshigini ochdi. Kompyuter tarjimasini, avtomatik tahrir va tahlil, yozma matnni ovozlashtiruvchi nutq sintezatorlari, og‘zaki nutqni yozma matnga aylantiruvchi nutqni tanish dasturlari, elektron lug‘atlar, lingvistik mobil ilovalar, tezaurus (til xazinasini)lar va til ontologiyasi fikrimizning

dalilidir. Ayniqsa, zamonaviy elektron lugʻatlar tuzish va undan foydalanish madaniyatini shakllantirish til imkoniyatini egallashda samarador ekanligi oʻz isbotini topgan. Aynan til taʼlimi va elektron lugʻatlarni yaratishda dunyo miqiyosida yaratilishiga ehtiyoj nihoyatda yuqori boʻlgan til korpuslarining oʻrni beqiyos.

Maʼlumki, kompyuter texnologiyalarining korpus tilshunosligida qoʻllanilishi natijasida til korpuslari asosida soʻzning qoʻllanish davri va chastotasini aniqlash, terminologiya sohasini rivojlantirish, gap qurilishini oʻrganish va tahlil qilish, tarjima dasturlari uchun n-tilli baza yaratish, uslubiyatni oʻrganish, elektron lingvodidaktikani rivojlantirish, ayniqsa, turli lugʻatlarni yaratish imkoniyatlarining kartotekadan avtomat jarayoniga oʻtildi va bemiql qulayliklarni yuzaga keltirdi [1]. Lugʻatlarni tuzish masalasida til korpuslarining foydaliligi, ayniqsa, chastotali lugʻatlarni yaratish, muayyan soha terminologiyasini shakllantirishda muhim sanaladi. Shuningdek, ikki yoki koʻp tilli parallel korpuslarning tarjima bazasi yordamida tarjimon lugʻatlari, avtomatik tarjima dasturlarining lingvistik bazalarini shakllantirishda yirik resurs vazifasini bajaradi.

Umuman, koʻp maqsadli va polifunksional til korpusi – muayyan tilning Milliy korpusi hisoblanadi. Bunday korpus bazasida 1) tilning barcha uslublariga mansub oʻta katta hajmdagi matnlarning boʻlishi, 2) matnlarning lingvistik, morfologik va sintaktik jihatdan teglanishi, 3) korpusning meta-maʼlumotlari mavjud boʻlishi zaruriy talablardan hisoblanadi. Mazkur talablar Milliy korpusning zaruriy lingvistik va lingvodidaktik texnologik vositaga aylanishini taʼminlaydi.

Taʼlimiy korpus Milliy korpusning xususiy turi hisoblanib, asosan, taʼlim jarayonida til oʻrgatish, taʼlim jarayonida turli amaliy mashgʻulotlarni bajarish, tadqiqot jarayonida matn elementlaridan foydalanish, taʼlimga oid fan sohalari terminologiyasini shakllantirish, taʼlim tezaurusini shakllantirish kabi masalalarda asosiy vosita hisoblanadi.

Lugʻatlarni tuzish uchun korpus katta hajmli manba vazifasini oʻtaydi. Vaqt oʻtishi bilan korpus kuchli informatsion resursga aylandi. Korpus asosida kompyuter yordamida lugʻatlar avvalgiga nisbatan tezlik bilan tuzilmoqda va qayta ishlanmoqda. Masalan, rus tili milliy korpusi asosida yaratilgan bir qancha lugʻatlarni tilga olish mumkin [5,6,7,8,9]. Eʼtiborlisi, dinamik oʻzgaruvchanlikka ega til korpuslariga asoslangan elektron lugʻatlar glossemasi (bosh soʻzi) va lugʻat maqolasi “eskirish”ga ulgurmaydi.

Charlz Fillmor matn korpusining mashhurligi haqida shunday izoh berdi: *“Men ikkita izoh bera olaman. Birinchisi, korpuslar qanchalik katta boʻlmasin, leksika va grammatikaning barcha sohalari toʻgʻrisidagi maʼlumotlarni oʻz ichiga oladigan matnlar korpusi boʻlishi mumkin deb oʻylamayman. Ikkinchi izoh shundaki, men oʻqigan har bir korpus, qanchalik kichik boʻlmasin, menga shunday faktlarni koʻrsatdiki, men hech qachon boshqa yoʻl bilan bunday maʼlumotlarni topa olmas edim”*[10]. Ch.Fillmor taʼkidlashicha, til korpuslari koʻlami va qamrovining chegarasi boʻlmaydi va shunday chegarasiz imkoniyatlari bilan korpusga boshqa manba, tizim, dasturiy taʼminotlar raqobatlasha olmaydi. Shu bois korpusga asoslangan lugʻatlarni yaratish natijasida lugʻatlarda tilning yashovchanligi va real soʻzlikni aks ettiradi.

Terminologiya sohasini rivojlantirish maqsadida bazadagi millionlab turli sohalarga oid matnlardan muayyan soha terminologiyasi shakllantiriladi. Masalan, ingliz < lotin tillaridan o‘zlashgan *injiniring* atamasining bank-moliya, qurilish, axborot texnologiyalari, xalqaro munosabatlardagi tushunchalarini birgina korpusga qidiruv berish natijasida aniqlash mumkin bo‘ladi. So‘nggi o‘n yillikda kompyuter texnologiyalarining barcha sohalarga kirib borishi natijalaridan biri, birinchidan, har xil turdagi elektron leksikografik manbalarning yaratilishiga ehtiyojni oshirmoqda, ikkinchi tomondan, turli sohadagi matnlarning elektronlashishi natijasida sohalar terminologiyasining yaratilishi imkoniyatini oshirmoqda.

Korpus asosida terminologik lug‘atlarni yaratishning ikkita sababi bor:

1) korpusda ulkan hajmdagi turli sohaga oid yozma va og‘zaki matnlar annotatsiyalangan holda jamlanadi. Bunday imkoniyat, ayniqsa, umumkorpus, ya’ni tabiiy tilning milliy korpusida bo‘ladi. Annotatsiyalash, ya’ni har bir so‘zga grammatik va semantik izoh berilishi natijasida muayyan so‘zning sohalar kesimida izohi ma’lum bo‘ladi va umumso‘z yoxud terminologik xususiyati yuzaga chiqadi.

2) muayyan sohaga mansub matnlarda qo‘llanilgan so‘zlar chastotasini aniqlash orqali faol qo‘llanilayotgan termin va nafaol terminlarni ajratib olish imkoni mavjud bo‘ladi.


Terminologik bazalar to‘plami har qanday tadqiqot uchun asos bo‘lib xizmat qiladi va kompyuter leksikografiyasi rivojlanishida muhim omil bo‘ladi.

So‘z turkumlarini teglash (STT) uchun lingvistik bazada so‘zlar va ularning turkumlari ko‘rsatilgan ro‘yxatning kiritilishi kifoya emas. Yuqoridagi so‘z turkumini aniqlash holatidagi kabi izchillikning yo‘qolishi yoxud bir shaklga ega polifunksional, omonim yoki ko‘p manoli so‘zlarning gapda ifodalagan turkumini topish hatto mutaxassis tilshunosni ham fikr yuritishga, izlanishga undaydi. Shuningdek, o‘zbek tilidagi ko‘pgina so‘zlar muayyan turkumga mansubligi aniqlanmagan. Har bir tabiiy tilda mavjud bunday muammolar e’tiborga olinib STTda bir necha usullarga tayaniladi.

O‘ZBEK TILI TA’LIMY KORPUSI TUZILISHI VA IMKONIYATLARI. Mazkur korpus korpus interfeysi (1), qidiruv tizimi (2) va lug‘atlar rukni (3)dan iborat. “Lug‘atlar” ruknida izohli lug‘at, omonim, sinonim, paronim va antonim so‘zlar lug‘atlari leksikografik resurs sifatida joylangan. O‘zbek tili ta’limiy korpusi saytining birinchi sahifasida korpus va uning tuzuvchilari haqida asosiy ma’lumot, o‘ng tomondagi menyuda istalgan sahifaga o‘tish imkoniyati mavjud.


Korpus bo‘yicha qidiruv foydalanuvchiga quyidagilarni aniqlash imkonini beradi:

- 1) muayyan so‘zning barcha shakllarini misollar massivi bilan aniqlash;



1-rasm. “kitob” so‘zi qatnashgan misollar massivi

2) misollarning manbasini aniqlash;



2-rasm. “hayot” so‘zi ishtirok etgan abzats va uning manbasi nomi

3) manba haqida ma'lumot olish; Masalan:

Kontekst:

Tinch-osoyshta hayot, barqarorlikning eng muhim sharti – beg'amlik va beparvalikka yo'l qo'ymasdan, doimo ogoh, har tomonlama sezgir va uyg'oq bo'lish, tarixdan, hayotdan xulosa chiqarib yashashdan iborat. Prezidentimiz **kitabida** ana shunday qarash, kayfiyat barcha vatandoshlarimizning hayotiy maqsadiga aylanishi lozimligiga alohida urg'u berilgan.

[Oldingi](#) [Keyingi](#)

Manba:

| | |
|-----------------------------------|---|
| Nomi | Vatan tuyg'usi: Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 5-sinflari uchun o'quv qo'llanma |
| Muallif(lar)i | Xayriddin Sultonov 1959 , Murtazo Qarshiboev 1989 |
| Yaratilgan vaqti | 27.02.2015 |
| Nashr yili | 2015 |
| Nashr parametri | - |
| Nashriyoti | Ma'naviyat |
| Qo'llanish sohasi | axborot texnologiyalari |
| Adabiy turi | Dramatik |
| Janri | adabiy maktab |
| Vaqea vaqti va joyi | - |
| Matn tipi | detektiv |
| Uslubi | Ilmiy |
| Auditoriya yoshi | 18 yoshgacha |
| Auditoriyaning salohiyat darajasi | omma uchun |
| Ichki korpus turi | ta'limiy |
| So'z(shakl) miqdori | 0 |
| Teglovchi | Amonturdiyev Nurali Rashidovich |

3-rasm. 5-sinf “Vatan tuyg‘usi” adabiyotiga berilgan metalingvistik ma'lumotlar

4) so‘zning izohi bilan tanishish;

5) so‘zning morfologik tahlili, bo‘g‘inlarga ajralishini o‘rganish va uning talaffuzini tinglab bilish;

6) qidiruvga berilgan soʻz bilan uning oʻng va chap tomonidan birikish imkoniyatiga ega soʻzlar roʻyxatini olish (N-gramma texnologiyasi);

7) soʻzning foydalanish chastotasi yoki statistikasini bilish;

8) soʻzning shakl va maʼno munosabatlarini aniqlash (omonim, paronim, antonim, sinonim shakllari)

Mazkur imkoniyatlar korpus ruknlari doirasida namoyon boʻladi. Misol tariqasida korpusning “Lugʻatlar” ruknidagi qidiruv satriga “*hayotimizda*” soʻzshaklini yozib natijani koʻramiz:

1) “soʻz tarkibi” – avtomatik morfologik tahlil natijasida “*hayotimizda*” soʻzshaklining asosi “*hayot*” ekanligi maʼlum boʻladi;

2) “Soʻz boʻgʻinlari” ajratib koʻrsatildi;

3) *hayot* soʻzining izohi taqdim etildi;

4) zid maʼnoli shakllari mavjud emasligi maʼlum boʻldi;

5) *hayot* lemmasining maʼnodoshlari taqdim etildi: *tirik, turmush, umr*;

6) talaffuzdoshi (paronimi) mavjud emasligi aniqlandi.

4-rasm. Oʻzbek tili taʼlimiy korpusi “Lugʻatlar” ruknida “*hayotimizda*” soʻzshakli qidiruvi natijasi

Mazkur misoldan anglashilganidek, taʼlimiy korpus tarkibida sinonimayzer [3] dasturi mavjud boʻlib, boshqa resurslarga bogʻliq boʻlmagan holda sinonimlar bazasidan nomorfologik, yaʼni soʻzning lemmasiga tayanib uning maʼnodoshi taqdim etiladi [2].

Taʼlimiy korpus hajmi. Ayni damda oʻzbek tili taʼlimiy korpusi lingvistik maʼlumotlari hajmi quyidagi koʻrsatkichga ega:

| | Baza birligining nomi | soni |
|--|------------------------------|-------------|
| | kitoblar | 129 |
| | Internet matnlari | 101 8 |
| | | 35 |
| | soʻz turkumlari teglangan | 42 32 |
| | soʻzlar | 0 |
| | gaplar | 1 221 |
| | | 769 |

| | | |
|--|-------------------------|--------------|
| | kontekstlar | 1 147 658 |
| | izohlangan soʻzlar soni | 3260 |
| | sinonim soʻzlar | 993 |
| | antonim soʻzlar | 870 |
| | paronim juftliklar | 558 |

Amaliy natija

Bir necha yillar davomida olib borilgan tadqiqotlar va 2020-2021-yillardagi amaliy saʼy-harakatlar natijasida Toshkent davlat oʻzbek tili va adabiyoti universiteti Kompyuter lingvistikasi va raqamli texnologiyalar hamda Amaliy tilshunoslik va lingvodidaktika kafedralari hamkorligida AM-FZ-201908172 raqamli “Oʻzbek tilining taʼlimiy korpusini yaratish” mavzusidagi amaliy loyiha doirasida OʻZBEK TILINING TAʼLIMIY KORPUSI yaratildi. Bugungi kunda mazkur korpusda

- 1) mosfoanalizator (avtomatik morfologik tahlil);
- 2) soʻz(shakl)ni boʻgʻinlarga ajratish;
- 4) izoh (lar)ini taqdim etish;
- 5) antonimlarini koʻrsatish [2];
- 6) sinonimizator (qidiruvga yozilgan soʻzga uning maʼnodoshlarini taqdim etish dasturi) [3]
- 7) soʻzning talaffuzdosh (paronim)ini uning izohi bilan berish;
- 8) qidiruvga berilgan soʻz bilan bogʻliq “Ona tili qomusiy lugʻati”dan maʼlumotlarni taqdim etish;
- 9) qidiruvga berilgan soʻz qatnashgan iboralarni koʻrsatish;
- 10) uning turli xususiyatlari boʻyicha darajalanish qatorini namoyish etish imkoniyatlari mavjud.

Oʻzbek tili milliy korpusi

Bosh sahifa Taʼlimiy korpus Izlash **Lugʻatlar** Kirish

ahil [Izlash](#)

Soʻz tarkibi: [ahil]
Soʻz boʻgʻinlari: a-hil
Izoh(lar)i: ahil [a-hil]
 1. Oʻzaro juda totuv munosabatli, inoq-ittifoq. *Bosqinchilar nima boʻlsa ham bu ahil odamlarni bir-biridan judo qilish, oralariga nizo solib, keyin bosqin qilishga ahd qilishibdi. S. Ahmad, Jimjitlik*

Antonim(lar)i: noahil, ters, noittifoq
Sinonim(lar)i: inoq [moʻgʻ]
Paronimi: ahl – [a] Bir soha, kasb odamlari; bir joyda yashovchilar.
Qomus: mavjud emas.
Ibora(lar): mavjud emas.

Darajalanish qatori:(2 ta) Toʻliq koʻrish

1. Inoq –ahil – qadrdon
 Boʻyogʻiga koʻra
 (ifoda belgisining kuchliligiga koʻra)
 2. Uyushgan – hamjihat – ittifoq – totuv – inoq – ahil
 Boʻyogʻiga koʻra
 (belgini kuchli-kuchsiz ifodalash darajasiga koʻra)

Активация Windows
 Чтобы использовать большинство функций Windows, необходимо активировать Windows.

5-rasm. Oʻzbek tilining taʼlimiy korpusi “Lugʻatlar” ruknida qidiruv natijasi

Хулоса

1. Til korpusi – milliy til birliklarining xususiyatlarini aniqlash maqsadida elektron qidiruv imkoniyati mavjud tizim, tabiiy tilning raqamlashgan yozma va og‘zaki matnlari jamlanmasi.

2. Undan o‘quvchilar o‘quvchilar qatorida lingvistlar, leksikograflar, kompyuter lingvistlari, dasturchilar, muharrirlar, tarjimonlar, jurnalistlar, noshirlar, olimlar, o‘qituvchilar, ta’lim oluvchilar va boshqa har qanday soha mutaxassisi keng foydalanish imkoniyatiga ega bo‘ladi.

3. Til ta’limi hayotdan uzilib qolmasligi uchun muntazam ravishda matnlar bazasi yangilanib boriladigan korpusga tayanish maqsadga muvofiq bo‘ladi.

Foydalanilgan adabiyotlar:

[1] *O‘zbek tili milliy korpusi – muhim madaniy voqelik* (davra suhbat) / “Ma’rifat”, 11.08.2021. № 32 (9357).

[2] **Abjalova M.A.** O‘zbek tili milliy korpusida so‘zshaklni leksikografik baza asosida qidiruv imkoniyatlari. // Kompyuter lingvistikasi: muammolar, yechim, istiqbollar/ Respublika ilmiy-texnik konferensiya to‘plami. Elektron nashr /ebook. – Toshkent: ToshDO‘TAU, 23.04.2021. – B.12-17.

[3] **Abjalova M.A.** O‘zbek tili Milliy korpusida sinonimayzer yoxud sinonimizatorni yaratish masalasi // O‘zbek milliy va ta’limiy korpuslarini yaratishning nazariy va amaliy masalalari / Xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya materiallari. 2021 yil 7 may. Elektron nashr / ebook. –Toshkent: ToshDO‘TAU, 2021. – 330 b. – B. 38-40

[4] **Abjalova M.A.** Tahrir va tahlil dasturlarining lingvistik modullari. [Matn] : monografiya / M.A. Abjalova. - Toshkent: Nodirabegim, 2020. – 176 b. ISBN 978-9943-6939-0-6

[5] **Ляшевская О.Н., Шаров С.А.** Частотный словарь современного русского языка (на материалах Национального корпуса русского языка). М.: Азбуковник, 2009. (elektron kitob)

[6] **Гришина Е. А., Ляшевская О. Н.** Грамматический словарь новых слов русского языка. <http://dict.ruslang.ru/gram.php>

[7] **Ляшевская О.Н., Шаров С. А.** Новый частотный словарь русской лексики. <http://dict.ruslang.ru/freq.php?>

[8] **Кустова Г.И.** Словарь русской идиоматики. Сочетания слов со значением высокой степени. <http://dict.ruslang.ru/magn.php>

[9] **Бирюк О.Л., Гусев В.Ю., Калинина Е. Ю.** Словарь глагольной сочетаемости непередметных имен русского языка. http://dict.ruslang.ru/abstr_noun.php

[10] **Михайлов М.Н.** Компьютерное обеспечение корпуса текстов (взгляд пользователя) / М.Н. Михайлов // Русистика сегодня. – 1998. – № 1–2. – С. 192–202.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТАНЫСТЫРЫЛЫМ ЖАСАУДЫҢ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ТАЛАПТАРЫ

*Зекенова А.Ж.,
ЖГМ доценті, филология
ғылымдарының кандидаты.
Teaching Professor, M.S.Narıkbaev
atyndaғы KAZGUU Universiteti,
Нұр-Сұлтан қаласы*

Аннотация

Статья рассматривает актуальные тенденции ХХІ и рекомендации для педагогов при создании презентаций. В статье приводится анализ пяти основных правил и рациональных методов создания презентаций в образовательном процессе на казахском языке. Предложенные техники помогут педагогам мотивировать учащихся на изучение языка.

Annotation

The article covers modern tendencies and useful tips for teachers to create a presentation that will be in demand in accordance with the requirements of the ХХІ century. Five specific rules and rational methods of creating presentations in the educational process in the Kazakh language teaching are analyzed. The suggested techniques will motivate students for further language learning.

ХХІ ғасырдың бірінші ширегінен асқан кезең – Қазақстан ғана емес, бүкіл дүниежүзінің білім беру бағытында елеулі өзгерістер орын алып, барлық мамандық иелерінен, әсіресе, болашақ ұрпаққа білім беруші педагог мамандардан орасан еңбекті талап етіп жатқан уақыт. Себебі мемлекеттің, ұлттың өркендеуі сол педагогтар тәрбиелеп, білім берген жас жеткіншектермен, болашақ ұрпақпен тікелей байланысты. Осы орайда, ХХІ ғасыр оқытушысы, ұстазы үшін білім беру үдерісінде, қазіргі онлайн форматта қызықты, бала талғамына, заман сұранысына сай таныстырылым (*презентацияны осылай аударып, беруді жөн санадық – З.А.*) – слайд-шоу жасауы қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселеге айналуда. Бұған бірнеше себеп бар: алғашқысы жыл сайын емес, ай, тіпті күн сайын өзгеріске толы технологиялар мен әлеуметтік желілердің алуандығының ықпалы, ал екіншісі осы ықпалға сай уақыттың зымырап өтуі мен бала танымының өзгеруі.

M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti – бірнеше жылдан бері онлайн форматта дәріс беруде «blended learning» оқыту тәсілін тиімді пайдаланып жүрген оқу орны. Сондықтан осы оқу орнында қызмет атқара жүріп, семинарларда дәріс оқығанда түйген ойларымызды осы жерде баяндауды жөн көрдік. Кезінде «blended learning» туралы «әр пәннің оқу ерекшеліктері мен игеруіне бағытталған дағдыларына орай бұл әдістің жалпы қағидаттары ұстанылса да, тапсырмаларына келгенде, оқыту түрін

ұйымдастыруда өзіндік қырлары мен қиындықтары жаңаша шешімдер ұсынуды қажетсінеді» деген екенбіз [1, 180-181 бб.].

Сонымен ғаламтор желісінде орыс тілінде не ағылшын тілінде таныстырылым жасаудың түр-түрі көптеп кездескенімен, қазақ тілінде оның мысалы да, үлгісі да тапшы. Оған қоса, мұғалім, оқытушылар қауымы осы таныстырылым жасауда енжарлық танытып, баланы қызықтыру амалдарын интербелсенді әдістермен шектеуде. Ал өзі сөйлей алатын шебер, әрі қызықтыра білетін таныстырылым жасау екінші сипаттағы мәселе қырына айналуда. Сондықтан, бірнеше жылдар бойы ізденіп, тәжірибеден өткізген тиімді таныстырылым жасау жолдарын ұсынуды жөн көрдік.

Жақсы таныстырылымның талаптары бес негізгі қағидаттан шықпақ: фон (слайдтың негізгі түр-түсі), қарпі не шрифтісі, мазмұны, суреті (орналасуы, анимациясы), слайдтардың ауысуы.

Фон немесе басқаша сөзбен айтсақ, слайдтың негізгі түсі мақсатты аудиторияға, қандай проектормен көрсетілетіндігіне (себебі, әр проектор слайдтың түсін өзгертіп көрсететін әдеті бар) тікелей байланысты. Жас ерекшелігіне байланысты шамамен 15 жасқа дейінгі білім алушылар үшін 4-5 түстен аспауы керек, әрі ол түстер бір-бірімен үйлесімді құрастырылуы шарт. Бұған таңдалған суреттің де түсін қосыңыз. Ал одан жасы үлкендеу аудитория үшін түс саны 2-3-еу болғаны тиімді. Себебі жасы кіші білім алушының әлемді тану бейнесіне түр-түс сипат алуандығы жақын, демек ол үшін жасалған, 4-5 түсті көрсетіліп отырған слайд түсінікті, әрі қабылдауына жеңіл. Бір түсті фондармен қазіргі балаларды қызықтыру өте қиын, себебі ол қабылданбайды. Сондықтан ұсыныс ретінде бір суретті алып, оны слайд жасау бағдарламасы бойынша «сурет өзгерту» амалына кіріп, созуға, күлгіндеуге, көлегейлеуге, тұмандатып беруге болады. Бұл амал суреттің иллюзорлық тұрғыда фон ретінде тұруына көмектеседі. Бірақ академиялық ортада фон таңдауда қатты кірісіп кетуге болмайтынын ескерген дұрыс. Мысалы, сабақ тақырыбы «Қала, урбанизация» болса, онда суретте жалпы қала сипатын алып, көркемдік редактор арқылы бір түсті жасап, созған, әрі артқы қатарға жіберген абзал. Ал мәтінді соның үстіне қоя отырып, жасайсыз. Сонда бала санасында мазмұны туындағанда әлгі артындағы фон бірге визуалды түрде жатталып қалады.

Айта кететін мәселе, M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti Қазақстандық білім беру үдерісінде Адалдық лигасының бастамашысы, әрі қолдаушысы, үнемі ашық пікірталас пен тәжірибе бөлісуге оң көзқарас танытатын оқу орны екені белгілі. Демек осы ЖОО-да қызмет етіп жүрген оқытушылардың ұстанымы да оқу орнының басшылығының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 6-бабында «бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне - немесе фотокадрлар және сол сияқты); көлемді - кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, ғимарат, және сол сияқты)», жарияланған, көпшілік алдына шыққан материалдар авторлық құқық нысандары болып табылатыны айтылған [2]. Демек, сурет не өзге автордың нысанын пайдаланарда, соңында сілтеме жасауды ұмытпаған дұрыс.

Екінші мәселе қаріпке байланысты. Мұнда тек шрифт атаулары мен түрлері ғана емес, олардың көлемі мен орналасуы да аса маңызды. Қаріп

түрлерінің кертiлгенi, кертiлмегенi, графикалық сипаттысы, ойнақы (с засечками, без засечек, графический, лукавый) т.б. көптеген түрлерi кездеседi. Гештальт теориясын (немісше. gestalt – қалып, образ, құрылым – З.А.) зерттеген Р.Арнхеймнің айтуынша, мәтінді берудегі ұтымды да тиімді пайдаланылған қаріп түрі қабылдау әсерін еселендіреді [3]. Қаріп мен оның көлеміне байланысты зерттеулер жүргізген Э. Шпикерман, А.Сигман, О. Флоренскаялардың бәрі қаріптің эмоционалды әрі әлеуметтік қабылдануы, оқылуы аса маңызды екенін айтады [4]. Өкінішке орай, қазақ тіліндегі қаріптердің барлығы жеңіл қабылданбайды. Қазіргі кезде әдеттегі «Times New Roman» жаттанды, жалықтыратын шрифт түрі екенін ғалымдар дәлелдеп берді. Л.Морозова, И.Муриндердің пікірінше, бұл – академиялық деңгейдегі ұзағырақ мәтіндерді қабылдауда, түсініп, оқуда тиімді қаріп түрі. Ал одан басқа: Tahoma, Arial, Numans, Colibri, Verdana шрифтiлерiн пайдалану әлдеқайда тиімдірек екен [5]. Бұдан басқа толып жатқан қаріп түрлерін қазақ тілінде пайдалану тиімсіз, себебі қазақ тіліндегі төл дыбыстарға қатысты бейнелер өрескел көрінеді, адамды таныстырылымнан алшақтатады. «Қ», «ң», «ү» қаріптерінің өзіндік ерекшеліктері бар екені мәтінде бірден көзге түрпідей тиеді. Мысалға «қ»-ны алсақ – «ақын, ақша» сөздерінен көрініп тұрғандай «қ» қарпі өзгелерден ерекшеленіп, іріленіп не майдаланып беріледі. Демек, бұдан шығудың амалы, Tahoma, Arial, Numans, Colibri, Verdana қаріп түрлерін пайдалану. Енді қаріптердің түсі туралы айтсақ... Мысалы, таңдалған фон ашық болса, түстің қоюлау болғаны, ал керісінше фон қою болса, қаріптің түсі ашықтау болғаны визуалды қабылдауды арттырады. Одан өзге көлемге байланысты айтсақ, таныстырылымның әр бетінде тақырыпша, мәтін, қысқа тармақтар болады, әрқайсысының қарпінің көлемі әртүрлі болғаны тиімдірек, себебі ол жалпы мәтіннен тармағын, тарауын ажыратып алуға көмектеседі. Мысалы ірі тақырыптарға – 40-44, тармақтарға – 36-38, мазмұнға – 24-28 қаріп көлемдерін пайдалану әлдеқайда көзге тартымды көрінеді.

Осы айтылғандардан келесі, үшінші, мәселе туындайды, ол – таныстырылымның мазмұны. Әдетте, интернет желісінен алынған мәтінді сол түрінде көшіріп қоя салу – күнделікті кездесіп жүрген қалыпты жағдай. Алайда, өкінішке орай, қазіргі білім алушылар өздігінен ұзақ мәтіндерді оқуға енжар, әрі ол мәтіндерді оқытушысыз-ақ интернеттен қарап ала алатыны анық. Теориялық пәндерде ақпарат тым көп болғандықтан, ұстаз ол ақпаратты ықшамдап, «буллит» түрінде бергені дұрыстау. «Буллит» – былайша айтқанда нысанаға дәл тиер оқ мәнін береді, ал таныстырылымда бұл термин мәтіннің қысқартылып, тек қажеттісін алу деген сөз. Р. Андреевтің ойынша, «буллиттер» санамалауда, бір заттың қасиеттерін атауда, бір оқиғаның ерекшеліктерін бағалауда, т.б. жағдайларда тиімді [6]. Мұндайда жұлдызша, дефис, түртіп қою («галочка» – З.А.), смайл, мем пайдалануға болады. Мысалы, «Қазақстан Республикасы 1991 жылы өз тәуелсіздігіне қол жеткізген» деген сөйлемді толық алған нәтиже бермейді. Ал оның орнына «ҚАЗАҚСТАН – 1991 жыл 16 желтоқсан» деп «тәуелсіздік» сөзін суретпен не мөлдір түспен (*прозрачный* – З.А.) артқы фонға қойып берсе, анағұрлым есте қаларлықтай болады. Қазіргі кезде «буллиттерді» жарнамалық тәсіл ретінде маркетингте қолданғанда сату

пайызы артатыны дәлелденген. Сондықтан оны жарнамашылар көбірек қолданады, демек бұл тиімді әдіс болып табылады. Сосын ақпаратты маңыздысынан – аса маңызды емесіне қарай беру, бір бергенде, бір слайдта 8-9 тармақтан артық бермеу, мазмұнды логикалық байланысқа негіздеп құру керек. Демек, ұзақ мәтіндерді қысқартып, буллиттер арқылы тек керегін беру керек. Сонымен қатар, мәтінде сөздер мен тіркестерді ауыстыру, тармақтап беру, тізбектеу, тізім болса – ортаға емес, жанына ығыстырып, тегістеу сияқты амалдарды пайдалану тиімді.

Төртіншіден – сурет таңдау мәселесі. Әдетте кейбір мұғалімдер қауымы таныстырылым жасауда сурет таңдаудан бастайды. Ешкімге жасырын емес, бұл үйреншікті әдет болып та кетті. Алайда сурет таңдауда да аса ұқыптылық таныту керек. Алдында айтылған авторлық құқыққа байланысты заң ережелерінің бұзылмауына қоса, суретті тік бұрышты форматта бермей, оны созыңқырап немесе жұмсартып, шекарасын өзгертіп, жиектеріне сынамалы белгі қою, шеттерін жарқырату, көлеңкемен бірге не көлеңкесінің өзін ұзартып берген тиімдірек болады. Бірақ мына қағида есте сақталуы керек: бір слайдта 3 суреттен артық берілмегені дұрыс. Себебі тым көп сурет назарды тақырыптан алыстатады. Адамға өзіндік қиялының шарықтауына мүмкіндік береді. Егер бір слайдта мәтін-мазмұн берілсе, екіншісіне сурет пен қысқа «буллиттерді» кезек-кезек ауыстыра отырып, берген жөн.

Қазіргі таңда интербелсенді оқыту әдістері туралы көп сөз қозғалып жүр. Алайда адам баласы кинестетика арқылы тезірек ақпаратты қабылдайды десек (*«кинестетик – ақпаратты сезіну, өзі істеп көру, әрекет ету арқылы қабылдайтын адам – З.А.»*), оған таныстырылымды ұстап көруіне, не басқаша сезімді басынан кешіруіне ықпал ете алмайтынымыз анық. Алайда таныстырылымда визуалды әсер, аудио ақпарат беруімізге болады. Сонымен қатар, «гифка» (*«GIF» – ағылшын тілінен қимылдайтын графикалық сурет мағынасын береді – З.А.»*) мен анимация тәсілдерін де тиімді пайдалану өз нәтижесін беретіні анық. Себебі кинестетикалық табиғатына орай, адам қабылдауы 80 % визуал да, ал қалған 20 %-ы аудиал.

А.Бурбаның айтуынша, ХХІ ғасырда таныстырылым жасайтындар Голливуд киносының межелері бойынша ойланып, әрекет ету керек. Слайдты көрсету, ақпаратты жеткізу мерзімі – 15-20 секунд болса, демек, осы секундтар өткеннен кейін, жылжымайтын, қимылдамай бір орында тұратын сурет білім алушыны жалықтыра бастайды. Ал ақпаратқа сай сурет жылжымалы, өзгермелі болып отырса, онда ақпарат та, мазмұн да есте қалатындығына сенім мол. Толық кітапты, не параграфты оқып шыққанға қарағанда бір вайн не кішігірім кино көрген әлдеқайда жеңілдірек екенін мойындасақ, онда қазіргі педагог қауымы өзі режиссер, өзі оператор, өзі сценарист екенін түсініп, өз мақсатына еш қиналмай жетпек.

Бесінші, әрі соңғы талаптың бірі – слайд беттерінің ауысуы. Бұл алдыңғы анимация мәселесімен байланысты. Жалпы 40-50 беттік слайд жасап, таныстырылым даярлау, әрі оны 40/60/75 минуттық сабақ үдерісінде пайдалану тиімсіз екені анық. Алайда слайд беті мазмұнды аша алмайтындай тым қысқа да болмауы керек. Біздің айтпағымыз – слайд беттерін рационалды пайдалануға

тырысу, әрі олардың бірінен кейін бірінің шығу ерекшелігін ескеру. Мысалы, слайдтарды жылжытуда (*переход слайдов – З.А.*): ауысу, жылжу (жоғары, төмен, жанына қарай), жұлдыздай ағу, понарама, трансформер, үлкейту, есіктей ашылу, т.б. алуан түрі бар. Соларды тиімді пайдалану арқылы да балаға визуалды түрде кино көрсеткен сияқты әсер қалдыруға болады. Мұнда да, не нәрседе тым көп әуестеніп кетсек, артық жасп қоймағанымыз абзал. Бұл үшін слайд беттерін ауыстыру бойына – мазмұнға сәйкес келетін тек 2-3 ауыстыру тәсілін ұстану керек.

Жалпы, жақсы таныстырылым әр оқытушының өзіне өзі сұрақ қоюуынан басталуы керек, себебі ол сонда ғана өз мақсатына жете алады. Әрине, теориялық тақырыптан ауытқып кету әбестік, дегенмен мақсат «skills»-тарды, яғни қабілеттерді, дағдыларды бойына сіңіру болғандықтан сол жолда қызмет ету керек. Себебі, расында да, «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс», деген болатын Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев өз мақаласында [7]. Демек, жаңа ғасыр заманының әр азаматы, ұстазы өз біліктілігін жетілдіріп, арттырып, отыруы керек. Себебі XXI ғасырда сұраныс пен талаптар жыл сайын емес, ай сайын өзгеруде. Оған технологияның өсіп-өркендеуі де әсер етпей отырған жоқ. Сол сұранысқа ие білімді беру арқылы кәсіби білікті мамандарды даярлау, өмірге бейімделе білетін, соның арқасында мемлекетің дамуына өз үлесін қоса алатын маман иелерін тәрбиелеуге мол мүмкіндігіміз бар.

Қорыта айтсақ, Президентіміз Қ.К.Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында тағайындап отырған «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант иесін тәрбиелеу, біздің пікірімізше, әр ұстаздың мақсаты болуы керек. Себебі қазақ айтпақшы, «ұстазынан озған шәкірттің» тәлімгері болу – әрине, оңай емес, алайда еңсерерлік мақсат. Ал қазақ тілінде оқу ісі жолға қойылған пәндерде жоғарыда аталған: фон (слайдтың негізгі түр-түсі), қарпі не шрифтісі, мазмұны, суреті (орналасуы, анимациясы), слайдтардың ауысуы сияқты талаптарды ұстанып отырсақ, әлгінде айтылған мақсатқа жету жолы да жеңілдейтіні айқын.

Әдебиеттер тізімі

1. Зекенова А. Аралас оқыту («blended learning») түріндегі бейне-дәрістерді түсіру»// «Тәуелсіздік тұғыры – тіл, таным, тарих» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясының материалдары,-Алматы: «Елтаным баспасы», 2021, 180-185 бб, Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»// <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>;

2. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-I Заңы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_;

3. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие// http://soul-foto.ru/photo_books/%D0.pdf;

4. Криштопайтис В. В. Шрифт как визуальное средство коммуникации// had_2008_5_12.pdf ;

5. Психофизиологическая специфика восприятия печатного шрифта// <https://cyberleninka.ru/article/n/psihofiziologicheskaya-spetsifika-vospriyatiya-pechatnogo-shrifa/viewer>;

6. Бурба А. Инструкция для недизайнеров: как правильно создать презентацию// <https://tilda.education/articles-how-to-create-presentation>;

7. Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» // <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Есентемір Н.С.,

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Қазақстан Орал қаласы.

Аннотация

В этой статье рассмотрено использование информационно-коммуникационных технологий на уроках казахского языка. Повысить заинтересованность ученика на уроках казахского языка, требования и планы рациональности урока, мероприятия, которые должен принять учитель. В этой статье показано, как связать казахский язык с повседневной жизнью с использованием информационных технологий.

Annotation

This article discusses the use of information and communication technologies in the lessons of the kazakh language. To increase the interest of the student in the lessons of the Kazakh language, the requirements and plans for rationality of the lesson, the activities to be taken by the teacher. This article shows how to connect the Kazakh language with everyday life using information technology.

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытудың әдістемесін жетілдіру мен стандарттау алдыңғы қатардағы міндеттердің бірі ретінде көрсетілген[1]. Қойылған міндетке қол жеткізудің басты бөлігі ретінде оқытуды ақпараттандыру екені көрсетілген. Оқытуды ақпараттандыру дегеннің өзі - оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған коммуникативтік, ақпараттық технологияларды қолдану, ұтымды пайдалану процесі. Білімді ақпараттандыру күрделі де көп қырлы үдеріс, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютермен жабдықтау ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тікелей байланысты. Бұл ғалымдар мен

педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің күш - жігерін жан - жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді. Сабақта қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мынадай топтарға жіктеуге болады:

- «интернеттің қолданбалы электрондық ресурстары (анықтамалық-ақпараттық, ақпараттық-білім беру және мәдени),
- интернеттің білім беретін электрондық ресурстары, инструменталдық құралдар (электрондық оқу материалын жасауға болатын бағдарламалар),
- интернеттің коммуникациялық қызметтері (e-mail, форум, чат)» [2.116].

Қазақ тілі сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыруда, сабақтың мақсатына жетуге бағытталған АКТ-ның мына түрлерін қолдану тиімді болып табылады:

- 1) мәтіндік ақпарат - оқулық, оқу құралдары, жаттығулар жинағы, тестілер, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, баспасөз, оқу-әдістемелік материалдар;
- 2) көру/ визуалды/ арқылы ақпараттар алу - сурет коллекциялары, иллюстрациялар, бейнесаяхаттар, заттар, оқиғалар мен жағдаяттар туралы бейне үзінділер;
- 3) есту-тыңдау/ аудиоақпараттарды қолдану - сөйленген сөздер, әндер мен музыка, табиғаттағы жан-жануарлар дауыстары;
- 4) аудио және бейне ақпаратты қолдану;
- 5) аралас ақпаратты қолдану - электронды оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер, қазақ тілінен компьютерлік сабақтар [3].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев " Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан елінің болашағы да сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр " - деген болатын. Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-қоғамдық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбиеге еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бастауыш сатыдағы білім берудің мақсаты - оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау. Осымен байланысты білім берудің басты міндеттері: оқушының өзін қоршаған, өзі өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік ортаға үйренуін, онда жаңа әлеуметтік мәртебе оқушы мәртебесінің қалыптасуына; оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас, сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде

меңгеруін; айналадағы дүниемен дара-тұлғалық қатынасының қалыптасуын, эстетикалық, этикалық, адамгершілік нормаларын меңгеруін; білімін әрі қарай жалғастыруға дайындығын сипаттайтын белгілі бір деңгейдегі эрудицияның болуын қамтамасыз етуі тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан елінің болашағы да сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр" - деген болатын. Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-қоғамдық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбиеге еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бастауыш сатыдағы білім берудің мақсаты - оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау. Осымен байланысты білім берудің басты міндеттері: оқушының өзін қоршаған, өзі өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік ортаға үйренуін, онда жаңа әлеуметтік мәртебе оқушы мәртебесінің қалыптасуына; оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас, сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгеруін; айналадағы дүниемен дара-тұлғалық қатынасының қалыптасуын, эстетикалық, этикалық, адамгершілік нормаларын меңгеруін; білімін әрі қарай жалғастыруға дайындығын сипаттайтын белгілі бір деңгейдегі эрудицияның болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақ тілі сабағына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың сөйлей білу мүмкіндіктеріне жол ашады. Техникалық құралдар арқылы оқушыларды сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге, сөйлеу дағдыларын дамытуға, сөздік қорларын көбейтуге, дұрыс сөйлей білуге жаттықтыруға, алған білімінің нәтижесін көруге, қызығушылығын ояту жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Оқушы үлгерімінің төмендігі оның сабаққа зейінін шоғырландырмауына байланысты. Сабақтың бастапқы кезеңінде оқушы назарын сабаққа аударту үшін ақпараттық технологиялардың атқарар қызметі зор. Қызығушылықты ояту, жаңа тақырыпты болжату мақсатында түрлі суреттер, әуендер, бейнежазбаларды интербелсенді тақтадан көрсетіп, уақытты үнемдеуге, оқушының ойлау қабілетін, шығармашылығын арттыруға, сыныпты толық жұмылдыруға болады.

Техникалық құралдар тілдің дыбыстық жағын меңгертуге көмектеседі. Оқушыларға алдымен теледидар, радио хабарлардың дикторларының даусын тыңдатып, дауыс ырғағына, сөз екпініне, бунақтарға дұрыс бөлуіне назар салуды тапсыру керек. Кейін

оқушылардың өздеріне белгілі бір сабақ тақырыбына арналған мәтінді оқытып, диктофонға жазып алыңыз. Осы мәтінді тыңдалым дағдысын қалыптастыруға қолдану арқылы оқушыларды көркем, таза, әуезді сөйлеуге дағдыландыруға болады. Тілегенова К.Ә. «Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытуда компьютердің алатын орны» атты мақаласында: «... зерттеу жұмыстары көрсеткендей, көру жүйесі адам үшін доминант болып саналады: сырттан қабылданатын мәліметтердің 90 пайызы көру мүшелері арқылы енеді. Ғалымдар көру тірегінің есту тірегіне қарағанда нақтырақ болатындығы дәлелденген. Олардың айтуы бойынша, хабарды тек ғана есту арқылы қабылдау адамды тез шаршатады және мәлімет тез ұмтылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін көру техника құралы компьютерді қолдану өте тиімді», -дейді [4.183].

Қазақ тілі сабағында сызбалар, кестелер, диаграммалар арқылы берілген мәліметтер оқушы санасында жылдам сақталады. Кейде жазбаша мәтін орнына бейнежазбалар көру арқылы ақпараттың көп бөлігін есте сақтай алады. Алайда қазіргі таңда қазақ тілінде визуалды, анимациялық материалдың аздығы тағы бір мәселе. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқытудағы ерекшелігі әр алуан қолданбалы бағдарламалардың, мәтіндік редакторлардың, орфографияны тексеру бағдарламаларының, мәліметтер базасының, электронды кітаптардың, анықтамалық порталдардың, электронды баспа құралдарының, ойын бағдарламаларының, бағалауыштық бағдарламалардың қолданылуында болып тұр. Қазіргі таңда тестсіз бағалау жүйесін елестету мүмкін емес. Бір жауапты немесе бірнеше жауапты, тіпті күнделікті оқушыларға арналған грамматикалық тапсырмалар жүйесін орындауға мүмкіндік беретін Kahoot!, Classmarker, Plickers т.б. сервистік бағдарламалар көп. Күнделікті сабақта жазылатын жаңа сөздерді айтылуымен, аудармасымен, жазылуы бойынша тексеру үшін аталған бағдарламалар оқушыларға аса қызық әрі тиімді. Қоғамдағы тұтынушылардың көпшілігі қазақ тілді болса да, орыс тіліндегі материалдарды оқуға мәжбүр. Оның бір себебі қазақша сөздердің ғылыми немесе техникалық аудармалары түсініксіз, тілге жатық емес әрі таныс болмағандықтан, жалпыға түсінікті орыс тіліндегі нұсқаулықтарды оқытыны айдан анық. Бұл мәселеден шығудың бір жолы - ғаламторды қазақша сөйлету. Сол үшін электронды кітапханалар жүйесін, электронды нұсқаулықтар, электронды ғылыми диссертациялар, электронды сөздіктер базасын құру керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://adilet.zan.kz/>
2. Масақова Г.А., Айтбаева Б.М. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы, №3(79).2015, 116 б.

3. Тілегенова К.Ә. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытуда компьютердің алатын орны // мемлекеттік тілді қолдану іс-жүзінде - государственный язык в действии, 183 б. Төлекова Г.Қ.

4. «Мұғалімге тән педагогикалық қасиеттер» -Алматы., 2000жыл.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: МҰҒАЛІМНІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

*Жакенова К.Т.,
«№13 орта мектебі» КММ
математика пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Ақтөбе қаласы.*

Аннотация

Семь граней Великой степи представляют тот пласт национального наследия, который способствовал формированию и развитию мировой цивилизации. Автор статьи подчеркивает важность совершенствования этнопедагогической компетентности учителя с целью привития любви к родной земле и стране.

Annotation

The seven facets of the Great Steppe represent the layer of national heritage that contributed to the formation and development of world civilization. The author of the article emphasizes the importance of improving the ethno-pedagogical competence of the teacher in order to instill love for his native land and country.

Халықтың әлеуметтік рухани құндылықтары, дәстүрлері адамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік және еңбек қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке адамды әлеуметтендіруде әрдайым маңызды роль атқарған. Сондықтан осы феномендердің тарихи рөлін объективті бағалау, түрлі тәрбие институттарының қалыптастырушы ықпалын зерделеу бүгінгі таңда соншалықты қажет. Өткеннің педагогикалық мәдениетін білу, оны ой елегінен өткізу және ұқсату қазіргі жағдайларда балалар мен жастарды тәрбиелеудің күрделі проблемаларын шешуге көмектеседі. Ұлтымыздың рухани жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың: «Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», - деген даналық өсиетінің мәні қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан мемлекеті үшін орасан зор [1,166].

Ұлы даланың жеті қыры біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.

Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстанның геосаяси орны, ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміздің кеңестік дәуір кезіндегі және қазіргі жай күйі, еліміздің полимәдениеттілік,

көпконфессиялық сипаты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, рухани құндылықтарынан, ұлы педагогтарымыз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық ой толғауларынан, яғни тереңге бойлаған түп тамырларымыздан нәр алып, үнемі және үздіксіз қанығып отыратын шынайы, тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруды талап етеді. Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жасөспірімдерді отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім үлгісі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Білімнің басты ұстанымы адамға білім беру ғана емес, сол білімді және біліммен қарулануды «руханияттандыру», «адамгершіліктендіру» болғаны аса маңызды [2, 36б.]. Қазір елімізде ұрпақ тәрбиесі мәселесіне тікелей қатысты, прагматикалық құндылықтарға негізделген, ойлануға тұрарлық көптеген мәселелер орын алып отыр:

- батыстық өркениетке, батыстық мәдениет үлгілеріне (үлгіге келмейтіні қанша) талғамсыз еліктеу;
- идеологиялық, ақпараттық дамудың зардаптарын алдын ала ескермеу және оларға қарсы тұрудағы құлықсыздық пен шарасыздық;
- ұлттық идеяға негізделген сындарлы идеологиямыздың болмауы, жастар арасында саяси-идеологиялық тәрбие жұмыстарының әлсіздігі;
- мектептің тәрбие жүйесінде стратегиялық көзқарастың болмауы, оған тиісті көңіл бөлінбей, қосымша міндет деп қарау;
- тәрбие жүйесінің ғылыми-әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық және рухани-әлеуметтік негіздерінің осалдығы;
- тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі;
- өзімізде барды бағаламай өзгенің жасығына еліктеу, т.б.

Сондықтан жаңа білім үлгісін жасау аясында бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып рухани, интеллектуалдық және экономикалық тәуелсіз мемлекет орнату болашағына бағдарланған, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға үйлестірілген ұлттық тәрбие берудің үлгісін жасау және білім беру көлеңкесінде қалып қоймайтын, керісінше тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие-білім жүйесін іске қосу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты мәселелерінің бірі болып табылады [3,18б.]. Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру - өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты. Жалпыадамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені, сан ғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңарту болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне жаңа талаптар

қояды, өйткені оқушыларды этнопедагогика құралдарымен тәрбиелеудің тиімділігі мұғалімнің жеке басымен, оның теориялық және практикалық даярлығының нәтижесімен айқындалады. Болашақ мұғалімнің ұлттық тәрбие беруге даярлығының нәтижесі - халықтық педагогика құндылықтарын, этнопедагогикалық білімі мен іскерліктерін, дағдыларын қолдана білуге даярлығы - этнопедагогикалық құзыреттіліктің мәнін анықтайды. «Құзыреттілік» (құзырлық) сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау деп анықталған. Ал Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында құзырет (компетенция) - нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы» деп көрсетілген. Латын тілінен аударғанда «құзыреттілік» - өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзыреттілікті меңгерген тұлға өз саласына сәйкес біліммен, біліктілікпен қаруланған, қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәніне талдау жасасақ, «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, іскерлігі, дағдысы мен іс-әрекеттері өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзыреттілік» - адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Қазақ тілінде «құзыреттілік» (компетенция) ұғымының мән-мағынасын анықтауға бағытталған мәселелер ғылыми-әдістемелік басылымдарда, білім саясатын анықтайтын құжаттарда және әлеуметтік, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде жиі қолданылатынына көзіміз жетті. Бұл осы ұғымның жалпы білім берудегі жүйелілік-практикалық қызметімен байланысты. Дәстүрлі оқыту әдістемесінде құзыреттілік (құзырлық) жаңа ұғым емес. Педагогика ғылымында «педагогикалық құзырлық», филология мен информатикада «коммуникативтік құзырлық» ұғымдары жиі қолданылады. Жоғарыда айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, құзыреттілік ұғымын былай анықтауға болады: құзыреттілік - алған білімін пайдалана білу қабілеті, болашақ мамандығына қатысты қабілеттері мен шеберліктерін меңгере білу, әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интерактивті қасиеттер жиынтығы. Болашақ мұғалімнің «этнопедагогикалық құзыреттілігінің» критерийлері болып табылады:

- мотивтік-құндылық критерийлер: (лат. *movere* – қозғау) өз халқының тарихын, мәдениетін, тәрбие дәстүрлерін оқып білуге деген қызығушылығы, мотиві болуы;

- студенттердің этнопедагогикалық білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруге бағыттылығы;

- студенттердің этнопедагогикалық қызметке, басқа этностардың дәстүрлері мен мәдениетіне жағымды қатынасы;

- когнитивтік критерийлер: (лат. *cognitio* – білім) өз халқы мен басқа халықтар жайлы этнопедагогикалық білімі мен халықтық тәрбие жүйесі туралы

білімінің болуы, этнопедагогикалық міндеттерді шешуде этнопедагогиканы қолдану;

- амалдық критерийлер: этнопедагогикалық қызметте этнопедагогикалық міндеттерді шешуде этнопедагогикалық іскерліктер жүйесін меңгеруі.

Қазақстан қазіргі кезде әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Еліміз қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды сәтті жүзеге асырған, өзіндік қазақстандық даму жолын таңдаған қуатты мемлекеттердің біріне айналып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласы да өркениетті әлемнен өзіне лайық орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді өз білім беру жүйесіне енгізе отырып, дамудың жана сатыларына көтеріліп келеді.

Этнопедагогикалық құзыреттіліктің критерийлерін ескере отырып, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық құзыреттілігінің үш деңгейін көрсетуге болады: төменгі, орташа, жоғарғы [4, 12 б.]. Жоғарғы деңгей – студенттер өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, мәдениетін, басқа халықтардың психологиялық ерекшеліктерін жақсы біледі, ұлттық тәрбие беруде халықтық педагогика туралы білімдерін шығармашылықпен қолданады, халықтық педагогикадағы тәрбие әдістері мен тәсілдерін, құралдарын таңдай біледі, өз қызметінің нәтижесін болжай алады, ұлттық тәрбие беру қызметіне тұрақты қызығушылық байқатады. Орташа деңгей - бала тәрбиесінде халықтық педагогиканы қолданудың маңыздылығын түсінеді, баланың ұлттық психологиясын ескеруді жақсы біледі, тәрбиеде халықтық дәстүрлер мен мәдениетті қолдану жайлы білімі шектеулі, оны өз қызметінде сирек қолданады, халықтық тәрбие әдістерін қолдана біледі, этнопедагогикалық қызметін ұйымдастыра алады, халықтық педагогикаға негізделген тәрбие қызметіне қызығушылық байқатады; Төменгі деңгей – этнопедагогикалық және этнопсихологиялық бағыттағы білімдері жүйеленбеген, халықтың мәдениеті, дәстүрлері туралы аз біледі, халықтық тәрбие беру әдістерін, құралдарын қолдана білмейді, ұлттық тәрбие беруге байланысты халықтық тәжірибені меңгеруге құлықсыз, этнопедагогиканы оқып-үйренуге қызығушылығы төмен. Этнопедагогикалық құзыреттіліктің мазмұны этнопедагогикалық компонент ретінде пәнді оқыту бағдарламасына, білім беру стандартының мазмұнына енуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. Монография. – Алматы: «Нұрлы әлем», 1998
2. Қожахметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: «Ғылым», 1998.
3. Қожахметова К. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, 1993.

4. Штыкарева В.Ю. Дидактические основы этнопедагогической подготовки будущего учителя в образовательном пространстве вуза. Автореферат на соискание ученой степени кандидата педагогических наук //В.Ю.Штыкарева. Карельский государственный педагогический университет. - Петрозаводск, 2005 -26 с.

ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Мустафа И.Ж.,
«№13 орта мектебі» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Қазақстан Ақтөбе қаласы*

Аннотация

В статье рассматривается социальная роль языка, анализируются особенности развития функциональной грамотности при обучении иностранным языкам, приводятся рекомендации, направленные на формирование и развитие функциональной грамотности учащихся.

Annotation

The article examines the social role of language, analyzes the features of the development of functional literacy in teaching foreign languages, provides recommendations aimed at the formation and development of functional literacy of students.

Білім беру саласында соңғы онжылдықта интеграциялық үдерістердің қарқынды дамуы кәсіби және академиялық алмасулардың өсуі, халықаралық ынтымақтастықтың тереңдеуі шет тілінде білім берудің алға қарай дамуына себеп болып отыр. Осындай жағдайда шет тілі тарихи кезеңдегі жаңа мемлекеттің дамуының басты ресурстарының бірі болып, қоғамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудың тиімді құралы мәртебесіне ие болуда.

Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі - инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Ағылшын тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі: оқу материалдарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі. Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады.

Демек, жаңаша білім беру — жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі

мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Тіл адамның өзін қоршаған әлемде дұрыс бағыт-бағдар тауып, әлеуметтік тәжірибелер жинақтап, оны басқаға үйретуіне, өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Тілді меңгеру әркімнің жеке басына, мамандығына, әлеуметтік жағдайына қажет болуымен қатар, оның өз ана тілімен бірге кең ауқымды іс-әрекет етуіне жол ашады, жағдай жасайды. Мұндай жағдайда шетел тілдерін үйрету адамға оның өзінен жеке бас тәжірибесінен тыс жатқан мәдениетіне жол ашып, түрлі мәдениеттерінің өзара байи түсуіне себеп болады.

Біз өмір сүріп отырған ортада еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін шет тілдерін үйретуге көп көңіл бөлуде. Әсіресе балалар өз ана тілінен басқа шет тілін білуге, болашақта шет тілі маманы болуға, шет елдерге саяхат жасауға құмар.

Қазіргі ақпарат ағынының ауқымды кезеңі, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістер білім беру жүйесіне де өзіндік ықпал етуде.

Білім беру жүйесінің құрылымдық элементтерінің барлығында білім деңгейін көтеру, оқытуды өмірмен ұштастыру жоғары сыныптарда жастарды өмірге даярлау мәселесі кең көлемде қарастырылуда.

Берілетін білім мазмұнын жаңалауда жаңа амалдар, стандарттар, оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар, тағы басқа даярлау барысында мынадай кезеңдерді ескеруіміз қажет: қоғам мен жеке тұлғаның әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен әлемдегі үрдістер ауқымындағы нақты қажеттіліктерін анықтау; жалпы проблемалар мен білім беру жүйесінің жағдайын талдау; жаңа мақсаттар қою; мектеп компонентін ескере отырып, білім мазмұнын сұрыптап алу; материалдарды оқуды ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді белгілеу; оқушының автономдылығын арттыра отырып, мұғалім мен оқушының алар орнын нақтылау; бақылау жұмыстарының жаңа мазмұны мен түрін дайындау.

Сондай-ақ білім мазмұнын жаңалауда ұстаз үшін мынадай базалық қарама-қайшылықтарды шешудің жолдарын іздеу қажеттілігі туындайды: жалпы мен жалқының арақатынасы; ұлттық салт- дәстүрлер мен заман талабына сай әлемдік көріністер; ақпарат хабарлардың өсуі мен оны меңгеру қабілеті.

Мұғалімнің іс-әрекеттік құрылымы оның негізгі атқаруға тиіс қызметтері: конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік (қарым-қатынастық), ақпараттық, дамытушылық, бағдарлық, мобилизациялық, ізденушілік, техникалық, т.с.с. анықталса, жеке тұлғалық сипаттағы, оның білімдеріне: идеологиялық, социологиялық, өнегелік, психологиялық, педагогикалық, жаратылыстану ғылымы, техника-технологиялық, экономикалық, демографиялық, құқықтық, эстетикалық, жалпы мәдени, ұйымдастырушылық салалар қатысты; біліктіліктері мен дағдыларына: интеллектуалдық (талдау, жинақтау, салыстыру, топтау, жүйелеу т.б.), педагогикалық, жалпы кәсіптік (еңбектік) іс-әрекеттері қатысты болып табылады.

Бұрын ағылшын тілінен білім беруге баса көңіл бөлінсе, қазіргі кезде

функционалды тілге, яғни алған білімін өмірде іс жүзінде қолдана алу, пайдалануға қажетті білік пен дағдыларсыз жалаң білім алып, білу ғана жеткіліксіз екендігіне баса назар аударылуда. Жеке тұлғаның мәнді іс-әрекетті процесін ескере отырып, білім беру көзделуде.

Ағылшын тілінен мектеп қабырғасында білім беру мен білікті ғана емес, оқушының күнделікті өмірде керекті, қоғамдық ортада керек болатын біліктігін қалыптастыру — тіл үйретудің мақсатына айналды.

Осыған орай Еуропалық кеңес кез келген мамандарға қажетті деген бес білікті белгілеп отыр:

- Өзіне жауапкершілікті ала алатын, өз бетімен шешім қабылдауға шамасы келетін, демократиялық институттардың жұмыс істеп, дамуына атсалысатын саяси және әлеуметтік білік.

- Қоғамда басқа ұлттар өкілімен, оның мәдениетімен, дінімен түсіністікте қатар өмір сүре алатын, ұлтқа, нәсілге бөле бермейтін, кемсітушіліктің бас көтеруін төзбейтін көп мәдениетті қоғамда өмір сүру білігі.

- Қоғамдық өмірде және жұмыста қажетті тілідерді ауызша және жазбаша түрде меңгеру білігі.

Яғни, қоғам қазір әр адамның, әр маманның бірнеше тіл білуін талап етуде.

Қоғамдық ақпараттардың пайда болуына байланысты біліктер жаңа технологияларды меңгеріп, олардың тиімді және тиімсіз жақтарын білу, ақпараттарға, Интернет хабарларына, жарнамаларға сыни көзқараспен қарай алу білігі.

Өмір бойы тек қана өз мамандығы бойынша ғана емес, сондай-ақ қоғамдық және жеке бас өмірінде де үнемі оқу, үйрену білігі.

Осы аталған біліктер қалыптасу үшін: пәнді оқытуды неғұрлым проблемаға бағытталған ету; оқытуда рефлексивті жолды, тәсілді кең қолдану; тіл үйренушілерді қойылған сұрақтарға жауап бере қана қоймай, курс бойынша өзінің жеке сұрақтарын құрай алуын қадағалау; оқушының дербес түрде оқуына жағдай тудыру; сабақтағы мұғалім мен оқушының рөліне қайта, жаңа тұрғыда қарау.

Өмір бойы оқу, үйрену, іздену сияқты қасиеттер қазіргі таңда кез келген адамның қоғамдағы икемділігін, іскерлігін қамтамасыз етеді, оның жетістіктерге қол жеткізуіне және әлеуметтік жағынан қорғалуына негіз болып табылады. Яғни мектепте алынған білім, білік дағдыларын өмір бойы ары қарай толықтырып, дамытуға әр оқушы өзі ынталы болуы керек.

Осыған сәйкес біздер жаңа типті мектептердегі пән мұғалімдерінің төмендегідей жалпы педагогикалық іскерліктерді игеруін атап өту керек: педагогикалық қабілеттіліктің негізгі өзегі болып табылатын мұғалімнің балаларға деген ықыласы, оқушылармен қарым-қатынасы және олармен жұмыс жасауға деген қажеттілігі; оқушылардың жас ерекшеліктеріне негізделген білімді айқын, шамаға лайықтап беру және сөздік қабілеттілігі; жеке тұлғаның жағдайын, оның әлсіз байқалатын көңіл-күй ерекшеліктерін түсіну мен оқушының әлеміне ену бойынша педагогикалық байқағыштығы; оқушыға тікелей, эмоционалды ықпал етудегі қабілеттілігі, оларға берілген тапсырманы

орындауға талап қоюдағы еріктік қабілеттілігі; әрбір оқушымен және оқушылар ұжымымен дұрыс өзара қатынасты орнатудағы коммуникативті қабілеттілігі. Оқушымен кез келген сәтте сөйлесуде педагогикалық тактіні игеруі; оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудағы ұйымдастырушылық қабілеті; мұғалімнің ұстамдылық және өзін игеру, ізденушілік т.б. жеке тұлғалық сапаны меңгеруі; өзінің сезімі мен көңіл-күйін басқару және оқушылардың оқу іс-әрекетінің жағымды психологиялық жағдайы үшін тиімділікті тудыру қабілеттілігі; өзінің әрекеттерінің нәтижесін көре білудегі педагогикалық елестете алуы; өзінің іс-әрекетін, сынып ұжымының және жекелеген оқушы жұмысын бір мезетте байқай алатын қабілеттілігі.

Ағылшын тілін меңгерту, оқыту, оған қызықтыру көп ізденіс пен шығармашылық еңбекті қажет етеді. Талап үдесінен шығу бағытындағы ізденіс жаңа белестерді бағындыруға ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Описательная модель учителя труда — выпускника педвуза: Науч.-метод. рекомендации к разработке / Под ред. Ю.К.Васицева. — М.: Педагогика, 1990. — 50 с.
2. «Интерактивтік технология негізінде флипчарт-сабақтарды қолдану»: әдістемелік ұсыным. – Астана, 2014. – 40 бет.
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2 2003ж
4. Шетел тілін оқыту әдістемесі №5 2007ж
5. Мектептегі шет тілі №3 2006ж

ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ИГЕРУГЕ ЫҚПАЛЫ

*Мырзабекова Б.Қ.,
«№13 орта мектебі» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Қазақстан Ақтөбе қаласы*

Переход нашей страны на латинский алфавит - один из важнейших шагов для нашей нации. Автор считает, что использование латинского алфавита облегчает изучение иностранных языков.

The transition of our country to the Latin alphabet is one of the most important steps for our nation. The author believes that the use of the Latin alphabet makes it easier to learn foreign languages.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласы терең мазмұнға ие тағы бір құнды еңбек екені сөзсіз. Кемел келешекке бағдар болған ауқымды құжатта ұлттық идеологияның, рухани жаңғырудың маңызды тетіктері қарастырылған. Мемлекетіміздің одан әрі дамып, көркейіп, гүлденуі үшін қолға алынған маңызды бастамалардың бірі –

латын әліпбиіне көшу. Тілдің басқа да қырларының аса қажеттілігін мойындай отырып, жазудың ой мазмұнының графикалық таңба ретінде жеткізу жолдарының бірі екендігін естен шығармау қажет. Жазу ой мен сезімді объективтендіруде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде де өзіндік дербес мәнге ие. Көптеген халықтар үшін олардың жазу ұлттық мәдениет пен бірегейліктің ең басты элементі болып табылады. ХХІ ғасырда латын тілі – технология, ақпарат, коммуникация тіліне айналып отыр. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін айқындайды.

Аталған әліпбиді қолдану арқылы басқа тілдерді үйренуге мүмкіндігіміз артады. Әрбір жаңа тіл – жаңа әлем. Оның үстіне, латын тілі – жаңа технология тілі, ғаламтор тілі екендігі баршамызға аян.

Сонымен қатар, әліпби өзгерту төл сөздерімізді жазуда кеткен олқылықтарды жөнге келтіруге көмектесіп, қазақ сөздерінің дұрыс айтылуына ықпал етеді.

Ғаламтор мен ұялы байланысты пайдаланушылар, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдері латын әліпбиін пайдаланып та жүр. Алайда, осы жұмысты жүйелеп, бір бағытқа салу үшін қазақ тілінің түбегейлі латын әліпбиіне көшуі қажет. Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткенді, бүгінді және келешекті жалғастыратын алтын көпір. Қазіргі жазуымыз бірнеше ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтеріп, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді. Бұл рас. Бірақ барға қанағат етуге болмайды. Бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену үшін Елбасының алға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру жолында жұмыла жұмыс істеуіміз керек. “Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін” деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, кемел келешек жолында жасалып жатқан ауқымды іс. Олай болса, Елбасының сындарлы саясатын қолдап, бірлік, білім, еңбекті ұштастырып, ортақ межеге қол жеткізуге атсалысуымыз керек.

Ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында әлеуметтік жүйеде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігі даусыз. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады.

Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы ағылшын тілін де меңгеру, оны жазу да бір-

біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Ендеше латын әліпбиінің болашағы да зор.

Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдаланып отыр, әлемдегі ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылады. Латын әліпбиіне көшу бастамасы Қазақстанның рухани болмысы мен қоғамдық ой-сананы өзгертіп, оны жаңғыртуға зор үлес қосады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады.

Баршамыздың қолданып отырған электрондық жеке поштамыз бар. Ол кирилл, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Керек десеніз, астымыздағы көлігіміздің нөмірі, жеке куәлігіміздегі әріптер де латын тілінде берілген. Осындай мысалдар жетерлік. Демек, латын әліпбиі бізге таңсық дүние емес.

Латын әліпбиіне көшу арқылы біз өз тілімізді жаңғыртамыз, тілімізге екінші дем береміз. Шет елдермен ақпарат алмасу да ыңғайлы болады. Сондықтан осындай жауапты қадамға әркім және баршаның атсалысқаны абзал. Латын графикасын үйреніп алу аса қиындық туғыза қояды деп ойламаймын. Өйткені, әлем қабылдап отырған әліпбидің жаттығы байқала қоймауы керек. Біз күнделікті өмірімізде латын графикасымен жиі бетпе-бет кездесеміз. Тауарлардың көпшілігінде ақпараттық жазулар латын қаріптерімен берілген. Латын әліпбиіне көшу компьютерлендіру ағымына ілесуді жандандырып, интернетті жан-жақты пайдалану мүмкіндіктерін жетілдіреді. Электронды пошта т.б. байланыс құралдарымен жұмыс жасау тиімділігін арттырады. Халықаралық аренаға бойлау кеңістігін кеңейтеді. Интернет жүйесі арқылы қазақ тілінің коммуникациялық, ақпарат тарату және алу ауқымы көбееді.

Латын қарпіне көшу—біздің еліміздің жан-жақты ойластырған, мақсатты түрде ұлт мүддесі үшін қабылданған шешім болып табылады. Латын әліпбиіне көшудегі негізгі мақсат— ұлттық тіліміздің ерекшеліктерін сақтай отырып, әлемдік даму үрдісіне төл әліпбиімізбен ілесе отырып, ілгері шығу. Латын әліпбиіне көшу, ағылшын тілінің де қолданыс аясын одан әрі кеңейтеді. Бұрынғы Емлемізде шеттілдік сөздердің түп нұсқасы сақталуы басты орфографиялық талап болса, енді оларды қазақ тілінің ішкі табиғи ерекшеліктеріне бейімдеуге ерекше көңіл бөлінген. Сонымен бірге халықтың қазіргі жоғары сауаттылығына байланысты шеттілдік сөздерді көп өзгеріске түсірмей, халықаралық терминдер мен атаулардың тұрпатын сақтау арқылы жазу заңдылықтарын тым күрделендіріп жібермей, сол арқылы шетел тілдерін оқып- үйренуге де оңтайлы болу жағы ескерілгені байқалады. Мысалы, *rejisor, valy`ta, dizain, u`chılıshe, piesa, film, sement, pa`rol, pitsa, komersia, moderator*.

Ағылшын тіліндегі сөздің нұсқасында келген «w» әрпін қазақ жазуында «y`» әрпімен жазуды ұсынған: *y`eb-sait, y`atsap, y`ikipedia*. Шетел тіліндегі

танымал бренд, марка, тауар, т.б. атаулар түпнұсқа тұрпатында да, сондай-ақ қазақша игерілген түрінде де таңбаланатыны көрсетілген. Мысалы, Coca – cola / Koka – kola, Air astana / Eirastana.

Осылайша, латын әліпбиіне көшудің терең мағынасы айқындалған. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі өз мақсаттарымызға сай латын жазуының игілігін көру – келер күннің еншісінде. Өйткені, латын әліпбиіне көшудің жаңа заман талабына сай өскелең ұрпақтарымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға, мемлекеттік тіл мәртебесін арттыруға ықпалы зор.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұрпақ болашағы мен ұлт тұтастығы үшін мұндай шешім қабылдау өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баданбекқызы З. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2001. – 103 б.

2. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569>

3. ҚР Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000637>

4. Күдеринава Қ. Қазақ жазуының териялық негіздері. А., 2010. – 377б

5. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп, 1986. – 180б.

6. Мақаев Э.А. Язык древнейших рунических надписей. М., 2002. – 156 сл

7. Джусупов М. Фонемография А. Байтурсынова и фонология сингорманизма, Ташкент, 1995. – 176 с.

БАЛАНЫ ҰЛТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ниязова М.Е., Жаманбаева Г.Ж.
Бастауыш сынып мұғалімдері,
«№13 орта мектебі» КММ
Ақтөбе қаласы

Аннотация

В статье раскрываются основные принципы воспитания молодого поколения в духе любви к Родине и преданности Отечеству.

Annotation

The article reveals the basic principles of educating the younger generation in the spirit of love for the Motherland and devotion to the Fatherland.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік – экономикалық, саяси – идеологиялық даму барысында азаматтарға ұлттық рухта тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып отыр. Мұндай мазмұндағы талап міндеттер бүгінде жас ұрпаққа тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Қоғамның даму тарихында түрлі кезеңдерде патриотизм, қазақ патриотизмі, советтік патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық, отанжандылық, қазақстандық патриотизм т.б. ұғымдардағы айтылған тұжырымды ойлар бұл проблеманың тамыры тереңде екендігін көрсетеді. Демек, бұл айтылған ұғымдар мағынасы кең болып табылады. Сондай – ақ «Елжандылық» анықтамасы да кездеседі, яғни «еліне, халқына адал қызмет ету, бауырларына қамқор болу, т.б.» деген ұғым ретінде түсінгеніміз жөн. Ал, Ұлтжандылық – адамзаттық мұраларымен астасады.

Еліміздің болашағын 2050 жылға дейін өркендетудің жан-жақты жолдарын қамтыған бағдарлама жеті бағыттан тұрады. Олар: экономикалық саясат, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білімді өркендетіп, мемлекеттілік пен демократияны дамыту және сыртқы саясат пен қауіпсіздікті нығайту болып табылады. Оның ішінде төртінші бағыт, білім саласының қызметкерлері, біздер үшін өте маңызды болып табылады.

Ол – жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттігі. Бұл бағыт білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға жаңа міндеттер жүктейді. Оқыту әдістемелерін жаңғырту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиістігі заман талабы. Жаңа заман талабына сай пәндерді өзгерту, ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту мәселесін шешу деп Жолдауда айрықша атап өтілген.

Біз еліміздің болашағын сенімді жастардың қолына тапсыруымыз тиіс, сондықтан да тәрбие біліммен қатар жүруі тиіс. Сонау Күлтегін заманынан қалған «Халқы бегіне, бегі халқына сенген ел ұзақ жасайды» деген өсиет өзектілігін ешқашан жойған емес.

Еліміздің басты құндылығы – Тәуелсіздік деп білеміз.

Бүгінгі қазақ патриотизмі төмендегі принциптерге негізделеді:

- өз ұлтын, ана тілін, мұсылман дінін, туған жерін жанындай сүйетін, қорғай білетін;

- өз ұлтын әлемге танытатын;

- өз халқына деген отансүйгіштігі, бауырмалдығы жоғары;

- отандық өнімдерді, ұлттық тағамдарды әрқашан тұтынатын;

- өз елінің ырымдары мен тиымдарын берік ұстанатын;

- өз елінің салт-дәстүрлерін қастерлейтін және үнемі насихаттайтын;

- өз елінің патриоттық тақырыптағы әндерін тыңдайтын;

- мемлекеттік рәміздерді қасиет тұтатын және қорғай білетін;

- патриоттық ой-санасы жетілген, ары таза;

- қазақ батырларының ерлігін, үлгі-өсиетін өнеге тұтатын болуы керек.

Бізге белгілі, жер көлемі жөнінен дүние жүзінде тоғызыншы орынды иеленетін, табиғат ресурстарына бай Қазақстан мемлекеті әрбір азаматына Отан

туралы патриоттық санасын, ой-өрісін дамыту, жаһандану үрдісіндегі бәсекелестікке, өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді сақтайтын, елімізді өркениетті елдер қатарына жеткізуде патриоттық тәрбиенің ең пәрменді және сенімді идеологиялық құрал ретінде маңызы зор. Мазмұны жаңартылған бағдарламалар аталған принциптерді ескеріле әзірленген. Кіші мектеп жасынан бастап мазмұн мен жүйелі іс-әрекет арқылы оқушылар бойына жоғарыда аталған принциптерді сіңіруді көздейміз.

Сөзімізді түйіндей келе, Қазақ халқы өз ұрпағына патриоттық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ұлттық тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған. Осылайша, еліміздің тарихи дамуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи уақиғаларға байланысты қалыптасқан саналы тәрбие берудің алғышарттары деп түсінеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Н. С. Кужукеева. «Межнациональное согласие Патриотизм Казахстана». Алматы // Вестник КазНПУ, № 3, 2013ж., 155б.
2. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда - Назарбаев Н.А.
3. Послания лидера нации - Нурсултана Абишевича Назарбаева к народу Казахстана, выраженная в стратегии «Казахстан-2050».
4. <https://cyberleninka.ru/article/n/kazahstanskiy-patriotizm-postanovka-problem>
5. <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhetnicheskie-protsessy-v-sovremennom-kazahstane-politologicheskie-aspekty>

О‘ЗБЕК ТИЛИ ДАРSLARINI О‘QITISHDA KONFERENSIYA USULINING AFZALLIKLARI

(Өзбек тілі сабақтарында конференция әдісінің артықшылықтары)

Shodmonova M.B.,

Munira Burxonovna – Alisher Navoiy nomidagi O‘zbek tili va adabiyoti universiteti “Amaliy filologiya” kafedrasi katta o‘qituvchisi, pedagogika fanlari bo‘yicha falsafa doktori (PhD)

Ma'lumki, ijtimoiy-gumanitar fanlardan ma'ruza va amaliy mashg'ulotlarni monolog tarzida olib borish hozirgi kunda eskirib qolgan usul hisoblanadi. Shu sababli, biz o‘zbek tili fanini o‘qitishda ma'ruzaning konferensiya usulidan foydalanish mumkinligi haqida fikr-mulohazalarimiz, tavsiyalarimiz bilan o‘rtoqlashmoqchimiz. Bunga ko‘ra, o‘qituvchi o‘zbek tili fani o‘quv dasturidagi ayrim mavzularni avvaldan tanlab, shu mavzu rejasi, tayanch so‘zlari va adabiyotlar ro‘yxatini yozdirib, o‘quvchilarga uyga vazifa qilib beradi. Bir - ikki o‘quv haftasidan

so'ng, shu fandan bo'ladigan amaliy (seminar) mashg'ulotlar davomida notiqlik darajasi boshqalarga nisbatan yuqoriroq bo'lgan, tafakkur doirasi keng, faol o'quvchilardan tanlab olib, o'qituvchi ularga alohida metodik ko'rsatmalar va maslahatlar bergan holda vazifa topshiradi. Qolgan o'quvchilar ham navbatdagi ma'ruza mavzusini mustaqil o'zlashtirib kelishlari va ular ham ma'ruza jarayonida faol ishtirok etishlari lozimligi o'qituvchi tomonidan alohida uqtiriladi. Bu turdagi darslarni o'tkazish uchun zarur axborot resurslari, kompyuter, proektor, skaner kabi zamonaviy axborot texnologiyalari bo'lsa dars yanada samaraliroq bo'ladi. Bunday imkoniyat yetarli bo'lmasa, mavjud ko'rgazmali vositalar asosida mashg'ulotni tashkil etish mumkin.

Konferensiya usulidagi ma'ruzani avval o'qituvchi qisqacha kirish so'zi bilan boshlab beradi. Avvalgi o'tilgan ma'ruza bilan yangi mavzu o'rtasida g'oyaviy-nazariy bog'lanish bo'lishiga o'qituvchi alohida e'tiborini qaratishi lozim. So'ngra o'qituvchi muayyan mavzu rejasida asosida oldindan taqsimlangan masalalar muhokamasiga o'quvchilarni jalb qiladi. O'quvchi o'ziga ajratilgan masala yuzasidan ma'ruza qiladi. Ma'ruza tugagach, albatta savol-javob o'tkaziladi. Bu jarayonda «tinglovchi» o'quvchilar ham faol ishtirok etish imkoniyatiga ega bo'ladilar. Muhokama qilingan masala yuzasidan o'qituvchi xulosalar chiqarishi, muhokama jarayonida o'quvchilar nazaridan chetda qolgan va yoritilmagan masalalarni yoritib, to'liq bayon qilib berishi lozim. Shu tariqa ma'ruza rejasidagi masalalar muhokama qilinadi.

Muhokama so'ngida o'qituvchi umumiy, yakuniy xulosalar chiqarishi, ilmiy-nazariy jihatdan puxta ma'ruza qilgan va masalalar muhokamasida faol ishtirok etgan o'quvchilarni alohida ta'kidlab, ularni ma'naviy rag'batlantirishi maqsadga muvofiq. Bu kabi amaliy mashg'ulotlarda o'qituvchi navbatma-navbat iqtidorli o'quvchilarga «o'qituvchilik» vazifasini topshiradi. Bunga ko'ra, avvaldan tayinlangan, «pedagogik ko'rsatmalar» berilgan bir o'quvchi doskaga chiqib, amaliy mashg'ulotlarni olib boradi, O'qituvchi esa, ekspert sifatida mashg'ulot jarayonini kuzatib, nazorat qilib o'tiradi. Doskaga chiqqan «o'quvchi – o'qituvchi» o'z ustozining vazifasini to'la bajarishga harakat qiladi. Berilgan seminar mashg'ulotining mavzusi muayyan reja asosida muhokama qilinadi. O'ziga berilgan vakolatlardan foydalangan holda «o'quvchi – o'qituvchi» masalalar muhokamasida ishtirok etgan o'quvchi (sinfdoş)larning bilimni o'zicha baholaydi va natijalarini e'lon qilib boradi. Muhokama jarayonida barcha o'quvchilarning faol ishtirokini ta'minlashga «o'quvchi – o'qituvchi» harakat qilishi lozim.

Mashg'ulot yakuniga 15-20 minut qolganda, o'qituvchi o'rnidan turib, seminar mavzusida yoritilmay qolgan masalalarni batafsil yoritib, tushuntirib beradi. So'ngra u bugungi mashg'ulotda o'qituvchilik qilgan o'quvchining faoliyatini qisqacha tahlil qilib beradi. Metodik jihatdan puxta tashkil etilgan va o'tkazilgan konferensiya usulidagi ma'ruza yoki bahs - munozara tarzida olib boriladigan amaliy mashg'ulotlar quyidagi bir qator afzalliklarga ega:

birinchidan, avval an'anaga aylangan monolog (o'qituvchi ma'ruza qiladigan va o'quvchi faqat tinglaydigan) usuliga barham beriladi;

ikkinchidan, o'qituvchi sifatida doskaga chiqib ma'ruza qilayotgan yoki amaliy mashg'ulotni olib borayotgan o'quvchida o'z bilimi va intellektual salohiyatiga qat'iy ishonch uyg'otiladi;

uchinchidan, o'qituvchining o'quvchilarga ko'rsatgan bu ishonchi ularda mas'uliyatni his etish tuyg'usini shakllantiradi, mustaqil fikrlashga o'rgatadi va o'z ustida yanada jiddiy ishlash ko'nikmalarini hosil qiladi;

to'rtinchidan, ma'ruzaning konferensiya usulida tashkil etilishi va o'tkazilishi o'quvchilarda katta qiziqish uyg'otadi;

beshinchidan, ma'ruza jarayonida o'quvchilarning o'zlari o'qitishning yangi texnik vositalaridan foydalanishlari mashg'ulotning nazariy va amaliy jihatdan yuqori saviyada o'tishiga omil bo'ladi;

oltinchidan, darsni tashkillashtirish jarayonida ularda ijodkorlik qobiliyatlari rivojlantiriladi, pedagogik bilim va mahorat ko'nikmalari shakllanadi;

yettinchidan, darsdan barcha o'quvchilar mavzu haqida birmuncha keng tasavvurga ega bo'ladilar. Bunda orqada qolayotgan o'quvchilar soni kamayadi.

Xulosa shuki, o'quvchilarimizning mustaqil fikrlaydigan, yanada chuqur bilimli, ma'naviyatli, ma'rifatli bo'lishlarida yangi pedagogik texnologiyalarni o'quv jarayoniga tatbiq etish faqat ijobiy samara berishi mumkin.

«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» САБАҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТУ

*Умирзаков Р. М.,
Қызылжар жалпы орта білім беретін
мектебі көркем еңбек пәні ұғалімі,
Қазақстан, Ақтөбе облысы*

Аннотация

В настоящее время в общеобразовательных школах ведутся занятия по направлению «Художественный труд». Автор статьи предлагает пути привития национального самосознания учащимся через содержание данного предмета.

Annotation

Currently, classes in the direction of "Artistic work" are held in secondary schools. The author of the article suggests ways to educate students' national identity through the content of this discipline.

Қазіргі кезде біздің елімізде жаппай ұлттық өнерді оқушыларға үйретуге көп көңіл бөлініп отыр. Осыған орай елбасымыздың халыққа жолдаған жолдауында еліміз дамыған 50 мемлекеттің қатарына енуі, экономика, мәдениет, білім, өнер салаларының дамуы басты мақсатқа қойылып отыр. Ата-бабамыздан сыр шертіп келе жатқан бенелеу өнерінің шығармаларын, колөнер туындыларын, олардың тарихтарын жас ұрпақтың бойына сіңдіру, қазақ халқының өнерімен шет елдерді таныстыру менің де басты міндетім деп білемін.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде «Көркем еңбек» бағытында сабақ жүргізіліп келеді. Онда оқушыларды қазақ халқының төл өнерінің тарихымен таныстырып, олардың өзіндік өнеге үлгісін, бейнелеу ісін орындаудың технологиясын, бұйымдарды көркем өңдеу тәсілдері арқылы орындау мәселелері қарастырылады. Осы мұраларды қоғамдық өмірде тиімді пайдалана білу үшін оны тереңірек оқып үйреніп, толық дәрежеде игеру қажет. Дүние жүзінде әр халық ата-баба мұраларын, халық өнерін сақтап қалуы парыз. Атадан балаға мұра болатын қолөнерін жалғастырушы шеберлер әрқашанда халық арасында құрметті.

Қолөнер бұйымдарын дүниеге алып келу көптеген уақытты және еңбекті, шыдамдылықты қажет етеді. Қолөнердің қайнар көзі-еңбек екенін М.Горькийдің еңбек туралы, оның адамды ұлы данышпан ететін ұлы күш екенін айтатын аталы сөзін айтуға болады [1].

Еңбек адамның іскерлігімен ой-өрісін ғана өсіріп қоймай оның адамгершілігін, дүниеге көзқарасын қалыптастырып, рухани сезімін байытады. Еңбек-өнер өрісі-өмір жемісің-дегендей еңбек пен өнердің егіз екенін айтқан жөн. Өнердің қай түрі болмасын қажымай, талмай еңбектенуді талап етеді.

Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарда кіреді. Осыған орай қолөнердің өзі бірнеше түрге бөлінеді, олар: зергерлік-өнер, металды өңдеп өрнектеу (алқа, жүзік т.б. бұйымдар) Ағаш, тас қашау, тоқыма өнері кесте, және көркемдеп тігу, тері өңдеу, өрмек тоқу т.б.

Қолөнермен айналысатын адамдарды төрт топқа бөлуге болады. Шебер-ағаштан әр түрлі бұйымдар жасайтын адам. Ұста-қару-жарақ, ер-тұрман, сауыт-сайман жасаумен шұғылданатын адам. Ісмер-ұлттық киімдер тігумен айналысатын, қолынан іс келетін адамдар. Зергер-алтынмен аптап, күміспен күптеп сырға, білезік, алқа жасайтын адамдарды айтады. Қазақтың ұста, зергерлерікөркем құйма, бедерлеу, соғу, қаптау, күмістеу, темелеу, бұрау, үзбелеу тәсілдерін терең меңгерген. Алтын күміспен әшекейленген алуан түрлі өңір жиектері мен алқалар, асылтастардан көз салынған шолпылармен мен шашбаулар, әдемі құс мұрын жүзіктер мен білезіктер-міне осы дәлелі.

Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже сандық жасап кілем, сырмақ алаша, ши тоқу, түрлі бау-басқұрлар тоқып, кесте тігіп, арқан, жіп есіп, өрім-өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адал бақан, асадал, бесік және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлеп отырды. Шеберлер тас қашау, сүйек ою, ағаш ою, мүйіз бақылту, металды өңдеп өрнектеу сияқты ауыр кәсіппен де шұғылданды. Сондықтан қолөнер «ер адамдарға тән іс» және «әйел адамдарға тән іс» деп екіге бөлініп келеді [2]. Мысалы: тастан, балшықтан сүйекпен мүйізден, метал мен ағаштан бұйымдар жасап, оны әсемдеу сияқты ауыр жұмысты ер адамдар атқарады. Осылайша халқымыз еңбек пен қолөнер арқылы ұрпақ бойына эстетикалық талғамды сіңіре білген.

Эстетикалық қабылдау құбылыстың сырт бейнесі мен ішкі сырын, шындықты танытады, яғни өнердің көркін ғана көрсетіп қоймай, адамның өнерге деген көзқарасын анықтайды. Эстетикалық талғам ерекшеліктерінің бірі

– адамның тарихи мұраға, халық өнеріне көзқарасы оның өз өмір тәжірибесімен астасып жатуында [3]. Осыдан барып оқушы әрбір халық туындысын ой елегінен өткізе қабылдайды, оның қашан, қайда, қандай жағдайда пайда болғанын болжайды, ішкі сырын түсінеді. Демек, эстетикалық қабылдаудың шығармашылық жағы деп – оқушының оқығанын өз білімімен салыстыра түсінуін айтамыз. Осыған қарай бейнелеу өнері сабағында халық өнерін пайдаланып, оны түсіндірумен қатар оқушыларға осы материал төңірегінде сұрақ қою оқушы қиялын толықтырып, нақтылы шындықты іздеп таптыру қажет.

Халық өнерін оқып, оны өмірмен ұштастыра білген адамның жан дүниесі кеңейеді, ой алғырлығы артады, адамды сауаттылыққа жетелейді. Халқымыздың өнері ата-аналарымыздың маңдай тері, ғасырлар қолтаңбасы, өнері мен білім тарихы. Сондықтан сол өнер келешек ұрпаққа жеткізіліп түсіндіре білуді қажет етеді. Қазіргі кезде республика мектептерінде халық өнерінің әр түрін оқытып үйрету жақсы жолға қойылған. Оған мысал ретінде кейінгі кезде мектеп көрмелерінде көптеп кездесіп жүрген оқушылардың өз қолдарымен жасалған түрлі ұлттық ою-өрнектер, кестелер, ыдыс-аяқтарды айтуға болады.

Халық өнері арқылы оқушылар өз елінің өнерімен және оның түрлерімен танысады. Әр халықтың мәдени бейнесі өзіне тән ою-өрнектерден, бояулар қолданыстан, архитектуралық ерекшеліктерінен көрініп тұрады. Мәдениеттің асылдарын өнер арқылы бойға сіңіріп, ой-өрісін кеңейтіп шындыққа көз жеткізу адамға тән қасиет. өз халқының өнерін жете білу, жалпы өнерді жетік білуге, оларды талдай білуге септігін тигізеді. Халық өнерін оқытудың тағы бір ерекшелігі - өнер көркемдігін көрсету, өнерді сүйу және өмірде пайдалана білу.

Орта білім саласында «Көркем еңбек» пәнін оқытудың интеграция мына бағыттары төмендегідей: біріншіден, мектепте оқушыларды өздерін өмірде шама шарқынша көрсете білуге тәрбиелеу міндеті алға қойылған. Ал бұл үшін оқушының әнмен, бимен, бейнелеу өнерімен, кескіндемемен, мүсін жасаумен шұғылдануға қажетті іскерліктері мен дағдылары болуға тиіс.

Екіншіден, бұл салалардағы кейбір іскерліктер мен дағдыларға үйрету ісі сурет салуда және ән сабағында, сондай-ақ эстетикалық тәрбие жөнінде сыныптан тыс өткізілетін үйірме сабақтарында, түрлі іс-шараларға дайындық кезінде және оларды өткізу процесінде жүргізіледі.

Үшіншіден, дербес шығармашылық жұмыста ою-өрнектер салу, түрлі бұйымдардан құрастырып сурет салу, қабырға газеттерін, альбомдарды әшекейлеу т.б. көзделеді. Бұл жұмыстың көптеген түрлері еңбекке тәрбиелеумен байланысы. Оқушы басқа пәндерді игере отырып бейнелеу өнерін және қолөнердің келешекке қажет екенін түсінуі керек, бұл салада білімін көтеруге дағдыланса эстетикалық талғамы өсіп, дүниеге деген көзқарасының қалыптасуына зор ықпалын тигізеді [4].

Халқымыздың сонау арғы кезеңдердегі мәдени өміріне көз жүгіртіп көрсек ерте заманда да он саусағынан өнері тамған іскер шеберлердің жасаған бұйымдары таңғажайып шежіре болып шертіледі. Олардың қолтаңбалары түскен өшпес салтанатына айналуда. Шағын жинақты шалғайдағы мектепте бейнелеу өнері пәні мұғалімі ретінде тәжірибемді бастағаннан бері түйгенім – ұстаз оқушының еңбекке деген көзқарасы мен әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға ерекше мән беруі қажет.

Қазіргі таңда біздің қаламызда өнерге байланысты жалпы мектептердегі тереңдетілген сыныптар, арнайы көркем-сурет, өнер мектептері, колледждер, жоғары оқу орындары жұмыс істеп, жастар арасында қолөнерді көркейту шараларын насихаттауға оқып үйретуге үлес қосатын шаралар жүйелі ұйымдастырылуда. Адамзат қоғамында бұрын соңды жасаған мұраны мәдени, жүйесі меңгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге жастарды тәрбиелеу қашанда маңызды мәселе. Сондықтан халқымыздың келешегі үшін, оның өсіп-өркендеу, дамуы үшін жас ұрпаққа жақсы тәрбие беріп, өнер мен білімді үйреніп, мәдениетін көтеру қажет.

Жаһандану жағдайындағы жаңалықтармен қатар, ұлттық өнер мен халықтық педагогика интеграциясын жүзеге асыру, өз халқының салт-дәстүрін мадақтайтын, ұлттық өнерге деген құштарлығын танытатын оқушыларды тәрбиелеу, олардың эстетикалық талғамын дамыту үшін ең алдымен жанұяда, мектепте жан-жақты жүзеге асыруды қажет етеді [5].

Сөзімді түйіндеп айтатын болсам, заман өз талаптарын міндеттейді, әлем өзгерісті қажет етеді, дегенмен ұлттық бастау – біздің терең тамырымыз. Бәсекелестікке қабілетті тұлға даярлауда жаңаны жарнамалаушы емес, заманның тозығы мен озығын сұрыптаушы, мұғалім – ақпараттандырушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы, ұстаз дайын білімді ұсынушы емес, өз пәнінің ерекшелігіне сай интеграциялаушы, синтездеуші тұлға.

Әдебиеттер тізімі

1. Көшімбетова С. А. Оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. — Алматы, 2004.
2. Еспенбетов. Б. Халықтың қол өнері туралы. Қазақстан мектебі № 7 63-65 бет. Алматы 1991 ж.
3. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. Под. ред. Н. Б. Нурмухамедова. Аврора 1970 г. 207.
4. Казыханова Б. Эстетическая культура Казахского народа. Алматы; Қазақстан 1973. 223
5. Марғұлан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы «Өнер» 1986 ж том 1.

БАҒАЛАУ АРҚЫЛЫ ӨЗІНДІК САНА НӘТИЖЕСІН ЕСКЕРУ

*Умирзакова З.Т.,
Қызылжар жалпы орта білім беретін
мектебі өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Ақтөбе облысы*

Аннотация

В ходе социализации расширяются и углубляются связи общения человека с людьми, группами и происходит становление в человеке образа его «Я». Автор отмечает, что самосознание не возникает у человека сразу, а складывается постепенно под воздействием многочисленных влияний.

Annotation

In the course of socialization, the communication links of a person with people, groups expand and deepen, and the image of his "I" is formed in a person. The author notes that self-consciousness does not arise in a person immediately, but develops gradually under the influence of numerous influences.

Қазіргі заманғы өзіндік таным нәтижесі дегеніміз - ол білім алушының келешектегі өзінің әртүрлі жеке мәселелерін шешуге керекті, қажетті құзіреттілігін қалыптастыратын білім беру нәтижесі.

Оқу мотивтерінің даму мәселесі үнемі психолог-ғалымдарды қатты толғандырып келген жайт. А.Н. Леонтьев, М.И. Божович, Н.Г.Морозова, Л.С.Славиалар өз еңбектерінде оқу мотивтерінің дамуы туралы зерттеді. Мектеп оқушылары үшін мотив жәй ғана оқу, бірінші, екінші сынып оқушылары үшін бағаның рөлі жоғарылайды. Алтыншы, жетініші, сыныптарда оқушылар үшін басты мотив - болашаққа дайындық болады. Оқыту мотивациясы ағарту ісінде: ұйымдастырушы, дамытушы, ынталандырушы, бағыттаушы қызмет атқарады. М. Лорф, Г. Розенфельд /ГДР/ мына пікірді ұсынады: яғни білімді игеру тек қана қабілетті ғана дамытып қоймай, сонымен бірге мотивацияның да өсуіне әкеліп соғады. Мұндағы ескертетін жайт: оқушы меңгеретін оқу материалы олар үшін маңызды, қажетті, ұғынымды деп табылуы керек. Оқу-танымдық мотивтері оқу әрекеті үшін мейлінше дұрыс болады (А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов).

Бағалаудың оқу процесінде орындайтын 3 қызметі талданады, оның негізгісі - дамытушылық қызметі, функциясы.

Дамытушы бағалау ісі оқытуда қажетті психологиялық жағдайдың бірі болып табылады. Біздер оны басқа 2 қызметтен айрықша бөліп аламыз: диагностикалық бағалау - процесс немесе әрекеттің бастапқы, түпкі деңгейін анықтайды. Ал, қорытынды түрі - әрекеттің соңғы деңгейін анықтайды. Дамытушы бағалаудың қызметі оқу процесі кезінде ауыспалы жағдайларды басқарып отырудан, мақсатқа, жету әрекетін қамтамасыз етуден, бұл әрекетке бақылау жасаудан және қажет кезінде оқу процесін өзгертуден тұрады.

Оқу-танымдық мотивтерін оқу әрекеті барысында, негізінен оның жеке құрылымының бірі, бағалау арқылы дамытамыз.

Мақсатты әрекетке жағдай болып ауыспалы қалыптың тіркелуі және соның негізінде алынған мәліметтер арқылы процесті басқару болып табылады.

Оқытудың мақсаты — баға алу, ұпай жинау емес. Баға қою-сыртқы мотивацияны, сонымен бірге "өзін-өзі бақылау", "өзін-өзі бағалауға" негізделген ұпайлар саны соның ішінде қызыл ұпай-мақтауды не сыйлықты білдірмей, оқыту шарасы, тексеру техникасы, жұмыстың мазмұнын сипаттайтын ішкі мотивация болады.

Оқушылардың ойлауының дамуын анықтау, даму кезеңдерін және деңгейлерін айқындау - оқыту сапасын арттыруға бақылау жасаудың мәнді формасы болады.

Балалардың интеллектуалды дамуын зерттеген үлгілер көрсеткендей-ақ, оқыту тек қана оқу материалын меңгеруге қажетті психикалық қабілеттердің қалыптасу деңгейіне сәйкес келгенде ғана асуы мүмкін. Мұндай негізгі, түпкілікті қабілеттің бірі ретінде жүйелілікті алуға болады.

И.В.Ривина өз зерттеуінде оқу-танымдық әрекеттің жүйелілік деңгейлерінің үш негізгі түрін анықтайды, бұл осы әрекеттің балада дамуын сипаттайды.

Біріншісі - баланың жүйе құраушы объект сипаттарының өзара байланысын бөлу қабілетін және бөлінген байланыс негізінде жаңа жүйені құру шеберлігін сипаттайды.

Екінші деңгей - баланың өзара байланысты ескермей әрбір жеке сипатты ерекшелеп бөлуден байқалды. Үшінші деңгей баланың объектідегі жүйе құраушы сипаттарының ішінен тек қана біреуін ерекшелеп бөлуге байланысты болады.

Оқыту мотивациясының негізгі құрылымдарының бірі-міндеттің шешілуіне бағытталған тәсіл ретіндегі оқу-танымдық мотивтер болып табылады. Оқушыларыдың оқу-танымдық мотивтерінің қалыптасуы олардың оқу әрекеттерінің сипатымен анықталады және де ең алдымен балалардың теориялық білімді игеруге бағыттылығымен байланысты болады. (бұл білімдердің мазмұны оқылатын материалдық мәнді қатынастары, әрі соған байланысты міндеттерді шешудің жалпыланған тәсілдері).

Ал, дәстүрлі оқыту жағдайларында оқушыларыдың оқу-танымдық мотивтерінің қалыптасуы ешқандай жүзеге аспайды: балалар міндетті шешудің жалпыланған тәсілдеріне өте салғырт бағдарланады. Олардың негізгі бағдары ең алдымен бағалармен бағаланатын білімнің меңгерілу нәтижесіне бағытталған. Енді осы балаларда оқыту-танымдық мотивтердің қалыптасуы үшін міндетті түрде ол балаларды жалпыланған әрекет тәсілдерін қалыптастыруға бағыттау қажет. Ол үшін оқушыларыдың оқу әрекеттерінің сипатын, сабақ берудің мазмұны мен әдістерін мәнді тұрпатта өзгерту қажет.

Баланың өзіндік сана-сезімінің өзгеруімен қатар, оның құндылықтары, қызығушылық, мотивтері де өзгеріске ұшырайды. Енді бала эмоция, қайғыруларын қатты сезінеді әрі жақсы есінде сақтайды. Бұл эмоция, қайғырулар баланың өзін-өзі бағалауын дамытуға тікелей әсер етеді. Баланың

ішкі және сыртқы өмірін дифференциялауы жүзеге асады да, тікелей мінез-құлқына, тәртібіне ықпал етеді.

Мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілу деңгейін анықтайды.

Мұғалімнің қойған бағалары өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына әсер етеді. Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы тек қана оқу үлгеріміне ғана тәуелді емес және сыныппен қарым-қатынас ерекшеліктеріне де байланысты. Мұнда отбасында алған тәрбиенің үлкен маңызды әсері болады. Өзіндік сана өлшемдері:

1) өзін ортадан бөліп қарау, өзін субъект ретінде ұғыну (физикалық ортадан, әлеуметтік ортадан);

2) өз белсендігін – “Менін” ұғыну, өзін басқару;

3) өзін “өзгелер” арқылы ұғыну (“Менің өзгелерден көргенім, менің де қасиетім болуы мүмкін”);

4) өзін моральды бағалау, рефлексияның болуы - өзінің ішкі тәжірибесін ұғыну.

“Бейсаналық” ұғымы. Сана адам психикасында маңызды роль алғанымен, барлық психикалық өмірді қамти алмайды. Сана адамның ішкі дүниесінде өтетін процестердің басым бөлігін ұғына бермейді. Ұғынылмайтын психикалық процестер, операциялар және күйлер психикалық дүниенің айрықша сферасын құрайды және ол бейсаналық (санадан тыс) деп аталады. Психиканың бейсаналық деңгейінде субъект жасайтын әрекетті ерікті бақылау, олардың нәтижесін бағалау мүмкін емес.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген ұстанымдарды ескере отырып, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жасау мектеп практикасына қажеттілік пен жаңа білім парадигмасы мен бағалау құралдарының арасындағы қарама-қайшылықты жоюға мүмкіндік береді деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер тізімі

1. Каликова С. Казахстан получил международную оценку учебных достижений 15-летних учащихся. Фонд Сорос Казахстана, Manager, 25.01.2011.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген).

3. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериялды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау, 11-бет.

4. Вавилов С.И. Современные проблемы науки и техники. Собр. соч. Т. 3. -М., 1956.

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОЦЕССА ПРЕПОДАВАНИЕ УЗБЕКСКОГО ЯЗЫКА ПО СРЕДСТВАМ МОДЕЛИ ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ

*Хидоятова Д.А.,
Ташкентский государственный университет
узбекского языка и литературы имени
Алишера Навои, доцент кафедры
практической филологии, Ph.D.*

Аннотация

В данной статье проанализированы результаты экспериментальных испытаний.

Ключевые слова: интерактивные методы, повышения квалификации преподавателей.

Annotation

This article describes the results of experimental tests are analyzed.

Key words: interactive methods, teachers qualification training process.

С начала XX века во всем мире все то, что делается для развития образования, рассматривается как инвестиции в будущее. Наряду с повышением качества всех сфер обучения, наиболее важной задачей является повышение эффективности социально-языковых стратегий в обществе.

С первых шагов на пути к независимости наша страна уделяет большое внимание возрождению и дальнейшему развитию нашей духовности, совершенствованию национальной системы образования, укреплению ее национальной идентичности и приведению ее к мировым стандартам и в соответствии с современными требованиями⁴. Успех реформ в нашей стране - это изменение системы образования, повышение ее до уровня современных требований, повышение интеллектуального и духовного потенциала граждан, проживающих в этом обществе. Во исполнение этой цели Указом Президента Республики Узбекистан ПФ-4947 «О стратегии действий по дальнейшему развитию Республики Узбекистан» от 7 февраля 2017 года были определены дальнейшее совершенствование системы образования, подготовка высококвалифицированных кадров в соответствии с современными требованиями рынка труда, создание эффективных механизмов для реализации научных и инновационных достижений и другие приоритетные задачи в области образования⁵.

В Республике Узбекистан наряду материальными факторами совершенствования системы непрерывного образования, улучшения качества образования и обеспечения эффективности обучения важное значение имеют степень профессиональной подготовленности и потенциал педагогических

⁴ И.А.Каримов. Баркамол авлод – Ўзбекистон тараккиётининг пойдевори. – Т.: Шарқ нашрети – матбаа концерни., 1997.

⁵ Ш.М.Мирзиёев. 2017-2021 Ҳаракатлар стратегияси. – Т.: Адолат.,2017.

кадров. В деле развития профессионального потенциала педагогов и создания необходимых условий для ведения ими деятельности, соответствующей требованиям времени особое место занимает система повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров. В последние годы в целях увеличения эффективности процесса повышения квалификации педагогических кадров особое внимание уделяется использованию интерактивного обучения.

В последние годы по проблеме совершенствования процесса обучения был получен целый ряд результатов, в том числе научных: в целях сопоставления и выявления преимуществ интерактивных методов по сравнению с традиционными методами обучения Louis Deslauriers провел исследования в университете Колумбия Великобритании (Carl Wieman Science Education Initiative (CWSEI)), в рамках образовательного проекта International Institute for Sustainable Development (IISD) Организации Объединенных Наций созданы теоретические основы интерактивных образовательных процессов, основанные на принципе всесторонней связи, учеными JCM International Management Engineering Institute Китая Zhou. Z, Chang.J.S.K, Pan.J и исследователем Whittinghill. D. Purdue University США были разработаны основы эффективности интерактивного электронного обучения.

Основное значение понятие интерактивного образования в узбекском языке “взаимная активность”, “взаимное влияние”. Исходя из этого содержания, педагогический процесс, организованный на основе взаимной активности и взаимного влияния, изучен в произведениях Абу Али ибн Сино, Мирзо Улугбека, Абдуллы Авлоний, в них освещены дидактические возможности этих методов.

На основе проведенного анализа, на наш взгляд, можно дать следующее определение: “интерактивный процесс - это активный взаимный обмен информацией нескольких человек”, а “интерактивное образование - это форма усвоения знаний по учебным предметам на основе активного интересного диалога и споров между субъектами образовательного процесса (учителем и слушателем, слушателями и слушателями).

В результате изучения передового рабочего опыта педагогов зарубежных стран и нашей республики было определено использование ими современным этапе различных интерактивных методов в образовательном процессе. В процессе исследовательской работы был сделан анализ повышения эффективности обучения другому языку посредством использования интерактивных методов, их адаптации к особенностям обучения узбекскому языку и совершенствования, возможностей развития компетенций учеников, связанных с изучением другого языка, были внесены изменения в некоторые аспекты интерактивных методов, а некоторые из них были переименованы целесообразно названию темы (таблица 1).

Все интерактивные методы в определенном мире имеют дидактические возможности, однако все они при обучении узбекскому языку в школах с другим, в частности русским языком обучения могут иметь разную степень эффективности.

Таблица №1.

Анализ интерактивных методов при обучении другому языку

| Показатели эффективности использования практических интерактивных методов при обучению другому языку в исследованиях зарубежных ученых | | | | Интер активные методы адаптированные и усовершенствованные в рамках исследования для преподавания узбекского языка | | | |
|--|---|--|--|--|----------------------------|--|--|
| Интер-активный метод | Зарубежные ученые и место проведения исследования | Эффективность при обучении и другому языку | Усовершенствованные интерактивные методы | Направления их адаптации | Эффективность (6-8 классы) | Компетенции развитые у учеников | |
| Ролевые игры | Фенг Луи, Юнг Динг. Университет Кингдао (КНР) | 80% | Ролевые игры: "Собрание класса", "Природа" | Организуется диалог соответствующие темам предмета "узбекский язык" | 68% | Лингвистическое, физическое, логическое мышление, компетенции взаимовлияния | |
| Деловые игры (business simulation games) | Тиффани Форд. Университет Линденвуд (Миссури. США) | 70% | Деловые игры: "Строительство башни". "Базарчик" | В целях адаптации к процессу обучения узбекского языка задачи второго этапа выполняются с использованием слов на узбекском языке | 62% | Компетенции ощущения космоса и пространства, среды, увеличение словарного богатства, общение, работа с материалами, продукцией | |
| Анализ проблемных ситуаций "case-study" | Руан Згутович. Университет Гамлайн (Сент-Пол, Миннесота. США) | 69% | Проблемная ситуация: "Горе Кимматхона", "Волк", "Баба Яга" | Подбирается проблемная ситуация в соответствии с узбекским менталитетом, возрастом учеников, с предметом узбекского языка | 79% | Компетенции аналитического подхода к проблемной ситуации, логического мышления, ораторского искусства, искусства обосновать свою мысль | |
| Презентация защита, представление | Жессика М.М'мбон, Гладус Кэмбой, | 92% | Презентации: "Покажите через | Организуется презентация и | 73% | Компетенции лингвистического, ораторского, межличностного | |

| | | | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|-----|---|
| | | Нели Андиема. Университет Мои (Кения) | | демонстрацию", "Отразите в качестве пантомимы" | обсуждения, соответствующие темам предмета узбекского языка | | отношения, лидерства и физические компетенции |
| | Дерево решений, дерево целей (понятие отражается в виде отраслей) | Галкина Е.В. Орловский Государственный Университет (Россия) | - | Дерево "ожиданий", дерево "знаний", дерево "алфавит". дерево "фруктов" | Упражнения и задания, соответствующие темам уроков предмета узбекского языка осуществляются на основе схемы естественного дерева, работа на основе словаря | 82% | Лингвистические, физические компетенции, компетенция логического мышления, взаимоотношений, увеличения словарного богатства и развития творческого мышления |

На основе проведенных исследований представлены следующие выводы:

– Современный образовательный процесс требует достижения образовательных целей на основе взаимного активного диалога между преподавателем и слушателями, лидерства слушателей, самостоятельного мышления по изучаемой теме или учебным материалам, высказывания и отстаивания своей точки зрения на основе фактов и доказательств, формирования выводов и заключений. Интерактивные методы дают возможность организации образовательного процесса в соответствии с вышеприведенными требованиями.

– В увеличении эффективности и совершенствовании процесса преподавание узбекского языка школ с русским языком обучения при использовании модели интерактивного образования важной приоритетной задачей является организация образовательного процесса на основе педагогического, психологического, дидактического, философского, социального подходов.

– Принимая во внимание важность и значение устного общения при обучении другому языку, организовать обучение на основе интерактивных методов таких, как “Ролевая игра”, “Деловая игра”, “Проблемная ситуация”, “Презентация”, “Дерево”, “4 стороны”, “Глобоалфавит” и т.д.

– Посредством разработки дающих возможность увеличения эффективности обучения другому языку заданий “Энерджайзеры” и “Рефлексия”, исходя из темы и целей занятия будет создана возможность повышения мотивации, обогащения методического обеспечения и навыков использования их на практике учителями узбекского языка школ с русским языком обучения.

– При повышении компетенций целевого и эффективного использования интерактивных методов учителями узбекского языка школ с русским языком обучения необходимо уделить особое внимание механизму использования интерактивных методов.

– Целесообразно определить, адаптировать к принципам преподавания узбекского языка и использовать на занятиях педагогические, психологические и дидактические факторы интерактивных методов, используемых в совершенствовании процесса повышения квалификации учителей узбекского языка школ с русским языком обучения.

– Результаты опытно-экспериментальной работы, проведённой в рамках данного исследования, показали значительный рост показателей развития навыков использования модели интерактивного образования и интерактивных методов учителей. Статистические данные подтвердили рост компетенций учителей узбекского языка по использованию на практике интерактивных методов в результате применения модели интерактивного образования, что будет служить эффективному выполнению ими государственных образовательных стандартов, предъявляемых к предмету “Узбекский язык” в школах с русским языком обучения.

Использованная литература:

1. Хидоятова Д.А. Повышение эффективности процесса повышения квалификации преподавателей узбекского языка в школах с русским языком обучения по средством модели интерактивного обучения: дисс. док. наук(PhD) 13.00.02.- Ташкент, 2017. - 198 с.

2. Д.А Хидоятова. ДИДАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ ПРИЕМОВ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ - СОВРЕМЕННАЯ НАУКА: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, 2020. С-165-168.

3. Д.А.Хидоятова. Формирование у учителя умений и навыков использования интерактивных методов обучения (в условиях повышения квалификации) - Высшее образование сегодня. №11, 2011- С. 59-63.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Шокпаров Т.Ж.,
«Халел Досмұхамедов атындағы
№35 ОМ» КММ география және
тарих пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Ақтөбе қ.*

Аннотация

Реформирование языка - важное событие, поднимающее национальное самосознание на новый уровень. Автор считает, что переход на латинскую

графику будет способствовать увеличению интереса к изучению государственного языка.

Annotation

The reform of the language is an important event that raises national consciousness to a new level. The author believes that the transition to the Latin script will contribute to an increase in interest in learning the state language.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы маңызы орасан. Қазіргі таңда, қазақ тілі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылады. еліміздің латын әліпбиіне көшуі тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шаралардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртер болсақ, мемлекетіміздің бірінші тұғыры – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі–мемлекет және оның тарихы болып табылатыны баршамызға белгілі жайт. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы–тіл». Өздері өмір кешкен кезеңде Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда үнемі қолданған екен.

Әліпби – адамды сауаттандырудың, сөйлеу тілін дамытудың алғашқы құралы екендігі баршамызға мәлім. Әрбір мемлекет өз елінің ерекшелігіне сай жазудың ең қолайлы әрі тиімді тілдік әліппесін таңдайтыны анық. Сондай әліппенің бірі – латын әліпбиі. Латын әліпбиі біздің заманымыздың бірінші ғасырында қалыптасып, орта ғасырда Еуропаға, Африкаға, Америкаға және Азияға тараған.

X ғасырдан XX ғасырдың басына, дәлірек айтсақ, 1929 жылға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылып келді. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланыла бастады.

Алайда 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Сөйтіп, латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы осындай кезеңдерді қамтыды. Қазақ халқы 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдады. Ғалым М.Мырзахметұлы: «Негізі сонда қаланған қазақша бейімделген латын жазуынан несіне жерінеміз. Бүкіл түркі халқы латын жазуына көшіп жатқанда біз не себепті олардан оңашаланып бөлектенеміз. Біздің тегіміз түркі халықтарының тобына жатады...» деп, латын графикасына көшу–заман талабы болғанын айтады. Осы жылдары еліміздегі түркі тілдерінде сөйлейтін басқа халықтар латын алфавитіне көшті. Латын алфавитінің сауат ашуда болсын, баспа ісінде болсын, араб жазуы негізіндегі алфавитке қарағанда, әлдеқайда

прогрестік маңызы болды. Латын алфавитіндегі әрбір әріп өзінің жеке тұрғандағы қалпын сақтайды. Бұл алфавиттің құрамында 29 әріп берді. Сол кездегі латын графикасындағы алфавит сауатсыздықты қысқа мерзім ішінде жоюға көмектесті.

Кейін 1940 жылы қазақ халқы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті қабылдады. Орыс алфавитіндегі 32 әріп түгелдей қабылданып, оған қоса орыс тілінде жоқ дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды да, әріп саны 40-қа жетті. Оған екі таңба (ь-ъ) қосылды. Міне, содан бері кириллицамен жазудамыз. Сол кездегі қазақ жазуының мәселелерін көтеріп, оны шешу жолдарын Алаш зиялылары «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» баспасөз беттерінде жариялады. «Жазу тәртібі», «Тіл сақтаушылық», «Оқу мәселесі», «Школдарда ана тілімен оқыту», «Туған тілге» және т.б. осындай мақалалар мен өлеңдер жарық көрді. Осындағы жарияланған мақалалардың көздеген мақсаты бір ғана еді. Ол – қазақ тілінің табиғатын бұзбау, акустика-артикуляциялық заңдылығын ұстау.

Енді міне, тарих қойнауын артқа қалдырып, экономикасы даму жолына түскен саясаты сындарлы еліміз үшін енді рухани түлеу кезеңі туды. Яғни, латын әліпбиіне көшу-қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосары анық. Латын әліпбиіне көшу арқылы – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына, халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылмақ. Өйткені, латын графикасы әлемдік өркениетке аяқ басуымызға септігін тигізеді. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Латын әріптері графизация (әріп таңбалау) заңдылықтарына, яғни, «көру-қабылдау-тану» талаптарына да сай. Кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал дүниежүзі халықтарының 80%-ы осы латын әліпбиіне көшкен.

Латын әліпбиіне көшудің негізгі басты себебі қандай? Бұл тұрғыда ғалым Н.Уәли латын әліпбиіне көшудің негізгі түрткіжайттарын атап көрсетеді:

1. Тілтанымдық түрткіжайт.
2. Тарихи түрткіжайт.
3. Саяси түрткіжайт.
4. Экономикалық түрткіжайт.
5. Психологиялық түрткіжайт.
6. Педагогикалық түрткіжайт.

Осы жазуымыз аға ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтерді, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді. Енді жағдай өзгерді, біз бұрынғыны қанағат етіп қана қалмай, алға ұмтылған, әлемдегі дамыған озық елдердің деңгейінде ғана емес, алдыңғы қатардан көрінуге мүмкіндігі мол егеменді Қазақ елі ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі Қазақ тілін әлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз. Елбасының «Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады!» деген сөзін жадымызда түйіп, мемлекеттік тілдің жаңа даму сатысына

жетелейтін латын графикасына көшу мәселесі—уақыт талабы тудырған тарихи, рухани қажеттілік.

Әліпби – тек графикалық жиынтық ғана емес. Ол күллі бір жұртшылықтың даму траекториясына әсер ететін құрал. Не үшін Ахмет Байтұрсынов: «Бай тіл де, байтақ жер де-қазақтікі» деп айтты? «Латынға өткенде не пайда береді?» дегендерге айтарым, тәуелсіз елдің тәуелсіз әліпбиі болғаны дұрыс.«Тозар елдің жанжалы бітпес, озар елдің арманы бітпес» демекші, латын әліпбиіне көшу – Алаштың арманы. Латын–келешек ұрпақ үшін керек. Әрбір қоғамдық ой өз дәуірінде ғана туады. Уақыт ағымы өзгерсе де, адам болмысы мен ұлттық құндылықтар өзгермеуі тиіс.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиін кезінде профессор Қ.Жұбанов та қолдап, осы әліпбиді қазақ тіліне бейімдеу бағытында белсене жұмыс жасаған еді. Мазмұны жаңартылған жаңаша мектептің мұғалімдері ретінде қазір әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері қолданып отырған латын әліпбиі өркениеттің жазуы, өмірдің талабы екендігін түсінеміз. Сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай латын жазуының игілігін көруіміз қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

5. Назарбаев Н.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» газеті. 2017 жылғы 26 сәуір жаңғыру // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л, 1951.- 451 с.
7. Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Көне түркі өркениеті: жазба ескерткіштері. Алматы, 2001.-128б.
8. Мақаев Ә.А.Язык древнейших рунических надписей. М., 2002. –156 сл
9. 5.Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... қолж. Алматы, 1993.–162 б
10. «Қазақ» газеті. Қазақ энциклопедия баспасы, 1998
11. «Айқап» газеті. Қазақ энциклопедия баспасы, 1998
12. «Дала уәлаяты газеті».- Алматы: Ғылым, 1992

МАЗМУНЫ

| | | |
|---|--|----|
| Алғы сөз | | 3 |
| АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛТАНЫМ | | |
| Қамзабекұлы Д. | «Тіл!» деп оянғанда | 6 |
| Асилова Г.А. | Развитие навыков электронной деловой коммуникации в процессе обучения языкам | 12 |
| Әбдуәлиұлы Б. | А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі орнитологиялық лексика | 14 |
| Қурбонова М.М. Садуллаева Н.А. | Түліксіз гапларнинг бадий дискурсда қўлланилиши | 22 |
| Дурдыев Х. | Из истории изучения туркменского языка в первых десятилетиях XX века | 26 |
| Нурыева О.А. | Семантическое ядро «вода» в письменных памятниках туркменского языка | 33 |
| Сәрсекә Г.Ә., Хамитова А.Т. | COVID-19 тілінің лингвистикалық сипаты | 38 |
| Язмурадов А.П. | Символ мирового дерева «Айтерек» и «Байтерек» в народных поверьях туркмен и казахов | 43 |
| Ғылыджов А.А. | Личные имена, связанные с топонимией и этнонимией в туркменском языке | 46 |
| Еспекова Л.Ә. | Тарихи жырлардағы кірме сөздер | 50 |
| Гурбангулыева Н. | Тема экологии в лирике Маммеда Сейидова | 54 |
| Saparniyazova M. | Tilda nom (neum) yaratishning asosiy tendensiyalari (Тілде атау (неум) құрудың негізгі тенденциялары) | 57 |
| Тачмаммедова Т.А. | Описание природы в произведениях туркменского поэта Италмаза Нурыева | 63 |
| Андирова В.Т. | Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту | 68 |
| Musulmanova N. | «Tushunchalar tahlili» metodi asosida o‘zbek tili grammatik kategoriyalarini o‘qitish (Өзбек тілінің грамматикалық категорияларын "ұғымдарды талдау" әдісі негізінде | 71 |

| | | |
|------------------|---|-----|
| | оқыту) | |
| Хамзина М.Б. | Діни лексика және оның тіл жүйесіндегі орны | 76 |
| Анешова Ғ.Е. | CLIL кіріктірілген оқыту бағдарламасы негізінде тілдің әлеуметтік-мәдени бейнесін қалыптастыру | 83 |
| Есжанова Э.К. | Латын әліпбиіне көшудің ана тілімізді дамытуға ықпалы | 86 |
| Жумагулова Ш.А. | Латын әліпбиі – қазақ тілінің болашағы | 89 |
| Куштаев А.Т. | Латын әліпбиіне көшудедегі тіл мамандарының рөлі | 94 |
| Мусина Г.С. | Латын графикасына негізделген түркі халықтары жазуының мәселелері | 97 |
| Мұхтарова Ф.С. | Бинарлы ұғымдағы фразеологизмдер | 102 |
| Мырзабекова А.М. | Латын әліпбиіне көшу – тіл тазалығының негізі, уақыт талабы | 107 |
| Саркенқызы А | Тілдегі паронимиялық аттракция, парономазия құбылыстары | 110 |
| Таңсықбай Ә.Қ. | «Бабырнама» еңбегіндегі өлшем атаулары | 115 |
| Сабирова М.К. | Газета матнларида яширин мазмун категорияларининг умумий тавсифи (Газет мәтіндеріндегі жасырын мазмұн категорияларының жалпы сипаттамасы) | 120 |
| Аманбек А. | Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «білім» концептісі | 129 |
| Жұматай Н.Е. | «Абылай хан» тарихи жырындағы гидронимдер | 133 |
| Жанжигитов С.Ж. | Қазақ тіліндегі құқықтық лексиканың даму мәселелері | 138 |
| Пансат Ж.М. | Космогониялық мифтердегі көк лексемасының мәні | 143 |
| Ескендір Ж.Е. | Компьютердің қазақ тіліндегі нұсқасының жалпы сипаты | 147 |
| Тұрашева А. | Қазақ әлеуметтік лингвистикасының зерттелуі | 152 |
| Рахманберді Ә.Ж. | Билер сөзінің когнитивтік кеңістігі | 156 |

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТАНЫМ

| | | |
|--------------------------------------|--|-----|
| Оспанұлы С., | Торғайдағы жазу мәдениеті | 163 |
| Мырзағалиева К., | | |
| Әбсадық А.А. | А.Байтұрсынұлы және Қостанайдағы педагогикалық класс | 168 |
| Жұмағұл С.Б. | Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері | 177 |
| Рахметова Б.А., Джолдасбаева А.Қ. | Ыбырай тағылымы | 184 |
| Кусаинов Д. | Геральдика – объединяющий фактор народа | 188 |
| Байтасова Г.Ж. | Ыбырай Алтынасариннің танымдық әлемі | 192 |

| | | |
|---------------------------------------|---|-----|
| Акимжанова С.Қ., Тлеулина М.Т. | Ұлттық танымды дамыту – педагогтің басты міндеті | 196 |
| Ахметова Г.К. | Ы.Алтынсариннің рухани кеңістігі | 199 |
| Байбосынова Ж.Ж., Абдирзакова М.С. | Абай Құнанбайұлының мәдени мұрасы негізінде ұлттық танымды тәрбиелеу | 203 |
| Бәзілғаламова С.Б. | Латын әліпбиі – мәңгілік елдің рухани жаңғыруы | 206 |
| Бекей М. | Ыбырай Алтынсариннің танымдық әлемі | 209 |
| Жырымбаева М.А. | Ұлы дала ұстазы | 214 |
| Иманұсенов Н.А. | Ғасыр саңлағы | 217 |
| Калжанова Г.К., Сарсенбаева Г.У. | Ұлттық танымды тәрбиелеу ұстанымдары | 222 |
| Кисымова А.Ғ. | Ы.Алтынсариннің танымы мен тағылымы | 224 |
| Мәукен А.Б. | Ыбырай мұрасы – ұлтымыздың рухани байлығы | 229 |
| Нурушова Ж.П. | Ы.Алтынсарин және балалар әдебиетінің бастаулары | 234 |
| Наурызбаева М.Б., Жаңабаева А.Р. | Ұлттық сана және мектептегі педагогика | 236 |
| Халиуллина Э.С. | Ы.Алтынсарин: қазақтың салт-дәстүрлері туралы | 238 |
| Шалғынбай Н.Қ. | Ыбырай және мысал жанры | 243 |
| Қуанышбаева Н.А. | Қазақ әскери лирикасындағы жоқтау мен қоштасу (Ж.Жабаев, Қ.Аманжолов шығармалары негізінде) | 246 |

АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

| | | |
|----------------------------------|---|-----|
| Abjalova M.A. | Лингводидактические возможности узбекского языкового образовательного корпуса (O‘zbek tili ta’limiy korpusining lingvodidaktik imkoniyatlari) | 252 |
| Зекенова А.Ж. | Қазақ тілінде таныстырылым жасаудың ХХІ ғасырдағы талаптары | 259 |
| Есентемір Н.С. | Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қазақ тілін оқытуда пайдаланудың маңызы | 264 |
| Жакенова К.Т. | Ұлы даланың жеті қыры: мұғалімнің этнопедагогикалық құзыреттілігін дамыту | 268 |
| Мустафа И.Ж. | Тілдің әлеуметтік рөлі мен функционалдық сауаттылықты дамытудың маңызы | 272 |
| Мырзабекова Б.Қ. | Латын әліпбиіне көшудің ағылшын тілін игеруге ықпалы | 275 |
| Ниязова М.Е., Жаманбаева Г.Ж. | Баланы ұлттық рухта тәрбиелеу мәселелері | 278 |
| Shodmonova M.B. | O‘zbek tili darslarini o‘qitishda konferensiya usulining afzalliklari (Өзбек тілі сабақтарында конференция | 280 |

| | | |
|-----------------|--|-----|
| | әдісінің артықшылықтары) | |
| Умирзаков Р.М. | «Көркем еңбек» сабақтарының мазмұны арқылы ұлттық танымды кеңейту | 282 |
| Умирзакова З.Т. | Бағалау арқылы өзіндік сана нәтижесін ескеру | 286 |
| Хидоятова Д.А. | Повышение эффективности процесса преподавание узбекского языка по средством модели интерактивного обучения | 289 |
| Шокпаров Т.Ж. | Латын графикасы арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру | 293 |

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ-2019 «Ғасырлар тоғысындағы
руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
материалдары

Мақалалар мазмұнына автор жауапты